*Мушкет И.И., Хохлов Е.Б.*

# ПОЛИЦЕЙЛІК ҚҰҚЫҚ

*оқу құралы*

**Орыс тіліндегі басылымына редакциялық жетекшілік еткен:**
**Сальников Виктор Петрович, –** *заң ғылымдарының докторы, профессор, академик, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Ресей заңгерлер одағының вице-президенті*

**Қазақ тіліндегі басылымына редакциялық жетекшілік еткен:**
**Молдабаев Сарқытбек Сәрсенбайұлы, –** *заң ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Алматы**
**2005**

**ББК 67.401.213я7**
**М 93**

**Жобаның авторы әрі жетекшісі — Сальников В.П.,**
*заң ғылымдарының докторы, профессор, академик, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Ресей заңгерлер одағының вице-президенті.*

**Пікір жазғандар:**

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Лукьянов В.В. (Санкт-Петербург мемлекеттік университеті);
Заң ғылымдарының докторы, профессор Рассказов Л.П. (Ресей ІІМ Краснодар заң институты);
Заң ғылымдарының докторы, профессор Соловей Ю.П. (Ресей ІІМ Омск академиясы).

**Мушкет И.И., Хохлов Е.Б.**
**М 93 Полицейлік құқық**. Алматы: «Нұр-пресс» 2005. 183 бет.

**ISBN 9965-620-45-8**

*Кітапта мемлекеттің полицейлік функциясының дамуын зерттеу негізінде қазіргі кездегі Ресей қоғамы жағдайында іске асырылып отырған полицейлік функция бойынша жалпы теориялық қорытындылар тұжырымдалып, осы саланы одан әрі жетілдіру жөнінде тәжірибелік ұсыныстар айтылады.*

*Кітап жоғары оқу орындарының заң факультеттерінің студенттеріне (курсанттарына), аспиранттарына (адъюнкт-теріне), оқытушылары мен ғылыми қызметкерлеріне арналған.*

**ББК 67.401.213я7**

**М** $\frac{\mathbf{1203021400}}{\mathbf{00(05)-05}}$

**ISBN 9965-620-45-8**

© Мушкет И.И., Хохлов Е.Б., 2005.
© Нұр-пресс, 2005.

# Мемлекеттің полицейлік функциясы: ізденістер мен іркілістер

Еліміздің Ата заңының 1-бабында “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады…” деп жазылған. Осындағы “демократиялық”, “зайырлы”, “құқықтық” және “әлеуметтік” деген сөздер мемлекетіміздің әлеуметтік міндетін, қызметінің мазмұнын айқындап тұрса керек. Сондықтан, көптің көңілінен шыққандай осынау аса қадірлі құндылықтарды іске асыру үшін аталған міндеттерге сәйкес келетін мемлекеттік тетік құру мәселесі пайда болады. Осы жерде мемлекеттің қоғамда болып жатқан әлеуметтік үдерістерге тигізетін бірден-бір реттеуші әсері оның полицейлік функциясы арқылы жүзеге асатынын ескергеніміз жөн сияқты. Егер тарихқа жүгінсек, сонау ерте заманда пайда болған полицейлік функция сан алуан мемлекеттердің әр түрлі басқару жүйесіне орай талай-талай өзгерістерге ұшырап келе жатқаны да анық. Сол үшін де, мемлекеттің полицейлік функциясы мен мемлекеттік полиция органдары қызметінің арасындағы өзара байланысты дөп басып айтудың өзі қиын. Міне, аталмыш мәселенің дүние жүзі ғалымдары үшін өзекті тақырыпқа айналып отыруының мәнісі де осында жатса керек.

Біз қазақ тіліне аударып, көпшілікке ұсынып отырған жинақ та (“Полицейское право России: проблемы теории”) осы мәселеге арналған. Басылымда мемлекеттің полицейлік қызметінің тарихына, мемлекеттік полиция органдарының қалыптасуы мен дамуына жан-жақты талдау жасалады. Мемлекеттің функциялары жүйесіндегі полицейлік міндеттер кеңінен әңгімеленеді, толыққанды сараптамадан өтеді.

Кітап авторлары заң ғылымдарының докторы, доцент, полковнигі И.И.Мушкет пен заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Б.Хохловтың еңбектеріндегі бізге ерекше ұнағаны, мұнда жалаң баяндау жоқ. Барлық тұжырымдар нақты дәйектерге негізделген. Әсіресе, зерттеу тақырыбына байланысты өзге ғалымдардың айтқан оң және теріс пікірлерін салыстыра отырып, ой түюлері өте сәтті шыққан. Мемлекеттің полицейлік функциялары туралы алғашқы көзқарастардың

пайда болу кезеңінен бастап (Авторлар мемлекеттің полицейлік функциялары тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады: 1) XII-XV ғасырларға дейін; 2) XVIII ғасырдың соңына дейін; 3) XIX-XX ғасырлар) күні бүгінге дейінгі әлемдік тарихына барлау жасалуы кітаптың құндылығын арттыра түскен.

Кітаптың біздің назарымызға ілініп, қазақ тіліне аударылуының басты сыры да осында еді. Мұндағы зерттеулердің тек Ресейдің ғана емес, сонымен қатар Англия, Франция, Германия, АҚШ, Италия, Скандинавия, Австрия сияқты өзге елдердің іс-тәжірибелері негізінде жүргізілуі Қазақстан үшін, соның ішінде қазақ ғалымдары үшін тәлім аларлық тұстары аз бола қоймас деп ойладық. Бабаларымыз “Жақсыдан — үйрен, жаманнан — жирен” деп текке айтпаса керек-ті. Ендеше, өзге елдердің озық ілімінен үйреніп, шалыс басқан қадамдарынан алдын ала сақтанар болсақ, әсте, ұтпасақ, ұтыла қоймаспыз.

Қорыта айтқанда, “Ресейдің Қазақстандағы жылы” аясында жарық көрген бұл жинақ біздің елімізде кенжелеу дамып отырған полицейлік құқық саласының маңыздылығына және бір назар аударып, осы мәселенің келешекте оң шешімін табуына қозғау салар деп үміттенгіміз келеді.

**Саркытбек МОЛДАБАЕВ,**
**заң ғылымдарының кандидаты,**
**доцент**

# АЛҒЫ СӨЗ

РФ Конституциясында Ресей мемлекеті әлеуметтік құқықтық мемлекет деп нақтыланған. Бұл мемлекет, бір жағынан, қоғамда болып жатқан әлеуметтік үрдістерге оң ықпал жасап бұл үшін қоғамға интервенционистік ықпал жасаудың тиісті әдістерін пайдалана отырып, белсенді әлеуметтеуші рөл атқаруға тиіс; ал, екінші жағынан, мемлекет өз қызметін мемлекеттік құрылымдардың тарапынан мінез-құлқы жағынан еркін болатын және автономды түрде әрекет ететін жеке адамға қатысты, сол сияқты жалпы азаматтық қоғамға қатысты қиянат жасау мүмкіндігін бермейтін шектерде жүзеге асыруы тиіс деген сөз. Бүгінге дейін қызмет етіп келген мемлекеттік тетіктің бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін міндеттерді тиімді орындай алмайтыны көзге анық. Сондықтан, аталған міндеттерге сәйкес келетін мемлекеттік тетік құру мәселесі пайда болады, осыған орай кітапта көтерілген мәселенің ғылыми өзектілігі арта түсуде. Әрі бұл мәселенің отандық ғалымдардың назарынан тыс қалмай отырғанын атап өткеніміз жөн.

Әдет бойынша, мемлекеттің қоғамда болып жатқан әлеуметтік үрдістерге тигізетін реттеуші әсері, мемлекеттің *полицейлік* функциясы деп анықталып келген мемлекеттік функция шеңберінде жүзеге асырылады. Сонау ерте заманда пайда болған полицейлік функция мемлекетпен бірге өзгеріске ұшырап отырды. Уақыт өте келе мемлекеттік органдар жүйесі құрылып, осы функцияны іске асыруда маманданды. Сөйтіп, мемлекеттің полицейлік функциясы және мемлекеттік полиция органдарының қызметі өзара байланысты категориялар болып табылады, тіпті, тарих дамуының белгілі бір кезеңдерінде мемлекеттің полицейлік функцияны жүзеге асыру қызметін мемлекеттік полиция қызметімен бірдей деп қарастыруға болатын. Алайда, әлеуметтік құқықтық мемлекет жағдайында мұндай ұқсастыру дұрыс болмас. Сондықтан, мемлекеттің полицейлік функциясы ұғымын оның мазмұнын, полиция функциясымен арақатынасын, сондай-ақ Ресей қоғамы құқықтық әлеуметтік мемлекет құруға ұмтылған жағдайда

аталған категориялардың тарихи дамуын зерттеу заң ғылымының алдында тұрған өте өзекті мәселеге айналып отыр.

Аталған мәселені зерттеу кезінде Ресей мемлекеттігінің тарихында орын алған ортақ және өзіндік ерекше жағдайларды анықтауға ерекше назар аудару керек. Өйткені, шетелдердің полиция мекемелерінің қызметін құқықтық реттеу жөніндегі қазіргі заманғы тәжірибесін оның тарихи алғышарттарын, сол сияқты отандық құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің салт-дәстүрін ескермей, соқыр көшіріп алғаннан айтарлықтай оң нәтижеге жетпейтініміз шүбәсіз.

Монография жазған кезде авторлар мемлекеттің полицейлік қызметінің тарихын, мемлекеттік полиция органдарының қалыптасуы мен дамуын зерттеуді мақсат тұтты. Осы жолда тарихқа тереңдеп барудың маңызы зор болды, себебі бұл құқықтық мәселелерді ғылыми талдау саласында диалектикалық әдістеменің неғұрлым толық қолданылуына септігін тигізді.

Авторлардың пікірінше, құқық саласының мамандарын әзірлеу жөніндегі оқу бағдарламасына *полицейлік құқық курсын* енгізу қажет. Аталмыш курс Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі жүйесінің білім беру мекемелерінде негізгі курс, ал басқа мемлекеттік заң оқу орындарында полицейлік құқық арнайы курс ретінде оқылуы мүмкін.

Полицейлік құқық курсы кешенді сипатта болуы тиіс және құқық туралы басқа салалық ғылымдардың пәні болып табылатын, бірақ өзіндік ерекшелігіне байланысты аталмыш курстар шеңберінде мүлдем оқытылмайтын немесе жалпылама түрде қарастырылатын ақпарат қамтылуы керек (мемлекеттік, әкімшілік, азаматтық құқық, еңбек құқығы). Полицейлік құқық курсын енгізу басқа заңдық пәндерді оқыту қажеттігін жоққа шығармайды, қайта керісінше, бұл курс студенттердің аталмыш пәндерді игеруі шартымен ғана оқытылуы керек. Демек, бұл пәндер полицейлік құқық курсына қарағанда *негізгі* деп қарастырылуы тиіс.

Жүргізілген зерттеуде мәселені толық көлемде қамтудың мүмкін еместігін және көтерілген мәселелердің осы сала мамандарының жаңа еңбектерінде одан әрі дами түсетінін ескере отырып, көптің күшін жұмылдыра отырып жасаған алғашқы қадамымыздың өзіндік пайдасы тиетіндігіне сенгіміз келеді. Монографияның мазмұны полицейлік құқықтың өткен

тарихы, сол сияқты бүгінгі мәселелері бейжай қалдырмайтын әрбір адам үшін қызықты болады деген үміттеміз.

Авторлар кітапты әзірлеу және жарыққа шығару жағынан көмек көрсеткен адамдардың барлығына шын жүректен алғыс білдіреді. “Ямалстрой” құрылыс-монтаж бірлестігі жауапкершілігі шектеулі қоғамының бас директоры Михаил Леонидович Прокопьевке ерекше алғыс айтамыз.

Кітапты жазған кезімізде ақыл-кеңестерін беріп, жөн сілтеп отырған заң ғылымының кандидаты, доцент Владимир Владимирович Лукьяновқа, заң ғылымдарының докторы, профессор Леонид Павлович Рассказовқа, заң ғылымдарының докторы, профессор Юрий Петрович Соловейге мың да бір рақмет: олардың талғампаздықпен орынды сын айтып, тілекстестік танытуы жұмыстың ілгерілеуіне елеулі көмек болды.

# 1-тарау. МЕМЛЕКЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПОЛИЦЕЙЛІК МІНДЕТ

## § 1. Мемлекет тетігі ұғымы және оның функциялары

I. Мемлекет пен құқықтың жалпы теориясында, сол сияқты салалық заң ғылымдарында (олардың көпшілік жеке құқық саласына жататынына қарамастан) мемлекет тетігі мен функциялары туралы мәселе аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл, ең алдымен, мемлекеттің мәнісінің, оның әлеуметтік сипатының дәл осы функциялар арқылы байқалатындығына байланысты. Функцияларды тану дегеніміз мемлекеттің басты және анықтаушы мәнін танудың, оның әлеуметтік мағынасын, басқа әлеуметтік құбылыстарға қарағанда оның не екендігін, басқаша айтсақ, оның мәнісін айқындаудың алғышарты. Функциялар мемлекеттің құрылымын, яғни мемлекеттің элементтерін күрделі жүйе ретінде ұйымдастыру тәсілдерін, заңдылықтарын анықтайды[1].

Мемлекет — бұл ішкі және сыртқы орта жағдайында қоғамды басқарып отыратын динамикалық жүйе, сондықтан оның мазмұны — белгілі бір үрдістер, яғни қызмет, дәлірек айтқанда, мемлекеттің әлеуметтік міндеті байқалатын функциялар[2].

Сонымен, мемлекеттің функциялары туралы айтқанда, бұл арқылы оның әлеуметтік міндетін де, оның қызметінің мазмұнын да анықтаймыз.

Л.И. Спиридонов мемлекет функциялары объективті сипатта болады, – деп жазады. Қауымдастық болып бірлескен адамдарда пайда болатын ортақ істердің табиғаты да, оларды мемлекеттік биліктің көмегімен жүзеге асыру тәсілдері де, адамдардың соның ішінде мемлекетті басқарып отырған адамдардың да санасы мен еркіне тәуелді болмайды. Мақсатты және оған жету амалдарын таңдау белгілі бір шектерде ғана саналы сипатта

---

[1] Каск Л.И. Функции и структура государства. Л., 1969. 3-4-беттер.
[2] Бұл да сонда. 6-бет.

болады және қоғамдық сұранысты түсінудің қаншалықты дәрежеде дұрыс екендігіне оны қанағаттандыру үшін қолда бар құралдардың қаншалықты дәрежеде дұрыс бағаланғанына байланысты. Егер қызметтің бағыттарын анықтауда қателік болса, ортақ шаруалар іс жүзіне асырылмаса, оларды ертелі-кеш өзгертіп, қоғам дамуының объективті сұраныстарына сәйкестендіруге тура келеді, — деп атап өтті Л.И. Спиридонов[3].

Философияда функция ұғымына әдетте, бұл белгілі бір қарым-қатынас жүйесіндегі қандай да бір объект қасиеттерінің сыртқы көрінісі деген анықтама беріледі[4]. Мемлекеттің функцияларына сипаттама беруде қалыптасқан осы жалпы ғылыми көзқарасты ескерсек, біз, бір жағынан, мемлекеттің функциялары мемлекет деп аталатын әлеуметтік құбылыстың өзіндік ерекшеліктерін, екінші жағынан, осы функциялардың жиынтығы мен мазмұны мемлекет әлеуметтік құрылым ретінде ықпалдасатын өз болмысының сыртқы жағдайларына объективті түрде байланысты болады деген тұрғыдан келуіміз керек. Ғылыми әдебиеттерде мемлекеттің функциялары ұғымын анықтайтын осы екінші сипаттаманың атап көрсетілетіні заңды.

Мысалы, Л.И. Каск атап өткендей, функцияларды мемлекеттің әлеуметтік мақсаттарды іске асыруға арналғандығын көрсететін оның қызметінің негізгі (басты) бағыттары (жақтары) ретінде түсіну өте кең тараған[5]. Бұл көзқарасқа Л.И. Спиридонов та қосылады. Ол мемлекеттің функцияларын мемлекет қызметінің негізгі бағыттары деп көрсетеді, бұлар мазмұны тарихи тұрғыда анықталған қоғамның сипатына қарай туындайтын адамдардың ортақ істерді шешуге деген объективті сұранысына байланысты болады[6].

Л.А. Морозова, әдетте, мемлекеттің функциялары, — деп мемлекеттің *мәнісі* (курсив біздікі — *авт.*) мен әлеуметтік арналғандығы, қоғамды басқару жөніндегі мақсаттары мен міндеттері өзіне тән нысандар мен әдістерде көрініс табатын қызметінің негізгі бағыттары ұғынылады, деп көрсетеді[7]. Сөйтіп, мемлекеттің функцияларына сипаттама бере отырып,

---

[3] Спиридонов Л.И. Теория государства и права. М., 1996. 39-бет.

[4] Философский словарь/ Под ред. М.М. Розенталя. М., 1972. 448-бет.

[5] Каск Л.И. Функции и структура государства. 7-бет.

[6] Спиридонов Л.И. Теория государства и права. 40-бет.

[7] Морозова Л.А. Функции российского государства на современном этапе // Государство и право. 1993. № 6. 98-бет.

Л.А.Морозова, бір қарағанда, мемлекет фунцияларының сыртқы мақсаттарға тәуелді болатындығына ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің функциялары арқылы оның мәнісінің білінетіндігіне назар аударады. Ал бұл, оның өзіне тән нысандар мен өзіне тән әдістер арқылы әрекет ететіні арқылы білінеді. Алайда, одан әрі Л.А. Морозова функциялардың мазмұны мемлекеттің *не* істейтінін, оның органдарының *немен* айналысатынын, олардың *қандай* мәселе шешетінін көрсетеді деп атап өтеді. Басқаша айтқанда, Л.А.Морозова мемлекеттің функциялары категориясын, дәстүр бойынша, мемлекеттің сыртқы мақсаттары (міндеттері) дәрежесіне дейін жеткізіп шектеп қояды. Біздің ойымызша, функцияларды түсінудің осы аспектісі аса маңызды болса да, функцияның қарым-қатынастың нақты жүйесінде *объект қасиеттерінің* сырт көрінісі екендігін назардан шығармағанымыз дұрыс. Функциялар категориясы мемлекеттің *не* істеп жатқанын және мемлекет органдарының *немен* айналысатынын және *қандай* мәселелерді шешетінін ғана емес, мемлекеттің өзіне жүктелген міндеттерді *қалай* шешіп жатқанын да көрсетеді. Мемлекет функцияларының жоғарыда көрсетілген осы екі жақты сипаттамасының мемлекеттің полицияға жүктейтін қызметіне сипаттама бергенде де айтарлықтай маңызы бар.

II. Л.А.Морозова "қазіргі заманғы заң ғылымында мемлекеттің функцияларын оның қызметінің бағыттары ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық үрдістерге мемлекеттік ықпал жасау *тетігі* ретінде түсіндіру керек деген ұсыныс бар"деп есептейді. Бұл дұрыс сияқты, — деп жазады Л.А.Морозова, себебі мемлекет қоғам өмірінің қандай да бір салаларында белгілі бір фунцияларды атқара отырып, дәл сол кезде жүргізіліп жатқан реформаларды, алуан түрлі қайта құруларды, қоғамдық қатынастарды құқықтық жағынан реттеу арқылы қоғамдық қатынастардың ахуалына ықпал жасайды. Осы айтылғандарды ескере отырып, Л.А.Морозова мемлекет функциялары оның қоғамды басқару жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары деп ой түйеді, және бұған қоғамдық үрдістердің дамуына мемлекеттік ықпал жасау тетігін *қосып қояды* (курсив біздікі — *авт.*)[8].

[8] Бұл да сонда.

*Мемлекеттің функциялары* мен *мемлекеттік реттеу тетігі* ұғымдарының ара-қатынасын осылайша түсіндіру қисынсыз деп білеміз.

Л.А.Морозованың мемлекеттік реттеу тетігі және мемлекет функцияларының үйлесуі туралы қалай баяндағанына қарап, функциялар категориясы тетік категориясына қарағанда неғұрлым кеңдеу деген қорытынды жасауға болады. Демек, мемлекеттік реттеу тетігін құрайтын мемлекет функциялары бар деген болжам жасауға болады, бірақ бұлармен қатар мемлекеттік реттеу тетігіне кірмейтін функциялар да болуға тиіс. Біздің ойымызша, біріншіден, тетік ұғымын функция тетігімен бірдей деп қарауға болмайды, ал, екіншіден, мемлекетке қатысты алғанда мемлекеттің мемлекеттік тетіктің шегінен тыс орындайтын функциялары туралы айтудың орынды болатыны екіталай. Нақтылай түссек, Л.А.Морозова *мемлекеттік реттеу* тетігі туралы айтып отырғандықтан, онда, әрине, таза теориялық тұрғыдан келгенде мемлекет реттеу функцияларынан басқа (яғни, мемлекетке қатысты алғанда, сыртқы болып табылатын объектілер мен әлеуметтік үрдістерге ықпал жасаудан басқа), мемлекет кейбір *ішкі* (ішкі аппараттық) функцияларды да, (және ең алдымен), өзінің тіршілік етуін қамтамасыз ету функциясын жүзеге асырады.

Дегенмен, Л.А.Морозова, біріншіден, мемлекет функцияларын осылай жіктеудің мүмкін болатынын айтпайды, екіншіден, анықтама бойынша *көпшілік* субъект болып табылатын, өзіндік ерекшеліктері бар мемлекет деген әлеуметтік субъектіге қатысты алғанда, оның таза ішкі, ішкі аппараттық функциялары жайында әңгіме қозғау өте қиын. Шынында да, айталық, салық жинау функциясын мемлекеттің тіршілік етуін қамтамасыз ететін ең маңызды функция деп есептеуге болмай ма? Сонымен бірге, бұл функцияның маңызды мемлекеттік реттеу функциялары санатына жатқызылуы тиіс екені анық. Сол сияқты, мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті де мемлекеттік биліктің өзін-өзі қамтамасыз етуге бағытталған функциясы, яғни таза ішкі аппараттық функциясы дегеннен басқаша бағалауға болмайды. Дегенмен, бұл функцияның көпшілік сипаты жаңағыдан еш кем емес, оның іс жүзіне асырылуы қоғамға, осы қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік

топтарға, әлеуметтік байланыстар мен үрдістерге реттеуші ықпал ету қажеттігіне байланысты.

Л.А.Морозованың ұстанған позициясының заң әдебиетінде сынға алынғанын атап өту керек. С.А.Комаров біздің ой-пікірімізге қарама-қайшы өзіндік мәміле жасай отырып, жоғарыда көрсетілген позициямен келіспейді. С.А.Комаровтың пайымдауынша, "қоғамдық үрдістердің дамуына мемлекеттік ықпал жасау тетігін мемлекеттің функциялары ұғымына жатқызу онша дұрыс емес, өйткені ғылымда мемлекеттің функцияларын жүзеге асырудың құқықтық нормалары деген дербес ұғымның бар екендігіне қарамастан, бұл арқылы мемлекеттің функцияларын тұтастай алып *қызмет ету* (курсив біздікі — *авт.*) дегенге әкеліп саю, сондай-ақ мемлекеттің қызмет етуін құқықтық жағынан ықпал етудің әр түрлі тәсілдерімен ауыстыру амалы жасалады"[9]. Бұл позиция іс жүзіндегі жағдайдан алшақ жатқан, ойдан ой шығарып алатын позиция болып көрінеді. С.А.Комаровтың тұжырымынан шығатыны, мемлекет тетігі (материалдық) және мемлекеттің өзі (яғни материалдық емес) бар. Ендеше, мемлекеттің қызмет етуі мен оның тетігінің жұмыс істеуі бір нәрсе емес, демек мемлекет функцияларын мемлекет тетігінің функцияларымен араластыруға болмайды. Мұндай позиция тәжірибелік тұрғыдан тіпті зиянды демегеннің өзінде, көңілге қонымсыздау, ал мәні бойынша қате.

Біріншіден, материалдық аспектіде алып қарағанда, мемлекет белгілі бір нысанда ұйымдастырылған тетіктің өзі болып табылады;

екіншіден, мемлекет осы тетік арқылы ғана әрекет етеді (сол сияқты, адам да объективті өмірде және объективті өмір шындығы ретінде өз қасиеттерін өз организмінің іс-қимылы арқылы ғана байқата алады);

үшіншіден, мәселеге қарама-қайшы тұрғыдан келгенде, "мемлекет тетігі" артық категория болып қалады, өйткені бұл категория мәнісі бойынша мемлекеттің функциялары болып табылатын қызметтік функция ретінде ғана бар. Осыған сәйкес, мемлекет өзінің қасиеттерін қоғам өмірінің қандай да бір

---

[9] Комаров С.А. Общая теория государства и права: Курс лекций. 2-е изд., испр.и доп. М., 1996. 74-бет.

саласында өз тетігінің жұмыс істеуі жолымен ғана байқата алады.

С.А.Комаровтың ғылымда мемлекет функцияларын жүзеге асырудың құқықтық нормалары деген дербес ұғымның бар екендігіне қарамастан, мемлекеттің қызмет етуін "қоғамдық үрдістердің дамуына құқықтық ықпал жасаудың әр түрлі тәсілдерімен" ауыстырудың дұрыс еместігі туралы пікірі, жаңылыс. Ең алдымен, құқықтық мемлекет жағдайында мемлекеттің өзі қоғам мен жеке адамға қатысты алғанда қоғамның қолындағы, мейлі ол күшті болса да, *тетік* ретінде қызметтік рөл атқаруға тиіс[10]. Демек, мемлекеттің өзінің жеке міндеттері немесе, ең болмағанда, жалпы әлеуметтік мақсаттардан өзгеше, тіпті оларға қарама-қайшы келетін мақсаттары болмауға тиіс. Бұл мемлекет функцияларының мазмұны қандай да бір әлеуметтік ортадағы қоғамдық үрдістерге ықпал жасау арқылы көріну керек деген сөз, — мемлекеттің өмір сүруінің мақсаты да осы. Мемлекеттің функцияларын жүзеге асыру *нысандарына* қатысты атап өтетіні, шындығында да бұл нысандардың құқықтық, сол сияқты құқықтық емес нысаны болуы мүмкін, бірақ өркениетті *құқықтық* мемлекет жағдайында соңғысы ең аз дәрежеге түсуге тиіс[11].

Әлеуметтік тетік категориясының оның функцияларының мәнісін орыстың революцияға дейінгі ұлы философтарының бірі С.Н.Булгаков өзінің 1912 жылы жарыққа шыққан "Шаруашылық философиясы" деген кітабында нақты тұжырымдап берген[12].

---

[10] Атап өтетіні, бұл Ресейдің қолданыстағы Конституциясының преамбуласында айтарлықтай нақты атап көрсетілген.

[11] Қоғамның көпшілік үйымы ретіндегі мемлекет функцияларының да ерекше көпшілік сипатта болатынын ескергенде, құқықтық мемлекет өзінің көпшілік функциясын жүзеге асыра отырып, құқықтық емес нысанда әрекет ете ала ма деген мәселені көтеруге болады. Әрине, мемлекет қызметінің құқықтық та, сол сияқты құқықтық емес нысандары болады (соңғылары мемлекет таза техникалық іс-әрекет жасағанда пайдаланылса керек), — дегенмен, мемлекеттің функцияларына қатысты алғанда осы соңғысының бар болатындығы туралы болжам жасауға бола ма, егер жағдай осылай болса, онда мемлекеттің қызмет етуінде құқықтық және құқықтық емес нысандардың үйлесімі қандай болуға тиіс? Бұл сауалға берілетін жауаптың, күмән жоқ, теориялық және практикалық мәні зор, бірақ оның шешімін табу мәселесі біздің зерттеуімізден тыс міндет.

[12] Булгаков С.Н. Философия хозяйства. М., 1990.

Мемлекет тетігі *әлеуметтік* деп анықталатын болған соң, оның не үшін құрылғаны, не үшін қызмет ететіні туралы сауалдың жауабын табу қажеттігі туындайды. Демек, егер *мақсат* категориясы назарға алынбаса, бұл ұғымның сипаттамасын жасау мүмкін болмайды. Тетіктің өзі мақсаттың бар болу шартымен ғана болуы мүмкін. Соңғысы тетік ұғымының мазмұнына кірмейтініне қарамастан, бұл мазмұнды белгілі дәрежеде анықтайды. Кез келген тетік функционалды, себебі ол мақсатқа сай деп айтуға болады. Мақсат болмаса, функция да жоқ. Әрине, мақсат пен функцияның байланысы абсолютті емес, дегенмен тетік функциясының негізгі өлшемдері мақсаттан туындайды. С.Н.Булгаков жазғандай: "Тетік дегеніміз әрекет ету тәсілі ғана. Ол іс жүзінде бар немесе бар деп көрінетін мақсатсыздықпен немесе адами мақсаттарға қарама-қайшы жұмыс істеуі мүмкін, бірақ бұл оның идеясы мақсаттылыққа қарама-қайшы деген сөз емес. Қайта керісінше, оны мақсатқа сай үйлестірілген ұғым ретінде қарастыруға болады. Әрбір мақсатты іске асыру үшін құралдар тетігі қажет, демек тетік мақсатты жүзеге асыруға кіреді"[13].

Осы айтылғандардан әлеуметтік тетіктің басқа сипаттамасы келіп шығады: әдетте, әлеуметтік тетік бір ғана мақсатқа емес, бірнеше, кейде бір-біріне қайшы көп мақсатқа жету үшін құрылатын болғандықтан, аталмыш тетік қызметінің кейбір негізгі бағыттарын бөліп алуға болады, яғни оның атқаратын *функциялары* туралы айтуға болады. Функциялардың тетікті құрудың және осы тетіктің жұмыс істеуінің мақсаттарымен тікелей байланысты болатыны, оларға бет бұратыны анық, демек мақсаттардың иерархиясы осыған сәйкес құрылған тетік функцияларының иерархиясын анықтайды.

Жоғарыда көрсетілгендей, тетік мақсатты жүзеге асыруға кірсе де, соңғысы оның шегінен тыс жатады. Әлеуметтік тетік құбылысын оның мазмұны тұрғысынан алып қарастыра отырып, біз мынадай жорамал жасауға тиіспіз. Тетіктің өзі *қалай* деген сұраққа жауап беретін болғандықтан, кез келген тетікті құрудың негізінде *объектіге* ықпал жасау *тәсілдері* (немесе әдістері) болуға тиіс, олар *мақсаттардың* осы объектіде неғұрлым рационалды іске асуын қамтамасыз етуге тиіс. Демек, іс-әрекет

---

[13] Бұл да сонда. 46-бет (ескерту).

жасау тәсілі тетіктің негізгі ұстыны (конструкциясы) рөлін атқарады. Әлеуметтік тетіктің жұмыс істеуін жиынтықта екі топқа бөлуге болады: 1) мақсатқа жету тәсілдері; 2) әлеуметтік тетіктің тіршілік кешуі мен қызмет етуін қамтамасыз ететін тәсілдер.

Затқа ықпал ету әдістерін тәжірибе жүзінде іске асыру үшін бұған сай келетін *құралдардың* бар болуы қажет, сондықтан әдістердің жанама түрдегі көрінісі осындай құралдардың тәртіпке келтірілген жиынтығынан (жүйесінен) табылады, оның өзін тетік деп анықтауға болады. Әдістер сияқты, әлеуметтік тетікті құрайтын құралдар жүйесі екі топқа жіктеледі: 1) мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін құралдар; 2) осы әлеуметтік тетіктің қызмет етуін қамтамасыз ететін құралдар.

Сонымен, *кез келген әлеуметтік тетік алға қойылған әлеуметтік мақсаттарға белгілі бір әдістер арқылы жетуге арналған құралдардың тәртіпке, тепе-теңдікке келтірілген тұрақты жиынтығы (яғни жүйесі) ретінде анықталуы мүмкін.*

Әлеуметтік тетіктің тіршілік етуінің (жұмыс істеуінің) ішкі және сыртқы жақтары болады.

Әлеуметтік тетіктің тіршілік етуінің (жұмыс істеуінің) *сыртқы жағы* туралы, басқаша сөзбен айтқанда, оның құрылымына сипаттама бергенде, мынадай негізгі екі жағдайға назар аударған жөн:

1. Кез келген әлеуметтік тетікте объективті және субъективті факторлардың (элементтердің) үйлесімін байқаймыз. Жалпы алғанда, әлеуметтік тетік *субъективті* болады — оны адамның парасаты жасайды және оны адамдар қоғамы тұжырымдап беретін мақсаттарға жету үшін жасайды. Дегенмен, оған объективті элементтер де қосылады (яғни, адамның еркінен тыс болатын және дамитын факторлар: адам олардың әсерін тек қана танып, пайдаланып және түзеп отыра алады). Мысал ретінде технологиялардың ахуалын, өндірістің заттай факторларын, әлеуметтік заңдардың әсерін және т.б. келтіруге болады.

2. Кез келген әлеуметтік тетік статикалық және динамикалық элементтердің үйлесім табуымен сипатталады; оған белгілі бір әлеуметтік құрылымдар, қоғамдық қатынастар жүйесі, сол сияқты, әлеуметтік құрылымдардың қызмет етуі, нақты адамдардың мінез-құлқы жатады. Осы ұғымның генезисі (дамуы), оның классикалық физикамен (механикамен)

байланысы дәл осыдан көрінеді, әрі әлеуметтік ғылымдардағы бұл ұғым осыдан алынған[14].

Әлеуметтік тетіктің *ішкі жағы* оның өзінің құрылуына себепші болған мақсаттармен өзара байланысын сипаттайды. Мұндай сипаттама *функциялар,* осы мақсаттарға жетудің *әдістері мен құралдары* арқылы жасалады.

Жоғарыда көрсетілгендей, әлеуметтік мақсаттар субъективті болады, себебі оларды қоғам түйсінуіне қарай тұжырымдап отырады; сол сияқты осы мақсаттарға жету тетігі де субъективті. Бұл фактіден қойылған мақсаттардың өзі, сол сияқты оларға жетуді қамтамасыз ететін тетік үшін белгілі бір шектеу енгізу мүмкіндігі және қажеттігі туындайды. Осындай шектеу бұл құрылымның қызмет ету *принциптерін* анықтау және олардың іске асырылуын қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады[15].

Принциптерге қойылатын осындай шектеулердің үш тобын бөліп көрсетсек:

Біріншіден, әлеуметтік-ізгілік баға қоғамның өз алдына қоятын мақсаттарына берілуі тиіс: утопиялық мақсаттарды қол жетпейтін нәрсе деп, олардан бас тарту керек; осы қоғамда орныққан ізгілік нормаларына сай келмейтін немесе қарама-қайшы болатын мақсаттарды аморальдық ретінде алып тастау керек. Сөйтіп, мақсатты ұстанымдарға қатысты қолданылатын принциптерді бөліп алуға болады, бұлар — принцип-мақсаттар. Олар — бірінші деңгей принциптері, себебі қалғанының бәрі бұларға қарап анықталады, бұлардан келіп шығады және бұлардың өнімі болып табылады.

Екіншіден, қойылған мақсаттар мен оларға жету құралдарының өзара байланысын анықтайтын принциптерді,

---

[14] “Белгіленген қимылдарды жасайтын жасанды қозғалмалы түрде бір-біріне жалғанған денелердің (буындардың) тетігі, жиынтығы. Бір буынның әрбір жағдайына тетіктің басқа буындарының белгілі бір жағдайы сәйкес келеді. Тетік жұмыс істеп тұрған кезде оның бір буыны әдетте қозғалмай тұрады немесе қозғалмай тұрған деп қарастырылуы мүмкін” (Энциклопедический словарь. Т. 2. М., 1954. 380-бет).

[15] Принцип (лат. principium) — ғылыми немесе ізгілік бастауы, негіздеме, ереже, бас тартпайтын негіз, қандай да бір теорияның, ілімнің, ғылымның және т.с. бастапқы, негізгі ережесі, бастапқы жері, қандай да бір теорияның, тұжырымдаманың алғышарты (Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. Т. III. М., 1955. (переизд. 1882 г.). 431-бет; Ожегов С.И. Словарь русского языка. М., 1986. 515-бет; Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. М., 1975. 477-бет).

яғни әлеуметтік тетіктің қызмет етуінің сыртқы жағын бөліп көрсету қажет. Оған кем дегенде екі бағытта шектеу қойылады: пайдаланылатын құралдар функционалды болуы тиіс (яғни қойылған мақсаттардың мәнісін дұрыс көрсетуге және оларға тиімді түрде жетуді қамтамасыз етуге тиіс); және қоғамда орныққан идеология шеңберінен шықпауға тиіс, өйткені құралдардың кез келгенін, мейлі ол пәрменді болса да, ең жоғары мақсатқа жету үшін ақтап алуға болмайды.

Үшіншіден, әлеуметтік тетіктің өзін қалай құру керектігін анықтайтын принциптерді бөліп алу керек: ол тұрақты, тепе-теңдікке келтірілген және өзінен-өзі жеткілікті демеген күннің өзінде, оның қоғамға түсіретін ауыртпалығы зор болмауға тиіс.

Жоғарыда келтірілген сұлба жалпы сипатқа ие, демек белгілі бір нақтылау жасап, оны мемлекет тетігіне оның функцияларына сипаттама бергенде қолдануға болады. Біріншіден, мемлекеттің өзін объективті өмір шындығы ретінде әлеуметтік тетіктің белгілі бір түрі деп қана түсіндіруге болады [16] . Екіншіден, осы көрсетілген сұлбаға негізделетін болсақ, онда “мемлекеттік реттеу тетігі” және “мемлекет функциясы” ұғымдарын бір-біріне ұқсастырудың (Л.А.Морозова сияқты), бір-біріне қарсы қоюдың да қажеті жоқ, өйткені онда қасиеттердің байқалуы ғана, ал нақтырақ айтқанда, біріншісінің қоғамдық өмірдің белгілі бір саласында мақсатты арналуының көрінісі. Ақырында, үшіншіден, тетік, функциялар, әдістер, құралдар мен мақсат категориялары біртұтас жүйе болып бір-біріне байланыстырылады. Ал, нақтылауға қатысты айтсақ, бұл жөнінде әңгіме қозғалған болатын, біздің нақтылауымыз мынаған келіп саяды: мемлекет *көпшілік биліктің* ұйымдастырылуы болып табылады, демек, оған қатысты алғанда мемлекет тетігінің қызмет етуінің ішкі және сыртқы жақтарын бөліп алуға болмайды.

III. Мемлекеттің *мақсаттары* мәселесі кеңестік заманда, Ресейдің қазіргі кездегі заң ғылымында іс жүзінде көтерілмеген. Осындай жағдайға не себеп болғаны белгісіз, бірақ бұл марксистік доктрина бойынша, социализм тұсында мемлекеттің

[16] Л.И. Каск “мемлекет” термині қоғамдық (көпшілік) биліктің ұйымдастырылуының өзін (тетігін) белгілеу үшін қолданылады, деп дұрыс көрсетеді (Каск Л.И. Функции и структура государства. 48-бет).

қажеті болмай, бірте-бірте жойылатыны және оның міндеті коммунистік мемлекетсіз қоғамға өтуді қамтамасыз ету екендігіне байланысты болса керек.

Ал, әр түрлі уақыт кезеңдерінде, тіпті, антика заманындағы заң әдебиетінде бұл мәселені қарастыру дәстүрі өте мықты.

Г.Еллинек мемлекеттің мақсаттары деген ұғымда бір-бірінен ерекшеленетін үш түрлі мәселе болуы мүмкін екендігін анықтаған бірінші ғалым болды. Атап айтқанда:

1) Жалпы тарихи эволюцияда мемлекет институтының адамзаттың түпкілікті арналуына қатысты алғандағы мақсаты қандай?

2) Жеке анықталған мемлекеттің тарихи құбылыстардың бүкіл жиынтығына байланысты қандай мақсаты болған және бүгінде қандай мақсаты бар?

3) Осы дәуірде мемлекеттің өзінің барлық мүшелеріне және сонымен бірге бүкіл қоғамға қатысты мақсаты қандай?

Бұл ретте, деп атап көрсетеді автор, аталған үш сауалдың алғашқы екеуін эмпирикалық тұрғыда зерттеу амалдарының көмегінсіз шешу мүмкін емес. Екеуі де — мемлекеттің *объективті мақсаты* жөнінде, сонда біріншісі — мемлекеттің әмбебап мақсаты жайында болса, екіншісі оның партикулярлық объективті мақсатына арналған[17].

Бірінші мәселе Платон заманынан бері зерттеліп келеді. Кейіннен, Орта ғасырларда Августин Блаженныйдан кейінгі кезеңде оны христиандық теология эсхатологиялық мәселеге байланысты зерттеп, оның шеңберінде мемлекет өмірінің түпкілікті мақсаты туралы сауалдың да жауабын іздеген. Осының арқасында қоғамдық даму идеясы жасалды.

Мәселеге деген басқа көзқарас мемлекетте әлеуметтік институт ретінде мақсаттың болуын жоққа шығаруға келіп тіреледі. *Органикалық теория* тұрғысынан алып қарағанда, мемлекеттің өзі мақсат болып табылады, яғни мемлекеттің өзінде оның өз болмысы, өзіндік ерекшеліктері қамтылған.

[17] Еллинек Г. Право современного государства. Т. 1. Общее учение о государстве. 2-е изд., испр. и доп. С.И. Гессеном. СПб., 1908. 167-168-беттер.

*Механикалық-материалистік теорияның* өкілдері мемлекетте мақсаттың бар болуын тіптен жоққа шығарады.

Мемлекеттің объективті партикулярлық мақсатының бар болатынына келсек, ол бойынша әр мемлекеттің жеке өзіне ғана тән және оның тарихи жағдайы мен мәнін анықтайтын ерекше мақсаты болған.

Бұл ілімнің алғашқы белгілері Ш.Монтескье еңбектерінде байқалса, Гегель оны одан әрі дамытып, жоғары дәрежеге жеткізген[18].

Г.Еллинек атап көрсеткендей, қоғамның көпшілік топтарында бұл теорияның, әсіресе, халықаралық қатынастар туралы әңгіме болғанда, рөлі зор. Шындығында, көп жағдайда әңгіме тарихта үстемдік құрған жоғары күштің алдына қойған объективті мақсаттары туралы емес, ол әрқашан да осы мемлекеттің тарихи дамуының барысына байланысты туындайтын белгілі бір — іс жүзінде бар немесе жалған — *мүдделері* жайында[19].

Г.Еллинектің пікірінше, мемлекеттің субъективті мақсаты туралы, яғни мемлекеттің жеке мақсаттарға деген көзқарасы жайлы мәселе қойылуы және шешімін табуы тиіс, оны объективті және субъективті мақсаттар араласып кеткен жағдайда ғана жоққа шығаруға болады. "Мемлекеттің ғұмыры адамдардың үздіксіз іс-әрекеттерінен құралады, ал әрбір іс-әрекет себептен, демек мақсаттан туындайды... Әрбір заңның, әрбір өкімнің, әрбір тағайындаудың, әрбір халықаралық шарттың қандай да бір мақсаты болуға тиіс, әрі ол ақылға қонымды мақсат болуға тиіс, басқаша болған жағдайда мемлекет ақыл-есінен айырылғандарға арналған үлкен үй болар еді", — деп жазады Г.Еллинек. Мемлекет саясатының артықшылықтары немесе жарамсыз жақтары туралы әңгімені мемлекеттің мақсаттары тұрғысынан ғана қозғауға болады.

---

[18] Гегельдің тұжырымы бойынша, мемлекет дегеніміз әлемдік рухтың санасыз қаруы, оның имманентті мақсаты әлемдік рухты дамытудың ең жоғары сатысына орнату болып табылады. Дүниежүзілік-тарихи халықтар бар, олар белгілі бір дәуірде әлемдік рух дамуының сол кездегі ең жоғары сатысында тұрған ал кейін өз дәуірі өткен соң, олар әлемдік тарих саласына жатпайды (Қараңыз: Гегель. Philosophie des Rechts).

[19] Еллинек Г. Право современного государства. 169-бет.

Саясат жөніндегі ой-пікірлердің бәрі телеологиялық бағаның өзі ғана. Әр мемлекетте мемлекеттің ең жоғары мақсаттарымен есептесу қажеттігі әрқашан саяси қызметті реттеуші тетік болып қала береді. Біздің қазіргі заманғы бүкіл мәдениетімізде мемлекет билігінің шекарасы бар, ал “біз — құдыреті шексіз билікке бағынатын мемлекеттік құл емеспіз” деген сенімге негізделіп отыр. Алайда, осындай шекараның бар болатыны мемлекеттің жеке мақсаттарының бар екендігін озық ой арқылы танудың арқасында ғана дәлелденді. Құқық саласында мемлекет мақсатының мәнін айқындау полицейлік мемлекеттің күйреуіне көп дәрежеде ықпал етті.

Сонымен бірге, осы саяси телеологияның шекарасын ескергеніміз жөн. Мемлекет туралы ілімнің аса маңызды міндеті оның мақсаттарын анықтау болып табылады, өйткені одан дедуктивті түрде мемлекеттік функциялардың бүкіл жиынтығы келіп шығады, – деп тұжырымдалған бұл пікір дұрыс емес. Мақсатты білгеннен оған жеткізетін құралдар туралы білім келе қоймайды. Мемлекет қызметінің нақты мазмұнын әрқашан да эмпирикалық жолмен анықтауға болады, және де бұл ретте жеке мемлекет өмір сүрген белгілі бір уақыт аралығында ғана[20].

Әрине, мәселені Г.Еллинек ұсынғандай осылайша қойғанда, біздің ойымызша, даулы нәрсе жоқ емес. Әр мемлекет өмірінің адамдардың себебі мен мақсаты бар үздіксіз іс-әрекеттерінен құрылатынына шүбә келтіре алмаймыз. Бірақ осында әрбір жеке адамның көздеген мақсаты мемлекеттің мақсаты болып табыла ма? Мемлекеттің мақсатын мемлекеттің органдары, заң актілерін шығаратын жеке шенеуніктері көздейтін мақсаттардың белгілі бір жалпы құрамасы деп ұғынуға бола ма, әлде бұл — олардан жоғары тұрған жеке бірдеңе ме? Ең дұрысы, мемлекеттің мақсатын адамдардың жеке іс-әрекеттері деңгейіне жатқызуға болмайды. Бірақ, бұл жағдайда мемлекеттің субъективті мақсатының объективті партикулярлық мақсаттан айырмашылығы неде, оны анықтауға бола ма және бұны қалай істеу керек? Бұдан басқа, мақсат категориясы мен функция категориясын үзілді-кесілді бөлуге болмайды. Әрине, мақсаттың өзі тетіктен тыс болғандықтан (бұл жағдайда — мемлекет тетігінен тыс), бір мақсатқа жету үшін әр түрлі тетіктер жасалуы

[20] Бұл да сонда. 170-173-беттер.

мүмкін екені түсінікті. Дегенмен, мақсат пен функция арасында байланыстың бар екендігі көзге анық, себебі қалай болғанда да, мақсаттың мазмұны дұрыс құрал таңдап алуға мүмкіндік беретін фактор болып табылады. Тетік функционалды деуге болады, себебі ол мақсатқа сай келеді, сондықтан құралдардың сипатына қарап біз белгілі бір дәрежеде шамалап мақсаттардың мазмұны туралы әңгіме айтамыз, сол сияқты мақсаттардың мазмұны біз осы мақсаттарға жету үшін таңдап алуға тиіс болатын құралдар туралы кейбір жорамал жасауымызға мүмкіндік береді. Айтпақшы, кейіннен Г.Еллинек те мемлекеттің мақсаты жөніндегі мәселені зерттеген кезде, оны мақсаттар мен функциялардың өзара байланысы аясында қарастырады. Бұл жерде оның ілімінің әлсіз жақтарының бар екендігіне қарамастан, оның күмән туғызбас теориялық және тәжірибелік маңызын, сол сияқты мемлекеттің мақсаттары мәселесінің көтерілуін Ресейдің құқық ғылымы үшін өзектілігін мойындауымыз керек.

Егер мемлекеттің мақсатына қатысты алуан түрлі теорияларды талдайтын болсақ, олардың бәрін екі топқа бөлу керек. Теориялардың бір тобы мемлекеттің мақсаты болады деген ұстанымда болса, екіншісі қандай да бір негіздерге байланысты оның болатынын жоққа шығарады.

Теориялардың екінші тобы қатарында ең алдымен, мемлекеттің органикалық теориясы негізінде пайда болған және мемлекеттің мақсаттары деп аталатын нәрсенің іс жүзінде оның функциялары болып табылатыны туралы тұжырым жасайтын ілімді атаған жөн. Алайда, Г.Еллинек жазғандай, мемлекеттің функциясы мемлекеттің іс-әрекеті болып табылады, ал әрбір іс-әрекеттің себебі, демек мақсаты да болуға тиіс: егер мемлекеттің функциялары бар болса, онда оның мақсаттары да бар. Ал функциялардың өзін мақсаттар деп мойындау — мақсаттар мен құралдарды араластыру деген сөз[21].

Мемлекеттің мақсаты туралы ілімнің тарихына келсек, ол мемлекет туралы ғылымның тарихы сияқты көне. Сондықтан, осы телеологиялық теориялардың сипаттамасын ең болмағанда, антика кезеңінен бастағанымыз жөн.

[21] Бұл да сонда. 175-бет.

*Аристотельде* саяси телеология оның философиялық жүйесінің жалпы құрылымына сәйкес, мемлекет туралы зерттеулерінің бастапқы нүктесі болып табылады. Римдіктерде де мемлекеттің мақсаты жайында бүге-шүгесіне дейін әзірленген ой-пікірлер бар, оның кейінгі кездегі әдебиетке шешуші әсері болды[22].

Табиғи құқық шеңберінде мемлекет мақсатының мәні айтарлықтай ұқыптылықпен айқындалады. Мемлекетті жеке еріктен тыс шығарып алған табиғи құқық оны жеке мақсаттарға жету үшін пайда болатын, өмір сүретін мекемеге айналдырады.

Тарих мектебінің жеңіске жетуіне байланысты саяси телеология да қайта қарауға ұшырады. Ол салада да, ұқыптылық байқала бастады, себебі бұл мектеп идеал мемлекетті зерттеуден эмпирикалық зерттеуге көшу қажеттігін алға тартып отыр.

Мемлекеттің мақсатын жеке адамдар мен қоғамға қатыстырып мойындайтын және құрастыратын неғұрлым ертеректе пайда болған ілімдер, әдетте, өз ережелерін мемлекеттің *идеал тұрпатына* негіздеп шығарады. Олардың абстрактілі әрі неғұрлым нақты ереже жасауға келмейтін мақсатты ғана білетіні осыдан. Г.Еллинек бұл ілімдерді *абсолют мақсат* туралы ілімдер деп атайды. Бұл ілімдер мемлекеттің жалғыз ғана мақсатын, әрқашан, қай заманда болмасын және мемлекеттің барлық үлгісі жағдайында өзіне-өзі тең келетін мақсат — өзімен-өзі біртұтас және қалған мақсаттардың бәрін өзінде қамтитын мақсатты алға қоюға тырысады. Алайда, бұл теориялар іс жүзінде бар мемлекеттен емес, кемеліне жеткен мемлекеттен туындайды, ал өмір шындығы ешқашан да телеологиялық идеалға сәйкес келмейді. Идеалды іс жүзіне асыру өте қажет болатындықтан, бұл ілімдерде күшті саяси-агитациялық үрдіс бар, сондықтан саяси идеалдар туралы ұғымның өзі әркез тәжірибелік рөл атқарған, ал бұл рөлдің мәнін тым төмен бағалау дұрыс емес.

Г.Еллинек абсолютті теорияларға мемлекеттің салыстырмалы-нақты мақсаттары теорияларын қарсы қояды, бұлар тарих дамуымен бірге өзгеріп отыратын мемлекеттің міндеттері және нақты мемлекеттік қатынастар жөніндегі

---

[22] Қараңыз, мысалы: История политических и правовых учений: Учебник для вузов / Под общ. ред. В.С. Нерсесянца. М., 1995. 3, 4-тараулар.

ұғымдардан, сондай-ақ мемлекет қызметінің табиғи шекараларын тереңдеп зерттеу жолымен жасалады[23].

Мемлекеттің жалпыға бірдей (абсолютті) мақсаттары туралы ілімдер қатарында *эвдемонистік-утилитарлық* және оған ұқсас *этикалық* теорияларды атап өтуге болады. Бұлар мемлекет жөніндегі телеологиялық теориялардың ең көнелері десе болады. Алғашқысының мәнісі мынада: жеке адам мен қоғамның әл-ауқаты барлық көпшілік мекемелердің ең жоғары және жалғыз мақсатын құрайды (бұл теорияның кейде халықтың әл-ауқаты теориясы деп аталатыны осыдан); этикалық теория болса, игілік ізгілік идеалға қол жетуде жатыр деп қарастырады. Антика заманының мемлекет жөніндегі бар ілімі эллин этикасының негізі эвдемонистік принципке құрылған. Бірақ мораль жөніндегі қазіргі заманғы утилитарлық жүйелер де кәдімгі қалпымен "мемлекет — ортақ пайдаға қызмет ететін мекеме" деген қорытындыға келуде.

Алайда, бұл идеяны тәжірибе жүзінде қолдану амалы жасалған бойда оған шүбә келтіріледі. Игілік және оған жақын келетін пайда деген ұғымдардың көп мәнді, шүбәлы және субъективті болуы соншалық, бұлардан небір мән-мағына шығарып алуға болады, іс жүзінде солай болған да. Қай заманда да жалпы игілік дегенді сылтау етіп, ең жоғары және аса маңызды жеке игіліктерге еш шімірікпестен қол сұғушылық жасалған. Сондықтан мемлекеттің қызмет аясын шексіз кеңейтуге тырысқандардың бәрі әл-ауқат теориясына қосылып кетті. Бұл — мемлекеттік абсолютизм және полицейлік мемлекет теориясының классикалық үлгісі. Әл-ауқат теориясының XVIII ғасырда, ағарту заманының абсолютизмі дәуірінде осы басқару жүйесінің ұстаны ретінде әзірленгені сондықтан[24].

Хр.Вольф, Томазия, И.Г. фон Юсти мен И.Зонненфельс есімдерімен байланысты полицейлік мемлекет және полицейлік құқық идеологиясы табиғи мемлекеттік шартқа орай қоғамға мәжбүрлі түрде әл-ауқат әкелу қажеттігінен туындаған. Осыған орай жеке адам өзінің ақыл-ес табиғатынан туындайтын қасиеттерді қамтамасыз ету мен дамытуды бастапқыда-ақ мемлекетке берді. Осының салдарынан мемлекеттің ең жоғары

---

[23] Еллинек Г. Право современного государства. 175-176-беттер.
[24] Бұл да сонда. 176-177-беттер.

мақсаты жалпының игілігі, жалпының бақыты болуы тиіс. Жалпының игілігіне қол жеткізу құралы — монархтың шексіз билігі. Осы эвдемонизм философиясы полицейлік араласудың мәжбүрлеуші, зорлықшыл сипатын идеялық тұрғыда бүркеп отырды. Шынында да, мемлекеттің бар арманы адамдарды жетілдіру, бақытқа жетелеу болғанда, — бұл жетілу, игілік, өз кезегінде, табиғи, адамның жаратылысында жатқан міндет және әр адамның мақсаты болған жағдайда, — мәжбүрлеу туралы сөз айтқан орынды ма[25].

Сонымен қатар, монархиялық қана емес, демократиялық абсолютизм де эвдемонистік теорияға сүйенген (якобиншілер ресми түрде жалпы игілікті мемлекеттің ең жоғары мұраты деп жариялаған, ал тәжірибе жүзінде бұл көпшіліктің шексіз үстемдік құруына рұқсат беруді білдірген еді; Г.Бабеф пен оның жолын қуушылар өздерінің қоғамды азап түрмесіне айналдыратын жобаларын негіздеп алу үшін “boheur commun” теориясына сүйенді) [26]. Барлық әлеуметтік институттардың жалғыз мақсаты — барынша көп адамның ең үлкен бақыты, деп мойындайтын И.Бентам тұжырымдамасындағы утилитарлық теория бойынша [27], мемлекет қызметі ақыр нәтижесінде табиғаты жағынан азшылықтың ғана қолы жететін ең жоғары рухани мүдделердің жойылуына, барлық адамдардың рухани және мораль тұрғысында алғанда ең төменгі сатыда тұрған адамдар деңгейіне дейін жеткізіп, айырмашылықты толығымен жоюға тиіс, себебі бойында жоғары қасиеттері бар адамды ең төмен деңгейге түсіруге болады, керісінше жасау мүмкін емес — бойында орташа қабілеті бар адам анағұрлым жоғары тұрған адамның деңгейіне көтеріле алмайды [28]. Игілік тұрғысынан келгенде, алға жетелеуші әр қадамнан, бар нәрсені жақсартудың әр амалынан, алыстағы келешек үшін шалынатын әр құрбандықтан бас тартылуы мүмкін. Игіліктің өзі әрқашан да

---

[25] Қараңыз, мысалы: Дерюжинский В.Ф. Полицейское право. Пг., 1917. 2-бет және т.с.; Елистратов А.И. Учебник русского административного права. Вып. 1. М., 1910. 38-бет және т.с.

[26] А.И. Герцен бабувистер ұсынған мемлекеттік құрылысты қарастыра отырып, оны “Гракх Бабефтің каторгалық теңдігі” деп сипаттаған (Толығырақ қараңыз: История политических и правовых учений. 313-бет және т.б., 561-бет).

[27] Бұл да сонда. 469-бет.

[28] Бұл теорияға жазылған сын: Ed. v. Hartmann. Phenomenologie des sittlichen Bewustseins. 1879. P. 589 және т.б.

партия тұрғысынан немесе билік иесінің көзқарасына сәйкес анықталады. Сөйтіп, таза түрінде алынған әл-ауқат немесе пайда теориясының кемшілігі онда ешқандай шек, ішкі шекараның болмауында жатыр[29].

Мемлекеттің мақсаты туралы абсолюттілерге жататын, бірақ жоғарыда көрсетілген теорияларға қарама-қайшы теориялар ретінде мақсаттарға арналатын, шектеуші деп аталатын теорияларды келтіруге болады. Бұл теориялар мемлекетті оның мақсатына сай жеке адамға қатысты алғанда нақты белгіленген шеңберге кіргізіп қоюға ұмтылады. Осы теориялар негізінен Жаңа дәуірде тұжырымдалған болатын және айтарлықтай дәрежеде табиғи құқық теориясын мемлекетке қатысты қолданып дамытудың жемісі болып табылады[30]. Бұл теориялар бойынша, мемлекеттің мақсаты деп не *қауіпсіздік,* не *бостандық,* не *құқық* мойындалады. Дегенмен, Г.Елиннек атап көрсеткендей, бұл теориялардың барлық түрлері мәнісі бойынша бір-біріне ұқсас, себебі қауіпсіздікті жасайтын — құқық. Бостандық теориялары болса, бірінші орынға субъективті құқықты қойса, құқық теориясы алдыңғы кезекке объективті құқықты шығарады. Бостандық теориясы, өз кезегінде, бірнеше шағын түрге жіктеледі. Біреулер рухани бостандықты ең маңызды игілік деп мойындаса, (Б.Спиноза) басқалары (Д.Локк) жеке құқық саласын түгелдей алып бірден-бір ізгілік деп қарастырады, оны қорғау және қамтамасыз ету мемлекеттің мақсаты болып табылады деп есептейді. Қазіргі заманға келсек, И.Кант беделінің арқасында *объективті құқықты, құқық тәртібін орнатуды* мемлекеттің бірден-бір мақсаты деп танитын ілімнің мәні басым болып отыр[31].

Бұл жерде мемлекет пен құқықтың арасында өзара тәуелділіктің болуын, сол сияқты мемлекеттің құқықты іс жүзіне асыруға арналғанын, яғни осы мақсатты көздейтінін мемлекеттің мақсаты туралы басқа теориялар өкілдерінің мойындайтынын және осыны баса көрсететінін түсіндірген жөн. Бірақ сонымен бірге, олар мемлекеттің өзге, неғұрлым биік мақсаттарының болуы мүмкін екенімен келіседі. Сондықтан,

---

[29] Еллинек Г. Право современного государства. 177-бет.

[30] Толығырақ қараңыз: Козлихин И.Ю. Правовое государство: История и современность. СПб., 1993.

[31] Еллинек Г. Право современного государства. 179-бет және т.б.

мемлекеттің әр түрлі мақсаттарының арасында бәсекелестік пайда болған жағдайда, мемлекеттің ең биік мақсатына жету жолында құқық артқа ысырылып қалуы мүмкін. Біз қарастырып отырған теориялар құқықтың рөлін кемітуге және осыған орай жеке адамның мемлекеттің күш-қуаты алдында қорғансыз қалу мүмкіндігіне дәл қарсы шығады. Бұл теориялар мемлекет пен жеке адамның арасында нақты шекара жүргізуді мақсат тұтып, объективті жағынан полицейлік мемлекеттің идеологиясы мен практикасына қарсы бағытталған болатын. Айталық, И.Кант, И.Г.Фихте, В.Гумбольдт және тағы басқалар мемлекет көптеген адамның құқық заңдары шегінде топтасуы болып табылады, бірақ бұл ретте құқық адамдардың тіршілік етуін қамтамасыз етуден басқа функция атқармайды; сондықтан мемлекет құқықты жүзеге асыруға ғана арналған, ал әл-ауқат жөнінде қамқоршылық жасаудан ол бас тартуға тиіс (естеріңізге түсіріп кетсек, бұл полицейлік мемлекеттің өмір сүруінің негізгі дәлелі болған еді) дегенді басшылыққа алып отырды.

Г.Еллинек мемлекет мақсаттары жөніндегі бұл теорияны сынай отырып, айтарлықтай күшті уәж келтіреді. Егер экспансивтік теориялар мемлекеттің функцияларын шектеу үшін ешқандай ішкі критерий таппаған болса, деп жазады ол, онда шектеуші ілімдердің барлық түрлерінің кемшілігі олардың мемлекет мақсатының аясын тым тарылтып жібергенінде. Біреулер жеке адамды мемлекеттің мүддесі үшін құрбан етсе, екіншілері мемлекетті жеке адам үшін құрбандыққа шалады. Олардың таза спекулятивтік (ойдан ой шығарып жасалған) сипатта екендігіне қызметі құқық қорғау функциясымен шектелген мемлекеттің ешқашан болмағанын және оның болуы мүмкін еместігі дәлел. Әрбір мемлекет тым болмағанда, өзінің халықаралық қауіпсіздігін ойлауға тиіс, ал бұл әркез азаматтарды қорғаумен бара-бар емес және сол себептен оны құқық қорғау деген ұғымға кіргізуге болмайды. Ал, жоспарлы қорғау бірқатар әкімшілік функциялардың болуын қажет етеді, мысалы, құқықтық мақсат теориясы тұрғысында негіздеуге болмайтын стратегиялық байланыс жолдарын қамқорлыққа алу қажеттігі басқару жүйесі енді ғана қалыптасып жатқан ортағасырлық мемлекетке де түсінікті. Таза түрінде алынған құқықтық мемлекет теориясы мемлекетті жоюды талап етумен бірдей. Сол себептен, Г.Еллинектің пікірінше, мемлекеттің

мақсаттарын айқындау үшін екі жағдайдан келіп шығу керек: біріншісі — мемлекеттің мәнісіне байланысты қалыптасқан қызмет шектерін танып білу; екіншісі — қазіргі кездегі мемлекеттік мекемелер мен функциялар түрінде жүзеге асқан мемлекеттің мақсаты туралы ұғымдарды зерттеу[32].

Г.Еллинек тұжырымы бойынша, мемлекеттің қызметіндегі табиғи шекаралар адамдардың бірлескен, демек сырттай байқалатын қызметінің нәтижесінде қол жететін жайттармен шектеледі. Оның ықпал ету саласы *адам өмірінің қоғамдық ынтымақстастық актілерін* ғана қамтиды. Адамның ішкі өміріне келгенде, онда автордың пікірі бойынша, "қарапайым психологиялық талдау" бұл салада "мемлекеттің жаңа ешнәрсе жасай алмайтынын көрсетеді"[33].

Біздің байқауымызша, мемлекеттің өз қызметі арқылы негізінен адамдардың бірлескен қызмет саласын жанама етіп алатынына күмән жоқ. Дегенмен, мемлекеттің адамның ішкі өміріне қатысты ешнәрсе жасай алмайтыны туралы пікір тым үзілді-кесілді жасалған. Ең алдымен, мемлекеттің өмір сүруінің өзі адамның санасына әсер ететін күшті фактор екендігін ескермеуге болмайды: бұл факт санасы ояу кез келген адамды өз бойында осы құбылысқа деген белгілі бір психологиялық көзқарас қалыптастыруға итермелейді. Сонымен қатар, мемлекет өзінің болмысы фактісін негіздейтін идеология жасап алмаса, сол сияқты өз азаматтарын психологиялық өңдеу (тәрбиелеу) жөніндегі тиісті мемлекеттік құрылымдарды жасап алмаса болмайды. Қазіргі заманғы мемлекеттің бұл мәселені шешуге көп уақыт бөлетінін және кей кезде бұл жолда назар аударарлық нәтижеге жететінін мойындауымыз керек. Сондықтан, жеке адам — қоғамның мүшесі *санасының белгілі бір жай-күйін қалыптастыру* мемлекеттің аса маңызды мақсаты болуы тиіс.

Мемлекеттің өзге мақсаттарын екі топқа бөлуге болады: 1) дәл осы әлеуметтік институтқа тән мақсаттар; 2) жалпы алғанда, өзге әлеуметтік субъектілер, корпоративтік, сол сияқты жеке субъектілер алға қоятын және іс жүзіне асыратын, бірақ алға қою және іске асыру мемлекеттің қатысуымен болатын мақсаттар.

---

[32] Бұл да сонда. 180-181, 182 беттер және т.б.

[33] Бұл да сонда. 183, 182-беттер.

Мемлекеттің өзінің күш-қуатын нығайту, мемлекетті қорғау және құқықты қорғау мақсаттарын оған имманентті түрде тән екендігін бөліп көрсететін Г.Еллинектің бұл пікірі дұрыс сияқты. Ал, оның "мемлекетті сыртқы қарым-қатынаста қорғанушы және шабуылдаушы одақ және ішкі қарым-қатынас саласында құқық қорғауға арналған одақ деңгейіне дейін төмендететін, ауқымы тар көзқарас бұдан былай не саяси өмірде, не ол жөніндегі ұғымдарда өз орнын таба алмайды" деген пікіріне келер болсақ, бұны осы әйгілі заңгердің өмір сүріп, қызмет еткен тарихи кезеңі контексінде қарастырған жөн.

XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басын "әлеуметтік мемлекет" дегеннің моделі тұжырымдалып және негізделіп жатқан уақыт деп сипаттауға болады. Бұл идеяның мәнісі — мемлекеттің қоғамда белсенді реттеуші қызметті жүзеге асыруға тиіс екендігінің мойындалуында. Мемлекет *мәдени мақсатты* көздейді, сондықтан бұл мақсатына жеке адамдардың экономикалық қатынастарына, еңбек пен капиталдың қатынастарына белсене араласудан басқа жолмен жете алмайды және халықтың материалдық, ізгілік, рухани мүдделерін ретеуді өз қолына алуға тиіс. Л.Дюги атап көрсеткендей, ғасырлар тоғысында қазіргі заманғы барлық елдерде байқалатын жалпы үрдіс ретінде мемлекеттің айтарлықтай күшеюі көзге анық көріне бастады. "Бұл жөнінде өкініш білдіруге болады, керісінше, бұған қуануға да болады, бірақ бұл жерде еш нәрсені өзгерте алмайсыз. Бұл болмай қоймайтын талассыз факт"[34]. Осыған байланысты Г.Еллинек былай деп жазады: "Күшке ие болу және құқықты пайдалану жеке адамның ең биік мұраты бола алмайтыны, тек басқа игіліктерге жету оларға иелік ету үшін қажетті жағдайлар болып табылатыны сияқты, мәдениет дамыған сайын мемлекет үшін барлық жерде биік мақсаттардың жаңа өрістері ашылады". Мемлекеттің экономикалық қызметі, халықтың денсаулық жағдайына қамқоршылық жасауы, жұмысшы таптарын қорғауы, ғылым мен техниканың алға басуын қамтамасыз етуі — жалпы алғанда, "осы сөздің ең кең мағынасында полицейлік қызмет құқық қорғау мақсатына қызмет етеді".

---

[34] Дюги Л. Конституционное право. Общая теория государства. М., 1908. 195-196-беттер.

Мемлекеттің бүкіл қызметінің ең жоғары принципі (мақсаты) бүкіл халықтың оның мүшелерінің прогрессивті дамуына ықпалдасу болып табылады. Бұл қағида үш бағытта қолданылу керек. Біріншіден, жеке адамға қатысты, оның біртұтастың мүшесі ретінде дамуына ықпалдасу қажет; одан кейін мемлекеттің қазіргі кездегі және келешек мүшелерінің жиынтығы ретінде халыққа қатысты; ақыры, жеке халық оның мүшесі болып табылатын адам баласына қатысты қолдану керек. "Сөйтіп, мемлекет бір-бірімен етене байланысты үш түрлі мүдде: ұлттық, жеке, жалпы адами мүддеге ықпалдасуға тиіс," — деп сөзін қорытындылайды Г.Еллинек[35].

Г.Еллинектің осындай тұжырымымен, сол сияқты Л.Дюги пікірімен жалпы келісуге болады, бірақ бірқатар нақтылай түсу керек. Ең алдымен, тұжырымдамасы жоғарыда келтірілген мемлекеттің ортақ мақсатын қазіргі заманғы мемлекеттің мақсатына жатқызған орынды сияқты, бірақ соның өзінде белгілі бір ескертулер жасамаса болмайды. Солай бола тұрса да, бұл қорытынды Г.Еллинектің өзі ұстанатын пікірден алшақ жатқан жоқ. Ол, байқағанымыздай, мемлекетте абсолютті мақсаттардың болуын жоққа шығарып, бұларды белгілі бір мемлекетке қатысты нақты тарихи талдау жолымен ғана шығарып алуға болады деп есептейді. Ал, біздің ойымызша, біз мемлекетті адамзаттың бүкіл тарихына болмаса да, оның басым бөлігіне тән әлеуметтік институт ретінде қарастырған соң, бұл институт қоғамға (немесе оның әр түрлі топтарына) қызмет етуші рөл атқаратындықтан, біздің осы әмбебап-тарихи аспаптың қызмет етуінің белгілі бір ортақ мүдделері немесе мақсаттары туралы айтуға хақымыз бар. Жоғарыда тұжырымдалған мемлекеттің органикалық мақсаттары, соның ішінде объективті құқықты (құқық тәртібін) қорғау мақсаты, тарихтан тыс жататын (жалпыға бірдей) осындай мақсаттардың өзі болып табылады. Әр түрлі тарихи кезеңдерде осы ортақ мақсаттарға *қалайша* қол жеткізілетіні басқа мәселе. Алайда, бұл сауалдың жауабы мемлекет телеологиясының шегінен тыс жатыр, өйткені ол мемлекеттің *функциялары* мәселесімен байланысты. Енді осылардың сипаттамасын қарастырайық.

---

[35] Еллинек Г. Право современного государства. 185-193-беттер.

IV. Мемлекеттің әлеуметтік рөлі, демек, функцияларының мәселесі, олардың ұғымы мен түрлері — осы сауалдардың барлығы, дәстүр бойынша, ғылыми қызу талдау, идеологиялық пікірталас, сондай-ақ әлемнің әр түрлі елдерінің ғасырлар бойы жинаған тәжірибесінің объектісі болып отыр.

Ең алдымен, әлеуметтік тетік мақсатқа сай болғандықтан, оның функционалды екендігін және мақсаттан тыс функцияның болмайтынын есімізден шығармай, біз функция категориясын *мақсат* категориясымен байланыстыруға тиіспіз. Екінші жағынан, функцияның объект қасиеттерінің осы нақты қатынастар жүйесіндегі көрінісі екендігін назарға ала отырып, мемлекеттің функциясына сипаттама бергенде оның *әдіс* және *құралдар* ұғымымен арақатынасын белгілеген жөн, бұл ұғымдар, жоғарыда атап көрсетілгендей, өзіндік әлеуметтік тетікті құрайды, және де бұл жерде мемлекет тетігінің ешқандай айырмашылығы болмайды. Басқаша айтқанда, мемлекеттің функциясы ұғымын, оның түрлерін сипаттай отырып, біз бұл категорияны категориялар *жүйесінде: мақсат — функция — әдіс — құрал* жүйесінде алып қарастыруға тиіспіз. Мемлекеттің функцияларын "функция-мақсат" жүйесінде сипаттағанда, бұларды мемлекеттік органдардың функцияларынан ажырата білген жөн. Кезінде Г.Еллинек жазғандай, "алғырттық жасап органның қызметін мемлекеттің функциясымен бірдей деп қарастырсақ, Аристотель заманынан бастап қазіргі уақытқа дейін дерлік мемлекет туралы ілімде қолданылып келген, функциялар туралы ілімнің теориялық және практикалық маңызды мәселелерін қанағаттанарлықтай дәрежеде шеше алмаймыз". Г.Еллинектің өзі мемлекеттің *материалдық* және *формальды* функцияларын, яғни мемлекеттік қызметтің негізгі бағыттары мен органдардың белгілі бір топтарының функцияларын ажырату керек деп ұсынады[36].

Мемлекеттің материалдық функциялары мемлекет қызметінің оның *мақсаттарына* жетуге бағытталғандығына байланысты болады. Мемлекеттің құқық орнату және қорғауға бағытталған және оның мемлекеттің құдыретін бекітуге және мәдениетке "ықпалдасуға" бағытталған басқа функциясынан ерекшеленетін функциясы құқықтық мақсатқа байланысты

[36] Бұл да сонда. 449-бет.

туындайды. Бұдан басқа, — деп атап көрсетеді Г.Еллинек, — мемлекеттік функциялардың мәнісін айқындау үшін олар жүзеге асырылуы мүмкін формаларды тану қажет. Мұндай нысан — үшеу. Біріншіден, нормаларды белгілеу; екіншіден, белгілі бір жеке міндеттерді жүзеге асыру, бұл осы міндеттерге бағытталған, нақты жағдайдың өзіндік ерекшеліктеріне бейімделетін қызмет арқылы іске асырылады; үшіншіден, құқықты орнату немесе қорғау. Осыған сәйкес, мемлекеттің үш функциясы: заң шығару, сот, басқару функциялары келіп шығады[37]. Бұл жерде ескере кететіні, Г.Еллинектің өзі, неге екені белгісіз, аталмыш үш функцияны *материалдық* функцияларға жатқызады. Сол арқылы ол өзіне-өзі қайшы келеді, өйткені, жоғарыда атап көрсетілгендей, оның функцияларды материалдық және формальды деп бөлетіні мына себептен, біріншіден, материалдық функциялар мемлекеттің мақсаттарына жетуге бағытталған, екіншіден, бұлар *жалпы* мемлекет қызметінің *негізгі бағыттары* болып табылады; дәл сол кезде формальды функциялар дегеніміз негізгі мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру *формалары* болып табылады, осыған орай бұлар белгілі бір органдардың немесе осындай органдар топтарының қызметінде іс жүзіне асады. Г.Еллинек заң шығаруды, сот пен басқаруды материалдық функциялар қатарына жатқызатындықтан, оның формальды функциялардың мәнісі туралы мәселені баяндауы түсініксіздеу шыққан[38]. Сол шақта заң шығару, сот пен басқарудың алуан түрлі мемлекеттік органдардың мамандану нысаны екендігі көзге көрініп тұр, мұндай мамандану әр заманда белгілі дәрежеде болған.

Қазіргі кездегі заң әдебиетінде көрсетілгендей, мемлекеттің функциясы ұғымы туралы мәселенің екі аспектісі бар.

Бір жағдайда әңгіме мемлекет органдарының белгілі бір түрлерінің *қызмет сипаты* және мемлекет құрылымының әр түрлі буындары арасындағы еңбектің өзіндік ерекшелікпен бөлінуі туралы. Биліктің бөлінуі туралы теорияны бірінші болып жан-жақты негіздеген, мемлекет функцияларының ақылға қонымды жіктемесінің бірінші үлгісін ұсынған ғалым Ш.Монтескье болса керек, бірақ, саясатта мемлекеттің фунциялары туралы мәселенің мың жылдық тарихының,

[37] Бұл да сонда. 449-450-беттер.
[38] Бұл да сонда. 452-бет және т.б.

бастауы ғасырлар қойнауында жатқан тарихының бар екендігіне күмән жоқ. Кеңестік зерттеушілер Ш.Монтескьенің теориясын қабылдады. "Биліктің бөлінуі жөніндегі көне тұжырымдамаларды қабылдамай отырып, — деп жазады Ю.А.Денисов, — мемлекеттік органдар мен олардың қызметінің алуан түрлерінің бар болуын, олардың ең қатаң және нақты белгіленген құзырының құқық құру және құқық қолдану үрдістерінде мемлекетке тән рөлмен үйлесетінін елемеуімізге болмайды" [39] . Бұл жерде кеңестік заң ғылымында биліктің бөліну доктринасының ресми түрде қабылданбай келгеніне қарамастан, біздің қоғамымызда оның жойылмай қалғанына назар аударғанымыз жөн: ғалымдар оның негізінде жатқан дұрыс мағынаны елемей қалмайтын, нәтижесінде заң тәжірибесіне де еніп жатты. Ал қазіргі кезде, биліктің бөліну теориясы ресми түрде мойындалып және мемлекеттік құрылыс тәжірибесінде іске асырылатын доктринаға айналып отырғанда, мемлекеттік құрылымның әр түрлі буындарының мамандану сипатына қарай мемлекет функцияларының ара-жігін (РФ Конституциясының 10-бабы) белгілеуіміз тіпті қажет.

Мемлекеттің функцияларын түсінудің басқа аспектісі функцияны жалпы мемлекеттің, оның органдарының бүкіл жиынтығында алғанда, қызметіндегі *негізгі бағыт* ретінде түсіндіруде жатыр. Бұл жағдайда мемлекет өзінің қандай да бір даму сатысында шешетін міндеттері арқылы алдын ала белгіленіп қойған. Мемлекеттік органдардың олардың қызмет сипатымен байланысты функцияларынан ерекшелігі, мұндай функцияларды мемлекеттің *негізгі функциялары* деп атау қабылданған[40].

Мемлекеттің қызмет етуін қарастырғанда, осындай қызмет етудің *сыртқы жағы* туралы, оның ішкі, *мазмұнды* жағы туралы да айтуымыз керек. Сондықтан, мемлекет қызметінің сыртқы жағын сипаттайтын мемлекеттің функциялары ұғымын мемлекет қызметінің *формалары* ұғымымен бірдей деп есептеуге хақымыз бар. Демек, мемлекеттің алдына қойылатын мақсаттарға сәйкес, әр түрлі бағыттарда жүзеге асырылатын қызметінің *мазмұны* кез келген оңтайлы нысанда немесе осы

---

[39] 70 лет Советского государства и права / Под ред. А.И. Королева, Ю.К. Толстого, Л.С. Явича. Л., 1987. 43-бет.

[40] Бұл да сонда. 43-44-беттер.

формалардың бәрінде бірдей іске асуы мүмкін. Мемлекеттің сыртқы функциялары (қызмет формалары) мен мазмұнды, негізгі функцияларының байланысы екі жақтан да бар. Мемлекет қызметінің мазмұны осы қызметті жүзеге асыру формаларына әсерін тигізбей қоймайды. Сонымен бірге, мемлекет қызметінің мазмұны, іске асатын формаларға қатысты тәртіпке келтірілуі тиіс.

Біздің білуімізше, мемлекет функцияларының жоғарыда көрсетілгендей, материалдық және формальды болып бөлінуінің елеулі теориялық және, айтарлықтай дәрежеде тәжірибелік маңызы да бар. Бұл қорытындымызды дәлелдеу үшін Л.И.Касктың пікірін келтірейік: кей кезде мемлекеттің қызметін жүзеге асырудың кейбір неғұрлым маңызды немесе кең тараған әдістері мен құралдарына дербес функциялардың мәні беріледі, мұның өзі мемлекет функцияларының модельдерінде үлкен алшақтық болуының себебі болып табылады. Мұндай жағдай, атап айтқанда, мемлекеттің дербес функциясының мәні меншікті қорғау қызметіне берілгенде орын алады. Дегенмен, мысалы, капиталистік меншікті қорғау жалпы құқық тәртібін қорғаудың жеке мақсаты болып табылады. Құқық тәртібі болса, ол, бір жағынан, мемлекеттің заң шығару қызметінің нәтижесі, ал екінші жағынан, мемлекеттің барлық функцияларын (әр түрлі дәрежеде болса да) жүзеге асырудың аса маңызды құралы болып табылады. Сондықтан, құқық тәртібін қорғауды тұтас та, ішінара да алып, мемлекеттің дербес функциясы ретінде қарастыруға болмайды[41].

Бұл позиция жаңылыс көзқарасқа негізделген, оның себебі, ең алдымен, ғалымның мемлекеттің функциялары категориясын формальды аспектіде ғана қарастыруында. Әрине, мемлекеттік органдар қызметінің мамандануы (немесе Г.Еллинек жазатындай "еңбектің бөлінуі") кез келген мемлекетке, тіпті идеологиясы биліктің бөліну принципін қабылдамайтын пролетариат диктатурасы мемлекетіне де тән қасиет [42].

---

[41] Каск Л.И. Функции и структура государства. 45-бет.

[42] Шындығында, екінші жағынан (және Г. Еллинек бұл жағдайға да назар аударады), биліктің бөліну принципі тәжірибе жүзінде іске асқан мемлекет

Сондықтан, құқық тәртібінің мамандандырылған қандай да бір органдар тобының немесе тіпті биліктің бір тармағының қызметі арқылы қамтамасыз етілмейтіні анық көрініп тұр. Мәнісі бойынша, құқық тәртібі — мемлекет деген әлеуметтік институттың тіршілік кешуінің шарты, сондықтан ол (құқық тәртібі) мемлекеттің тап өзінің мақсаты болып табылады, сол себептен оның құқық тәртібін қорғау жөніндегі қызметі кез келген тарихи дәуірде тіршілік етіп отырған сондай-ақ тұрпатты мемлекетке имманентті түрде тән мемлекеттік функция ретінде қарастырылуы тиіс. Ал, бұл функцияның мемлекеттік биліктің заң шығарушы да, атқарушы және сот билігі тармақтарының қызметі арқылы іске асырылатыны басқа әңгіме.

Л.А.Касктың бұл позициясының тағы бір дәлсіздігі оның дәлел келтіру кезінде ұғымдарды ауыстырып жіберетінінде. Ол, біріншіден, құқық тәртібі дегеніміз заң шығарушы билік қызметінің нәтижесі, және, екіншіден, құқық тәртібі мемлекеттің бүкіл функцияларын іс жүзіне асыру құралы болып табылады деп көрсетеді. Айтарлықтай ескерту жасай отырып[43], жоғарыда келтірілген ереженің екеуімен де келісуге болады, алайда, алғашқысы да, екіншісі де дәлел бола алмайды, өйткені әңгіме құқық тәртібін жасайтын *не* және оның *әлеуметтік міндеті* қандай екендігі туралы емес, — қазірдің өзінде бар құқық тәртібін *қорғау* жайында болып отыр. Анық көрініп тұрғандай, құқық тәртібінің *қайдан* пайда болатыны және оның *не үшін* қажет екендігі туралы әңгіме қозғаған кезімізде, біз бұл арқылы осы құқық тәртібін қорғауды мемлекет қызметінің аса

---

үшін де биліктің әр тармағының автономиясы тіптен абсолют болып табылмайды.

[43] Құқық тәртібінің қайнар көзі ұғымы құқықты түсіну түрпатымен тікелей байланысты; егер құқық туралы позитивистік тұжырымдамалардың жақтаушысы үшін құқық тәртібінің мемлекеттің (оның заң шығарушы органдарының) іс-әрекеттерінің нәтижесі ретіндегі тұжырымдамасы (объективті құқық) тіптен дау келтірместей болса, сол кезде құқық түсінудің басқа тұжырымдамаларының ізін қуушылар үшін бұл ереже ақиқат емес, өйткені ол үшін құқық та, құқық тәртібі де қоғамдық қатынастардан туындайды, ал заңнама (статут құқығы) қоғамдағы әдет-ғұрып, келісім-шарт, прецедент құқығымен қатар өмір сүреді. Құқық тәртібінің құрал ретінде түсіндірілетініне қатысты айтсақ, бұл Л.И. Касктың бірінші ережесінің қисынды салдары болып табылады. Мүмкін, құқық тәртібін құрал ретінде емес, мемлекеттік функцияларды жүзеге асырудың шарты деп қарастырған дұрысырақ болар.

маңызды бағыттарының бірі деп мойындауды *мақұлдайтын,* не оған *қарсы шығатын* мәліметтерді алға тартып отырған жоқпыз.

Құқық тәртібі дегеніміз – мемлекеттің материалдық функциясы. Оны ол заң шығару, әкімшілік және сот қызметі (яғни, мемлекеттің формальды функциялары) шеңберінде іске асырады. Мемлекеттік биліктің әр тармағының — заң шығарушы, әкімшілік және сот билігінің мемлекеттің құқық тәртібін қорғау қызметін іске асырудағы рөлі бірден-бір, бірдей болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Бұл рөлді анықтай отырып, біз бұл арқылы басқа жүйелік байланыстың, атап айтқанда, "функция—әдіс—құрал" деген өзара байланыстың сипаттамасын жасауға ауысамыз, шын мәнінде, біздің зерттеуіміздің тақырыбы да осы, сондықтан, бұл жерде жалпылама, қағидатты жайларды атап, кейбір қорытындыларды тұжырымдамақпыз.

Мемлекеттік биліктің *заң шығарушы* тармағының құқық тәртібін қорғау функциясын қамтамасыз етудегі рөлі мынада: а) заң шығару (статут құқығы) арқылы ол құқық тәртібінің тірегі болатын құқықтық негіздерді тұжырымдайды; ә) қоғамдық қатынастардың қатысушыларын құқық субъектілері ретінде заңдастырады (деликт қабілеттілігін қосқанда) және олардың құқықтық мәртебесін (құқық субъектілерінде заңнан тікелей туындайтын салыстырмалы субъективті құқықтар мен міндеттер жүйесін) анықтайды; б) құқық тәртібін қорғау бойынша маманданатын мемлекеттік органдар жүйесін белгілейді; в) мемлекеттің өзі құқық субъектілері деп мойындаған тұлғалардың заңға қайшы мінез-құлқы үшін (көрсетілгеннен ауытқитын немесе объективті құқықта тыйым салынған мінез-құлық үшін) заңдық жауапкершілігінің болу мүмкіндігін және оның түрлерін көздейді.

С*от* билігі құқық тәртібінің жұмыс істеуінің нәтижесі ретінде пайда болатын субъективті құқықты мойындауды және қалпына келтіруді өз мойнына алады, сондай-ақ құқық тәртібін бұзу фактісінің бар болуын анықтап көрсетеді және нақтылы құқық бұзушылыққа мемлекеттік жауап берудің нақты шараларын анықтайды.

Құқық тәртібін қорғау жөніндегі шаралардың ең үлкен жиынтығы мемлекеттік биліктің *әкімшілік билік* тармағына берілген. Г. Еллинек әділ көрсеткендей, заң құқықтық

ережелерді, сот шешімін белгілейді және нақты жағдайды абстарктілі нормаға келтіреді де, оны шешеді, яғни мемлекеттік беделдің күшімен мойындалуға сонымен бірге іске асырылуға тиіс бұл жағдайды онымен байланысты құқықтық салдарды белгілейді. Бірақ осы функциялардың ішінде басты орынды басқару қызметі алады. Адамзат тарихында заң шығарушылық мүлдем болмаған ұзақ мерзімдер бар, – деп атап көрсетеді Г.Еллинек. Бірақ әдет-ғұрып құқығымен қатар, заң шығарушылықтың болуы салыстырмалы түрде алғанда жоғары мәдениеттің белгісі болып табылатын қазіргі заманда да заң шығарушылық қалай болса да мерзімді функция болып отыр. Сотқа да мерзімді сипат тән, ал әлеуметтік даму деңгейі онша жоғары болмаған жағдайда судьяның өз қызметін жүзеге асыруы үшін ешқандай сылтау табылмайтын ұзынды-қысқа уақыт кезеңдері болады. Ал, үкіметтік міндеттерді тікелей іске асыратын басқару әрқашан жүзеге асырылып жатуы тиіс. Мұнсыз мемлекет бір сәт де өмір сүре алмайды. Заңдарсыз және судьяларсыз елін билеп-төстейтін жауыз патшаны елестетуге болады, ал басқаруы жоқ мемлекет анархия болар еді[44].

Сонымен бірге, ауқымы жағынан басқару ең кең функция болып табылады, оған заң шығаруға дейін болатын дайындық қызметі жатады, басқару соттың өз функцияларын атқаруына ықпалдасады, сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Тарих тұрғысынан келіп қарағанда да, басқару негізгі қызмет болып табылады, ал заң шығарушылық оған кейіннен ғана қосылады немесе одан бөлек шығарылады, сол сияқты сот төрелігін атқару да алғашқыда елеулі түрде шектеліп, кейін мемлекеттің прогрессивті дамуына қарай бірте-бірте кеңейе түседі. Тамыры Платон мен Аристотельдің "идеал мемлекетіне" кететін мемлекет туралы қазіргі заманғы көзқарастар заң шығарушы және сот функцияларын кеңейтуді ғана емес, дамыған мемлекетте қалыпты жағдайда басқару қызметі заңға тәуелді болады деген болжам жасайды. Сондықтан, көне дәуірде де, жаңа заманда да дұрыс мемлекет заң үстемдігі орнаған мемлекет деп қарастырылған, сөйтіп ол мемлекетте басқару және сот төрелігі құқықтық нормаларға сәйкес атқарылады[45].

Осы айтылғандарды қорыта келе, мыналарды атап өтпекпіз.

---

[44] Еллинек Г. Право современного государства. 451-452-беттер.
[45] Бұл да сонда.

Құқық тәртібін қорғау мемлекеттің мақсаты болып табылады. Бұл мақсат өзінен-өзі тарихтан тыс сипатқа ие. Осыған сәйкес, мемлекеттің функциялары жүйесінде оның қызметінің, құқық тәртібін қорғаудың материалдық функциясы деп анықтауға болатын, басты бағыты тұрақты түрде болады. Бұл функцияны жүзеге асыруға мемлекеттік биліктің барлық тармақтары бағытталған, бірақ осы саладағы ең көлемді шаралар әрқашанда мемлекеттің басқарушы (әкімшілік) формальды функциясы шеңберінде атқарылады. Заң шығарушы, әкімшілік және сот биліктерінің құқық тәртібін қамтамасыз етудегі айрықша құқықтарының (прерогатива) арақатынасы аталмыш ғаламдық мақсатқа жету үшін мемлекет пайдаланатын *әдістердің* (тәсілдердің) ең жалпы сипаттамасы болып табылады. Бұл әдістер тиісті мемлекеттік құрылымдардың қызметінде нақтыланады. Бұлар, мақсаттар сияқты, мемлекеттік тетікті ұйымдастыру оның қызметінің принциптері ретінде тұжырымдалуы мүмкін. Өз кезегінде, мемлекеттік тетіктің құқық тәртібін қаматамасыз ету жөніндегі қызметінің тәсілдері жағдайға сәйкес келетін (дұрыс) амалдардың болуын көздейді. Бұлардың ішінде, атап айтқанда, аталмыш институттардың құзырет саласын және қызметінің нысандарын формальды ететін жалпы және мамандандырылған мемлекеттік институттар жүйесі және құқықтық нормалар (объективті құқық) бар.

Құқық тәртібін қамтамасыз ету мақсаты мемлекеттің тап өзіне имманентті түрде тән болғандықтан, жоғарыда көрсетілген қағидатты сұлбаның да тұрақты (тарихтан тыс) сипаты бар. Дегенмен, құқық тәртібі мазмұнының өзі динамикалық болғандықтан, көптеген алуан түрлі факторлар арқылы анықталатындықтан, бұлар саяси факторлар ғана емес, бұған сәйкес құқық тәртібін қорғау мақсатына жету әдістері, сол сияқты қолданылатын құралдардың мазмұны мен жүйесінің арақатынасы барлық қоғамдар үшін бірдей болуы мүмкін емес. Мемлекет тетігінің динамикасындағы заңдылықтарды айқындау — маңызы ерекше теориялық мәселе, оны сансыз көп саясаткерлер, философтар мен заңгерлер шешуге күш салған, мұндай ұмтылыстар қазір де жасалынуда. Әрине, біз бұл мәселенің шешімін нақты тұжырымдай алмаймыз, бірақ аталмыш тақырыптың жекелеген аспектілерін Ресейге қатысты

шағын тарихи шолу жасау арқылы қарастырып көрсек деген ойымыз бар.

"Құқық тәртібін қорғау функциясы", "басқару функциясы, немесе әкімшілік функция" және "полиция функциясы" ұғымдарының арақатынас мәселесі (олардың ара жігін белгілеу мәселесі) монографияның осы бөлімінде қамтылмай қалды. Бұл жөнінде төменде баяндалады.

## § 2. Мемлекеттің полицейлік функциясы және полицияның функциялары (полицейлік құқық мәселесіне орай)

Революцияға дейінгі заң әдебиетінде мемлекеттің полицейлік қызметінің басты міндеті, бір жағынан, іс жүзінде бар әл-ауқатты бұзатын іс-әрекеттердің ізін кесу, ал екінші жағынан, халық игілігінің одан әрі дамуына ықпал ету болып табылады деген ереже аксиома болып саналатын. Сөйтіп, мемлекеттің бұл салада атқаратын шараларының бәрі екі түрге жіктеледі:

1) ішкі қауіпсіздік жағдайларын жасау — тәртіпке бағына білу, яғни "мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін құру және сақтау мақсатына қызмет ететін ережелер"[46];

2) материалдық және рухани әл-ахуал жағдайын жасау — абаттандыру[47].

И.Г.Юстидің пікірінше, "ішкі қауіпсіздік дегеніміз абаттандыруға күш салатын биліктің мәні"[48]. Бұдан басқа, ол "ішкі қауіпсіздік одан кем емес және ең маңызды мән-жайлар бойынша елді парасатты билеу туралы ғылымның да мақсаты болып табылады" деп есептейді[49].

Демек, егер мемлекеттің полицейлік қызметінің мазмұнын егжей-тегжейлі түсіндіретін болсақ, мұның өте кең екенін байқаймыз. Бұл қызмет мемлекеттің заң шығару, әкімшілік және юрисдикциялық функциясы шеңберінде жүзеге асырылады. Оны құқық қорғау функциясына әкеп саюға болмайды, өйткені оның ауқымы құқық тәртібін қорғауды ғана емес, "материалдық және рухани әл-ахуалын жасау", яғни абаттандыру қызметін де қамтиды. Бұл қызмет құқықтық, сол сияқты құқықтық емес нысандарда жүзеге асырылады. Демек, полицейлік құқық мемлекет қызметінің сырттай, яғни мемлекет аппаратының шегінен тыс жүзеге асырылатын қызметінің бар саласын

---

[46] Зонненфельс И. Начальные основания полиции или благочиния. М., 1787. 19-бет.

[47] О преобразовании полиции в Империи. СПб., 1913. Приложение № 5. 1-бет.

[48] Юсти И.Г. Основания силы и благосостояния царств, или подробное начертание всех знаний, касающихся до государственного благочиния. СПб., 1772. 476-бет.

[49] Бұл да сонда. 476-бет.

қамтиды. Басқаша айтқанда, полицейлік функция мемлекет тетігінің алдында тұрған мақсаттарға қарай бағытталып жұмыс істеуімен байланыстырылуы мүмкін, ал бұған құқық тәртібін қамтамасыз ету мақсаты да кіреді. Бұл қорытындыны тарихи аспектіде қарастыратын болсақ, онда кейбір нақтылау жасай отырып, мұны дұрыс деп тануға болады. Ал, нақтылаудың мәнісі мынада.

Біріншіден, Г.Еллинектің ескертуін есімізде ұстай отырып[50], заң шығарушы, сот және әкімшілік биліктерінің арақатынасын қарастырғанда, мемлекеттің полицейлік құқығы, тарихи тұрғыдан алғанда, негізінен, мемлекеттік биліктің атқарушы-өкім етуші тармағының қызметімен байланыстырылып келді, және бұның негізі жоқ емес еді. Одан әрі, тарихтың белгілі бір кезеңдерінде әкімшілік және полицейлік құқық бірдей деп қарастырылуы мүмкін болатын. Екіншіден, тарихи үрдістің желілі түрде өтетіні туралы тұжырымдаманы басшылыққа алған жағдайда да, полицейлік функцияның дамуындағы үрдіс көзге анық көрінеді деп айта алмаймыз. Үрдіс бар. Осы үрдістің мәнісі полицейлік функция мазмұнының бірте-бірте, ұдайы тарылуында және мемлекеттік биліктің әкімшілік тармағы құрылымында осы функцияны атқару бойынша маманданатын органдардың қалыптасуында. Мұны тарихтан мысал келтіріп көрсетейік[51].

Мемлекеттің полицейлік функциясының тарихы үш кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңде қауіпсіздік және абаттандыру шараларын қоғам мен шіркеу қолданады, ал мемлекет болса (үкімет), бұларға мүлдем қатыспайды деуге болады. Алайда, бұл шаралардың жеткіліксіз екені анық. Осы бірінші кезең XII-XV ғасырларға дейін жалғасып келді деп саналады. Екінші кезеңде үкіметтер полицейлік қызметті тұтастай өз қолына алуға ұмтылады. Бұл үкіметтік полиция көбіне антиполицейлік

---

[50] Қараңыз: осы тараудың § 1.

[51] Толығырақ қараңыз: О преобразовании полиции в Империи. СПб., 1913; Елистратов А.И. Учебник русского административного права. Вып. 1, М., 1910; Дерюжинский В.Ф. Полицейское право. Пг., 1917; Колобова К.М. Из истории раннегреческого общества. Л., 1951; Утченко С.Л. Цицерон и его время. 2-е изд. М., 1986; Штаерман Е.М. К проблеме возникновения государства в Риме // Вестник древней истории. 1989. № 2; Федоров К.Г., Лисневкий Э.В. История государства и прва зарубежных стран. Ч.1. Ростов-на-Дону, 1994; және т.б.

сипатта, елдің қауіпсіздігі мен әл-ахуалы үшін зиянды болып шығады. Дегенмен, осы кезеңде атқарушы полицияның мамандандырылған органдары пайда болады. Европада осы екінші кезеңнің аяқталуы XVIII ғасырдың соңына келеді және адамзат тарихындағы капиталистік дәуірдің басталуымен байланыстырылады. Үшінші кезеңде үкіметтік полицияға қоғамның полицейлік қызметі келіп қосылады. Бұрын тек қана үкіметтің міндетіне жатқызылған полицияның қамы әр түрлі қоғамдық мекемелерге жүктеледі, ал үкімет болса, қоғамдық мекемелердің полицейлік қызметіне қадағалау жасау міндетін ғана өз қолында қалдырып, жеке адамдар мен қоғамдық ұйымдардың күші жеткіліксіз болған жағдайда ғана көмекке келетін болды. Бұл уақытта бұрынғы атқарушы-полицейлік мекемелер қайта ұйымдастырылады.

Сонымен бірге, полицейлік функция дамуының жаңа қазіргі заманғы тарихының соңғы кезеңі ерекше қарқынның болуымен сипатталады. Егер буржуазиялық мемлекеттердің тіршілік етуінің бірінші сатысында олар “laissez fair, laisssez passer” ұранын басшылыққа алып, қоғам істерінде мемлекеттің атқаратын рөлін ең төменгі дәрежеге дейін жеткізіп шектеп отырса (бұл шаралар полицейлік мемлекеттің идеологиясы мен тәжірибесіне қарсы бағытталған болатын), кейіннен қоғамда болып жататын үрдістерге, экономика саласын да қосқанда, мемлекеттің белсенді түрде араласып, реттеуші рөл атқаруының қажеттігі ұғыныла бастады. Мемлекет “түнгі күзетшіден”қоғам ішінде белсенді интервенциялық саясатты жүзеге асыратын әлеуметтік мемлекетке айналады. Осыған сәйкес, мемлекеттің әкімшілік қызметі күшейе түседі, дегенмен бұл қызмет көбінесе полицейлік қызмет ретінде анықталып, мемлекеттің әкімшілік функциясымен сәйкестендірілсе де, полицейлік қызметтің тап өзі, жоғарыда айтқанымыздай, реформалау үрдісін басынан кешкен мамандандырылған ерекше полицейлік мекемелерге ғана тән неғұрлым тар категория ретінде түсіндіріле бастады. Сонымен, егер алғашқыда полицейлік қызмет ұғымын мемлекеттің аса маңызды функциясы, тіпті, мүмкін, оның материалдық функцияларының жүйесі деп қарастыруға болатын болса, онда біздің заманымызға қарай бұл ұғымды мемлекеттің атқарушы-өкім етуші органдары құрылымындағы

мамандандырылған мемлекеттік органдардың функциясы (қызметінің негізгі бағыты) ретінде түсіндірген жөн.

Полицейлік функцияның дамуының соңғы сатысын сипаттағанда, ұран деңгейінде болса да, рационалистік негізде қоғам құруға тырысатын және әлеуметтік үрдістерді басқаруды ұйымдастыру кезінде дәлме-дәл таптық (яғни, сословиелік) көзқарасты жүзеге асыратын пролетариат диктатурасы мемлекеттерінің тарихи тәжірибесін назарға алмаса болмайды. Осыған сәйкес, бұл тұрпаттағы мемлекеттердің қоғамның тап өзінің және оның жеке мүшелерінің әл-ахуалы мен өсіп-өнуін қамтамасыз ету мақсатында қоғамның өмірі мен қызметіне толығымен бақылау орнату амалдарын жасамауы мүмкін емес еді. Осының бәрі шынайы социализм елдерінің идеологиясы мен полицейлік тәжірибесін классикалық үлгідегі полицейлік мемлекеттердің тәжірибесімен, идеологиясымен ерекше жақындатады.

**Мемлекеттің полицейлік функциясы дамуының алғашқы кезеңі.** Тарихтан белгілі ертедегі таптық қоғамдар б.д.д. V мыңжылдықта пайда болған. Бұл кезеңде қоғамды патриархалдық ұйымдастырудың орнына саяси жүйе келіп, мұның өзі өркениеттің негізін қалады. Мемлекет шеңберінде бейформальды бірліктен дифференцияланған әлеуметтік құрылымның формальды қатынастарына өту үрдісі аяқталды. Мемлекеттің пайда болуы — тарихи қажетті және әлеуметтік жағынан алға жетелеуші факт. Бұл ретте көне дәуірде мемлекет қанау құралы рөлін ғана емес, ұйымдастырушы күш рөлін де атқаратын, ал бұл қоғам дамуындағы елеулі қадам болды. Мемлекеттің қызметі, оның функциялары ең алдымен қоғамның ұстанымдарын (негіздерін) сақтауға, елді, қоғамдық тәртіпті қорғауға және т.с. мақсаттарға бағытталатын.

Аталмыш міндеттерді іске асыру үшін көпшілік биліктің белгілі бір аппараты — мемлекет тетігі қалыптастырылатын. Оның негіздері нақты міндеттерді атқару үшін таза прагматикалық позициялардан қаланатын. Мәселен, Ежелгі Египетте Жаңа Патшалық дәуірінде (шамамен алғанда б.д.д. XVII ғасырда) ливиялықтар тайпасынан құрылатын және қосалқы функциялар атқаратын полиция бөлімшелері болған. Олар қоғамдық жұмыстарды орындау кезінде құлдардың бақылаушысы міндетін атқарып, қылмыскерлерді қудалаумен

қоғамдық тәртіпті сақтайтын. Әскери-полицейлік бөлімдер салық жинау, халықты суландыру құрылыстарын жүргізуге жұмылдыру жағынан билікке көмектесетін. Полицияның арнайы бөлімшелері перғауындардың пирамидалары мен мазарларын күзететін[52].

Полицияның үстем таптың билігін қорғау функциясын атқаратын мемлекет тетігінің аса маңызды элементі ретінде көне заманда пайда болғанын көріп отырмыз. Оның қызметінің жекелеген бағыттары, мысалы қоғамдық тәртіпті сақтау бағыты бүкіл қоғамның игілігіне жұмыс істеді. Бұл кезеңде көне діндер айтарлықтай беделді полицейлік рөл атқарып отырды. Мысалы, Зенда-Веста еңбекті, бақташылықты діни міндет деп таниды; Египетте діни түсініктерге орай, діни құпиялардың қадірін кетірмеу үшін азаматтардың қызметіне қадағалау жасалатын: олар діни тақырыпқа ой жүгіртуге қол тимейтіндей, бүкіл уақытын кәсіпке арнауға тиіс болатын; өлшеуіштер мен таразы дін иелерінің (жрецтер) бақылауында болды (бұл кейіннен ертедегі христиан шіркеулерінде қалыптасқан жағдайға ұқсас).

Көне Грекияның қоғамдық-саяси құрылысы, полис жүйесі бірте-бірте, бірнеше ғасыр бойы, б.д.д. XII ғасырдан бастап XI ғасырға дейін қалыптасып келді. Полис аумақтық қауымдастықтардан құралатын. Бұл жабық үлгідегі саяси бірлестік болатын, оның азаматтары заң шығару және сот билігіне араласатын. Азаматтар үшін полис дегеніміз нақты қала үшін қасиетті саналатын саяси құрылыс нысандары, салт-дәстүрі, құқығы және т.б. бар өзіндік саяси микрокосм болатын[53]. Полистің мүшесі өзін азаматтық қауымдастықтың барлық істері үшін жауапты деп сезінетін және жалпы әскери жасақта қызмет өткеруге, полистің ортақ ісін қорғауға міндетті болатын. Толыққанды құқығы бар, 20 жасқа толған азаматтардың халық жиналысы полистің жоғары билігі деп саналатын. Азаматтар халық жиналысының жұмысына қатысу арқылы мемлекеттік қызметке араласатын. Олар үшін полис шағын ғана отан еді. Көне замандағы ойшылдар полисті

[52] Федоров К.Г., Лисневкий Э.В. История государства и права зарубежных стран. Ч.1. 55-бет.

[53] История государства и права зарубежных стран: Учебник для студентов юридических вузов и факультетов / Под общ. ред. О.А. Жидкова, Н.А. Крашенинниковой. Ч. 1. М., 1996. 101-бет.

мемлекет болмысының ең үздік нысаны деп есептейтін. Аристотель полис-мемлекетке бұл ойдағыдай жақсы тіршілік кешу үшін еркін адамдардың құрған одағы деген анықтама берді.

Аты аңызға айналған Тесей (б.д.д. XII—VIII ғғ.) бастаған реформалардың нәтижесінде Афины мемлекеті құрыла бастады. Рудың атқамінерлері күш жинай бастады. Олар ру демократиясы тәртібіне қанағаттанбайтын болды, сондықтан рудың беделділері патриархалды органдардың негіздерін шайқалтуға, өздері құрып жатқан көпшілік биліктен лауазым алуға күш салды. Еркін азаматтар (әлгі Тесей жасады деп саналатын реформа бойынша) эвпатридтер (евпатридтер) — асылдар, геоморлар — жер шаруалары және демиургтер — қолөнершілер болып жік-жікке бөлінді[54]. Эвпатридтерге қоғамдық лауазымдарға ие болу жөнінде айрықша құқық берілді, бұның өзі көпшілік биліктің халықтан одан әрі алшақтап кетуіне алып келді. Геоморлар мен демиургтар еріктілердің көпшілік бөлігін құрайтын саудагерлермен және кедейлермен бірге қоғамдық істерді белсенді түрде тікелей басқарудан бірте-бірте аластатылды. Уақыт өте, олардың еншісінде рөлі айтарлықтай төмендеп кеткен халық жиналысына қатысу құқығы ғана қалды. Эвпатридтер өздерінің экономикалық күш-қуаты мен қоғамдық лауазымдарды иелену жөніндегі айрықша құқығына сүйеніп, ру демократиясының дәстүрімен байланысты болған базилевс билігін бірте-бірте шектейді. Базилевс билігі — тайпа көсемінің билігі бұдан былай өмірлік болудан қалып, сайланбалы билікке айналды, және оның функциялары эвпатридтерден сайланатын лауазымды тұлғалар — архонттарға бірте-бірте ауысады. Әуелде архонт билігі өмірлік болатын, кейін ол 10 жылдық мерзімге дейін шектелді. Б.д. дейінгі VII ғасырдан бастап бір жылдық мерзімге тоғыз архонт сайланатын болды. Архонттар алқасы базилевстің әскери, дін иесі және сот функцияларын қабылдап қана коймай, уақыт өте бүкіл елді басқаруды өз қолына алды. Б.д. дейінгі VIII ғасырда Қариялар кеңесінің

---

[54] С.Я. Лурье халықты аталған үш топқа жіктеуді “Солонға дейінгі дәуірдің сорақы анахронизмі” деп есептейді: оның пікірінше, қолөнершілер ерекше ықшам топ ретінде Афинада VII ғасырда ғана пайда болған, ал олардың ерекше саяси топқа айналуы Солоннан кейін орын алды. Дәл осылай “Афинидағы Солонға дейінгі демократия туралы әңгіме қозғауға да болмайды”. — Лурье С.Я. История Греции: курс лекций / Под ред. Э.Д. Фролова. СПб., 1993. 173-бет.

орнына халық жиналысын бақылайтын және жоғары сот билігін жүзеге асыратын орган — ариопаг пайда болды. Ариопагтың құрамына бұрынғы және сол кезде қызметте болған барлық архонттар кірді. Сөйтіп, аттика қоғамы өзінің ішінен бөлініп шыққан және өзінен жоғары тұратын биліктің қол астындағы саяси қоғамға айналады. Қоғамның бұрынғы синкретизмі (ажырамастығы) мен билігі осылай аяқталды[55].

Базилевс қызметі жойылғаннан кейін, Афины аристократиялық республикаға айналды. Архоннтардың өкілеттігі мен міндеттерін ареопаг қатаң тіркеп, бақылайтын. Ол қызметтегі және отставкадағы архонттардан тұратын және әскери, діни, сот істері бойынша аса маңызды шешім қабылдайтын. Архонттардың біреуі Афинидағы қоғамдық тәртіпті бақылайтын. Грек үкіметінің полицейлік қызметі айтарлықтай дәрежеде көп түрлі болатын. Мысалы, Афинидан май әкетуге тыйым салынатын, ал көпестер алып келген нанының 2/3 бөлігін Афинида сатуға тиіс болатын; Аттикада өндірілген нан Аттикада ғана сатылады деп белгіленген (бірақ, сол кезде нанның негізгі бөлігінің Грекияға отар елдерден, атап айтсақ, Қара теңіздің жағалауындағы грек отарларынан әкелінетіні белгілі) [56] ; Аттикадан кеме жасау үшін қажетті заттардың бәрін (ағаш, қарамай, балауыз және т.с.) әкетуге тыйым салынатын. Нан алып-сатарлығына шектеу қойылған еді: әр адам нанды белгілі бір мөлшерден асырмай ғана сатып алуға құқылы болатын; қайта сатудан алынған пайда белгілі мөлшерде шектелетін.

Алға қойылған міндеттерге сәйкес, грек полисінің көпшілік билік аппараты құрылған. Атап айтқанда, сауда-саттық ережелерінің сақталуына бақылау жасайтын бақылаушылар институты белгіленген, — олар сонымен бірге сауда алымдарын жинау функциясын орындап, көпшілік әйелдерді қадағалап, оларға ерекше салық салатын. Сонымен қатар, өлшеуіш пен таразының дұрыстығына бақылау жасайтын ерекше бақылаушылар да болған; Афин ареопагы ізгілікке бақылау жасап, малшашарларды соттап, жазалайтын; дәл сол кезде ол діннің тазалығына да қадағалау жасайтын; ерекше

---

[55] История государства и права зарубежных стран. 107-108-беттер; тағы да қараңыз: Лурье С.Я. История Греции: Курс лекций. 173-бет және т.б.

[56] Лурье С.Я. История Греции: Курс лекций. 29-бет және т.б.

бақылаушылар қоғамдық ғимараттарға, көшелерге, алаңдарға бақылау жасайтын.[57]

Полиция құлдар (токсоттар) қатарынан жасақталып 200 адамнан тұрды. В.Н.Струнниковтың пайымдауынша, полиция функцияларының құлдарға жүктелгені үстемдік құрған таптың бір-біріне сенбейтін және бір-біріне өш топтардың арасындағы қарама-қайшылықтардың қаншалықты өткір болғанын көрсетеді; еркін афиндықтар үшін өз отандастарына қатысты полиция функцияларын атқарудың заңға қайшы болып көрінетіні де айтарлықтай рөл атқаратын [58]. Сонымен, Афинаның полицейлік құрылысы антика әлемі елдерінің ішіндегі алғашқысы болды, ол полис жүйесіне негізделіп және демостың негізгі бөлігінің мүддесіне сай келетін[59].

Мемлекет құрылғанға дейін Рим егішілікпен айналысатын шағын ғана патриархалдық қауымдастық болған. Е.М.Штаерманның пікірінше, Көне Римдегі азаматтық қауымдастық өте орнықты болғандықтан, бұл мемлекеттің қалыптасуын тежеп отырды[60]. Билікке Август келгенге дейін Рим азаматтары қанау объектілері болмаған және бәрі де тең құқылы еді. Римдік отбасы өз құлдарын өзі басқаратын және мемлекеттің күшіне мұқтаждық етпейтін. Сондықтан, бұл кезеңде Римде полиция да, прокуратура да жоқ еді[61].

Римде рулық құрылыстың ыдырау үдерісі және мемлекеттің пайда болуы жағынан Афинымен ұқсастығы көп. Патриархалды органдардың құлдырауы, жеке меншіктің дамуы, таптардың және саяси-құқықтық отбасының қалыптасуы жағынан ортақ заңдылықтарың бары байқалады. Сословиелердің арасындағы күрес саяси қауымдастық ретіндегі полистің орнын басқан мемлекеттің құрылуын тездетті[62]. Б.д.д. II ғасырдың аяғы — I ғасырдың басында Римде құлдардың бұрын-соңды болып

---

[57] Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. Ч.1. Харьков, 1888. 9-бет.

[58] История государства и права зарубежных стран: Учебник. 116-бет.

[59] Федоров К.Г., Лисневский Э.В. История государства и права зарубежных стран. 124-бет.

[60] Штаерман Е.М. К проблеме возникновения государства в Риме.

[61] Бұл да сонда.

[62] Колобова К.М. Из истории раннегреческого общества. 182, 192-беттер; Утченко С.Л. Цицерон и его время. 52, 54, 62-беттер; История государства и права зарубежных стран: Учебник. 124-125-беттер.

көрмеген баскөтерулері орын алды. Римде полиция отрядтары және қоғамдық қауіпсіздіктің арнайы күштері жоқ болғандықтан, құлдардың, жарлылардың, олардың одақтастарының көтерілісін басып-жаншу функциясын әскери бөлімдер жүзеге асырып отырды [63]. Мәселен, 196 жылы Этрурияда құлдардың нағыз көтерілісі болып, оны басып-жаншуға тұрақты әскер легионы жіберілген еді[64].

Римде магистратуралар жүйесінің орнатылуымен ординаторлық магистратураларға Грекиядағы ареопаг сияқты, адамдардың өнегелі болуын бақылап отыратын цензорлар; қаржы шығыстарына кейбір қылмыстық істердің қалай тергеліп жатқанына бас-көз болатын квесторлар; құзырына қоғамдық ғимараттарды, храмдарды, сауда-саттықты, өмірге қажетті қорды, өлшеуіш пен таразының дұрыстығын қадағалау, парақорлықтың, азғындықтың жолын кесу, қымбатшылықпен күрес жүргізу, салтанатты жерлеу рәсімдерін, халыққа қамқорлық жасауды ұйымдастыру міндеті кіретін эдилдер жатқызылды[65].

Рим құлағаннан кейін, бұрынғы Империядан қалған жерлерде құрылған мемлекеттерде жоғары құлықтылық, сол сияқты ұйымдық, зиялылық рөлін христиан шіркеуі атқара бастады. Бұл кезеңде шіркеудің полицейлік функциясы атап айтқанда, егіншілік мәдениетін тарату болып келетін. Бұл қызмет монастырлар арқылы таралатын. VI ғасырда Бенедикт ордені шарап жасау ісін насихаттап таратты. Шіркеу мектеп ұйымдастырумен, кедейлерге қамқорлық көрсетумен айналысып, қалалардағы қолөнерге қолдау жасап отырды.

Жаңа мемлекеттер үкіметтерінің полицейлік қызметіне келсек, ол өте шектеулі, көп жағынан қарама-қайшылықтарға толы болатын. Мәселен, Ұлы Карлдың мектептер ашу, жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрекеттерін есімізге

---

[63] Федоров К.Г., Лисневский Э.В. История государства и права зарубежных стран. 181-бет.

[64] Утченко С.Л. Цицерон и его время. 83-бет.

[65] История государства и права зарубежных стран: Учебник. 133-134-беттер; Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 9-бет.

алсақ, сонымен қатар, өлім жазасына кесумен қорқытып көпес гильдияларына тыйым салғанын айтсақ болады[66]. Ұлы Карлдың өзінде мемлекеттік өкілеттіктердің белгілі бір бөлігі ғана бар болатын. Бұларға "бейбітшілікті қорғау", шекараны күзету, орталық билік пен вотчиналық өкіметтердің іс-әрекеттерін үйлестіру жататын. І Карл "Бавария ақиқатына" қосқан капитуляриййде көрсетілгендей, император, "бейбітшіліктің қорғаны" ретінде "билікті бұзудың" жолын кесуге, "шіркеуді, жесірлерді, жетімдер мен әлсіздерді дұрыс жағдаймен" қамтамасыз етуге, "қарақшыларды, адам өлтіргендерді, азғындарды және өздерінің жақындарына үйленгендерді" жазалауға "ерекше назар" аударуға, "шіркеудің құқықтары мен оның мүлкін" қатаң қорғауға тиіс. Формальды жағынан алғанда, император жоғары апелляциялық билікке де ие болатын. Ақсүйек бір адамнан және бір діни адамнан тұратын патша шабармандары бірнеше графтықтан құралатын округтарды жыл сайын аралап шығатын, олардың құзырына корольдің жеке меншік жерлерінің қалай басқарылатынына, діни рәсімдердің дұрыс атқарылуына және т.б. бақылау жасау жататын. Олар діни адамның немесе ақсүйек мырзаның аумағын паналап жүрген қылмыскерді айыппұл саламын деп қорқытып, өздеріне беруді талап ете алатын. Дегенмен, Н.А.Крашенинников әділін көрсеткендей, корольдің дүниелік және рухани шабармандарының бақылаушы тандемі — жергілікті жерлерде тірегі жоқ орталық биліктің әлсіздігі мен пәрменсіздігінің тағы бір дәлелі[67].

Қоғамда болып жатқан үрдістерде мемлекеттің болмашы ғана рөл атқаратынын былайша түсіндіруге болады: феодалдық бытыраңқылық, шаруашылықты жүргізуде Рим империясы тұсында басталған және бекіген натуралдау (қоластына алу) үрдісінің жалғасуы [68] , король билігінің "король — тең

---

[66] Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 9-11-беттер.

[67] История государства и права зарубежных стран: Учебник. 213-бет.

[68] Вебер М. Социальные причины падения античной културы // Макс Вебер. Избранное. Образ общества / Пер. с нем. М.И. Левиной, А.В. Михайлова и С.В. Карпушина. М., 1994.

адамдардың ішіндегі ең теңі" және "менің вассалымның вассалы — маған вассал емес" деген қағидалар арқылы байқалған әлсіздігі, — міне, осы жағдайлардың бәрі мемлекеттің беделін объективті түрде төмендетіп, оның полиция функциясын атқарудағы мүмкіндігін азайтатын. Дәл сол кезде жалпы европалық ұйым ретінде шіркеудің өз идеалдарына сәйкес іс-қимыл жасап және өзінің экономикалық күш-қуатына сүйене отырып, Европа елдерінде болып жатқан қоғамдық үрдістерді басқару жөнінде белсенді қызмет атқару мүмкіндігі болатын. Шіркеу, қауымдастық (кейіннен Русьтегі "мір" сияқты)[69], содан кейін сословиелік корпорациялар — қарастырылып отырған уақыт кезеңінде көпшілік полиция функцияларын атқарған әлеуметтік институттар, міне, осылар болды. Бейнелеп айтқанда, қоғамдық шаруашылықтың натуралдануына орай, қоғамның полицейлік қызметі де натуралданады[70].

**Мемлекеттің полицейлік функциясы дамуының екінші кезеңі.** Феодалдық бытыраңқылық жойылып, орталық-тандырылған мемлекеттік биліктің қалыптасуымен, жағдай түбегейлі өзгере бастайды. Осы кезеңде болған өзгерістердің сипатын көрсететін классикалық мысал ретінде Англияны келтіруге болады. XI ғасырдан басталған ағылшын мемлекеті эволюциясының өзіндік ерекшелігі — онда орталықтандыру ертерек басталып, феодалдық бытыраңқылық болған жоқ және король билігінің көпшілік бастамалары қарқынды дамып отырды [71] , Европаның басқа елдеріне қарағанда, Англияда мемлекеттің полицейлік қызметі де ертерек дамыды.

Жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты, Англияда құқықтық артықшылықтар — қоғам мүшелеріне олардың корпорацияға қатыстылығына қарай берілетін артықшылықтар жүйесі неғұрлым аз дәрежеде қолданылып, көрініс тапқан. Сонымен бірге, бұл жерде барлық сословиелердің өкілдері үшін бірдей жаза түрлері бұрынырақ (ең кемі XIII ғасырдан бастап)

---

[69] Ключевский В.О. История сословий в России. М., 1913. 45-бет және т.б.

[70] И.Е. Андреевский әділ көрсеткендей, "бұл кезең үкіметтердің қауіпсіздік және әл-ахуал шараларын жасау амалдарының сәтсіз аяқталуымен сипатталады. Феодалдық меншік иелерінің орталық биліктен тәуелсіз болуы, қалалардың копоративтік құрылысы, артықшылықтар, әкімшіліктің әлсіздігі, соттардың нашар ұйымдастырылуы — бұл құбылыстың басты себептері". — (Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 10-бет).

[71] История государства и права зарубежных стран: Учебник. 253-бет.

қабылданған, дворяндық мәртебеге қоса қандай да бір салықтық не соттағы артықшылықтар берілмейтін: феодалдар салықты елдің басқа еркін адамдарымен формальды түрде (заңдық тұрғыда) бірдей төлейтін және солармен тең дәрежеде сол бір соттарда соттауға жататын[72]. Magna Charta (XIII ғасырда) іс сотта алдын ала қаралмай, ешкімді жазалауға болмайтыны (кінәсіздік презумпциясының іс жүзінде алғаш қолданылуы), жазаның айыпкердің шаруашылығын ойсыратпауға тиіс екендігі бекітілді. Эдуард тұсында (1272-1307) Винчестер статуты шығады, оның мақсаты қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болады. Бұл статутқа сәйкес, түнгі күзет құрылып, қауымдастықтардың тәртіпсіздік жасағаны үшін жауапқа тартылатыны бекітіледі, қонақ үйлерге қадағалау жасалады және т.с. XIII ғасырдың аяғында Англияда пайда болған парламент, өз кезегінде, бірқатар статут шығарады (таксалар туралы, жалған көшірме жасау туралы және т.б.). III Эдуард тұсында (1327-1377) жұмысшылар туралы статуттар (1349 ж., 1351 ж.) — жалақы туралы, жұмысшылардың шеруі туралы, қайыр-садақа беру, сән-салтанат туралы статуттар, сондай-ақ жолдағы қауіпсіздік, аңшылық, балық аулау туралы статуттар пайда болады. Осы заңдарды сақтау үшін "алғашқы қауымдық" соттар — король тағайындаған тұлғаның оқтын-оқтын құратын соты (turnus Vicecomitis) және жергілікті соттар — қауымдық және помещиктердің соттары (courts leet) жеткіліксіз болып қалады; үкімет corones, conservatores pacis, жүріп-тұратын көшпелі судьяларды тағайындайды. Бірақ бұл мекемелердің ешқайсысы алдына қойылған мақсатына жете алмады. Сөйтіп, 1360 жылы парламенттің өтініші бойынша, жергілікті жер иелері қатарынан халық судьялары тағайындалып, оларға бүкіл сот-полиция қызметі жүктеледі[73]. 1390 жылғы статут бойынша, әр графтыққа сегіз-сегізден халық судьялары тағайындалатын. Олар тамақ өнімдерінің бағасын бақылап, өлшеуіш пен таразының бірыңғай болуын, жүннің сыртқа шығарылуын қадағалайтын, жұмысшылар, шерік қатушылар туралы заңдардың іске асырылуына бақылау жасайтын. 1427 жылғы статут бойынша, халық судьялары тіпті жалақы мөлшерін де

[72] Бұл да сонда. 262-бет.

[73] Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 10-11-беттер.

белгілейтін. Халық судьяларының сот құзыретіне қылмыстық істерді қарау да кіретін (адам өлтіруді және аса ауыр қылмыстарды қоспағанда). Істер халық судьяларының жылына төрт рет шақырылатын сессияларында қаралатын. Бұл жиналыстар “төртінші сессиялар” соттары деген атауға ие болды[74].

Францияда король билігі беделінің нығаюы және осыған сәйкес, мемлекеттік өмірді бір орталыққа бағындыру үрдісі XIII ғасырда басталды. Бұл үрдіс айтарлықтай дәрежеде король IX Людовик есімімен байланысты болды (1226-1270). Франция үкіметінің полицейлік қызметі, атап айтатын болсақ, мынада көрініс табатын. XV ғасырда Бас штаттар (stats generaux) бірқатар петиция бергеннен кейін жандармерия құрылады; Франция округтарға бөлініп, үкімет әр округқа прево (prevat) тағайындайды. Алғашқыда превоның әскери билігі ғана бар еді, кейіннен ол қаржылық, полицейлік және сот билігіне, ең ақырында, тек қана сот және полиция билігіне ие болады. XV ғасырдың аяғынан бастап превоға жалақы төленбейтін болды, сөйтіп ол халықтан түсетін табыстың арқасында күн көретін (Русьтегі тамақтандыру институты сияқты) болды.

Кейбір округтардың басшылығына ерекше әкімдер тағайындалды, бұлар: солтүстікте — бальилер, оңтүстікте — сенешальдер. Бұлар екінші инстанция болатын. XIII ғасырда бальилер мен сенешальдер корольдің атынан сот төрелігін жүзеге асыратын, неғұрлым салмақты қылмыстық істерді (корольдікке байланысты істер), сондай-ақ феодал атқамінерлердің мүддесіне қатысты дауларды қарайтын. Олар прево шығарған үкімдерге берілетін апелляцияларды қабылдайтын, бірақ бірте-бірте олар сеньор соттарының шешімдерін де қайта қарайтын болды, ал бұрын бұл соттардың шешімдері түпкілікті деп саналатын [75]. И.Е.Андреевский жазғандай, “олардың сот-полиция істерінен хабарсыз болуының салдарынан” оларға үш лейтенант (lieutenants) — civil, criminel және de police қосып тағайындалатын[76]. Бұрын бальилер қараған

---

[74] История государства и права зарубежных стран: Учебник. 268-269-беттер.

[75] Бұл да сонда. 220-221-беттер.

[76] Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 12-бет. — Андреевский И.Е. — XIX ғ. екінші жартысында танымал болған орыстың

көптеген сот істері лейтенанттардың карауына өтеді, ал XV ғасырдың аяғынан бастап корольдер бальяждардың құрамына (бальи басқаратын әкімшілік билікке) лейтенанттарды тікелей тағайындайды, осының салдарынан бальилер аралық әрі әлсіз әкімшілік буынға айналады[77]. Үшінші инстанцияны губернатор (gouverner) басқаратын. Алғашқыда ол әскери бастық болатын, кейіннен сот-полицейлік билікті де алды. XVI ғасырда елде 39 губернатор болатын. И.Е. Андреевскийдің пікірінше, "бұл органдар өнеркәсіпке баса-көктеп кіріп, оған көмек бермей, қайта керісінше, кедергі жасайтын"[78]. Оның осылай пайымдауы үшін белгілі бір негіздердің бар екендігін атап өткеніміз жөн. О.А.Жидковтың көрсетуінше, "жергілікті жерлердегі орталықтандыру қала өмірін де сырт айналып өткен жоқ. Корольдер қалаларды коммуна мәртебесінен жиі айыратын, бұрын шығарылған хартияларды өзгертіп, қала тұрғындарының құқықтарын шектейтін. Король әкімшілігі өзіне ыңғайлы кандидаттарды іріктеп алып, қала әкімшілігінің сайлауын бақылайтын болды. Қалаларға әкімшілік қадағалау жүйесі орнатылды. XV ғасырда кейбір қалаларда коммуналар қалпына келтірілсе де, олар тұтастай король әкімшілігіне қосылып кетті. Қала аристократиясы бұрынғыдай өзін-өзі басқарудың шектеулі жүйесін қолданып отырды, бірақ қалалық кеңестердің барлық маңызды отырыстарында әдетте, король шенеунігі төрағалық ететін"[79].

Германия үкіметі мен қалаларының полицейлік қызметі көптеген полицейлік қаулылар шығару және осы қаулыларды орындайтын органдар құруға келіп саятын. Германияның жеке мемлекеттерге — князьдықтарға бөліну жағдайында айтарлықтай кең автономияға ие болып отырған қалаларда сауда-саттық дами бастады, базарлар пайда болды, осыған байланысты тиісті полицейлік мекемелер құрылды, (Markt-Policei және Handels-Policei) олар нан мен шараптың өлшенуіне, алтын мен күмістің салмағына, өмірге қажетті қордың сапасына бақылау жасайтын. Император мен князьдар кедендік баж,

---

заңгер ғалымы, ол әкімшілік (полицейлік) құқық саласы бойынша маманданған.

[77] История государства и права по курсу И.Е. Андреевского. 12-бет.

[78] Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 12-бет. История государства и права зарубежных стран. Учебник. 229-бет.

[79] История государства и права зарубежных стран: Учебник. 229-бет.

кәсіпшілік туралы қаулылар шығарды. XII ғасырда цехтардың өтініші бойынша императордың қаулысы шығып, ағылшындық мауытты елге әкелу, сатып алу және киім тігіп киюге тыйым салынды. 1495 жылы сән-салтанатқа тыйым салатын регламент (Regiments-ordnung) қабылданды, бұл құжат бойынша, шетелден әкелінетін жібек мата, әтірге және т.с. заттарға тыйым салынды. 1500 жылғы император қаулысымен монета, кітап саудасы, қағаз өнімдерін сыртқа шығару, өсіммен қарыз ақша беру, жалған шарап жасау, өнегесіздік, сот тәртіптері және т.б. регламенттеледі. Император қаулыларының орындалуына бақылау жасау үшін фискалдар институты құрылады[80].

Қалаларда сот-полиция функцияларын атқаратын сайланбалы соттар, ал кейіннен, қаланы басқару қызметі цехтардың қолына өткен кезде, цехтардан сайланатын өкілдерден тұратын магистраттар пайда болады. Магистраттар жеке полицейлік функцияларды атқару үшін ерекше органдарды тағайындайтын (құратын), ал, кейде олар атқарушы полиция үшін магистраттың ерекше мүшелерін (ерекше полиция комиссарларын) өз қатарынан тағайындайтын; үлкен қалаларда үкіметтер тұтастай атқарушы-полиция басқармаларын құратын. Округтарда үкіметтің мүшелерінен құралатын және қылмыстық-полиция билігіне ие ерекше мекемелер (Kreisregierungen) қызмет ететін[81].

Мемлекеттік билікті орталықтандырудың дамуына және абсолютизмнің нығаюына орай, әдебиетте “полицейлік құқық” кезеңі деп аталып кеткен уақыт кезеңі басталды. Осы тұрпаттағы мемлекеттердің “полицейлік” деп аталатыны, бұл кезеңде кәсіби полицияның құрылғандығына ғана емес, мұндай мемлекеттің өмірдің барлық ұсақ-түйегін регламенттеп, бәріне араласуға ұмтылғандығына байланысты болып отыр[82].

Өмірдің барлық саласының регламентке алынуы, халықты регламенттерді орындауға өрескел және тікелей мәжбүрлеу, халыққа жаппай мемлекеттік бақылау жасау, әкімшілік-полиция органдарына тым кең өкілеттіктің берілуі, олардың адамдардың өміріне шексіз араласуға құқығы мен мүмкіндігінің болуы, азаматтардың заңнама жүзінде белгіленген саяси құқықтары мен

---

[80] Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 11-бет.

[81] Бұл да сонда. 11-12-бет.

[82] Исаев И.А. История государства и права России: Курс лекций. М., 1993. 79-бет.

бостандықтарының болмауы, халықтың заңды қоғамдық-саяси өз әрекеттігінің болмауы — абсолюттік монархияның саяси режиміне тән белгілер еді[83].

Франция мен Германия (әсіресе, Пруссия) полицейлік мемлекеттің идеологиясы, ұймдастырылуы мен қызмет тәжірибесінің мысалдары болып табылады. Полицейлік мемлекет доктринасының негізінде, жоғарыда айтылғандай, азаматтардың игілігін мақсат тұтатыны, бірақ игіліктің не нәрсе екенін халық емес, оны билейтін адамдар шешеді деген идея жатты. Осы орайда атап өтетіні, халықтың елеулі бөлігін құрсаулаған қараңғылық, қайыршылық пен надандық қоғам элитасында (ал, бұған, әрине, билеуші топтар жатады) осындай идеяның қалыптасуына белгілі бір негіз беретін. "Халық науқас бала сияқты, оған не жеу, не ішу керектігін көрсетіп отыру керек", — деп айтатын Ұлы Фридрих. Полицейлік мемлекет режимінің орнатылуының екінші себебі — шаруашылықтың буржуазиялық құрылысының, нарықтық қатынастардың дамуы қоғамды қайта ұйымдастыруды, оның корпоративтік құрылысын қайта құруды, жеке адамның бостандығын (нарықтық қатынастар дамуының басты құқықтық шарты ретінде) қамтамасыз етуді талап етті. Сол кездегі билік режимін сақтап қалу мақсатымен тиісті мықты құқық қорғау құрылымы құрылады.

Пруссия полицейлік мемлекеттің үлгісі болып табылады. Мұнда XVII—XVIII ғасырлар бойы мемлекеттік аппаратты орталықтандыру және милитаризациялау, әскери-басқарушы органдардың азаматтық органдарға қарағанда жоғарылау үрдісі бірізділікпен жүреді. Барлық директориялар президент — король басқаратын біртұтас әскери-қаржылық орган болып біріктіріледі. Жергілікті жерлерде дворяндар жиналыстарының ұсынуымен король тағайындайтын земство кеңесшілері (ландраттар) орталық биліктің қатаң бақылауына түседі және кең әскери-полицейлік өкілеттіктерге ие болады. Қаланың өзін-өзі басқару институты жойылады. Қалалық кеңестердің орнына король тағайындайтын магистрлар алқалары құрылады. Бүкіл мемлекеттік аппаратқа әскери атақтар, әскери субординация

---

[83] Сизиков М.И. 1) Становление и развитие общей регулярной полиции в России XVIII в. М., 1992. 7-бет; 2) Полицейская реформа Петра I // Правоведение. 1992. № 2.

және тәртіп таралды[84]. Сөйтіп, алға қойылған мақсат орындалды — Пруссия корольдігінің азаматтары ауырып қалған балалар сияқты, мемлекеттік биліктің нұсқауымен ғана жүретін болды.

Уақыттың дәл осы кезеңінде көрші жатқан Францияда да осыған ұқсас үрдістер байқалады. Провинцияларда өз билігін нығайту үшін корольдер 1535 жылдан бастап, сол жерлерге уақытша тапсырма беріп, өз комиссарларын жіберетін болды. Бірақ, көп ұзамай бұлар сотты, қалалардың әкімшілігін, қаржысын инспекциялайтын тұрақты лауазымды тұлғаларға айналады. XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап олар интендант атағын алып, енді бақылаушылар емес, әкімдер ретінде қызмет етеді. Бас штабтардың, ал одан кейін нотабльдер жиналысының қарсылық білдіруінің арқасында интенданттардың өкілеттіктері біршама қысқарды, ал Фронда кезеңінде бұл лауазым тіпті жойылады. Институт құрылғаннан кейін 100 жыл өткен соң, яғни 1653 жылы лауазымды пайдалану қайтадан қалпына келтіріледі. Интенданттардың функциялары айтарлықтай кең болатын: олар фабрикаларға, банктерге, жолдарға, кеме жүрісіне бақылау жасайтын; өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына қатысы бар әр түрлі статистикалық мәліметтерді жинайтын. Оларға қоғамдық тәртіпті сақтау, қайыршылар мен қаңғыбастарға бақылау жасау, дінбұзарларға қарсы күрес жүргізу міндеті жүктелетін. Интенданттар әскерге рекрут жинаудың барысын, әскерлердің орналасуын, олардың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін қадағалайтын. Ақырында, олар кез келген сот үрдісіне араласып, корольдің атынан тергеу жүргізіп, бальяж немесе сенешаль соттарында төрағалық ете алатын.

Қала басқармасы да орталықтандыруға душар болады. Муниципалды кеңесшілер (эшвендер) мен мэрлер сайланбайтын, бұдан былай оларды король әкімшілігі тағайындайтын болды[85].

Полицейлік мемлекет шаруашылық қатынастарды реттеуге ерекше назар аударатын. “Орта ғасырлардың соңында бір әулет билігінің беделі елеулі түрде төмендеп, өзінің моральдық салмағын жойды. Егер соңғы кезге дейін қалалардағы қолөнершілер өздерінің саяси тәуелсіздігі мен цех автономиясы

---

[84] История государства и права зарубежных стран: Учебник. 252-бет.
[85] Бұл да сонда. 237-238-беттер.

үшін ру ақсүйектеріне қарсы жүргізіп жатқан күрестің арқасында бірлесіп кеткен қожайындар мен көмекші шеберлер ішкі тартыс пен алауыздықты мүмкіндігінше болдырмауға тырысса, алға қойылған мақсаттарына жеткеннен кейін және шеберлерге осы сословиенің кіші мүшелерінің қолдауы қажет болмай қалғанда, жағдай өзгеріп кетті. Сонда бұлардың көмегімен сақталып қалған цех автономиясы солардың өздеріне қарсы жұмсалатын қаруға айналды. Көмекші шеберлер болашақ бәсекелес деп қарастырылып, оларға қолөнердің шыңына жету жолын барынша қиындату амалдары жасалатын болды. Бір шаңырақ болып тұратын отбасының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын шеберлігі туралы түсінік, шаңырақ иесінің өзінің тіл алғыш кенже баласына деген ендігі көзқарасымен қиыспайтын болды. Өнеркәсіп саласындағы қатынастардың отбасылық сипаты бірте-бірте жалғанға айналды. Қалалардан тыс жерлерде де қожайынның беделін мойындамаушылыққа, үй қызметшілерінің бағынбаушылығы мен қыңырлығына шағымдану жағдайлары жиілеп кетті. Осының нәтижесінде қожайындар мемлекеттік билікке көмек сұрап баруды жиілетті. XV және XVIII ғасырлар аралығындағы кезеңде барлық жерде шығарылған сансыз көп полицейлік регламенттер, жарғылар мен жеке заң актілерінің басым көпшілігі нақты мақсат: арзан жұмыс күшімен қамтамасыз ету және қожайынның өз қызметшілері мен жұмыскерлеріне деген билігін мүмкіндігінше қолдауды көздеген болатын. Одан әрі, өнеркәсіп пен сауда-саттықта мемлекет жасанды түрде қолдау жасап бір қалыпта ұстайтын қожайын билігі көпшілік билік сияқты сипатқа ие болады, ол заң шеңберінде кәсіпорында тәртіп орнатуға және сақтауға, оны бұзушылыққа көңіл бөлуге міндетті болатын”[86].

XVII ғасырда Париждегі прево қызметі екіге бөлінеді: Lieutenant civil және Lieutenant general de police (1667 ж.). И.Е.Андреевский атап көрсеткендей, “екінші қызметтің дамуы

[86] Толығырақ қараңыз: Таль Л.С. Трудовой договор: Цивилистическое исследование. Ч.1. Ярославль, 1913. 266-268-беттер және т.б.

ерекше болды". Полицияның генерал-лейтенанты[87] Париждегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, қару-жарақты алып жүру тәртібін, көшелер мен алаңдардың тазалығын бақылайтын, өртке, топан-суға қарсы күрес жүргізіп, азық-түлікке, таксаларға, сауда-саттыққа, қонақ үйлерге, жиналыстарға, хабарландыруларға, сайлауға, төлқұжаттарға, кітап саудасына, театрдағы цензураға, заңдар мен сот үкімдерінің орындалуына бақылау жасайтын, қылмыс жасап тұрған жерінде қолға түскен адамдарды соттап, қамаудағы адамдардан жауап алатын.

Бұл полицейлік қызмет Париж көшелерін жарықтандыру жүйесін енгізді, оның қызметі Париждегі алаяқтық пен қайыр сұрау жағдайларын азайтты. Түнгі қарауыл енгізіліп, бұл қала көшелерінде жеке адамдардың қауіпсіздігін арттырды. Полиция лейтенантының корольға жағдайды көзбе-көз баяндауы, азғындап кеткен сарай адамдары — у беріп адам өлтіру туралы істердің басты қатысушыларының беделіне нұқсан келтіретіндей жағдай болмас үшін, патшаның тапсырмасы бойынша сот істерін жабық қарауы, аштық кезінде Париждің кедей халқының баскөтеруін басып-жаншуы, протестанттарға қарсы күрес жүргізуі — осының бәрі оның рөлін арттырды және дәл сол кезде полицейлердің бассыздық жасауына жол ашты. Мысалы, олар полицияның қауіпсіздігі мен пәрменін көрсету үшін болмаған оқиғаны ойдан шығарып, тасталған хаттар мен шпиондық әрекеттер арқылы сот билігіне қарсы іс-қимыл жасайтын, — құдыретті Париж полициясы қызметінің теріскей жағы міне, осындай еді[88].

Полицияның генерал-лейтенантының қолында айтарлықтай мықты күштер шоғырланатын (сыртқы полиция мен әскерді құрайтындардан басқа 200-ге жуық орган[89]). Бұлар: мамандандырылған полиция бөлімшелері, атты полиция ұланы, алдын

---

[87] Шынын айтқанда, бұл аударма нақты емес және қарулы күштердегі қазіргі заманғы атаулармен байланыстырылады. XV ғасырдың өзінде корольдар өз адамдарын тағайындайтын округтардағы лейтенант лауазымын есте ұстап (бальяж), аталмыш терминді орыс тіліне "генеральный лейтенант" ("бас лейтенант") деп аударғанымыз дұрыстау болар еді. Бірақ, тарих-құқық әдебиетінде "генерал-лейтенант" термині орныққан соң, біз бұл дәстүрді бұзбай-ақ қоямыз.

[88] Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 12-13-беттер.

[89] Бұл да сонда. 13-бет.

ала тергеу жүргізетін сот полициясы. Елдің астанасы бірнеше кварталға бөлінетін, ал әр кварталда полиция комиссарлары мен сержанттары басшылық жасайтын ерекше полиция топтары әрекет ететін. Жалпы полициямен (қауіпсіздік полициясымен) қатар, құпия тыңшылықтың тарамданған жүйесі бар, король мен католик шіркеуінің жауларына, еркін ойлайтын барлық адамдарға құпия түрде бақылау жасайтын саяси полиция да генерал-лейтенантқа бағынатын[90].

Әдебиетте көрсетілгендей, полицейлік құқық дәуірінің мемлекеттік билігі ел азаматтарының әлі пісіп-жетілмегені туралы көзқарасты басшылыққа ала отырып, өзінің полицейлік қызметінде шарасыздан халықтың қамқоршысы болып шығатын. Бірақ бұл ретте қамқоршы билік халықтың әл-ауқаты деңгейін жоғарылату жағынан бас қатырмайтын. Қоғамдық сана-сезімді және халықтың өзіндік қызметін жоғарылату полицияның міндетіне жатпағанымен, тәртіпке бағына білудің негізгі талаптарына қайшы келетін. Азаматтардың "өздігінен бағынатынына" сенбеген абсолютизм бағынушылықты жай адамның өкіметтің нұсқауына қарсылық білдіруі мүмкін еместігіне негіздеуге тиіс болатын. Мұндай жағдайда полицейлік қамқоршылықтың халық өмірінің барлық қыр-сырын қамтитын регламенттеуге айналғаны өзінен-өзі түсінікті болса керек.

Жергілікті адамдардың өзіндік қызметін тежеп, жеке бастамасын басып отырған полиция, әрине, халықтың қалың бұқарасының әл-ахуалын оңалтуға дәрменсіз болатын. Бірақ, солай бола тұрғанымен, ол белгілі бір өзіндік тарихи рөлін атқарды. Негізінен, полицияның тарихи маңызы оның мемлекетті орнату ісіндегі көп тәсілдердің бірі болғандығында. Феодалдық дәуірдің жеке-жеке тармақтарына тереңдеп ене отырып, полиция барлық жерге біртұтас мемлекеттік биліктің үстемдігін әкеліп орнатты. Алайда, орта ғасырдың басты элементтерін мәжбүрлеу күшімен басқанымен, полиция мемлекеттің одан әрі дамуы үшін қажетті мығым негіз бола алмады. Ең жақсы дегенде, полиция тәртіпке бағындыра білу шаралары арқылы залалсыздандырылған қарапайым адамдардың мемлекеттік билікке "қарсы күш көрсетуінің

[90] История государства и права зарубежных стран: Учебник. 239-бет.

мүмкін еместігіне" ғана қол жеткізді. Ал, азаматтар заңға "өздігінен бағынатын" жағдайды туғызу үшін өзіндік қасиеттері жоқ азаматтарға үкіметтік қамқоршылық жасау сияқты өзіне ғана тән қасиеті бар полицияны қоғамдық сана-сезім мен қоғамның өзіндік қызметін жоғарылатуға бағытталған анағұрлым жетілдірілген басқару әдістерімен ауыстыру қажет болатын[91].

**Мемлекеттің полицейлік функциясы дамуының үшінші кезеңі.** Бұл кезең Еуропада құқықтық мемлекет идеялары тәжірибе жүзінде іске асырыла бастаған уақытпен хронология жағынан сәйкес келеді. Оның үстіне, полиция функциясын қайта ұйымдастыру тарихы аталмыш мақсат тәжірибе жүзінде іске асырылған кезде орын алған үрдістің шынайы көрінісі болып табылады. Тарихи тұрғыда полицейлік мемлекеттің орнын басатын құқықтық мемлекетте ішкі басқаруды (ал, полицейлік мемлекетте бұл ұғым, естеріңізге салсақ, іс жүзінде "полиция қызметі" терминімен ұқсас) сипаттайтын белгілер мынадай: а) оның (яғни, ішкі басқарудың) қоғамның өз міндеттерін орындауға тартылуы; ә) азаматтардың өзіндік қызметі үшін кең мүмкіндіктің берілуі; б) мемлекеттің мәжбүрлеу қызметінің орнына қамқоршылық қызметінің күшеюі[92].

А. Құқықтық мемлекетте мемлекеттік биліктің ауыртпалығы азды-көпті дәрежеде монарх тұлғасынан халыққа қарай ауысады. Ішкі басқарудың міндеттері заңнамалық тәртіпте жүзеге асырылатын болғандықтан, оны орындауға халық атынан өкілдік ету нысанында қоғам қатысады. Осы міндеттерді заңға тәуелді қызмет тәртібінде одан әрі жүзеге асыру үшін қоғамдық элементтер ерекше, негізінен аумақтық құрылымдар болып ұйымдастырылады, бұлар жергілікті өзін-өзі басқару органдары ретінде көпшілік билік органдарының жалпы жүйесіне кіреді.

Ә. Халықтың мемлекеттік билікке араласа бастағанына қарай қарапайым адам үкіметтің полицейлік шаралары үшін өзіндік қасиеттері жоқ объекті болудан қалып, азаматқа, яғни өзінің жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты мемлекетке сіңіп жоқ болып кетпейтін бірлікке айналады. Өз азаматтарына сүйене отырып, құқықтық мемлекет халықтың бастамасы мен өзіндік

---

[91] Елистратов А.И. Учебник русского административного права. 38-42-беттер.

[92] Бұл да сонда. 42-43-беттер.

қызметінің артуын қоғамдық әл-ауқатқа жетудің ең жақсы құралы деп қисынды түрде мойындауға тиіс.

Б. Дегенмен, өз сұраныстарын ойдағыдай қанағаттандырудың қамын азаматтардың өз пайымы мен жігеріне салу, араласпаушылықтың қоғамның сәттілігі мәселесін түбегейлі шешпейтінін, қазіргі заманғы мемлекет бірте-бірте ұғына бастайды. Жеке адамдардың және олардың топтарының күші мен құралдары жеке адамның адамға лайықты жағдайда тіршілік ету сұраныстарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған реттерде мемлекеттің қолдауы қажет. Осындай қолдаудың алдында тұрған міндет қандай да бір мәжбүрлеуден аулақ болатын мемлекеттің қамқоршылық қызметінің бір өзі ғана, мысалы, нұсқау, ынталандыру, жәрдемақы төлеу, баршаның қолы жететін әрі халыққа пайдалы мекемелерді ашу және т.с. арқылы орындалады. Осындай жағдайда — ойдағыдай әл-ахуалға жету шарттарын қамтамасыз ету ісінде — мәжбүрлеп араласу мағынасында алғанда полицияға шекті құрал мәні беріледі. Құқықтық мемлекетте полицейлік мәжбүрлеудің неғұрлым қатаң позициясы оның қауіпсіздік пен тәртіп жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі дәрежесінде ғана сақталады[93].

Полицейлік мемлекеттің идеологиясы үстемдік құрған кезеңде пайда болған полиция органдар жүйесі құқықтық мемлекет дәуірінде бағыт-бағдары айтарлықтай елеулі өзгерістерге ұшырайды. Біріншіден, биліктің бөліну принципінің тәжірибе жүзінде іске асуына орай, полицейлік функция әкімшілік билік жүйесінде заңдық тұрғыда айқындалады және ұйымдастырылады, сонымен қатар заң шығарушы және сот билігінен ажырайды. Екіншіден, әкімшілік басқару жүйесінің шеңберінде атқарушы полицияның құзыры нақтылана әрі аясы тарыла түседі. Егер XIX ғасырда, тіпті біздің ғасырымыздың басында да полиция функциясы жалпы алғанда мемлекеттік биліктің атқарушы тармағының басқарушы (әкімшілік) функциясымен бірдей деп саналса, қазіргі кезде мұндай ұқсастыру жоқ.

Бірақ өткен ғасырда заң әдебиетінде полицейлік қызметті жалпы (кең мағынада, мемлекеттің атқарушы-өкім етуші

[93] Бұл да сонда. 43-44-беттер.

органдарының бүкіл жүйесінің қызметі ретінде) және арнайы (нақты мағынада, полиция органдарының қызметі ретінде) деп жіктеп қарастырудың басталғанын атап өткеніміз жөн. И.Е. Андреевский атап өткендей, әр түрлі елдерде атқарушы полицияның ұйымдастырылуының көп түрлілігі болған күннің өзінде, мұның кейбір ортақ белгілері бар екен (осыдан жүз жыл бұрын жазылған мына төмендегі ойлардың таңғаларлық екенін атап өткіміз келеді). Енді соларды қарастырсақ[94].

1. Германияда атқарушы полиция органдарына сот функциялары жүктеледі (дәл сол кезде Франция мен Англияда сот билігі атқарушы биліктен бөлінген); кей кезде атқарушы полиция органдарына полиция міндеттері жүктеледі (осы сөздің кең мағынасында); полиция қызметінің кейбір салаларын кең мағынада айтқанда өздерінің ерекше органдары бар. Атқарушы полицияның қызметі азды-көпті ауқымды болуы мүмкін: кей кезде ол сыртқы полицейлік қызметпен шектеледі (Англия), немесе ол саяси-полицейлік қызметке де жатады. Атқарушы полиция органдарына сот және жалпы полицейлік міндеттер аздау жүктелсе, атқарушы қызметтің өзі соғұрлым шектеулі болады, атқарушы полиция органдары өз міндеттерін соғұрлым жақсы орындайды.

2. Атқарушы полиция әкімшілік-әміршілдік сипатта ұйымдас-тырылған, кейде бұған “алқалылық белгілері қосылады” (И.Е.Андреевскийдің сөзі). Ұйым іс-қимылдың шапшаңдығы мен құпияның сақталуы үшін қажет, бірақ атқарушы полиция органдарына алуан түрлі жалпы полицейлік міндеттер жүктелетін және мұның өзі орындаушылардың ерекше білімі мен қасиеттерінің болуын талап ететін жерде жарамсыз болады, себебі бұлардың бір ғана тұлға — бюрократтың бойында үйлесетіні сирек кездеседі. Атқарушы полиция органдары жалпы полицейлік салада жылдам, бірақ қанағаттанарлықсыз әрекет етеді. Атқарушы полиция мен жалпы полицияның бір органда бірігуі қоғам дамуының ең төменгі сатыларында байқалады. Ал, жалпы полицейлік міндеттер санының көбеюіне орай, жалпы полицейлік қызмет атқарушы полиция органдарынан тәуелсіз тиісті органдар жүйесіне ие болады. Жалпы полицейлік қызмет атқарушы

---

[94] Репетиториум полицейского права по курсу И.Е. Андреевского. 26-бет және т.б.

полиция органдарына жүктеледі, және қоғам бұл қызметті қанағаттанарлық етіп ұйымдастыру қажеттігін ұғынбайынша, бұл жағдай сақталады. Мысалы, бұрын фабрика инспекциясының міндеті атқарушы полиция органдарына жүктелсе, қазір оны ерекше органдар (фабрика инспекторлары) атқарады. Полиция қызметінің әрбір саласы үшін ерекше органдардың тағайындалуы арқылы алға қойылған міндеттер неғұрлым тиімді орындалады.

3. Бұрын атқарушы полиция органдарын қауымдастықтар тағайындайтын, кейін үкімет үлкен қауымдастықтар мен қалаларға өз органдарын тағайындайтын болды. Бастапқы кезде полиция қызметі табиғи міндет ретінде, ақысыз атқарылатын, ал енді полиция органдарын ұстап, асырау үшін ақша төлеген тиімді деп саналады, себебі, бір жағынан, бұл арқылы мамандануды арқасында полицейлік қызметтің жақсы атқарылуына қол жетсе, екінші жағынан, азаматтар кәсіби жұмыстарынан алшақтататын міндеттерді орындаудан босатылады.

4. Атқарушы полицияны ұстап асырау қымбатқа түседі, ол өзіне артылған үмітті ақтамайды; бұл жөнінде әр жерден шағым келіп түседі, сол сияқты полицияның қолданатын шараларының азаматтардың еркін дамуына кедергі жасайтыны айтылады. Полицияға кететін шығыс көлемінің ұлғаюына полиция қызметкерлері санының артуы және едәуір іскер қызметкерлерді жұмысқа тарту қажеттілігі себеп болады; ал қызметкерлер санының және кәсіби тұрғыдағы дайындығы неғұрлым жоғары жұмыскерлерге деген сұраныстың артуы атқарушы-полицейлік қызмет аясының кеңеюі мен күрделенуі салдарынан болады. Бұл қызмет жалпы полицейлік жағдайды жақсартуға бағытталған жалпы полицейлік қызметтің кеңеюі мен күрделенуіне кері қатынаста болады. Үкімет пен қоғам қайыршыларды, алаяқтар мен сондай топтарды азайту жолында білім беруге, халықтың мәдениетін жоғарылатуға көбірек көңіл бөлсе, атқарушы полиция органдарына деген сұраныс соғұрлым аз болады. Алайда, аталмыш жалпы полицейлік мақсатқа тез жету мүмкін емес; осының салдарынан үкімет пен қоғам атқарушы полиция органдары қызметкерлерінің санын көбейтуге оның қызмет аясын кеңейтуге мәжбүр. Ал, шындығында, азаматтардың еркін дамуына қысым жасалуы атқарушы полиция мәнісінің салдары

болып табылады; себебі ол қадағалауды және мәжбүрлеуді мақсат тұтады. Осы міндеттерді орындау үшін ол сотқа беру үшін жеке адамды ұстау; тінту; мүлікке тыйым салу; қағаздарды, құжаттар мен хаттарды ашу; қару қолдану құқығын қолданады. Ал, аталмыш іс-әрекеттердің мәнісі зорлық-зомбылық жасау үшін зор мүмкіндік береді, мұнсыз атқарушы полицияның болуы мүмкін емес. Полиция қызметкерлерінің саны неғұрлым көп болса, атқарушы полицияның аталмыш құқықтарының азаматтар үшін қауіптілігі соғұрлым арта түседі. Себебі, полиция қызметкерлерін бұл құқықтарды абайлап, азаматтарға қысым жасамай қолдана алатын адамдар қатарынан жасақтау мейлінше қиындай бермек.

**Полиция функциялары және полицейлік құқық.** Сонымен, көне заманнан бері "полиция" деген терминді жамылып келген әлеуметтік құбылыс адамзат тарихының шолып өтерлік кезеңінде айтарлықтай терең эволюцияны өткерді деп айта аламыз. Заң әдебиеттерінде атап көрсетілгендей, бұл терминнің шығу төркіні грек тілі, және ол политейя (полис — қала) деген сөзден, яғни қалалық, немесе мемлекеттік құрылыс деген мағынаны беретін сөзден шыққан. Осындай бастапқы мағынасында бұл термин латын тіліне politia деген нысанда өткен, дәл осындай мағынасында ортағасырлық жазушылардың еңбектерінде қолданылған. Бірақ XVI ғасырдың аяғынан бастап алдымен Францияда, содан соң Германияда ол сәл басқаша мағынада қолданыла бастады. Бірте-бірте француз тіліндегі police, policity және немістің polizei терминінің аясында қоғамдық тәртіптің алуан түрлі элементтерінің жиынтығы, қоғамның саулығы, сондай-ақ оны қамтамасыз етуге бағытталған үкімет қызметі мағынасында ұғынала бастады. Бұл термин res ecclesiasticae, яғни шіркеу істерінен айырмашылық ретінде, зайырлы басқарудың барлық істерінің жиынтығын — res politicae қамтитын. Басында "полиция" термині осындай кең мағынасында заң шығару және әкімшіліктің ресми тіліне қолданысқа енді, ал кейінірек ғылыми әдебиетке де енді. Бұл саланың өкілдері осы терминді әр түрлі мемлекеттердің тарихында ұзақ уақыт үстем болған бағытқа сипаттама беру үшін қолданды[95].

[95] Дерюжинский В.Ф. Полицейское право. 4-бет.

Демек, полицейлік мемлекет дәуіріне дейінгі кезеңде полицейлік қызмет белгілі бір ерекше органдар жүйесі болып бөлінбеген болатын: полиция қызметінің қандай да бір элементтерін (түрлерін) қоғамның кез келген мүшесінің, тіпті, құқық субъектісі болып табылмайтын жандардың (құлдардың) атқаруы мүмкін еді. Осындай жағдайдың басты себептерінің бірі — мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінбегендігі, біртұтастығы болатын.

Рим империясы ыдырағаннан кейін, Еуропада абсолютизм орнағанға дейін мемлекеттік биліктің әлсіз болғанын, полиция қызметінің қоғамға (корпорация, сословие, цех, діни немесе көршілер қауымдастығына) жүктелгенін байқаймыз.

Полицейлік мемлекет кезеңінде мамандандырылған органдар (атқарушы полиция) пайда болады. Дегенмен, бұл жерде полиция құзырының тым кең болғанын көреміз (қаржы мен дінбұзарларға, революцияшылдар мен шпиондарға қарсы күрестен бастап, қайыршыларға қайырымдылық жасау және көпшілік әйелдер үйлерін бақылау міндетіне дейін). Басқаша айтқанда, бірінші кезеңде кәсіби ұйымдастырылған полиция органдарының жүйесі жоқ болған жағдайдағы полицейлік қызметтің атқарылғанын көреміз, екінші кезеңде осындай органдар жүйесі бар да, бірақ олар мамандандырылмаған: полиция органдарының қызметі бүкіл мемлекеттің қызметімен ұқсастырылуы мүмкін, себебі мемлекеттік биліктің қызметінде полицияның құзыры, мазмұны жағынан бөліп шығарылмаған, ал осыған сәйкес, нысан тұрғысынан алғанда, полиция атқарушы, сот және белгілі дәрежеде заң шығарушы билікте де қызмет ете берген.

Сондықтан, Жаңа заманда ғана, нақтыласақ, соңғы екі ғасырда полицияның ұйымдастырылуы мен қызметінде елеулі өзгерістер орын алады. Мұндай өзгерстердің мәнісі көзге анық көрініп тұр. Басында қоғамдық сана мемлекеттің әкімшілік және полицейлік функциясы ұғымдарын ажырата алмай, екеуін ұқсастырады. Кейінірек мемлекетке жүктелетін басқару функциясы шеңберінде дифференциялау болады, осыған байланысты полиция ұғымы (полицейлік функция, қызмет) кең және шектеулі мағынада қарастырыла бастады. Ақыры, әкімшіліктанушы ғалымдардың жазған еңбектерінің әсерімен полицейлік қызмет кең мағынасында мемлекеттік басқару

функциясы, немесе мемлекеттің әкімшілік функциясы деп атала бастады.

Қазіргі кезде мемлекеттің атқарушы билігі құрылымында белгілі бір міндеттерді шешу үшін құрылған және полиция деп аталатын мамандандырылған органдар жүйесі жұмыс істейді. Полицияның алдына қойылған міндеттерді шешу жөніндегі қызметінің негізгі бағыттарын полицияның функциялары деп атауға болады. Еуропа тарихының сандаған ғасырлық дамуында бұл ұғым мазмұнының эволюциясы осындай! Мемлекеттің полицейлік функциясы мен полиция функциясының ұқсас ұғымдар болып табылмайтыны анық. Егер алғашқысы мемлекеттің қоғамдық үрдістерге тигізетін реттеуші ықпалы шараларының бүкіл кешенін қамтитын болса (бұл ретте мемлекеттің әкімшілік қызметінің маңызы зор), онда полиция функциялары — полиция органдарының атқарушы-өкім етуші органдардың құрылымындағы мамандандырылған жүйе ретіндегі қызмет бағыты. Осыған сәйкес, полицияның қызметі — бұл мемлекеттік биліктің әкімшілік тармағы қызметінің өзіндік ерекшелігі бар аспектісі, және едәуір аз дәрежеде, — мемлекеттің жалпы полицейлік қызметінің элементі.

Жалпы мемлекеттің қызмет ету актілері жүйесінде полицияның орындайтын функцияларын осылай нақтылаудың, біздің ойымызша, айтарлықтай теориялық және әдістемелік мәні бар. Бұл жерде осы зерттеу контекстінде бізге аса маңызды болып көрінетін жайларды ғана атап өтсек.

Мемлекет қызметінің, ал құқықтық мемлекет қызметінің міндетті түрде, құқықтық нысандарда ғана жүзеге асырылатыны белгілі. Демек, мемлекет өз қызметін, басқасын айтпағанда, ең алдымен құқықтық қатынастар шеңберінде сыртқы субъекті-лермен әрекеттесіп жүзеге асырады. Сөйтіп, мемлекеттің жұмыс істеуі құқықтық нормалар жүйесі арқылы реттеледі, ал пайда болатын құқықтық қатынастардың көпшілік-құқықтық сипатын ескерсек, бұл нормалардың формальды қайнар көзі, тек қана заң демегеннің өзінде, көбінесе заң болып табылады.

Л.Дюги сөзімен айтқанда, "көпшілік құқық дегеніміз, мемлекетке қатысты қолданылатын нормалар жиынтығы".

Құқықтың субъектісі ретінде мемлекет көпшілік объективті құқық арқылы басқарылады, осы құқық шегінде мемлекет субъективті көпшілік құқықтардың сақтаушысы, иеленушісі болып табылады; ол өз еркін объективті көпшілік құқық белгілеген шектерде білдіріп, құқықтық нормаларды тұжырымдап немесе субъективті заң ережелерін жасап құқық әлемінде әрекет жасайды. Жеке құқық жазылған немесе жеке (тікелей) тұлғалардың, жеке-дара сол сияқты ұжымдық тұлғалардың арасында қолданылатын әдет-ғұрып нормаларының жиынтығы болып табылады[96].

Л.Дюгидің тұжырымы бойынша, көпшілік құқық сыртқы (халықаралық) және ішкі болып екіге бөлінеді. Ішкі көпшілік құқық құрылымына ең алдымен мемлекетке қатысты қолданылатын және оның атқаратын міндеттері мен иеленетін құқықтарын белгілейтін, сондай-ақ оның ішкі ұйымдастырылуын анықтайтын құқық нормалары кіреді (конституциялық құқық немесе, Дюгидің пікірінше, нақтырақ — органикалық көпшілік құқық). Сонымен қатар, мемлекет өз ішінде қызмет етумен ғана шектелмей, өзге, мемлекеттік емес тұлғалармен қарым-қатынасқа түседі. Бұл, Л.Дюгидің пікірінше, ішкі көпшілік құқықтың екінші бөлігі, мемлекеттің алдына қойылатын міндеттер артқан сайын, ол да айтарлықтай ұлғая түседі. “Қазіргі заманғы адамның тіршілігінде ол мемлекетпен немесе оның агенттерімен қатынаспайтын бір де бір сәт болмайды, — деп жазады Л.Дюги. — Осындай қатынас жағдайы ұлан-ғайыр заң нормаларының, яғни көпшілік құқықтың осы екінші бөлігін құрайтын жазылған және ішінара әдет-ғұрып нормаларының қайнар көзі болды[97]. Бұл саланы Л.Дюги екіге бөледі: әкімшілік құқық және юрисдикциялық құқық. Құқықтың осылай бөлінуі мемлекеттің жүзеге асыратын екі функциясына — әкімшілік және юрисдикциялық функциясына сәйкес жасалады.

Көпшілік құқықтың юрисдикциялық бөлігі азаматтық және қылмыстық салада мемлекет судья ретінде әрекет ететін жағдайларға қатысты қолданылатын барлық нормаларды

---

[96] Дюги Л. Конституционное право. Общая теория государства. М., 1908. 73-74-беттер.

[97] Бұл да сонда. 81-бет.

қамтиды. "Бұл нормалар қазіргі заманғы заңнаманың екі үлкен тармағы — іс жүргізу құқығы мен қылмыстық құқықты құрайды". Мемлекет пен өзге тұлғалардың, соның ішінде әкімшілік актіге орай ұжымдық көпшілік тұлғалардың арасында пайда болатын қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығын қамтитын әкімшілік құқық әкімшілік функцияның жүзеге асырылуына сәйкес келеді.

Л.Дюги әкімшілік құқық мәнінің барған сайын артып отырғанын атап көрсетеді, өйткені "мемлекет әлеуметтік өмірге, өнеркәсіпке, саудаға, білім беру саласына, еңбек пен капиталдың қарым-қатынасына өте жиі және өте белсенді араласуын дәл осы әкімшілік актілер жолымен ғана жүзеге асырады. Әкімшілік құқық саласының ауқымдылығы соншалық, оның кейбір бөліктерін, мысалы, қаржылық құқықты, өнеркәсіптік құқықты, қоғамдық жәрдем туралы заңнаманы бөліп алып қарастыру әдетке айналып кеткен"[98].

Сонымен, мемлекеттің басқарушылық қызметі, яғни сыртқы, мемлекеттік аппараттан тысқары бағытталған қызметі негізінен әкімшілік құқық нормалары арқылы регламенттеледі. Бұл термин XX ғасырдың басында XVIII ғасырдан бастап заң ғылымында қолданылып келген "полицейлік құқық" терминінің орнына келді. XIX және XX ғасырлардың тоғысында біріншіден, мемлекет беделінің қарқынды артуы, екіншіден, оның азаматтық қоғам істеріне араласуының кеңеюі байқалып, әкімшілік құқық саласының нормалары да көбейе бастады. Сөйтіп, оның сала-сала болып бөліну үрдісі орын алды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, әкімшілік құқық жүйесінде ерекше бөлімше (шағын сала) — полицейлік құқықты бөліп алудың мақсатқа сай келетіні туралы қорытындыға келеміз. Бұл үшін негіздер жетерлік. Полиция — мемлекеттің органдары құрылымында айтарлықтай нақты бөлініп тұратын және өзіндік ерекшелігі бар функцияларды атқаратын мамандандырылған мемлекеттік ұйым. Және де ол — жоғарыда айтып кеткеніміздей, азаматтар мен азаматтық қоғамның құқықтарын қорғауға да, сол сияқты бұзуға да қабілетті ұйым. Сондықтан, полицияның ұйымдастырылуы да, қоғамдағы қызметі де мейлінше қисынды жасалған және бір-біріне қайшы

---

[98] Бұл да сонда. 81-86-беттер.

келмейтін нормативтік, әсіресе, заңнамалық актілер жүйесінде нақты регламенттелуге тиіс. Бұған полиция туралы кешенді кодификацияланған ерекше акт жасау жолымен қол жеткізуге болады.

Іс жүзіне келсек, әрине, полиция туралы заңнаманың қатаң салалық сипатының болуы мүмкін емес, олай болмау да тиіс, өйткені оның ұйымдастырылуы мен қызметі қоғамдық қатынастардың өте кең ауқымына таралады. Сондықтан, полиция функцияларының регламенттелуі әр түрлі салаларға жататын нормалардың кең кешені арқылы жүзеге асырылуға тиіс, және де бұл нормалар көпшілік құқық, сол сияқты жеке құқық саласына да жатуы мүмкін.

# 2-тарау. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ПОЛИЦИЯ ФУНКЦИЯСЫ

## § 1. Құқықтық мемлекет ұғымы және оның полицейлік қызметі

Мемлекет пен құқықтың өзара байланыстылық мәселесі заң ғылымдарының бүкіл тарихы бойы зерттеп келе жатқан мәңгі мәселелер қатарына жатады. Бұл ретте К.А.Неволиннің мына пікірімен келісуіміз қажет сияқты. Оның айтуынша, құқық философиясының пайда бола бастауын (оның сөзінше — “*заңнама философиясы”*), ал мемлекет пен құқықтың ара қатынасы мәселесі философиялық мәселе болып табылады, сондықтан оны, көне тарихтың грек кезеңімен байланыстырған жөн. Гректердің мінез-құлқы оларды философияға ерекше қабілетті етіп, “қиял оларды идеалды әлемге үздіксіз жетелейтін; ал ойдың шарықтауын жарқын парасат билейтін”, — деп жазады К.А.Неволин[1].

Бұған керісінше, Көне Шығыстың адамы дүниенің ғаламат құбылыстарына таңғалып, тұла бойын қорқыныш билеп, ұшы-қиыры жоқ ғаламды беріле тамашалайды, ал оның рухы өзінің қадір-қасиеті, құдыреті бар екендігін ұғынудан қалады. Ол өзінен тыс, яғни табиғаттың билігіне мойынсұнып ғұмыр кешетіндіктен, оның бойында негізінен табиғатқа бет бұратын күш, сезімталдық, қиял қанат жаяды. Шығыс елдері халқының бойындағы сезім оны өмір жолында кездесетін құбылыстардың алдында әлсіз етеді; оның қиялы нақты ұғымдардың орнына елес туғызып, ойын шатастырады, ойдан құрғақ әңгіме шығарады. Сондықтан, шығыс елдерінен философия іздейтіндерге, әсіресе заңнама философиясын табам деушілерге мынадай сөз айтуға болады. Біріншіден, шығыс халықтарының философиясын олардың дінінен бөліп алып қарастыруға болмайды, және екіншіден, шығыс философиясы туралы барлық мәліметтерге қарағанда, ондағы ғұлама ойлар заңнама нысандарына таралмайтын.

---

[1] Неволин К.А. Энциклопедия законоведения / Изд. подгот.: Д.И. Луковская, С.С. Гречишкин, Ю.В. Ячменев. СП.б., 1997. 114-бет.

Ежелгі римдіктерге келсек, К.А.Неволин дәл көрсеткендей, олар бізге белгілі бір философия берсе де, бұл философияны сол деуге болмайды. "Оларда сана-сезім ерекше басым болғанымен, оймен меңзей қарау күші оларға жат, ең болмағанда, философиялық ойлау үшін қажет болатын дәреже де жоқ еді. Өмір бойы олардың пәре-пәресін шығарған бір-біріне қарама-қайшы бастаулардың арасындағы күрес, негізінен азаматтық істерге, мемлекетке, дүниежүзілік үстемдікке бағытталған мақсат-мұраттары олардың қызметінің басым бөлігін алатын. Міне, осының бәрінен кейін идеал дүниеге қатысты шаруаға олардың бейімі де, қабілеті де, уақыты да болмайтын[2].

Фалестен бастап Сократқа дейінгі кезеңде дүниенің пайда болу мәселесіне алаңсыз кеткен гректердің ғылыми ойында ізгілік мәселелеріне аса көңіл бөлінбесе де, бұл жерде заңнама нысандарына арналған кейбір үзік ойларды ғана кездестіруіміз осының арқасында, Пифагордың ізін қуушылардың өзі *шындықтың (әділдіктің)* не нәрсе екені туралы мәселе көтереді. Пифагорлықтардың идеалы әділ заңдар үстемдік құрған полис болып табылады, ал ең үлкен зұлымдық, олардың ойынша, — анархия (өйткені өзінің жаратылысына байланысты адам нұсқаусыз, басшылықсыз және тиісті тәрбие алмай өмір сүре алмайды). Пифагорлықтардың ілімі бойынша, заңға бағынушылық жоғары ізгілік болып табылады, ал заңдардың өзі — үлкен құндылық, сондықтан Құдайдан кейін ата-ана мен заңдарды бәрінен артық құрметтеп, оларға сырттай және өтірік емес, наным бойынша бағыну керек [3].

Демокрит тұлғасындағы атомшылар заңдар мен мемлекеттің қызметінде ізгілік бастауының бар екендігін жоққа шығаратын үрдісті негіздеген, ал кейіннен софистер оны түпкілікті тұжырымдап берді. Ғұлама адам үшін бүкіл дүние оның отаны болады, сондықтан мемлекеттік істермен шұғылдану жан тыныштығын бұзады. Демокриттің пікірінше, адамдар бірін-бірі ренжітуге бейім болмағанда, онда жалпы заңдар ешкімнің де өз еркімен өмір сүруіне тыйым салмас еді. *Софистердің* ілімі бойынша, мемлекеттің мәнісі зорлық; ал *әділетті* немесе *заңды* деп аталатын нәрсе ең пәрменді адамдарға *пайдалы*, өйткені

---

[2] Бұл да сонда. 113-114-беттер.

[3] История политических и правовых учений: Учебник / Под ред. В.С. Нерсесянца. М., 1995. 40-бет.

мемлекетте әрқашан пәрменді адамдар ғана үстемдік құрып, заңдарды өзінің пайдасына ыңғайлап шығарады. Сөйтіп, софистердің пікірінше, мемлекет дегеніміз бір жүйеге келтірілген зорлықтың тап өзі, пәрменді адамдардың қауқарсыз адамдарға әділетсіз түрде үстемдік жүргізуі; азаматтарға ортақ ештеңе жоқ; тек жәбірлеушілер мен жәбірленушілер ғана бар; әр тарап және ондағы әрбір адам өзінің пайдасын ғана ойлайды, дене күшінің мүмкіндігі жеткенше билік құрады және құлдық ұрады, ал қалғандары дәрменсіз күй кешеді[4].

Осындай философияның пайда болуын К.А.Неволин грек мемлекеттерінің нақты тарихи жағдайларымен байланыстырады. Бұл ретте ол "софистер сияқты бейшара адамдар біреуді аздыруы мүмкін емес деп есептеген" Платонға сілтеме жасайды. Сондықтан, олар өз заманының рухымен ғана қосылды, ал грек халқы өзінің осындай адамдарға мұқтаж екендігін сезінген кезде, олар оған өз қызметін ұсынды, айта кететіні, олар ізгілік дүниенің бұзылуына өзіндік үлес қосты[5]. Адамзаттың философиялық ойының даму тарихын зерттеген кезде ұшырасатын қызықты байланыстардан құтылу мүмкін емес[6].

Сократ софистер сияқты, табиғи құқық пен полис заңын бөле-жара қарағанмен, олардан бір өзгешілігі, табиғи құқық та, полис заңы да өзінің бастауын ақылдан алады деп көрсетті. Заңдар дегеніміз, бұл әр адамға жақсылық пен жамандық туралы білім бере алатын қайнар көз, сөйтіп заңды нәрсе әділетті болады дей отырып, ол заңдар деп қағазға жазылған, немесе адамдардың шығарған заңдарын ғана емес, сонымен қатар үкімет жария етпесе де, халыққа белгілі және өзінің бойында марапат пен жазаны қамтитын жазылмаған заңдарды да, немесе Құдай заңдарын да қарастыратын. Заң негізінде басқарылатын мемлекеттер ғана игілік орнаған мемлекеттер қатарына жатады[7].

---

[4] Неволин К.А. Энциклопедия законоведения. 118-119-беттер.

[5] Бұл да сонда. 178-179-беттер.

[6] Атап өтетіні, осылай байланыстырудың негізі жоқ емес. Бұл тұжырымды растау үшін Г. Еллинектің беделіне сүйенуге болады,ол "қазіргі заманда нақты мемлекеттік тәртіпті қоғамдық таптардың күш арасалмағының көрінісі деп қарастыратын қоғам туралы социалистік ілім софистердің көне ілімін басқа нысанда қайталайды" деп айтарлықтай үзілді-кесілді тұжырым жасайды.

[7] Қараңыз: История политических и правовых учений: Учебник / Под ред. В.С. Нерсесянца. М., 1995. 49-бет; Неволин К.А. Энциклопедия законоведения. 121-беттер.

Адамдардың жанын ұялаған құдыретті ақыл-ой оларға әсер етіп, жақсылық идеясына жетелейді, — деп есептейді Платон. Жақсылықты біле отырып, ақыл-ой құр бос отыра алмайды; қайта керісінше, ол өзінің бар білгенін іс жүзіне асыруға ұмтылады, адамның бойындағы жаман күштерге үстемдік етеді және осы күштің әрқайсысына не істеу керектігін сілтеп көрсетеді. Бұл жағдайда адамдар мәңгі Құдіретті тәртіпке қарап отырып, Құдайға ұқсас болуға тырысады және өз шеңберінде дүние жарату ісін жалғастырып отырады. Адамның бойында осылайша байқалатын құдіретті немесе жақсы нәрсені Платон *шындық* деп атайды. Шындықты Платон үш түрлі етіп қарастырады: а) әр адамның жанында жеке-жеке; ә) мемлекетте; б) жалпы адам баласында[8]. Платонның ілімі бойынша, Құдыретті ақыл-ой бүкіл дүниеде және әрбір жеке жанда үстемдік құрған соң, мемлекеттегі жоғарғы билік те оның қолында. Бірақ мемлекеттегі ақыл-ой үстемдігі тікелей немесе белгілі бір құбылыс арқылы байқалуы мүмкін. Екіншісі заңдар арқылы іске асады. Ал, заңдар дегеніміз ақыл-ойдың жемісі, олар мемлекеттің барлық мүшелеріне ортақ мінез-құлық ережесі болуға тиіс, олар данышпандардың аузынан шығады және көп уақытқа созылған тәжірибе жүзінде тексеруден өткен. Платонның пікірінше, ақыл-ой тікелей билік ететін мемлекетті ғана кемеліне жеткен мемлекет деп айтуға болады. Бірақ қазіргі жағдайда кемеліне жету мүмкін болмағандықтан, Платон ақыл-ой жағынан соны артық деп бағаласа да, адам баласының нақты жағдайында заңға негізделген басқаруды ғана жөн деп санайды[9].

Сонымен, Платонның ілімі "шындық Құдыретті ақылдың көрінісі ретінде заң жүзінде орнайды, ал жетілген мемлекет дегеніміз — бұл заңды басшылыққа алып әрекет ететін мемлекет" деген тұжырымға негізделеді. Заң мен мемлекет бір-бірінен ажырамайтын біртұтас ұғым: заң үстемдік құрмайтын мемлекет — бұл осы сөздің дәл мағынасында алғанда, мемлекет те емес.

Мемлекет пен құқықтың өзара байланысы (шындық, әділдік) Аристотельде одан да нақты көрініс табады. Әділдік ұғымы, — деп жазады ол, мемлекет туралы түсінікпен байланысты,

---

[8] Неволин К.А. Энциклопедия законоведения. 125-бет.

[9] Бұл да сонда. 131-бет. Тағы да: Аннерс Э. История европейского права. М., 1996. 38-39-беттер.

өйткені әділдіктің өлшемі саналатын құқық саяси қарым-қатынастың реттеуші нормасы болып табылады. Платоннан бір ерекшелігі, Аристотель саяси басқару — бұл адамдардың емес, заңның билік құруы деп санайтын, ең жақсы билеушінің өздері сезім мен жан күйзелісіне беріледі, ал заң болса — бұл “салмақты ақыл-ес”[10].

*Стоиктер* философиясының идеалы адамдар мемлекет, халық және заңдарға қарап бөлінбей, бір-бірінен айырмашылығы мүлдем болмай, бәріне ортақ өріс іспетті бір заңнан нәр алып, жалпы келісімде өмір сүру керек дегенге әкеп саятын[11]. *Скептиктер* болса, оңды заңдардың және философтардың ізгілік және заңнама мәселелеріне қатысты ой-пікірлерінің арасындағы айырмашылыққа сілтеме жасай отырып, өздігінен жақсы да, жаман да ештеңе жоқ, тек заң мен әдет-ғұрып қана жақсы мен жаманның, әділеттілік мен әділетсіздіктің арасындағы айырмашылықты белгілейді деп дәлелдейтін[12].

Антика қоғамының жеке адамның, мемлекет пен құқықтың (заңның) арақатынасына қатысты философиялық ойлары мен тәжірибесі жайлы қысқаша очеркті зерделей отырып, Ресейдің жаңа тарихын зерттеу кезінде біраз нәрселерді анықтап алуға көмегі тиюі мүмкін бірқатар өте қызық қорытынды жасауға болады.

Ең алдымен, грек философтарында идел мемлекет пен идеал заңды бірдей деп саятындығын байқаймыз: идеал мемлекет — бұл заңға бағынатын мемлекет, ал идеал заңдар, нақтылай түссек, заңдардың дәл өзі — бұл *шындықты* (әділдікті) Жоғары, Құдыретті ақыл-ойдың көрінісі ретінде бекітетін заңдар.

Сонымен қатар, сол қоғамда полистің тұрғыны саяси жан болып табылады, бірақ полис азаматтың тұлғасын айтарлықтай дәрежеде құнсыздандырып жібереді. Мұндай жағдай антиканың бүкіл тарихы бойы сақталып келген. Рим мемлекетінде де, әсіресе оның өте көне дәуірінде, Рим азаматтары ғана толыққанды құқығы бар адамдар деп танылатын, ал Рим қауымына кірмейтіндердің бәрі қағидат тұрғысынан алғанда, ешбір құқығы жоқ жандар деп есептелді. Тіпті, олар жау *(hostes)*

---

[10] История политических и правовых учений: Учебник. 62-63-беттер.

[11] Саясаттың мәнісін Зенон дәл осылайша тұжырымдаған. - Қараңыз: Неволин К.А. Энциклопедия законоведения. 167-бет.

[12] Бұл да сонда. 168-бет.

деп саналып, оларға ешқандай қамқорлық жасамай, өлтіріп тастауға немесе құлға айналдыруға болатын[13].

Азаматтың саяси тұлғасының полиске сіңіп, жұтылып кетуі саясаттану және заң ғылымында кеңінен мойындалған факт болып табылады. Г.Еллинек бұның айтарлықтай қисынды түсіндірмесін табады. Халықаралық айналымның дамымағандығы, тізе бүккен адамдардың бейқұқықтығы полистің тіршілігін оның әрбір жеке мүшесінің ғұмыр кешуіне тығыз байланысты ететін. Дәл сол кезде жеке адам бостандығының шектеулі екендігін толық ұғыну мүмкін болмайтын, мұны, әсіресе үстем тапқа жататын азаматтар түсінбейтін, өйткені жеке адам өзінің мемлекетке бергенін ел басқаруға қатысу арқылы өтеп алатын. Азаматтың болмысы дәл осындай қатысудан байқалатын, оның қарапайым адамнан айырмашылығы да сол.

Одан әрі, полис мемлекеттік қана емес, діни қарым-қатынастың ортасы болатын. Қазіргі заманғы дүниенің екі негізгі құрылымы — мемлекет пен шіркеу грек полисінде бір-бірінен ажырамас тұтастық болып табылады. Осы жағдайдың өзіне байланысты эллин мемлекеті өз азаматтарына көбірек талап қоюға тиіс еді. Гректің ұлы ойшылдарының еңбектерінде тұжырымдалған ой-пікірді мемлекеттік және діни қарым-қатынастың осылайша бірігуімен түсіндіруге және ақылға қонымды етуге болады. Олардың ойынша, мемлекеттің ең биік мақсат-мұраты азаматты ізгілікті өмір сүруге баулып тәрбиелеу, ал азаматтың ең биік міндеті ізгілік талаптарын іске асыру болып табылады. Бұл көзқарас мемлекетті жасаған құдай, онда әрқашанда құдайлар жүріп-тұрады, оларды құрметтеу — азаматтың бірінші әрі ең жоғары міндеті деген халықтың байырғы нанымымен астасып жатады. Антика заманының мемлекеті былайша бір мезгілде — шіркеу де, сондықтан да ол құқықты іске асырумен шектелмей, тәрбие беруге де тиіс. Ол адам үшін қымбат және қасиетті саналатын нәрсенің бәрін

---

[13] Римское частное право: Учебник / Под ред. И.Б. Новицкого, И.С. Перетерского. М., 1996. 5, 20 және т.б. беттер. — Кейінірек, тауар айналымының дамуына байланысты Римде ерекше құқық — халықтардың құқығы (jus gentium) қалыптасты, ол бейазаматтардың арасындағы, сондай-ақ Ежелгі Римнің азаматтары мен бейазаматтары қатысатын қатынастарға қызмет көрсетуге арналған, ол саяси емес, тек қана таза утилитарлық мақсатты көздейтін.

қамтиды, осыған орай эллин сырттай мәжбүрлеуден қорыққандығынан емес, өзінің көкейінде жатқан ішкі нанымына орай өзін-өзі мемлекетке арнауға тиіс; өйткені мемлекет оның азамат ретінде ғұмыр кешетініне кепілдік береді, ал бұл сол кезде адам сияқты тіршілік етудің бірегей түрі еді[14].

Полистің азамат тұлғасын осылайша толығымен жұтып-сіңіруі жалпы алғанда Ежелгі Грекияға да, Көне Римге де тән. Бұл жерде мынадай нақтылау жасау керек: уақыт өте келе, халықаралық айырбас қатынасының дамуына орай бұл жағдай жұмсара түседі, бұл әсіресе Римге қатысты. Парсы соғыстары заманынан бастап грек мемлекеттері, ең алдымен Афины, жеке адамның алғашқыдағы байланып-маталған күйден барған сайын босануы бағытындағы эволюцияны кешеді. Дүниенің бәрін қиратып жіберетін философиялық талдау мемлекетке деген бұрынғы көзсіз берілгендікті қатты шайқалтып жіберсе, софистика ең ақырында мықтының құқығы туралы ілімін алға тартты[15].

Осы орайда Г.Еллинек қазіргі заманғы заң ғылымында қалыптасқан грек полисінің азаматы полис тарапынан толықтай шектелген және оның жеке бас бостандығы мүлдем жоқ болатын, ал римдіктер полисінде бұл жағдай одан бетер деген пікірді қызу және нанымды түрде жоққа шығаруға тырысады. Алайда, ақыр соңында ол антика мемлекетінде қазіргі заманғы мемлекеттегідей, жеке адамға өзінің тұлғалық қасиеттерін білдірудің еркін, мемлекеттен тәуелсіз аясы берілген, бірақ көне заман адамдары бұл саланың мемлекеттің араласуынан деген бостандығының *құқықтық сипатын ұғынуға* жете алмады. Жеке бостандықтың *құқықтық* институт ретінде ұғынылуы жеке адам мен мемлекеттің бір-біріне қарама-қайшы екендігінің ұғынылуына байланысты. Бірақ эллиндердің ой ғылымы белгілі қажеттікке орай осылай ұғынудан жұрдай болатын, ал кейінгі замандағы индивидуализм бұл қарама-қайшылық сезімін туғыза алатындай дәрежеге жеткенде, грек мемлекетінің дербестігінің заманы өтіп кетті. Антика заманының теориялары бойынша, мемлекет құдыретті саналады, себебі оны заңдық жағынан шектеудің қандай да бір себебі жоқ, және таза монистикалық

[14] Еллинек Г. Право современного государства. Т. 1. 219-220-беттер.

[15] Бұл да сонда. 220-бет. — Софистердің көзқарасы олардың жеке пікірі еместігін, ал олардың қалыптасып жатқан жаңа идеологияны көрсеткенін біз жоғарырақта айтып кеткенбіз.

үлгіде құрылған, әрқашан да бастапқы, тікелей де жалғыз органға сүйенетін мемлекетте конституциялық шектеу қою ешбір мүмкін болмай қалады[16].

Батыс Еуропадағы *ортағасырлық* қоғам, өзінің дамуының түптің түбінде адам тұлғасының мемлекеттік биліктен дербес болатыны, адам құқықтары мен құқықтық мемлекет туралы қазіргі заманғы идеяны саяси тәжірибеде тұжырымдаудың, іске асырудың материалдық негізі қызметін атқарғандығымен қызық. Батыс Еуропада феодалдық мемлекеттер тіршілік ете бастаған кезде-ақ қоғамда мемлекет (зайырлы) және шіркеу (дін) билігі бір-бірінен бөлініп кеткен, және айта кететіні, бұл бөлініске жарыспалылық рухы тән еді, шіркеу діни билікті зайырлы биліктен басым етуге ұмтылып, кейде өзінің діттегеніне жетіп те отыратындай дәрежеге дейін көтерілетін. О бастан өзінен-өзі әлсіз болған мемлекеттік билік, әсіресе Еуропа мемлекеттігінің ертедегі даму сатыларында, өзінің билігін жердің белгілі бір аумағына билік жүргізу құқығының көрініс табуы ретінде қарастыратын мемлекеттер кейпінде болды. Ал, басқа феодалдар өздерінің егемен билігін (олардан артық не аз шектеу қойылып) бұлармен қатар жүзеге асырып отырды. Ақыры, қоғамның өзі корпоративтік қағида бойынша құрылған еді, және билік, әсіресе қалада, корпорациялардың өзін-өзі басқаруы шеңберінде іс жүзіне асырылатын.

Сөйтіп, Батыс Еуропа мемлекеттерінде антика қоғамдарына тән билік монизмі о баста жоқ еді, себебі билік әр түрлі көптеген әлеуметтік институттар арасында бөлінетін. Әрине, уақыт өте қоғамның дамуы билікті мемлекеттің қолында шоғырландыру бағытында жүрді, ал мемлекет, әсіресе полицейлік мемлекет дәуірінде адами қатынастардың мүмкіндігінше зор саласын өзінің бақылауына алуға ұмтылды, бірақ та ол мемлекет пен жеке адамның идеологиялық, психологиялық және құқықтық жағынан бірігуінің антика қоғамындағыдай осынша жоғары дәрежесіне ешқашан да жете алмады. Бұл жөнінде Г.Еллинек тамаша және нанымды түрде әңгімелейді.

Көне заманда, — деп жазады ол, адамда мемлекеттен деген бостандықтың белгілі бір саласына оңды-құқықтық көз салуды айқын түйсінудің болмағаны даусыз. Жаңа дәуір мемлекетінде, тіпті шексіз абсолютизм дәуірінде де керісінше жеке адамның

[16] Бұл да сонда. 225, 242-беттер.

мемлекетке қатысты алғанда өзіндік мәні бар және сол себептен оның тарапынан мойындалуға тиіс моральдық және құқықтық бірлік екендігі туралы көзқарасты ешқашан да басып тастау мүмкін болмайтын. Мұндай наным — қазіргі заманғы мемлекет жеңіп шығуға тиіс болған және адамзаттың есінен ешқашан да кетіп жойылмаған екі жақтың антагонизмінің жемісі. Король мен халықтың арасындағы антагонизмнің әсері мемлекеттік билік халыққа қатысты шексіз емес, ол өзінің құқықтық егемендігіне қарамастан, белгілі бір шектерге қойылған деген ұғымнан да байқалады. Қазіргі заманғы бостандық кепілдіктері орта ғасырларда жеке адамдарға, корпорациялар мен сословиелерге берілген еркіндіктермен және артықшылықтармен дау туғызбас байланыста жатыр. Дәл осылай мемлекет пен шіркеудің арасындағы қарама-қайшылық ендігі кезде мәдени мемлекеттерде жалпы қабылданған мемлекеттің билігі өз мүшелерінің діни санасында әл жетпес шекке тап болады деген нанымды туғызды. Реформация туғызған антагонизмнің нәтижесінде қалыптасқан бұл пікір мемлекеттің жеке адамға деген көзқарасының қазіргі заманғы құрылысына шешуші әсерін тигізді.

Ортағасырлық мемлекеттегі екі жақты дуализм болмағанда, жеке адамды өзіндік мәні бар, мемлекетке түгелімен сіңіп кетуге тиіс болмайтын әлеуметтік күш деп ұғынуға және осыны тікелей мойындауға келетініміз екіталай[17].

Сонымен бірге, (бұл жерде біздің зерттеуіміздің контексінде аса маңызды болатын Г.Еллинектің ой-пікіріне назар аударайық) орта ғасырларда болған саяси билік плюрализмінің айтарлықтай кемшіліктері де бар еді: оны жеңе алмаған елдер (мысалы, Германия мен Польша) мемлекеттің біртұтастығына жете алмады да, мемлекет ыдырап кетті. Сондықтан, абсолютті атанған монархия аталмыш ортағасырлық корпоративизмді жеңе отырып, Рим дәуірінен кейін алғаш рет Батыс Еуропаның ірі мемлекеттерінде мемлекеттің біртұтастығы идеясын іс жүзіне асырды. Монархия әуелден бір-біріне тәуелсіз болған салаларды біртұтас етіп байланыстыра білді, лендік қызметте болуы мүмкін кездейсоқтықтардан бос, біртұтас әскер мен мемлекеттік шенеуніктер тетігін құрды, сот билігін түгелдей

[17] Бұл да сонда. 240-241-беттер.

мемлекеттің қолында шоғырландырды немесе тым болмағанда, оны феодалдық юрисдикцияның бақылауына бағындырды, сословиелік басқаруды үйлестірілген билік дәрежесінен қатал бағындырылған билік дәрежесіне дейін төмендетіп жіберді. Феодалдық билікті басып-жаншып, ойда жоқта көптеген санатқа бөлінген сословиелік қоғамды теңдей құқық қабілеттігі қағидасында құрылған азаматтық қоғамға айналдырған "ұлы тегістеу" үрдісін іс жүзіне асырды.

Қысқасын айтқанда, біртұтас мемлекет идеясы осылайша ұлы тарихи эволюцияны тәмамдайды. *Қазіргі заманғы мемлекет антика заманының мемлекеті үшін бастапқы, аттанар жер болған жайтқа түпкі нәтиже деп жетті.* Сол себептен де қазіргі заманғы мемлекет антика заманының мемлекеті сияқты, бірақ іс жүзінде одан да артық мөлшерде әлеуметтік өмірдің барлық саласында өзінің үстемдік құру құқығы мен билігі болуға тиіс деп санайды; әрине ол араласудың шекарасын белгілеп қояды, бірақ бұл шекара оның өз мойнына алған міндеттеріне қарай қажетті деп табатындай ғана болады. Бірақ ол өз мүшелерінің ешқайсысында оның өзіне абсолютті шекара қоюы мүмкін, мемлекеттен тыс құқықтың болуын мойындамайды. Ал, мұндай құқықтың барын мойындау көп ғасырға созылған күрестен кейін ғана жеңіліс тапқан дуализмге қайта оралуды білдірер еді[18] (бірақ, әрине, ортағасыр-лық дуализм заманы қазіргі заманғы мемлекетке өзінің өшпес таңбасын қалдырып кетті).

Қазіргі заманғы батыс мемлекеті — өзінің бойында ортағасырлық мемлекеттің плюрализмін, сол сияқты абсолюттік мемлекеттегі биліктің біртұтастығын үйлесімді сақтап келген ұзақ дамудың нәтижесі. Византия болса — оның жайы бөлек. Бұл мемлекетті Г.Еллинек тым көңілсіз етіп сипаттайды. "Батыс Еуропа халықтарының тарихындағы сол кез жеке адамның басқа заманда болып көрмегендей өте басып-жаншылған кезі, оның үстіне ол берірректегі абсолютті мемлекеттердің азаматтары сияқты, бұл зорлықтан құтыла алмайтын еді. Азаматтық құқықтарға ғана ие болған (бұл жерде — мүліктік құқық —

[18] Бұл да сонда. 238-239-беттер.

*авт.*) жеке адамның қолында не билік, не одан бостандық болған жоқ, бұған оның өте нашар қорғалғанын да қосыңыз. Енді ғана сейіле бастаған түпсіз қараңғылық ең соңғы Шығыс Рим империясын құшағына алып, ол жердегі мемлекеттік абсолютизм өзінің шарықтау шегіне жетті”[19].

Ең алдымен, оқырманның назарын Г.Еллинектің соңғы пікіріне аударсақ: оның бұл кітабы XIX және XX ғасырлардың тоғысында, яғни Ресейде өзгеріс болып жатқан кезде жазылғанын ескерсек, онда “түпсіз қараңғылық енді ғана сейіле бастаған” елдің кескіні айтарлықтай айқындала түседі. Шынында да, жағдай осылай-тын, себебі кітаптың басқа жерлерінде Г.Еллинек былай деп жазады: “Тарихи мирасқорлыққа орай, Италия мен Византия империясындағыдай романтикалық идеялар өмір сүрген жерде сословиелік мекемелер ешқашан да болған емес”. (Бұған сословие болып бөлінудің Ресейде де өте қатты болмағанын қосуымызға болады. Мұндай бөліну 1649 жылғы Уложение арқылы, ал Ұлы Петр тұсында одан да бетер, заң жағынан формалданған. Бірақ сословиелік мекемелер Петр заманына дейін де, одан кейінгі кезде де Батыс Еуропа елдеріндегідей рөлді атқарған емес).

Италиядағы қала республикалар, – деп жазады Г.Еллинек, ортағасырлық дуалистік мемлекеттер тобының арасындағы монистикалық үлгіде ұйымдастырылған қоғамдар болып табылады. XIV және XV ғасырлардағы Италия қалаларының тираниясы құдыретті және тәсіл таңдау жағынан қысылуды білмейтін күш-жігер біріктіретін біртұтас қоғамның прототипі емес. Қайта өрлеу дәуірінде тарихи жағынан дайын болған Италияның топырағында мемлекет туралы қазіргі заманғы идея туады. Макиавеллидің түсіндіруі бойынша, мемлекет өзінің бойында сақталған антика мемлекетінің көптеген қасиетінен әлі де арылмағанымен, шындығында жаңа мемлекет болып табылады, ол өзінің барлық мүшелерінен жоғары тұрған билік ретінде орнығуға ұмтылады. Ақырында “князь бен халықтың дуализмін басынан мүлдем кешпеген, ал мемлекет пен шіркеудің дуализмін болмашы дәрежеде ғана көрген, Византия империясы және ең ақыры Ресей сияқты мемлекеттер мемлекет

---

[19] Бұл да сонда. 232-бет.

пен жеке адамның арасындағы қағидатты шекараның бар екендігін тура мойындауға ешқашан жете алмаған”[20].

Заң ғылымы саласында мойындалған ғұламаның жоғарыда келтірілген ой-пікірлері ақылға қонымды. Шынында да, Ресей сословие болып бөлінуді, сословиелік өкілдік институтын, демек сословиелік және князь билігінің теке тіресін білген емес, сол сияқты ол зайырлы және діни билік дуализмін көрген емес, себебі православие шіркеуінің дәл өзі әр заманда мемлекет тұтастығының және мемлекеттік билік мықтылығының белсенді факторы болды (Византияда да дәл осылай болған). Осыған сәйкес, бізге мемлекет пен жеке адам дуализмі бейтаныс, өйткені біздің қоғамдық санамыз мемлекеттің ісін әрқашанда осы мемлекет азаматының жеке шаруасы деп те қарастыратын.

Сөйтіп, кезінде Филофей ақсақал тұжырымдап берген “Мәскеу — үшінші Рим” деген доктрина оның қиялының жемісі емес тіпті Мәскеу князьдерінің өздерінің ұлы князь билігін негіздеп алуының құралы да емес (ал, тарих оқулықтарында осылай делінеді). Шындығында, Ресей көптеген себепке орай антика заманынан келе жатқан мемлекет пен жеке адамның біртұтастығы дәстүрін бүгінгі уақытқа дейін сақтап келген ел болып табылады[21]. Осы жағдайды көрсете отырып, біз Ресейде құқықтық мемлекет құрудың қажеттігін негіздегенде осыны назарға алуымыз керек: бірнеше ұрпақтың санасында таңба басқандай сақталған мемлекеттік, зайырлы және сословие биліктерінің дуализмі тән болған Батыс Еуропаның ортағасырлық тәжірибесі бізде жоқ.

Г.Еллинектің жоғарыда келтірілген пікіріне қатысты тағы бір ойымыз оның Византия империясы азаматының құқықтық ахуалына берген бағасына байланысты болмақ. Жұмсартып айтқанда, объективті деп айтуға келіңкіремейтін осындай баға берудің негізінде француз ағартушыларының тұжырымы жатыр. Олар бұған, біріншіден, қарсыластарымен пікір жарыстыра отырып, ал екіншіден, қолдарында тарихи деректер түгел

[20] Бұл да сонда. 235, 237, 241-беттер.

[21] Осы тұрғыдан алғанда, егер большевиктердің билікті басып алуын және содан кейін олардың орнатқан саяси режимін ертедегі аталмыш антикалық-орыс дәстүрінің еліміз ғасырлар бойы кешіп келген және өткен ғасырдың екінші жартысында ауытқи бастаған баяғы даму бағытына қайтып әкелгендей анық шолуы деп сипаттасақ, — онда оны осылайша бағалау адам сенгісіз болып көрінбес еді.

болмай жатып келген еді. Дегенмен, XIX ғасырда мұндай баға беру жалпы қабылданған демегеннің өзінде, өте кең тараған болатын. Мюнхен тарихшысы, публицист Я.Фаллмерайердің көзқарасы бұл тұжырымдаманың шекті көрінісі болды. Ол Византияның тарихы Рим тарихының жалғасы болған жоқ деп есептейтін. Оның пікірінше, Римнің мирасқорлары Батыс Еуропа халықтары (немістер, ағылшындар, француздар және т.б.) болған.

Я.Фаллмерайер Византияны Батысқа жат әрі жау славян мемлекеті деп санайтын. Оның ойынша, Византия мемлекеті шіркеуді өзіне толығымен бағындырып (*цезарепапизм*), өмірдің барлық саласына бақылау орнату арқылы адамның тұлғалылығын басып-жаншып отырған. Византия императорлары заңнан тыс өмір сүрген және өз қалауынша билеп-төстеген шығыстың нағыз деспоттары болған. Я.Фаллмерайердің жасаған негізгі қорытындысы "византинизм" мирасқорларына — славян халықтарына және бірінші кезекте Ресейге қарсы күрес жүргізуге үндеуге әкеліп соғады. Бұл жерде А.А.Новиковтың пікірімен келісуіміз керек. Ол Я. Фаллмерайер XX ғасырда Кеңестік Ресей режимі ("тоталитарлық", "деспоттық") және Батыс Еуропа — АҚШ режимінің ("демократиялық", "либералдық", "ашық қоғам") арасында болған теке тіресті іс жүзінде алдын ала белгілеп қойды деп атап көрсетті [22]. Салмақты да салиқалы зерттеуші Г. Еллинек осыған ұқсас экстремистік қорытынды жасаудан ат-тонын алып қашса да, оның Византиядағы саяси биліктің сипатына қатысты позициясы бір мағыналы екендігін байқау қиын емес.

Дегенмен, қазіргі заманғы зерттеушілер Византиядағы басқару жүйесінің өте рационалды болғанын, онда бүкіл әлеуметтік өмір мен билік қатынастарының баршаға міндетті заңға сүйенгенін дәлелдеді. Жоғары билік халықтың бақылауында болды: сол дәуір үшін демократиялық саналатын император сайлауы арқылы халық мемлекеттік саясатқа шынайы әсер тигізіп отырды. Император мен халықтың арасында тығыз байланыс болған, мұның өзі әлеуметтік дауларды көбінесе бейбіт жолмен шешіп отыруға мүмкіндік

[22] Новиков А.А. О характере политической власти в ранней Византии (IV-VI вв.): Историографический обзор (1945-1995 гг.) // Правоведение, 1996. № 3. 176-бет.

беретін. Византия мемлекетінің француз ғалымы Л. Брейе *құқықтық* деп атаған демократизмі кез келген адамның жоғары лауазымға ашық түрде қол жеткізе алатыны, шенеуніктердің халыққа есеп беретіні, өте маңызды шешімдердің алқалы негізде қабылданатыны (император Консисториймен, Сенатпен және халықпен ақылдасады) арқылы көрініс табады. Л. Брейе Византиядағы институттар — "Рим мемлекетінің органикалық дамуы" деп атап көрсетеді, бұл ретте "шығыс және эллин дәстүрлері сарайдың салт-дәстүрі мен салтанатты рәсім жасау саласына ғана болар-болмастай сырттай әсерін тигізді"[23].

Византия империясындағы басқарудың түріне және ондағы заңның атқарған рөліне баға бергенде, дәл бұл жерде Римнің классикалық жеке құқығының қайнар көздері өзінің қисынды нәтижесіне жеткізіліп, кодификациясы жасалғанын естен шығармағанымыз жөн. Кейінірек орыс князьдерінің византиялықтармен жасасқан сауда шарттарын еске түсірсек болады. Бұның бәрі ғылыми қызығушылықтан жасалмағанын және ақыл-ойдың ойыны болмағанын, қайта мұның таза практикалық, қолданбалы мәнінің болғаны айдан анық. Ал, сауда айырбасының дамуы белгілі дәрежеде азаматтық бостандықтардың болуын қажет етеді. Сондықтан, Византияның IV-VI ғасырлардағы Батыс корольдіктерінен өзгешелігі — оның Римнің мемлекеттік құқық жүйесінің шынайы мирасқоры болуында екендігін байқаған И.П.Медведевтің тұжырымы дұрыс сияқты. Ондаған ғасырдан кейін Еуропада *"қоғамдық шарт"* теорияларына айналған алғашқы идеялар дәл осында пайда болған (VI ғ. Агапиттің жолдауы). Византия тарихының ерте кезеңінің өзінде Византия "Конституциясының" негіздері пайда болады — бұл империяның қоғамдық және мемлекеттік құрылымын, мемлекеттік билік және басқару органдары қызметінің негізгі қағидаларын, халықтың өкілдігі жүйесін, армия мен шіркеудің рөлін белгілейтін, қағазға жазылмаған және заң жүзінде бекітілмеген нанымдар мен салт-дәстүр. Византияның бүкіл саяси әдебиетін заңдылық пен құқық тәртібі идеясы жайлаған.

Бұған қарама-қарсы Батыс Еуропаның варварлық корольдіктеріндегі саяси билік жеке адамдардың арасындағы қатынасқа негізделетін және іс жүзінде "әскери банданың

---

[23] Бұл да сонда. 178-бет.

режимі” болып табылатын. Корольдер мемлекетке өзінің үлкен вотчинасы деп қарайтын. Тіпті аумағы мен шекарасы бар мемлекет деген ұғымның өзі жойылып, мұның орнына этнонимге немесе корольдің тұлғасына байланысты арнайы жасалған атау пайда болады[24].

Сонымен, антика дәуірінде мемлекеттік билік пен жеке азамат бір-бірінен ажырамайды және мемлекеттік істерге қатысу соңғысының аса маңызды міндеті болып табылады деген сенім тұжырымдалды. Дәл осындай ұғым классикалық антикалық мемлекеттерге де, сол сияқты Византияға, сонымен қатар Жерорта теңізі жағалауындағы ортағасырлық мемлекет-қалаларға және Ресейге тән болатын. Мұнда, Г.Еллинектің айтуынша, мемлекеттік билікті ұйымдастырудың *“монистикалық”* үлгісі дамыды. Византияда, кейіннен Ресейде де монистикалық билік самодержавие нысанында ұйымдастырылды, ал бұның объективті нақты себептері бар. Мысалы, Юстиниан тұсында Византияда император билігінің күшеюі, тұрмыстың басым саласына бақылаудың жасалуы мемлекеттің жойылып кетпей, өмір сүруі үшін пайдалы және қажетті болды, — деп есептейді И.Караяннопулос. Мықты орталық билік сол кездегі күрделі саяси жағдайда құтқарушы күш болды. Оның пікірінше, “еркін” мемлекет жойылып кетер еді [25] . Бірақ мемлекеттің осыншама жоғары рөлінің жағымсыз жағы азаматтық құқықтардың жоқтығы және азаматтардың рухани өміріне мемлекет тарапынан бақылаудың жасалуы болды. Мұны атап көрсеткен А.Зиглер мен Д.Закифинос осыған қарамастан, Византияның саяси режимін шығыстың өктемдігімен мүлдем ұқсастырмайды[26]. Византияның дәстүрімен ұқсас келетін тарихи себептер, Ресейде де мемлекеттік биліктің самодержавиелік ұйымдастырылуын туғызды.

Мемлекеттің заңға бағынуы туралы идея, одан әрі, идеалды мемлекет деп құдай еркінің ең жоғары көрінісі ретінде заңдар үстемдік құратын мемлекетің түсіндірілуі, — міне осындай ұғым ежелгі антика дәуірінде қалыптасқан. Алайда, аталмыш

---

[24] Медведев И.П. Некоторые правовые аспекты византийской государственности // политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе / Под ред. В.И. Рутенбурга, И.П. Медведева. Л., 1990. 7-39-беттер.

[25] Новиков А.А. О характере политической власти в ранней Византии (IV-VI вв.). 180-бет.

[26] Бұл да сонда. 180-181-беттер.

идеяның тағдыры онша анық болмай қалды. Егер Византияда, ал кейіннен Ресейде де күшті самодержавие билігі жағдайында заңдылық идеясы ең алдымен осы биліктің беделін негіздеп алу үшін пайдаланыла бастаса, көп ретте бұл азаматтардың өз тағдырын өзі шешу, еркін қызмет ету құқығын шектеудің есебінен іске асырылса, Батыс Европада бірнеше ғасырға созылған құқықтық варварлық дәуірінен кейін бұл идея *“құқықтық мемлекет”* деп аталатын жаңа нысанда қайта тіріледі. Осы орайда атап өтетіні, бұл жерде заңның мәні антика дәстүрінің түсіндіруінен басқаша ұғынылады: заң күшінің мағынасы, заңның арналуы мемлекет пен жеке адамды ұқсастыруда емес, жеке адамның мемлекеттік биліктен автономиясы болатынына кепілдік беруде, мемлекеттік биліктің жеке азаматқа, сол сияқты жалпы қоғамға қатысты қиянат ету мүмкіндігін толық жоймаған күннің өзінде, мұны айтарлықтай азайтатын құқықтық құралдар жүйесін жасауда жатыр.

Осыған орай И.Ю.Козлихин мемлекет пен құқықтың ара қатынасын түсінудің екі дәстүрі жасалған, осы екеуінің қайнар көзі біреу-ақ — Ағарту философиясы болса да, олар мәнісі бойынша бір-біріне қарама-қайшы, деп дұрыс нақтылай түседі. Идеялардың біреуі іс жүзінде антика заманындағы философиялық дәстүрлерге құрылған: бұл ақылға қонымды заң арқылы қоғамдық өмірді рационалдау идеясы. Екінші идея Жаңа заманда тұжырымдалған болатын: жеке адамның құқықтары және қоғамдық шарт идеясы, ал қоғамдық шарт кімнің болса да, соның ішінде мемлекеттің де, еркін адамның өзіндік қызметіне араласуды шектеуге тиіс. Бірінші тұжырымдаманы біздің заманымызда негізінен немістің философтары мен заңгерлері әзірлеген, және оған “құқықтық мемлекет” деген атау берілді. Екінші идея негізінен ағылшындардың және ішінара француздардың ағарту ісінің жемісі болып табылады, оған *“құқықтың билеуі (үстемдігі)”* деген анықтама берілген. Құқықтық мемлекет тұжырымдамасын жақтаушылар қоғамдық және мемлекеттік өмірді мүмкіндігінше толық реттеуді идеал деп біледі, олар мемлекеттік заңның көмегімен *“зорлықпен тәртіп орнатуға”* ұмтылады. Құқықтың билік ету тұжырымдамасында ең алдымен құқықтың мемлекеттен тәуелсіз болатыны баса көрсетіледі: олар мемлекеттік заң құқық пен бостандыққа қауіп төндіреді деп

біледі. Олардың идеалы — шектеу қойылған мемлекет және еркін, құқықтық қоғам[27].

С.А.Котляровский орыстың "құқықтық мемлекет" деген тіркесі немістің *rechtstaat* сөзінің аудармасы, ал француз, ағылшын тілдерінің екеуінде де бұл сөзге сәйкес келетін балама сөз жоқ. Құқықтық мемлекет дегеніміз алдына құқық жасау міндетін қоятын мемлекет дегенді білдірмейді — ал олай болғанда, бұл санатқа кез келген мемлекет жататын еді; мемлекеттің құқықтық мемлекет деп аталуы оның жалпы құқықты емес, оның белгілі бір саласын — азаматтық, қылмыстық, қоғамдық *(geseleschaftlitch)* құқықты емес, ал кең мағынадағы басқару құқығын *(regierungsrecht)* дамытуынан.

Құқықтық мемлекет туралы талап мемлекет жаңа мемлекеттік өмір үшін жұмыс істейтін басқару құқығы жүйесін жасайды деп ұғынылатын; үкіметтік биліктің дамыған және күшті организміне қарама-қарсы заң, өзін-өзі басқару және жеке азаматтың құқығы осы үш фактордың үкіметтік билікке қатысты дербестігін қамтамасыз ету мақсатында шекара ретінде қойылатын сәтке сәйкес келеді. Құқықтық мемлекет идеясы үкіметтің бұйырушы және нақты қызметінде ол үшін міндетті, заңнамада белгіленген құқықтарды сақтап қалу мақсатында міндетті болып танылатын құқықтық негіздер мен құралдар жүйесін білдіреді. Сөйтіп, құқықтық мемлекет заң үстемдігін көздейді, ол конституциялық мемлекетте іс жүзіне асады, бірақ сонымен қатар ол бұл үстемдіктің бүкіл мемлекеттік басқару саласына енуін бекітеді —көпшілік-құқықтық біртұтас жүйенің бар екендігін бекітеді[28].

Осы айтылғандарға орай мынадай мәселе туындайды. Оның мәнісі құқықтың көмегімен мемлекетке тиімді түрде шектеу қойылуын қамтамасыз ететін негіздерді анықтап алуда жатыр. Егер батысеуропалық феодализм дәуірінде билік әр түрлі күш орталықтары арасында бөлінген болса, қазіргі заманда мемлекеттік биліктің егемендігі шексіз сипатқа ие болып отыр. Осындай жағдайда мемлекеттің құқық тарапынан шектелуін қамтамасыз ететін не? Бұл салмақты философиялық-құқықтық

---

[27] Козлихин И.Ю. Правовое государство: История и современность. СПб., 1993. 3-4-беттер; 1-2-тарау.

[28] Котляревский С.А. Власть и право. М., 1915. 46, 64-бет және т.б.; тағы қараңыз: Лаврухин А.К. Правовое государство. Екатеринбург, 1906.

мәселе XIX ғасырдың екінші жартысында қызу пікірталас көзіне айналды.

Ең алдымен, мемлекетті құқық арқылы шектеудің өзі мүмкін бе, немесе мемлекеттік билік шексіз сипатта ма, деген мәселе бойынша ой-пікірлер қағидатты түрде екіге бөлінді. Абсолютті монархиялар кезінде талассыз болып көрінген екінші көзқарас[29] қалай болғанымен, абсолютизмді сынға алушылардың арасында да қолдау тапты. Мысалы, Руссо мемлекеттік билік жалпының егеменді еркінің көрінісі ретінде шексіз деген ой білдірген. Кейіннен де ғылыми ойдың бұл бағытының өкілдері мемлекет өзінің қызметінің шектерін өз қалауынша анықтау мүмкіндігіне және осындай формальды құқыққа ие, сондықтан қағидатты тұрғыдан алғанда адамның әлеуметтік қызметінің ешбір саласын оның реттеуші ықпалынан алынуы мүмкін емес дегеннен шығатын. Дәл сол кезде мемлекеттің өзі өзінің құқығымен байлануы мүмкін емес.

Сөйтіп, бұл ілімнен шығатыны, азамат үшін — мейлі, ол жеке адам не мемлекеттің органы болсын — құқық болып табылатын нәрсе мемлекеттің өзі үшін құқық болып табылмайды, — деп Г.Еллинек бұл теорияның мәнісін жалпылап қояды. Басқаша айтқанда, егер біз мемлекеттің биігінен құқықтың ойпатына қарасақ, бос тұрған жерді ғана көреміз. Мемлекет үшін кез келген құқық — құқық емес, құқықтық ештеңе, жат және ол үшін жат болып қала беретін, бірақ өзінің қол астындағы азаматтарға таңылатын және сөйтіп солар үшін құқық дәрежесіне дейін көтерілетін нәрсе.

Бірақ мұндай көзқарасты қатаң теократиялық құрылыс негізінде ғана қисынды түрде жүзеге асыруға болады, — деп Г.Еллинек өзінің ойын жалғастыра түседі. Тек құдайдың ғана немесе құдай ретінде қастерленетін монархтың өз еркін негіздеуге келмейтін және құбылмалы болатын көріністерін өзінен басқаның бәрі мойындайтын мінез-құлық нормасы дәрежесіне дейін көтеруге шамасы жетеді. Мемлекеттің қызметі құқықта белгіленген нысандарда ғана пайда болатын және

---

[29] XVII және XVIII ғғ. абсолютті монархтардың билігі қағидатты шектелмеген билік, ешқандай шегі жоқ, халық шүбәсіз және толығымен бағындырылған билік деп мойындалды. — (Қараңыз, мыс.: Чичерин Б.Н. Курс государственной науки. Т.1. М., 1894. 29-бет).

өзгертуге жататын мықты құқықтық нормалармен реттелетін жерде жағдай мүлдем басқаша[30].

Р.Иерингтің ой-пікірінен бастау алатын идея бір қарағанда, ымыраға келетіндей көрінеді. Оның түсіндіруінше, құқық арқылы жалпы мемлекетке емес, мемлекеттің органдарына шектеу қойылады. Осы мәселе бойынша Р.Иерингтің ізбасары екендігі байқалатын Н.И.Лазаревский атап көрсеткендей, "формальдық жағынан шектелмеген — жоғары билік қана (ол өзінің осы міндетін кез келген уақытта алып тастай алатын еді), ал қарапайым адамдарға қатысты мемлекеттің міндетін заңмен байланған және оны жоя алмайтын мемлекеттің ғана жүзеге асыруына тура келеді"[31]. Бірақ Г.Еллинек бұл позицияның қисынсыздығын дәлелдейді. Құқық нормасы мемлекеттің органдары үшін міндетті, бірақ сонымен қатар мемлекеттің қызметі байланған болып шығады, өйткені мемлекет органдарының қызметі мемлекеттік қызметтің дәл өзі болып табылады, өз органдары арқылы жүзеге асыратын қызметтен басқа мемлекеттің ешқандай да қызметі жоқ, деп жазады[32]. Сөйтіп, бұл жерде мемлекетті құқық арқылы шектеу туралы мәселе өз шешімін таппай отыр.

Г.Еллинек өзінің бірқатар еңбегінде мемлекет дәл өзінің құқығымен байлануы мүмкін екендігін және жалпы алғанда мемлекеттің құқыққа бағындырылғанын, оның шартсыз түрде құқықтан жоғары тұрмайтынын дәлелдей отырып, бұл пайымдауын мұндай бағыныстылық батысеуропалық қоғамның тарихи дамуының нәтижесі болып табылады дегеннен шығарып алатын. Мемлекеттің өзін-өзі құқықтық шектеуі идеясы бірден қатты сынға алынды. Г.Еллинектің қарсыластары оның тұжырымдамасында логикалық қайшылық барын көрсетеді: заңдық міндеттемені басқа біреудің алдында ғана алуға болады; заңдық міндет туралы айтқанда, бір нәрсе жасаған адам өз қалауынша өзін-өзі бұдан босата алмайтындай жағдайды ұғынады. Ал, еркін түрде өзіне міндеттеме алатын мемлекет дәл осылай бұл міндетінен оп-оңай бас тартуы мүмкін[33].

---

[30] Еллинек Г. Право современного государства. 268-269-беттер.

[31] Лазаревский Н.И. Русское государственное право. Т. 1. Вып. 1. 4-е изд. Пг., 1917. 26-бет.

[32] Еллинек Г. Право современного государства. 269-бет.

[33] Қараңыз, мыс.: Лазаревский Н.И. Русское государственное право. 23-бет.

Айтылған сын тым қатты, ал сыншылардың айтқан уәждері бір-біріне тым ұқсас болса керек, Г.Еллинек қарсыластарына жауап қайтарғанда өзін-өзі ұстай алмай: мемлекет өзіне-өзі бірдеңе белгілей ала ма деген сауалға жауап беру үшін, "ең алдымен, заң саласында қолөнердің жартымсыз құрал-сайманын қолданудан бас тарту керек, бірақ бұл мәселемен айналысатындардың кейбіреуілерінің осыған ғана қолы жетеді" деп артық кеткені бар. Ал шын мәнінде Г.Еллинек "әрине, егер тұлға үшін этикалық күш — сырттан келетін бірдеңе және кез келген міндет мәжбүрлеумен байланысты екендігінен келіп шықса, онда кез келген міндет бөтен біреудің бұйыруы болып табылады", деп көрсетеді. Моральдық автономияны және, жоғары мағынадағы кез келген этиканы да мойындамайтын бұл көзқарас тұрғысынан алғанда, әрине, ешқандай да өзін-өзі міндеттеу жоқ. Бірақ бұл ретте түпкілікті этикалық және құқықтық мәселелердің өзгенің құдайшылық немесе дене күшіне фатальды бағынуды айтпағанда, ешқандай басқаша негіздемесі жоқ. Мұндай негіздеме жасаудың бірнеше амалы жасалған, бірақ мұның бәрі сәтсіз аяқталды[34].

Г.Еллинектің француз профессоры Л.Дюгиді заңдық қолөнершілер қатарына жатқызған-жатқызбағанын айту қиын (оның есімін ол өзінің қарсыластары қатарында атаса да, оның сыни пікірлеріне талдау жасамаған), бірақ бұл зерттеушінің уәждері біз үшін қызық әрі қисынды көрінеді. "Бұл доктрина қаншалықты айлалы болса да, осы теорияны ақтап алу және қорғау үшін Г. Еллинек өзінің соңғы кітабында[35] қаншалықты көп күш салса да, ол бізді мүлдем қанағаттандырмайды, — деп жазады Л.Дюги. — ... *Өзін-өзі шектеу* доктринасы — мемлекеттің өктемдігіне қарсы тым әлсіз кепілдік. Заң мемлекеттің әрекетін шектейді; бірақ заң әзірлеудің өзі мемлекеттің іс-әрекеті болып табылады; неліктен мемлекет іс-әрекеттінің осы нысанында, анағұрлым маңыздырақ әрі жігерлі болатын заң шығару жұмысында құқық арқылы байланбаған? Қалаған нәрсені шектеу осыны қалайтын адам үшін шектеу емес; шектеуге душар болатын адамның қалауынша жасалуы, өзгертілуі немесе жойылуы мүмкін, бұл шектеу ол үшін шектеу

[34] Еллинек Г. Право современного государства. 268-269-беттер.

[35] Бұл жерде оның неміс тілінде шыққан Iellinek G. Allgemein Staatslehre. 2 Anf. 1905 ж. кітабы туралы айтылып отыр.

болып табылмайды. Егер мемлекет өзі шығаратын, оны ол жасамауы да және басқа заң арқылы қайта жасауы мүмкін заңмен ғана байланған болса, онда шын мәнінде ол құқық арқылы мүлдем байланбаған”.

Біздің білуімізше, мәселенің өткір болуы XIX ғасырдың екінші жартысында Германияда құқыққа қатысты басым болған көзқарасқа байланысты: құқық мемлекеттің ерекше шығармасы ретінде түсіндіріледі. Осы мәселе бойынша пікірталасқа қатысып жүрген барлық заңгерлер табиғи құқық теориясының осы сауалға қисынды жауап беретіндігімен келіседі (атап өтетіні, мұнымен аталмыш теорияның жақтаушылары ғана емес, оның қарсыластары да келісіп отыр). Құқықтық сана, құқықтық мәдениет, мемлекетті құқық арқылы шектеу мәселесін шешкенде байқалатын әлдебір “халық рухы” сияқты материалдық емес факторлардың мәніне баға беру кезінде барлық ғалымдардың таңғаларлықтай тегіс бір пікірге келетіні назар аударарлық.

Мысалы, Н.И.Лазаревский Л.Дюги жақтайтын қоғамдық ынтымақтастықты осындай шектеуді қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастыратын идеяға сенімсіздікпен қарап, былай деп жазады: “Соңғы уақыттың ішінде Дюги өзінің бірқатар еңбектерінде қоғамдық ынтымақтастықтан келіп шығатын құқық нормалары мемлекеттік биліктің негізі болып табылады, бұл нормалар оларға негізделген мемлекеттік билік үшін де міндетті, сондықтан мемлекеттік биліктің бұйыруы осы негізгі нормалармен келісетіндіктен, міндетті, деген ой білдірді. Бұл ілім қазіргі жағдайға сай келмейді, өйткені бірде бір мемлекетте жоғарғы биліктің қандай да бір актісі қоғамдық ынтымақтастыққа қайшы келеді деген негізде міндетті емес деп танылатындай тәртіп жоқ. Мұны өзі қалаулы және мемлекеттің мәнісінен келіп шығатын жағдай деп те тануға болмайды: бұл ілім іс жүзіне асырылғанда, толық анархияға әкелер еді, өйткені бұл нормалар еш жерде тіркелмеген және оларды ешкім тіркей алмайды да, сондықтан оларды әркім өзінше түсінуі мүмкін, сондықтан бұл ілім қабылданғанда, кез келген адамға ұнамайтын заңдар ол үшін міндетті болмайтындай жағдайға әкелер еді”[36].

[36] Лазаревский Н.И. Русское государственное право. 24-бет (ескерту).

Бұл жерде Э.Дюркгеймнің жалпы социологиялық теориясы[37] шеңберінде құқыққа арнап Дюги әзірлеген және заңдық позитивизмге ғана емес, табиғи құқықтың классикалық мектебіне қарама-қарсы қойған теория шын мәнінде осы мектептің дәстүрін жалғастырып отырды, ол бұл доктринаның ескіріп кеткен, тұрлаусыз аспектілерін ғана сынға алып отырды. Мұны табиғи құқық ілімінің жақтаушысы, Ресейдің көрнекті заңгер ғалымы П.Новгородцев нанымды етіп көрсетеді: "Қазіргі заманғы индивидуализм доктринасы Л.Дюги басшылыққа алатын ынтымақтастық қағидасын жоққа шығармағаны былай тұрсын, бұл қағиданы өзінің қажетті постулаттары қатарына қосып қояды"[38]. Н.Лазаревскийдің Л.Дюги ұсынған ынтымақтастық теориясын сынағанда, позитивистік мектептің енді қалыптасып жатқан кезінде табиғи құқық теориясына қарсы шығып пайдаланған ескі уәжін қолдануы кездейсоқ емес.

Бірақ жоғарыда көрсетілген жағдайды ескере отырып, Н.И.Лазаревскийдің Л.Дюгиге айтқан сыны мен оның позитивистік позициясының арасындағы қарама-қайшылыққа назар аудармасақ болмайды. Н.И.Лазаревский мемлекеттік биліктің құқықтық жағынан шектелгендігі туралы мәселені түсіндіргенде, халықтың құқықтық санасының және қоғамдық ұйымдар жасайтын құқықтың мәнін назарға алу қажет деп санайды. Мемлекеттік билікке бағынушылық ең ақыры, халықтың және билік органдарының өздерінің заңға бағынуға міндетті екендіктерін ұғынуына байланысты. Дәл сол уақытта азаматтардың да, биліктің жекелеген органдарының да мемлекетке бағынуға міндетті екендіктерін ұғынуының өзіндік шегі бар. Дұрыс заманда бұл шектердің бары байқалмайды, себебі биліктің өзі олардан асып шықпайды. Мысалы, Англияда мемлекеттік билік крепостнойлық құқықты қалпына келтіре алмас еді, — бірақ ол оның амалын жасамайды да. Алайда, ерекше жағдайда, революциялар кезінде, халықтың қалың бұқарасы қазіргі құрылыстың әділетсіздігін өткір ұғынғанда,

---

[37] Қараңыз: Дюркгейм Э. 1)Социология: Ее предмет, метод, предназначение. М., 1995; 2) О разделении общественного труда. М., 1996. – Л.Дюги Бордо қаласындағы университеттің заң факультетіне декан ретінде басшылық жасаған кезеңде Э.Дюркгейм бүл жерде "әлеуметтік ғылым" кафедрасын басқарды (1896 ж.).

[38] Новгородцев П. Предисловие к русскому переводу книги Л.Дюги "Конституционное право: Общая теория государства". XXIII бет және т.б.

мұндай түсінік жекелеген лауазымды адамдардың да санасына кіргенде, бірқатар заңдар өзінің күшін жояды да, осыдан сәл ғана бұрын билік жол бермейтіндіктен болуы мүмкін емес деп көрінген нәрселер басталады. Одан әрі, — деп жазады Н.И.Лазаревский, халықтың құқықтық санасының және қоғамдық ұйымдар құқығының заңдар әрекет ететін орта екендігін және заңдарға белгілі бір қарсылық көрсетіп, белгілі дәрежеде олардың күшін өзгерте алатын орта болып табылатынын назарда ұстау керек. Сондықтан, халықтың құқықтық санасына сай келетін заңдар бар, олар тірі құқық болып табылады, және қалыптасқан құқықтық көзқарастарға қайшы келетін заңдар бар, олар көп жағынан өлі әріп болып қалады[39].

Сөйтіп, бұл жердегі қарама-қайшылық анық байқалып тұр. Әлде Л.Дюги, табиғи құқық теориясының жақтаушылары және Н.И.Лазаревскийдің өзі қателесіп отыр ма, және мемлекет өзінің іс-әрекетінде ешқандай күшпен шектелмеген абсолютті суверен бе? Немесе Н.И.Лазаревскийдің ынтымақтастық теориясы мен табиғи құқық теориясын қабылдау толық анархияға апарар жол деген тұжырымы дұрыс емес пе; және еш жерде тіркелмеген және адамдардың бірлесіп өмір сүру фактісінен келіп шығатын, бірақ соған қарамастан, өздері арналған адамдардың орындауына міндетті болып табылатын және мемлекет заңдарының бірде-бір негізі болатын қандай да бір жалпы нормалардың бар екендігін мойындауымыз керек, себебі оларды елемеу мемлекеттің заңын “өлі әріп” етеді, ал ең қиыны — қоғамның санасында оның *әділетсіз* заң, басқаша айтқанда *құқықсыз* заң ретінде қабылдануына әкеп соғады.

Бұл орайда, құқық пен мемлекеттің арақатынасына баға берудегі екінші көзқарастың негізделгендігін құқықты мемлекеттің ерекше туындысы деп танитын позицияда тұрған ғалымдардың да мойындап отырғанын атап өткеніміз жөн. Мысалы, Г.Еллинек былай деп жазады: “Мәдениетті халықтардың құқығында заң шығарушының билігі дәрменсіз болатын құқықтардың негізгі кешені бұрыннан бар болған, ал қазір оның ауқымы одан анағұрлым кең. Бұл халықтың бүкіл тарихи эволюциясының тұнбасының дәл өзі, ол халықтың бүкіл тарихи болмысының қажетті шарты ретінде құқықтық институт

[39] Лазаревский Н.И. Русское государственное право. 26-27-беттер.

түрінде қалады. Мысалы, қылмыстық құқықтың негізгі ережелері айтарлықтай дәрежеде тұрақты, аса маңызды игіліктерге жасалған қол сұғушылық үшін берілетін жаза мемлекеттің қалауына байланысты болмайды. Сондықтан, заң шығарушылардың кісі өлтіруді жазаланбайтын іс деп тануға іс жүзінде мүмкіндігі жоқ. Ал, егер бұған қарамастан, олардың тарапынан мұндай амал жасалған болса да, онда олардың ықпалына түспейтін басқа әлеуметтік күштер сол мезетте-ақ жазалау функциясын жүзеге асыра бастайтын еді”[40].

Сонымен, құқықтың мәнісіне қатысты біздің қандай көзқараста екендігімізге қарамастан, біз мемлекеттің құқық арқылы шектелуін қамтамасыз ететін және осыған сәйкес оны құқықтық мемлекетке айналдыратын, бірден-бір деп айтпаған күннің өзінде, аса маңызды факторы қоғамның құқықтық санасының ахуалы және лауазымды адамдарды қосқанда, халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейі екендігін мойындауға тиіспіз. Қандай да бір әлеуметтік және мемлекеттік құрылымдарды жасаған кезде бұл жағдайды міндетті түрде ескеру керек. Әрине, полицияның ұйымдастырылуы және оның қызметі бұдан тыс жатпайды, қайта керісінше, ол шешімін тапса Ресейдегі құқықтық мемлекет идеясының бүкіл тағдырының шешімін қамтамасыз ететін мәселенің дәл өзі болып отыр.

Қазіргі заманғы отандық әдебиетте әділ көрсетілгендей, Ресейде құқықтық мемлекет идеясы оны толығымен және сәтсіз жоққа шығарудан бастап (1917 ж. бастап), ішінара, ал кейіннен түпкілікті қолдауға дейін күрделі даму жолынан өтті, соңғысы Конституция жүзінде Ресейдің құқықтық мемлекет деп жариялануында көрініс тапты (РФ Конституциясының 1-бабы)[41]. Осыған сәйкес, Ресейдің заң ғылымының алдында осыдан жүз жыл бұрын заңтану ғылымында, осы орайда атап өтетіні — шетелдік қана емес, сонымен қатар отандық құқық әдебиетінде де қойылған және шешімін тауып жатқан, сол баяғы мәселелер пайда болды. Бүгінгі күні бабаларымыз бізге өсиет етіп қалдырып кеткен, бірақ XX ғасырда қажет болмай қалған бай ғылыми мұраны мұқият зерттеу аса өзекті деп ойлауымыздың себебі осы.

---

[40] Еллинек Г. Право современного государства. 273-бет.

[41] Григонис Э.П. Органы внутренних дел в механизме правового государства (теоретико-правовой аспект). Дисс. канд. юрид. наук. СПб., 1995. 12-бет.

Қазіргі заманғы құқықтану ғылымы құқықтық мемлекет ұғымының әр түрлі аспектілеріне зер салып отыр, ал бүгінгі күннің әдебиеті қолдап жүрген идеялар осыдан жүз жыл бұрын айтылған идеялармен көп жерде үндесіп отыр. Мысалы, В.П.Сальников құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің құқықтық мемлекет мәселесін шешудегі рөлін баса көрсетеді: "Құқықтық мемлекет — бұл жеке адамның бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін қамтамасыз етудің практикалық аспабы, бюрократияға, жершілдікке және ведомстволылыққа қарсы күрес жүргізудің құралы. Бұл аспапқа ізгі және шынайы прогрессивті құқық, заңдылық, құқықтық қатынас мәдениеті, құқық қорғау органдарының тұрақты жүйесі т.б., және ең ақыры, азаматтардың құқықтық мәдениеті" жат болса [42], ал бұл іс жүзіндегі құқықтық сана болып табылады, — онда ол "жұмыс істемейтін" болады[43].

Демек, өзінің мемлекетін құқықтық етіп қалыптастыруға тырысатын қоғамның алдында өте күрделі және қарама-қайшылығы көп міндет тұр.

Бір жағынан, қазіргі заманғы қоғамдық сана мемлекет өзінің белсенді *әлеуметтендіргіш функциясын* орындауға тиіс деген тұжырымға бейім. Жоғарыда атап кеткеніміздей[44], ортағасырлық корпоративизмнен енді ғана арылған және полицейлік мемлекет тәжірибесінен құтылғысы келетін қоғамның жеке адамның құқығы тұжырымдамасына негізделетін идеологиясы мемлекеттік биліктің әлеуметтік үрдістерге ықпал етуін мүлдем жоймаған күннің өзінде, оны мейлінше шектеуге ұмтылады. Мемлекетке сыртқы шекараны күзетуге және елдің ішінде жасалатын қылмыстарды қудалауға міндетті "түнгі күзетші" рөлі беріледі. Мұндай тәжірибе норма жүзінде бекітіледі (Францияда — Құқық декларациясы, әсіресе — 1791 ж. Ле Шапелье заңы арқылы). Дегенмен, уақыт өте, қоғамдық санада өзгерістер болады, бұлар әлеуметтік басқарудың кейбір міндеттерін тек қана мемлекеттік билік құралдары арқылы шешуге болады дегенді мойындауға келіп саяды. Осыған сәйкес *әлеуметтік мемлекет* тұжырымдамасы жасалады да,

---

[42] Сальников В.П. Советское правовое государство и юридическая наука: Круглый стол // Советское государство и право. 1989. № 3. 61-бет.

[43] Сальников В.П. Правовая культура сотрудников милиции. Л., 1983. 12-бет.

[44] Қараңыз: Осы шығарманың 1-тарауы § 1.

мемлекеттік басқару құқығы (әкімшілік құқық) ретінде анықталатын және кейіннен бөлшектенуге ұмтылыс танытатын "нормативтер алабының" сапа жағынан өсуі байқалады. Сөйтіп, қазіргі заманғы мемлекет, сонымен бірге әлеуметтік болса ғана, оны құқықтық мемлекет деп атауға болады, себебі адамның лайықты өмір сүруін және еркін дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік жағдайды мемлекеттің көмегімен ғана жасауға болады (РФ Конституциясының 7-бабы).

Екінші жағынан, құқықтық мемлекет идеясы жеке адамның автономиясы болуын оның өз тағдырын өзі шешетінін және мемлекеттік билік тарапынан жалпы қоғамға, сол сияқты жеке адамға қатысты қиянат жасау мүмкіндігінің шектеулі болуын көздейді. Г. Еллинек сыртқы қатынаста ғана емес, сол сияқты ішкі қатынаста да мемлекеттің құзырына мемлекетті сақтап қалуға, оның билігіне қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету мақсатын көздейтін функциялар кіреді деп дәл көрсетеді. Мемлекеттің шаруашылығы мемлекеттің бүкіл жиынтықтағы мақсаттарына қызмет етеді, бірақ ол ең алдымен мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз етеді. Полиция мен қылмыстық сот төрелігі жеке және әлеуметтік игіліктерді ғана емес, мемлекеттің өзін де қорғайды. Кез келген мемлекеттік функцияда мемлекеттің өзін сақтап қалу және күшейту мақсатын көздейтін элемент бар. Сөйтіп, өзін-өзі сақтау және тіршілік ету мен абырой арттырудың қамын жасау, біз мойындайтын мемлекеттің функцияларына сәйкес біздің санамызда оның алдына қойылатын мақсаттардың біреуі, міне осындай. Бұл мақсат — бірінші және ең жақын тұрған мақсат, оны белгілі бір шектерде орындалуы мемлекеттің жалпы қызметінің жемісті болуының алғышарты болып табылады[45]. Бұдан шығатыны, біріншіден, мемлекеттің алдында тұрған мақсат қоғамның мақсатымен әркез сәйкес бола бермейді, екіншіден, өз игілігінің қамын ойлаудың мақсат ауыстырып жіберу қаупі бар (өйткені мемлекет үшін игілік болатын нәрсе қоғам үшін, ал жеке адам үшін тіптен де игілік бола бермейді). Демек, қоғам мен жеке адамның өзін-өзі басқаруына мемлекеттің өз қалауынша араласу мүмкіндігін шектейтін қарсы салмақ жүйесінің болуы қажет.

---

[45] Еллинек Г. Право современного государства. Т. 1. 186-бет.

Сонымен, мемлекеттің заңнамасы да, құқық қолдану тәжірибесі де бір-біріне қарама-қарсы, ал көп жағынан бір-бірін жоққа шығаратын міндеттерді бір мезгілде шешуге бағытталуы тиіс. Бір жағынан алғанда, мемлекет белсенді әлеуметтік саясатты іске асыруға тиіс, ал бұны ол белгілі бір әлеуметтік үрдістердің барысын өзгертуге немесе тіпті тоқтату үшін осы үрдістерге белгілі бір нысанда араласу жолымен ғана жасай алады; сонымен бірге мемлекет өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс, ал бұл үшін мемлекет әлеуметтік салаға интервенция жасауы керек. Дегенмен, екінші жағынан, қандай жағдай болмасын мемлекеттік билік қызметінің азаматтық қоғамның және жеке адамның айрықша құқығын бұзуына жол беруге болмайды. Мемлекеттік биліктің әлеуметтік өзіндік қызметке ақтауға боларлық қана емес, орынды араласуы мен билікті пайдаланып қиянат ету болып табылатын араласуының шекарасы қайда жатыр; және бұл шекараның өзі бар ма? Біздің ойымызша, әлеуметтік ымыра, керек десеңіз — өзінше бір *contral social* — баяғыда-ақ әлеуметтік тәжірибеде бекітілген және уақыт сынынан өткен Батыс Еуропа елдері үшін бұл мәселе дәл, практикалық тұрғыда Ресейдегідей өзекті емес. Мемлекет өз қауіпсіздігін және қоғам мен оның мүшелерінің қауіпсіздігіне қол жеткізу шараларының елеулі бөлігін қамтамасыз ету үшін пайдаланатын мемлекеттік ұйымның дәл өзі полиция болғандықтан, онда қойылған сұрақтың жауабы біздің еліміздегі полиция (милиция) органдары қызметінің бүкіл бағдарламасын тұжырымдап берудің негізі болатынын айтудың қажеті де жоқ шығар.

Ақырында, біздің еліміздегі қоғамдық сананың және құқықтық мәдениеттің ахуалы мен деңгейін, сол сияқты әлеуметтік жүйеміздің дамуының өтпелі, дағдарысты сипатын да ескермесек болмайды.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлардың бәрін ескергенде, біздің білуімізше, қазіргі кезде Ресей қоғамы мемлекеттік биліктің қоғам істеріне араласуын шектеуді артықшылық деп есептейтін дәстүрлі либералдық құндылықтардан гөрі, ішкі басқару функцияларын (соның ішінде полиция функциясын да) тиімді түрде жүзеге асыруға қабілетті мықты мемлекеттік билікке, демек өзінің қызметтік міндеттерін кәсіби және сауатты

орындайтын күшті әрі іске қабілетті құқық қорғау органдарына мұқтаж.

## § 2. Полицейлік құқық ғылым және оқу пәні ретінде

Мемлекет дамуының көзбен шолып өтерлік тарихи кезеңінде мемлекеттің полицейлік қызметінің мамандану үрдісі байқалады. Бастапқыда полиция функциясын мемлекеттік құрылымдар ғана емес (көп жағдайда тіпті олар да емес), басқа әлеуметтік институттар (патриархалды отбасы, шіркеу және т.б.) атқарады. Мемлекеттік институттардың нығаюымен мемлекеттің әлеуметтік үрдістердің барысына ықпал етудегі рөлінің артуы байқалады. Мемлекеттің әлеуметтік байланыстарға араласуы Еуропада абсолюттік монархиялар болған кезде өзінің шарықтау шегіне жетті, дәл сол кезде мемлекет *полицейлік мемлекет* ретінде қалыптасады. Бұл кезеңде мемлекеттік аппараттың бүкіл қызметі полицейлік қызмет деп түсіндіріледі, атап өтетіні бұл қызмет заң шығарушы, сот және әкімшілік билік нысанында іс жүзіне асырылатын, сыртқа — жеке азаматтарға (тұрғындарға) және мемлекеттік емес әлеуметтік құрылымдарға қатысты бағытталған, ал соңғыларын осы жағдайға орай мемлекеттік емес деп қарастыруға болмайтын да еді. Осының айқын мысалы — Ұлы Петрдің жарлығымен енгізілген цехтардың ұйымдастырылуы және қызмет етуі.

Ресейдегі цехтар негізінен мемлекеттің мүддесін және ең алдымен, оның фискалды мүддесін іске асырумен байланысты міндеттерді орындайтын. Полицейлік мемлекет дәуірінде алғаш рет мемлекеттің мамандандырылған полиция органдары жүйесі пайда болады. Осындай жағдайда полиция құзырының кең болуы соншалық, ол мемлекеттің ел ішіндегі қызметінің барлық саласын қамтиды. Ресейдің тарихи дамуында полиция әкімшілік өкілеттікпен шектелмей, норма шығару өкілеттігін де иемденіп алған кезеңдер де болған [46]. Ал, сот қызметі болса, әсіресе, жергілікті жерлерде, ол полицейлік қызметтен бөлінбеген болатын. Полицияның барлық саланы қамтитын осындай кең ауқымды, қоғамдық өмірдің барлық жақтарын мемлекеттің

---

[46] Қараңыз, мысалы: Указы Генерал-полицмейстера Девиера от 1 июня 1719 г., от 8 июня 1719 г., от 10 августа 1719 г. // ПСЗ. Т.5. 3382, 3386, 3412.

құқықтық, сол сияқты құқықтан тыс жаппай реттеуінің нақ үлгісі болып табылатын қызметіне орай, мемлекет полицейлік деген атауға ие болды.

*Құқықтық мемлекет* және құқықтың билеуі идеологиясына өтумен байланысты одан кейінгі кезеңді біздің зерттеуіміздің аспектісінде полицейлік органдар құзырының бірте-бірте тарылуы деп сипаттауға болады. Біздің ойымызша, бұл ретте құқықтық мемлекеттің идеологиясы мен тәжірибесінде негізгі екі кезеңді бөліп алуға болады.

Бірінші кезең мемлекет *"laissez fair, laissez paisser"* ұранын басшылыққа алатын, мемлекеттік биліктің міндеті жеке адамның кез келген корпоративтік байланыстардан және мемлекеттің қамқоршылығынан мейлінше еркін және бөлек болуын қамтамасыз ету болатынымен сипатталады. Мемлекет еркін адамның өзіндік қызметіне өзі арласпағаны былай тұрсын, әр түрлі әлеуметтік ұйымдардың тарапынан осындай араласудың жасалатынын болдырмау шараларын қолданады (Францияның 1791 жылы қабылданған әйгілі *Ле Шапелье* заңы мұның жарқын мысалы). Мұндай жағдайда полицияның ғана емес, бүкіл мемлекеттің қызметі айтарлықтай шектеуге душар болатыны айдан анық, және оған тек қана сыртқы (елді қорғау) және ішкі функция (қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету) жүктеледі. Екінші функцияны полицияның күшімен қамтамасыз етуге болатыны түсінікті, осыған байланысты оның қызметі осы фунцияны орындауға ғана бағытталады. Бұл ретте биліктің бөлінуі қағидасына сәйкес әкімшілік полиция органдары жүйесінен сот билігін шығарып алу және ерекше етіп қою шаралары жасалады. Сөйтіп, құқықтық мемлекет дамуының бұл кезеңінің өзінде қазіргі заманғы полицияның құқықтық жағдайының негіздері қалыптастырылды.

Құқықтық мемлекет дамуының екінші сатысы адам тұлғасының ең алдымен қоғамның экономикалық саласында өз тағдырын өзі анықтау бостандығына кепілдік бергенде, бұл арқылы экономиканың өзін-өзі реттеу қағидасының жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, қоғамдық үрдістерге реттеуші ықпал етпесе болмайды. Бұл идея социологияда Э.Дюркгейм, ал құқық саласында ("ескіріп қалған" табиғи құқықтың классикалық теориясының баламасы ретінде) — Л.Дюги әзірлеген әлеуметтік ынтымақтастық теориясы шеңберінде

мейлінше қисынды түрде негізделді. Осының салдарынан белсенді әлеуметтік (интервенционистік) саясатты жүзеге асыратын мемлекет деп ұғынылатын *әлеуметтік* құқықтық мемлекет доктринасы ұсынылып, жан-жақты негізделді. Сөйтіп, әлеуметтік үрдістерге мемлекеттің араласуы туралы идея қайтадан пайда болды, бірақ ол қағидатты тұрғыдан алғанда өзгеше әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қатысты дамыды. Мемлекеттің реттеуші рөлінің күшеюі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында сан және сапа жағынан қарқындап өскен, ал одан кейін бөлшектенуге бет бұрған әкімшілік құқықтың ерекше саласы (атап айтқанда, еңбек құқығы мен әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы әкімшілік құқық саласынан дербес сала ретінде бөлініп шықты) шеңберінде құқықтық жағынан негізделді. Қазіргі уақытта Батыстың дамыған елдерінде көпшілік құқықтан және жеке адам құқығынан тыс жатқан ерекше құқық жүйесі — *әлеуметтік құқық* [47] туралы айту қабылданған. Бұл жағдайда өзіндік амалдарды, әдіс пен құралдарды пайдаланып қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар жүйесі ретіндегі полицияның функциялары құқықтық жағынан түпкілікті ресімделіп болды. Сондықтан, әкімшілік құқық саласы жүйесінде айтарлықтай дербес құқықтық нормалар бар деп айтуымызға болады, соның өзін полицейлік құқық деп белгілеп алайық.

Отанымыздың тарихи дамуы жоғарыда келтірілген сұлбадан өзгеше тұрған жоқ. Еуропаның басқа елдері сияқты, Ресей де полицейлік функцияның бытыраңқылығы кезеңінен бастап оның полицейлік мемлекет шеңберінде біріктірілуіне дейінгі жолдан өтті. Ресейде құқықтық мемлекет қалыптастырудың, соған сәйкес полицияның қызметін құқықтық жағынан ресімдеудің аяқталу үрдісі ондаған жылдарға созылды және ақырында ХХ ғасырдың басында тоқтап қалды. Дегенмен, қазір еліміз құқықтық әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасып болған кезде, өзге мәселелердің ішінде, пәрменді және сонымен бірге өзінің ерекше мәртебесін пайдаланып қиянат жасай алмайтын полицейлік (милицейлік) билік жасау мәселесі өзекті болып отыр.

---

[47] Мысалы, қараңыз: Тихомиров Ю.А. Публичное право: Учебник. М., 1995.

Бұл мәселені бірқатар шарт сақталса ғана шешуге болатыны көзге көрініп тұр: а) бұл мәселе көтеріліп, тұжырымдамалық жағынан әзірленуі тиіс; ә) әзірленген тұжырымдама реттеу нысанының біртұтас болуына орай бірігетін және өз бойында барлық құқықтық нормаларға ортақ осы нысанға құқықтық ықпал етудің тәсілдерін қамтитын тиісті құқықтық нормалар жүйесі түрінде іс жүзіне асуға тиіс; б) мемлекет адамдардың (мемлекеттік қызметшілердің) қызметі арқылы ғана іс-қимыл жасай алатындықтан, құқықтық санасы, құқықтық мәдениеті мен кәсіби даярлығының деңгейі жоғары болатын полицияның білікті кадрларын дайындау міндеті тұрғаны анық. Сонымен, аталған мәселе кем дегенде үш нақты міндеттің біртұтастығы болып табылады.

Атап өтетіні, әдебиетте *“полицейлік құқық”* деп анықтауға болатын құқықтық нормаларды қолдайтын және олармен келіспейтін ой-пікірлер білдірілген. Мысалы, В.М.Манохин мен Н.М.Конин полицейлік құқықтың “атын да, затын да” қайта жандандыруға қарсы, өйткені “РФ Жоғарғы Кеңесінде тәртіп сақтау және қауіпсіздік органдары туралы заңнаманы талқылау және қабылдау кезінде полиция жөнінде жасалған ұсыныстар қабылданбай қойған… полиция мен полицейлік құқықты қайта тірілту үшін қажетті нормативтік-құқықтық база жоқ”[48].

Бұл жерде ең алдымен Ю.П.Соловейдің пікірімен келісу керек, ол полицейлік құқықтың болуы оның атауына емес, оның субъектілері қызметінің мазмұнына байланысты, деп дұрыс көрсетеді [49] . Бірақ аталған авторлардың айтқан қарсы пікірлерінің негізсіздігінің басқа да елеулі себебі бар.

Әрине, саланың, институттың немесе бір саланың шеңберіндегі қосымша саланың мазмұнын тиісті нормативтік актілерде көрініс тапқан құқықтық нормалар құрайды, ал осыған сәйкес мұндай базаның болмауы саланың да, сол сияқты қосымша саланың да және құқықтық институттың жоқ екендігін көрсетеді. Дегенмен, бұл жағдайды келешекте олардың болуына қарсы уәж ретінде қарастыруға бола ма? Бұның жауабы анық деп ойлаймыз. Нормативтік-құқықтық база құқық саласының немесе құқық институтының бар екендігінің салмақты болса да,

---

[48] Манохин В.М., Конин Н.М. Концепция программы курса административного права // Государство и право. 1993. № 5. 53-бет.

[49] Соловей Ю.П. Правовое регулирование деятельности милиции в Российской Федерации. Омск., 1993. 419-бет.

шартсыз белгісі емес. Олардың бар болуының себебі бұл емес. Кезінде Л.Дюги құқық нормасының заң түрінде пайда болуын және осы үрдісте парламенттің атқарған рөлін белгілеу үшін "құқық шығармашылығы" терминін пайдаланудан бас тартып, "парламент құқық нормасын *тіркейді"* деп айтатыны дұрыс еді. Сондықтан парламент немесе мемлекеттің "норма шығарушы" басқа органы жасаған нормативтік актілер жүйесі өмірде жоқ саланың немесе құқықтық институттың базасы болатындай жағдай туындауы мүмкін, демек ол жұмыс істемейтін күй кешеді.

Құқық институтының, не қосымша саласының пайда болуының себебі не? Оның жауабы көрініп тұр — бұл *әлеуметтік үрдіс,* яғни бұл қоғамдық қатынас құқықтық жағынан ресімделсін деген қоғамның сұранысы; соның өзі құқықтық нормалардың белгілі бір жүйесінің дербес өмір сүруі үшін қажетті нормативтік-құқықтық базаны құрайтын нәрсені қалыптастырады. Егер осындай сұраныс бар болса, онда ол пайда болған құқықтық нормалар жүйесіне қандай атау берілетініне, осы мәселе бойынша парламенттің бастапқы позициясының қандай болғанына қарамастан, ертелі-кеш әйтеуір іске асады.

Осыған орай мынадай сауал туындайды: қазіргі кезде полицейлік функцияны атқаруға шоғырланған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың ұйымдастырылуы мен қызметін кешенді түрде және мейлінше қисынды реттеп отыратын нормалардың ерекше жүйесінің бар болуына деген қоғамдық сұраныс бар ма? Оның жауабы түгелімен уәж келтіруді қажет етпейді. Өйткені құқықтық мемлекет идеясына енді ғана жақындай бастаған және дәл осы уақытта құқық бұзушылықтың артуы сияқты дағдарысты бастан кешіп отырған Ресей қоғамы мемлекеттік органдардың құқық тәртібін сақтау жөніндегі қызметін ретке келтіретін құқықтық нормалар жүйесіне бұрын-соңды болмағандай зәру, себебі бұл құқықтық мемлекет идеясының, сол сияқты Ресей мемлекетінің дәл өзінің тағдырын шешуде басты демегеннің өзінде, өте салмақты аргументі болып табылады.

Бәріміз білетіндей, құқық жүйесі тақырыбына КСРО-да жүргізілген соңғы пікірталастың барысында құқықтық реттеудің нысаны мен әдісінің құқықтық нормаларды жүйелеудің

критерийі болып табылатыны туралы пікір негізделіп, қабылданған болатын. Басқаша айтқанда, құқық құрылымында құқықтық нормалардың қандай да бір біртұтас кешенін бөліп алу үшін, құқықтық реттеудің ерекше тәсілін (әдісін) қолдануды қажет ететін қоғамдық қатынастардың тиісті кешенінің бар болуы осындай біртұтастықтың қажетті шарты болуға тиіс. Полицейлік құқықтың жеткілікті дәрежеде ерекше етілген полицейлік құқықтың, сол сияқты осы нысанды құрайтын қатынастарды реттеу әдісінің бар болуын, біздің ойымызша, Ю.П.Соловей нанымды түрде дәлелдеп берді[50].

Сонымен, белгілі нәрсеге деген әлеуметтік сұраныс анық және құқықтық реттеудің ерекше тәсілдері (әдістері) мен құралдарын қолдану қажеттігі бар болғанда, Ресей милициясының ұйымдастырылуы мен қызметіне қажетті нормативтік-құқықтық базасын жасау ғана қалады. Дегенмен, В.М.Манохин мен Н.М.Конин өз ойларын тұжырымдаған кезден бері өткен уақыттың ішінде бұл салада көлемді нормативтік-құқықтық массивтің жасалғанын айтуымыз керек. Сондықтан, қазіргі кезде алдымызда тұрған міндет мемлекеттің полиция функцияларын атқаруына байланысты туындайтын қатынастарды құқықтық жағынан реттеу қажеттігін негіздеуден гөрі, қолданыстағы заңнаманы қолдану тәжірибесін жалпылауда, нормативтік актілер жүйесін Ресейде қалыптасып отырған әлеуметтік құқықтық мемлекеттің жағдайына қатысты жетілдіруде және кодификациялауда жатыр.

Бұл жұмысты ресейлік милицияның әлеуметтік арналуын және мемлекеттік органдар құрылымында оның алатын орнын анықтайтын, нақты әрі нанымды түрде тұжырымдалған концепцияның негізінде ғана жүзеге асыруға болады. Сөйтіп, Ресей мамандарының назарын полицейлік құқық мәселелеріне аударып шоғырландыру көзге көрініп тұрған әлеуметтік сұраныс болып отыр, яғни заң саласындағы зерттеулердегі ерекше бағыт — полицейлік құқық *ғылымын* бөліп алу өте қажет.

Полицейлік құқық ғылымының салмақты тарихы бар[51]. Бұл ғылым Еуропадағы абсолютизм және полицейлік мемлекет

---

[50] Бұл да сонда. 419-429-бет.

[51] Мысалы, қараңыз: Елистратов А.И. Учебник русского административного права. Вып. 1. М., 1990. § 10, 11; Дерюжинский В.Ф. Полицейское право. ПГ., 1917. 5-бет және т.б.

кезеңінде басталады, сол кезде сансыз көп эдикт, жарлықтар мен ордонанстарды және полицейлік мемлекеттің қызмет тәжірибесін ретке келтіру қажеттігі туындаған болатын. Сондықтан XVII ғасырда осы мәселеге арналған кең көлемді әдебиет пайда болады. XVIII ғасырдың басында Францияда Париж әкімшілігінің беделді мемлекеттік шенеунігі, XIV Людовиктен маңызды мемлекеттік тапсырмаларды жиі алып жүрген Деламардың полицияға арналған 4 томдық трактаты жарыққа шықты. Деламардың бұл еңбегі Г.Юсти және И.Зонненфельс деген полицейстердің еңбектерімен байланыстырылатын полиция туралы ғылымның бастауы болды. Осы атақты ғалымдардың жұмыстарында кез келген ғылымның негізгі методологиялық мәселелерінің жауаптары тұжырымдалған: полицейлік құқық ғылымының міндеті, оның мазмұны мен оны зерттеу амалдары туралы. Полицейлік құқық ғылымының міндеті мемлекеттің түпкі мақсаты ретінде жалпының әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің немесе үкіметтің қызметін зерттеу болып табылады. И.Юстидің пікірінше, "ақылдылықпен билеу туралы ғылымның пәні болып табылатын жалпының ортақ қауіпсіздігі басқару тәртібін және мемлекеттің түпкі құрылысын жиынтықта сақтауға, ал оларды жоюы мүмкін әр түрлі қастандық, келісімдер мен одақтардың алдын алуға байланысты. Бұған қоса үкімет халықтың барлық күш-қуатының, сол сияқты адал азаматтардың бір-бірімен дұрыс қатынаста және тепе-теңдікте болуының, ешкімнің тым қатты күшейіп және тым байып кетпеуінің және азаматтарды және халықтың өзге санаттарын қанау немесе жоғарғы билікке бағынудан жалтару мүмкіндігін болдырмаудың; және ешкімнің де үкіметке қарсы шығатындай және мемлекет ішінде қауіпті іс жасайтындай қарулы жасақ құрамауының қамын ойлануы тиіс"[52]. Сәйкесінше, оның мазмұны қоғамда қауіпсіздік жағдайының және сонымен бірге оның материалдық және рухани әл-ауқатының дамуына ықпалдасатын мемлекеттік мекемелер мен шаралар жиынтығын құрайды. Сөйтіп, ішкі қауіпсіздікті орнатуға, оны сақтауға қызмет ететін ережені Полиция немесе Игілік жасау үйретіп

---

[52] И.Г. Юстий. Основания силы и благосостояния царств или подробное начертание всех знаний, касающихся до государственного благочиния. СПб., 1772. 476-бет.

береді. Ертедегі неміс жазушылары (Дитмар) Игілік жасаумен тым негізсіз ұғымдарды байланыстырып, оны баршаның аман-саулығы үшін мемлекетті іштей және сырттай қалай дұрыс ұстау керектігін көрсететін ғылым деп атайтын. Г.Юсти оның өте дәл, бірақ әлі онша тарамаған мағынасын береді. Ол Игілік жасау дегеніміз мемлекеттің ішкі жағдайын жеке отбасылардың аман-саулығы жалпының аман-саулығымен тығыз одақта болатындай етіп жасау ғылымы, деп айтады[53]. Сонымен, өзінің алдына қойған міндеті мен өзінің мазмұны жағынан полиция туралы ғылым-саяси ғылымдар қатарына жатады оның аясына кіретін нысандарды мемлекеттік мекемелер құрылымының мақсатқа сай келуі және олардың қызметі тұрғысынан зерттейді.

Өткен ғасырдың аяғынан бастап полицейлік құқық ғылымы жаңа ғылым — физиократтардың және А. Смиттің еңбектерінен бастау алатын саяси экономия тарапынан қатты бәсекелестікке тап болды. Алайда полицейлік құқыққа берілген ең үлкен соққы полицейлік мемлекет дәуірі аяқталып, құқықтық мемлекет дәуірі басталғанда, яғни қоғамдық сана адам тұлғасына мейлінше көп бостандықты қамтамасыз ету және осыған сәйкес қоғамдық үрдістерге реттеуші ықпал ету тұжырымдамасы, жұмсартып айтқанда, қолдауға ие болмаған кезде берілді.

Полицейлік құқық ғылымын құқықтық мемлекеттің идеологиясы мен іс-әрекетіне бейімдеу қажеттігі туындады. Бұл мәселенің шешімін Германияның Л. фон Штейн есімді ғалымы жан-жақты негіздеп берді, ол полиция туралы ғылымның жүйесін басқару туралы ілім етіп қайта жасады. Бұл ілімнің әлеуметтік құқықтық мемлекет идеологиясына өту кезеңінде өзінің өмір сүруі үшін практикалық негіздерге ие болғанына шүбә келтірмесек те, уақыт өте келе ол өзіне сәйкес келетін салаға негізделетін ерекше ғылым — әкімшілік құқық ғылымы болып дамыды. Дәл осы себептен, полицейлік құқық ғылымы XIX ғасырдың ортасынан бастап университет кафедраларында дәріс болып оқытылатын Ресейде полицейлік құқық курсының авторлары, әдетте, өздерінің оқитын курстарының атауы заң факультеттерінде оқытылатын пәндер номенклатурасында әліге дейін осылай көрсетіліп жүргеніне байланысты екендігін ескертіп айтатын. Ал, аталмыш курстардың мазмұнына келсек,

[53] И. Зонненфельс. Начальные основания полиции или благочиния. М., 1787. 19-бет.

олар жалпы алғанда, қазіргі кезде әкімшілік құқық курсының мазмұны деп ұғынылатын нәрсеге сәйкес келеді.

Сөйтіп, Ресейдің қазіргі заманғы полицейлік құқық ғылымын жалпы алғанда әкімшілік құқық пәні саласына кіретін (бірақ бұл пәнмен тәмамдалмайтын) ғылыми зерттеудің аса маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастыруға болады.

Ең ақыры, құқықтық мемлекет идеологиясы мен тәжірибесін қалыптастыруға ұмтылатын қоғам шешуге тиіс болатын аса маңызды мәселелер қатарында мемлекеттің полицейлік қызметі саласында құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейі жоғары, білікті маман даярлау міндеті тұр. Әрине, бұл міндеттің көп қырлы сипаты бар. Оны шешудің аса маңызды факторларының бірі, басқасын айтпағанда, заңгерлерді кәсіби даярлау жүйесіне полицейлік құқық курсын енгізу деп ойлаймыз. Қандай жағдайда да Ресей Ішкі істер министрлігінің жоғары және арнайы орта оқу орындары жүйесінде оқып жүрген студенттер мен тыңдаушыларға бұл курс өте қажет.

Атап өтетіні, полицейлік құқық курсын оқытудың қажеттігі туралы идея әдебиетте де айтылған. Осы идеяны алға тартқан Ю.П.Соловей оның нақтылы бағдарламасын да ұсынды [54]. Негізінде бұл бағдарлама бірқатар кеңейтуді қажет ететінін айтпағанда, қабылдауға тұрарлық деп ойлаймыз.

Ғылым әрі оқу пәні ретінде полицейлік құқықты таза ішкі салалық деп қарастыруға болмайды. Бұл тезистің дұрыстығын соңғы кезде құқықтың әр түрлі салаларының арасындағы нақты белгіленген шекараны өшіру үрдісінің орын алуы дәлелдей түседі. Әкімшілік құқық пен полицейлік құқықты, мүмкіндігінше осындай ғылымдарды да, бұл ережеден тыс деп тануға болмайды. Сондықтан, Ю.П.Соловейдің пікірі бойынша, полицейлік құқық курсының шеңберінде қарастырылуы қажет мәселелермен қатар, бұл курсқа салааралық сипаттағы мәселелерді де кіргізуге болады. Мемлекеттің, соның ішінде оның полицейлік органдарының жеке құқық сипатындағы қатынаста әрекет ететінін ескере отырып, курста осыған сәйкес келетін тақырыптарды көрсеткен жөн (мысалы, полицейлік қызмет шеңберінде келтірілген материалдық және моральдық зиянды өтеу тәртібі).

---

[54] Соловей Ю.П. Правовое регулирование деятельности милиции в Российской Федерации. Омск., 1993.

Сонымен қатар полицейлік қызметтің милиция қызметкерлерінің еңбегі арқылы жүзеге асатынын ескеру керек. Бәріміз білетіндей, заң жоғары оқу орындарында, Ішкі істер министрлігінің оқу орындарын қосқанда, еңбек құқығының жалпы курсы оқылады және бұл істі жалғастырған жөн. Алайда бұл курстың шеңберінде әдетте ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбегіне қатысты құқықтық жағдайдың өзіндік ерекшеліктерін мейлінше толық көрсету үшін орын қалмайды. Ал, еңбек құқығының курсында, әкімшілік құқық курсында тіптен де ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет сатысы бойынша өсуінің тәртібі туралы, арнайы атақтар мен олардың құқықтық мәні туралы және т.с. мәселелерді жүйелі түрде көрсету үшін орын табылмайды. Және бір ескеретін жайт, полицейлік құқық курсында әкімшілік юрисдикция мәселелерін (полицейлік жүйенің қызмет ету үрдісінде туындайтын құқықтық жанжалдар және оларды шешудің тәртібі; тиісті органдарды құрудың тәртібі, олардың құзыры мен құрылымы) көрсетуге болады және бұл қажет те.

Әрине, осы зерттеуде көрсетуіміз керек деп тапқан ой-пікірлердің көбі салыстыру, сараптау және ұсыныс сипатында. Ал, Ресей Федерациясындағы полицейлік құқықтың іс жүзінде әрмен қарай қалай дамитынын уақыт көрсетер.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгісі — қазіргі кездегі құқықтық санада адамның табиғи құқықтары ретінде ұғынылатын адам құқықтарының бар болуы және олардың іс жүзінде қамтамасыз етілуі. Шынтуайтқа келгенде, ғылыми әдебиетте көрсетіліп жүрген құқықтық мемлекеттің басқадай белгілерінің бәрі аталған басты белгіге қатысты алғанда қызметтік сипатқа ие. Сөйтіп, құқықтық мемлекет[1] деп аталуға талпыныс жасап отырған мемлекеттің алдында тұрған міндет — өз азаматтарының негізгі табиғи адами құқықтары мен бостандықтарының бар екендігін мойындауда ғана емес (өйткені мұндай құқықтар мен бостандықтарды беретін мемлекет емес, бірақ бұларды шектеу немесе қоғамның өмірінен мүлдем шығарып тастау үшін мемлекеттің іс жүзінде қабілеті бар), — мемлекеттің міндеті осыларды мойындағаннан кейін, олардың іс жүзінде болуын қамтамасыз етуде.

Бірақ жеке адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету міндетін негізгі екі бағыт бойынша іске асыруға болады: бір жағынан, адамның құқықтары мен бостандықтары оның басқа адамдармен және мемлекеттік емес (мемлекеттік билік өкілеттігі жоқ) әлеуметтік құрылымдармен еркін өзара әрекеттесуінде қамтамасыз етілетіндей жағдайға қол жеткізу керек (бұл саланы жеке адам қызметінің жеке құқық саласы деп анықтап алайық); ал екінші жағынан, адамның мемлекетпен өзара әрекеттесуінде де адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілуге тиіс (көпшілік құқық саласы).

---

[1] Әдебиетте әділ көрсетілгендей, құқықтық мемлекет категориясын идеалына жету үшін тырысып бағатын идея деп, өмір шындығында мемлекеттің бұл түрін полицейлік немесе тоталитарлық мемлекетке қарама-қарсы қою мағынасында түсіндіруге болады (мысалы, қараңыз: Корнев А.В. Идеи правового и полицейского государства в дореволюционной России. Автореф. канд. дисс. М., 1995. 6-бет; Исаев М.А. Теория правового государства и практика ее претворения в скандинавских странах. Автореф. канд. дисс. М., 1994. 1-бет; Афанасьев В.С. Становление правового государства в Российской Федераци и функции прокуратуры: Выступление на “Круглом столе” журнала “Государство и право” // Государство и право. 1994. № 5. 21-бет).

Өз кезегінде, табиғи құқықтар деп түсіндіру қалыптасып кеткен адамның құқықтары мен бостандықтары аясының қазіргі жағдайда елеулі түрде кеңеюіне орай, және бұл олардың қатарына әлеуметтік-экономикалық құқықтардың[2] қосылуы есебінен де болды, — мемлекеттің осыларды қамтамасыз ету жөніндегі міндеті де айтарлықтай күрделене түсті. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың өтпелі, демек көп жағынан алғанда дағдарысты кезеңін, яғни "бұрынғы қатаң жүйе жұмыс істеуден қалған, ал азаматтық қоғамға тән жаңа демократиялық нысандар әлі қалыптаса қоймаған немесе қажетті тиімділікке ие болмаған"[3] кезеңді басынан кешіп жатқанын ескермесек болмайды. Және де осының бәріне қоса, елдегі құқық бұзушылық деңгейінің сан мен сапа жағынан артып жатқаны анық.

Осы жерден қазіргі заманғы Ресей мемлекетінің алдында тұрған міндеттердің күрделі және қарама-қайшылықтарға толы екендігі оның қоғамда белсенді рөл атқару қажеттігі анық байқалады. Жеке адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарына кепілдік бергенде, мемлекет осы мақсатпен қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік құрылымдардың қайта жасалуын қамтамасыз етуге, ал құқық бұзушылықтың атап айтқанда, қылмыстың артуын ескергенде, оларды болдырмаудың жолын кесу шараларын әзірлеудің және қолданудың қамын жасауға тиіс. Сөйтіп, қазіргі заманғы Ресей мемлекеті бұрынғы кездегіден еш кем емес, керісінше, одан көп дәрежеде қоғамда өзінің әлеуметтендіруші функциясын жүзеге асыруға тиіс.

Бірақ, сонымен бірге құқықтық мемлекетте, біріншіден, жеке тұлғаның мемлекеттен шынайы бөлек болуы екіншіден,

---

[2] "Адамға лайықты тіршілік ету құқығы, еңбек ету құқығы, еңбектің бүкіл өнімін алу құқығы — осының бәрі социализмнің табиғи құқығының постулаттары, және бұрынғы замандағы (XVIII ғ. — И.М.) француз радикалы үшін оның contral socia қалай болса, әбден нанған социалист үшін дәл солай оның "негізгі экономикалық құқықтары" қазіргі тәртіптің шынайы заңдылығына баға берудің критерийі қызметін атқарады", — деп Еллинектің өзі атап көрсетеді. — (Еллинек Г. Право современного государства. Т. 1: Общее учение о государстве. 2-е изд. испр. и доп. С.И. Гессеном. СПб., 1908. 255-256-беттер).

[3] Боер В.М. Правовое государство и личность // Органы внутренних дел на пути к правовому государству: Сборник трудов адъюнктов и соискателей. Вып. 1. Санкт-Петербургский юридический институт МВД России. СПб., 1993. 4-бет.

көпшілік құқық саласында, яғни мемлекетке қатысты алғанда адам еш кедергісіз әрі тиімді іске асыратын құқықтар мен бостандықтар жүйесінің қамтамасыз етілгені жөн. Демек, өз тағдырын өзі еркін анықтайтын тұлғаға мемлекеттік билік тарапынан қиянат жасалмауын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық құралдар жүйесі де болуға тиіс. Бұл жерде тұлғаның мемлекеттен бөлектенуі және өз тағдырын өзі анықтауы туралы идеяның біздің қоғамымызға мүлдем жат екені, қайта керісінше, біздің қоғамдық санамызға мемлекет пен жеке адамның мүдделерін бара-бар ететін антикалық-византиялық-орыс дәстүрінің анағұрлым үйреншікті болып отырғаны жағдайды қиындатуда. Осыған сәйкес, бізде мемлекеттік билікке қарама-қарсы салмақ жүйесі жоқ, ал оны өз қолымыздан жасау амалдары көбіне бұл идеяның өзін масқара ететін келемеж сияқты болып қалады.

Жоғарыда аталған жаңа міндеттерді ескергенде мемлекеттік аппаратты, бұған полиция функцияларын атқаруда маманданатын органдарды қосқанда, қайта құру үрдісі жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте қоғамымыздың қазіргі ахуалының парадокс әрі бірден-бір болуының себебі — бізде мемлекет тарапынан билікті теріс пайдалану әрекетін жасау мүмкіндігін мейлінше шектейтін ұйымдық-құқықтық құралдар жүйелерін жасау міндеті мемлекеттің өзіне жүктеліп отыр.

Бірақ та қылмысқа қарсы күресте, әлеуметтік және экономикалық жүйелердің тиімділігін арттыру сондай-ақ олардың жұмыс істеуі мақсатында оларды қайта құру жөніндегі қызметте мемлекеттің, жеке тұлғаның және азаматтық қоғамның мақсаттары бір-біріне сәйкес келеді, сондықтан да қоғамның қауіпсіздігін, оның қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету сонымен бірге мемлекеттік қауіпсіздік мақсатын қамтамасыз ету болып табылады. Дәл осылай мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жеке адамдарға қатысты билікті теріс пайдаланып қиянат жасалуы мемлекетке қиянат жасаудың тап өзі.

Милиция мемлекеттік құрылым болғандықтан, мемлекеттік биліктің не үшін қызмет ететініне қатысты айтылған ой-пікірлердің барлығы ол үшін толық дәрежеде әділ. Біз құқық арқылы бекітілген бірнеше бағыт бар деп ойлаймыз, аталған өзекті мәселелер осының шеңберінде шешілуге тиіс. Бұлар: а)

құқықтық негіз жасау; ә) милиция органдары қызметінің құқықтық нысандарын тәртіпке келтіру және осыған сәйке оның құрылымын қайта жасау; б) ішкі істер органдары қызметкерлерінің, атап айтқанда милиция қызметкерлерінің құқықтық жағдайын нақтылау; в) құқықтық тәрбие беру.

# ҚОСЫМШАЛАР

*1-қосымша*

# Н.Ф. РОЖДЕСТВЕНСКИЙ МЕМЛЕКЕТТІК АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ИГІЛІК ЖАСАУ ЗАҢДАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

## КІРІСПЕ

1. Заңтану туралы жалпы ұғым.
2. Ресей заңдарының анықтамасы және олардың жіктелуі.
3. Мемлекеттік абаттандыру және игілік жасау заңдары:
   а) полиция ғылымына жалпы түрде және әсіресе Ресейдің заңдары бойынша берілетін анықтама;
   ә) “полиция” ғылымының басты негіздері;
   б) полицияның әділет пен қаржыға қатысы;
   в) полиция туралы ғылымның сыртқы тарихы мен әдебиеті;
   г) полицияның жіктелуі.

## БІРІНШІ КІТАП

## МЕМЛЕКЕТТІК АБАТТАНДЫРУ ЗАҢДАРЫ

### І-БӨЛІК. Ауыл шаруашылығы, фабрикалар мен шығармашылық туралы заңдар

**1-бөлім. Ауыл шаруашылығы туралы**

Кіріспе.

Ауыл шаруашылығының халықтың әл-ахуалына, дене, ізгілік және саяси жағынан тигізетін әсері.

*I -тарау. Ауыл шаруашылығын ынталандыру және жетілдіру шаралары.*

1-бөлімше. Жалпы шаралар

1. Ауыл шаруашылығы қоғамдары. Қалалық және селолық шаруашылық жарғысы (Устав городского и сельского хозяйства. 95-б.).
2. Машинелерді баж төлемей әкелу (96-б.).
3. Жер иелеріне арнап белгіленген несие жағдайлары.
4. Бос тұрған қазынашылық жерлерді жеке адамдарға беру (118-б.).
5. Артықшылық беру (97-б.).
6. Ауыл шаруашылығын жетілдіргені үшін сыйлық беру.
7. Губерниялар бойынша жер өнімдерінің көрмесін ұйымдастыру.
8. Ауыл шаруашылығы мекемелері:
   а) тау. Тау егіншілігі мектебі (117-241-б.);
   ә) оқу фермалары мекемесі (242-323-б.);
   б) губерниялардың ауыл шаруашылық инспекциясы (363-386-б.).

2-бөлімше. Ерекше шаралар

1. Бақшашылық (120-129-б.).
2. Мануфактуралық және дәріханалық өсімдіктерді жіктеу (130-134-б.).
3. Бау шаруашылығы және жүзімді жіктеу (135-162-б.).
4. Жібек шаруашылығы (163-171-б.).
5. Жылқы өсіру.
6. Мал өсіру және қой өсіру (172-176-б.).
7. Аңшылық, хайуанат және балық кәсіпшілігі.

I. Аңшылық:
   а) жалпы ережелер (470-474-б.);
   ә) аңшылыққа тыйым салынатын жыл мезгілі (475-483-б.);
   б) аңшылыққа шектеу қойылатын жерлер (484-487-б.);

в) Сібірдегі хайуанат кәсіпшілігі (488-492-б.).

II. Судағы хайуанат және балық кәсіпшілігі:

а) жеке меншік болып табылмайтын суда:

1. жалпы ережелер (493-502-б.);
2. Финн бұғазында, Неваның сағасында, Солтүстік мұхит пен Балтық теңізінде, Каспий және Азов теңіздерінде балық аулау (503-623-б.).

ә) біреудің жеке меншігіндегі суда:

1. қалалық жерде (624-б.);
2. помещиктің суында (625-626-б.);
3. қазыналық жердегі суда (627-б.);
4. үлестік ведомство суында (628-б.);
5. колонистерге бөлініп берілген жерлердегі суда (630-б.);

б) інжу жинау (641-650-б.).

*2-тарау. Империядағы қазыналық елді мекендердегі және шетелдіктердің колонияларындағы абаттандыру туралы қаулы*

1-бөлімше. Қазыналық елді мекендерде олардың қоғамдық шаруашылығына қатысты абаттандыру

I. Жерлерді межелеу және сипаттау. Қазыналық елді мекендер жарғысы (Устав казенных населелений) XII т. (3-9-б.).
II. Мемлекеттік шаруаларға жер беру (10-16-б.).
III. Мемлекеттік шаруалардың жерді басқаруы (17-21-б.).
IV. Мемлекеттік шаруаларды көшіру (22-82-б.).
V. Қоғамдық жерлер және мемлекеттік шаруалардың пайдалануындағы жерлер (122-159-б.).

2-бөлімше. Империядағы шетелдіктердің колониялары туралы қаулы

I. Колонияларды жіктеу және олардың басқармасын құру. Колонистер жарғысы (Устав колонистов) XII т. (1-12-б.).
II. Колонистердің азаматтық халы (122-161-б.).
III. Колонистердің азаматтық құқықтары (162-206-б.).

IV. Колонистердің міндеттері мен төлейтін салықтары (207-330-б.).
V. Өздерінің жеке меншік жерінде және жеке меншік иелерінің жерлерінде қоныстандырылған колонистер (538-576-б.).

**2-бөлім. Фабрика және қолөнер өнеркәсібі туралы**

*I-тарау. Жалпы ережелер.*

I. Фабрика және қолөнер өнеркәсібімен еркін айналысу:
1) Изехалар;
2) бұйымды өңдеу үлгісі және таңба салу;
3) ахуалы мен дініне қарай өнеркәсіп еркіндігін шектеу;
4) монополия; артықшылық.

II. Өнеркәсіптегі теориялық және тәжірибелік білімді тарату.
III. Капитал.
IV. Фабрика мен зауытқа қажетті материалдарды алуды оңайлату.
V. Шетелдің күшті бәсекелестігіне шектеу қою:
1) баж салу арқылы;
2) бажды қайтару арқылы;
3) машинелерді сыртқа әкетуге тыйым салу арқылы.

*II-тарау. Фабрика және қолөнер өнеркәсібі туралы оңтайлы заңдар.*

Кіріспе
I. Фабрика және қолөнер өнеркәсібі туралы заңнаманың тарихы.
II. Қазіргі кездегі қолданыстағы қаулылар.

I-бөлімше. Фабрика және зауыт өнеркәсібі туралы жалпы қаулылар

I. Фабрика және зауыт өнеркәсібінің алуан түрлері және оны басқару құрамы:
1. Фабрика өнеркәсібінің алуан түрлері. Фабрика жарғысы (Устав фабричный) XI т. (1-9-б.).
2. Фабрикаларды басқару.

II. Фабрика және зауыт өнеркәсібі мекемелерін құру және оларды ұстап тұруға байланысты туындайтын құқықтар мен міндеттер:

1. Қазыналық фабрикалар мен зауыттар (36, 37, 40, 50, 76-79-б.).

2. Сессияларға қарай бөлінетін фабрикалар мен зауыттар (56-63, 80-81-б.).

3. Жеке меншік фабрикалар мен зауыттар:

а) фабрика құру құқығы бар тұлғалар (51, 52-б.);

ә) құрылатын фабрикалардың орналасуы мүмкін жерлер (38-42-б.);

б) губерния бастықтарының фабрика құруға рұқсат беруі (43-48-б.);

в) фабрика мекемелерінің иелері мен жұмысшы адамдардың арасындағы қатынас (92-104-б.);

г) жеке тұлғалардың фабрикаларды ұстап тұру жөніндегі құқықтары мен міндеттері, таңба басу (54-55, 64-75-б.).

III. Фабрика өнеркәсібін ынталандыруға арналған құралдар:

1. Фабрикалар иесіне берілетін артықшылықтар мен жеңілдіктер (105-115-б.).

2. Өнертапқыштықтың жаңа туындылары мен жаңалықтарға берілетін артықшылықтар:

а) артықшылықтың мәнісі (116-125-б.);

ә) артықшылық беру тәртібі (126-132-б.);

б) берілген артықшылықтардың күшінде болу мерзімі және ол үшін алынатын баж мөлшері (133-144-б.);

в) артықшылық алған адамның міндеттері (145-149-б.);

г) артықшылық беру мәселелері жөнінде сотта іс қарау (231-239-б.).

3. Мануфактуралар мен фабрикалар бұйымдарының көрмесі (150-168-б.).

4. Технологиялық институт.

II-бөлімше. Фабрика өнеркәсібі туралы ерекше қаулылар

I. Зығыр фабрикалары (240-313-баптар).

II. Жазба қағазы мен сургуч шығаратын фабрикалар (314-315-б.).

III.Селитра шығаратын жеке меншік зауыттар (319-328-б.).

IV. Қызылша-қант зауыттары (329-331-б.).

III-бөлімше. Қолөнерге байланысты қаулылар

I. Цех мекемесі:

1) қолөнердің цехтарға бөлінуі және оларды басқару (342-345-б.);

2) қолөнер түрлерін басқару:

а) қолөнер басшысы (349-379-б.);

ә) қолөнер басқармасы (380-400-б.);

б) қолөнершілер жиналысы (401-406-б.);

в) көмекші шеберлер басқармасы (407-410-б.);

3) Қолөнер жөніндегі оқу орындары (411-415-б.).

II. Цехтың ұйымдастырылуы:

1) цехке қабылдану және оның құрамынан шығу (416-439-б.);

2) цех шеберлері, көмекші шеберлер және қолөнерші шәкірттері (440-477-б.).

III. Қолөнер жұмысы (479-480-б.).

IV. Ауылдық жерлердегі қолөнер (490-493-б.).

V. Цех мүшелерінің төлейтін салықтары мен борышы (494-508-б.).

VI. Қолөнершілер қазынасы (509-518-б.).

VII. Алтын және күміс шеберлері туралы ерекше ережелер:

1) белгі қоятын палаткалар және шеберлер (519-546-б.);

2) алтын және күміс бұйымдарын жасайтын шеберлердің, ювелир мен фабриканттардың міндеттері (547-600-б.).

**3-бөлім. Сауда және басқадай заң күшін беру туралы**

*I-тарау. Жалпы ережелер.*

*II-тарау. Сауда туралы оңтайлы заңдар.*

Кіріспе.

I. Сауда туралы заңнаманың тарихы.

II. Қазіргі қолданыстағы заңдар.

I-бөлімше. Саудамен айналысу құқығы

I. Куәлік негізінде сауда жүргізу:

1) Ресей азаматтары жүргізетін сауда жөніндегі жалпы қаулылар:

а) гильдияға мүше болып кіру. Сауда жарғысы (Устав торговый) XI т. (8-54-б.);

ә) гильдиялар бойынша құрметті артықшылықтар (55-59-б.);

б) көпестердің салық қызметі тәртібінде және қылмыстық істер бойынша соттағы артықшылықтары (60-73-б.);

в) гильдиялар бойынша сауда құқығы (74-97-б.);

2) Ресей азаматтарының саудасы жөніндегі ерекше қаулылар:

а) дворяндардың гильдияға мүше болып кіруі (98-104- б.);

ә) басқа қалалардан келген адамдарың жүргізетін саудасы туралы (105-111-б.);

б) финн, поляк және азиялық көпестердің жүргізетін саудасы (112-116-б.);

в) еврейлердің жүргізетін саудасы (117-129-б.);

3) сауда жағдайы құқығынан айыру (154-158-б.);

4) шетелдіктердің Ресейде жүргізетін саудасы:

а) шетелдік қонақтар (159-203-б.);

ә) жолай соққан шетелдік көпестер (193-203-б.);

б) шетелдік азиялық көпестердің саудасы (204-210-б.);

5) шаруалардың санат бойынша сауда жасауы:

а) сауда санаттарына мүше болып кіруге құқығы бар адамдар (211-214-б.);

ә) сауда санаттарына кіру тәртібі (222-232-б.);

6) көпес приказчиктерінің және комиссионерлердің саудасы (233-250-б.);

7) сауданың дұрыс жүргізілуіне қадағалау жасау (251-265-б.).

II. Белгіленген куәліксіз, еркін жүргізілетін сауда:

1) мемлекеттегі халықтың барлық санаттарына арналған еркін сауда нысандары (266-269-б.);

2) дворяндардың еркін саудасы (270-276-б.);

3) қатардағы қала тұрғындарының еркін саудасы:

а) мещандардың саудасы (277-301-б.);

ә) мещандар санатына жатпайтын қатардағы қала тұрғындарының саудасы (302-316-б.).

4) қатардағы село тұрғындарының еркін саудасы:

а) шаруалардың еркін саудасы (317-325-б.);

ә) шаруалар санатына жатпайтын адамдардың ауылдық жерлерде сауда жасауы (326-332-б.);

5) казактардың еркін саудасы (333-341-б.);
6) шетелдіктердің еркін саудасы (432-434-б.).

## II-бөлімше. Жалпы және сауданың алуан түрлері жөніндегі сауда міндеттемелері

I. Вексельдер:
1) вексель туралы заңнаманың тарихы;
2) қазіргі қолданыстағы заңдар:
а) вексель ресімдеу (435-441-б.);
ә) вексель жасау (442-448-б.);
б) вексель қозғалысы (449-493-б.);
в) вексель бойынша талапты қанағаттандыру (494-539-б.);
г) вексельдің өндіріп алуға жатуы және өндіріп алу тәртібі (540-578-б.).

II. Сауданың алуан түрлеріне тән сауда келісімдері:
1) көпес приказчиктерін және дүкенде отыратын қызметкерлерді жалдау туралы шарт (579-614-б.);
2) сауда бойынша сенім білдіру (615-642-б.);
3) сауда серіктестіктері (643-669-б.).

## III-бөлімше. Сауда кемелерін жасау және теңізде жүзу жөніндегі ерекше шарттар мен міндеттемелер

I. Сауда кемелерін жасау жөніндегі шарттар мен міндеттемелер:
1) сауда кемелерін жасау, куәландыру және жабдықтау (670-691-б.);
2) сауда кемелерін сатып алу және сату (670-691-б.);
3) кемені жасау, сатып алу және оны ұстап тұрудағы серіктестік (709-720-б.).

II. Сауда жасау мақсатымен теңізде жүзу жөніндегі шарттар мен міндеттемелер:
1) теңізде жүзушілердің құқығы (721-722-б.);
2) кеме құжаттары (724-741-б.);
3) Ресейдің сауда кемелерінің экипажы (742-762-б.);
4) сауда кемелерін қорғау (922-947-б.).

III. Бодмерея және авериялар (948-1002-б.).

IV.Апатқа ұшыраған кемелерді құтқару (1015-1073-б.).

V. Теңізде жүзу бойынша сақтандыру (1101-1140-б.).VII жалғасы.

IV-бөлімше. Сауда істері бойынша сотта іс қарау

I. Коммерциялық соттардың жалпы құрылымы:
   1) соттың құрамы (1141-1145, 1165-1171-б.);
   2) ұйғарым шығару тәртібі (1146-1173-б.);
   3) ведомствоның нысаны мен ауқымы (1174-1184-б.).
II. Ауызша өтетін сауда соттары (1165-1169-б.).
III. Сауда бойынша дәрменсіздік:
   1) сауда бойынша дәрменсіздіктің мәнісі және оның түрлері (1695-1763-б.);
   2) дәрменсіздердің соттылығы (1692-1694-б.);
   3) әкімшілік мекемелері (1704-1712-б.);
   4) дәрменсіздікті анықтау (1713-1715-б.);
   5) дәрменсіздік туралы хабарлау (1716-1737-б.);
   6) кураторларды таңдау және конкурстық басқару құрамын жасақтау (1738-1751-б.);
   7) конкурстық басқарудың міндеті (1763-1819-б.);
   8) қарыз берушілердің жалпы жиналысының түпкілікті өкімдері (1820-1841-б.);
   9) дәрменсіздермен бітімгершілік мәмілеге келу (1848-1852-б.).

V-бөлімше. Сауда мекемелері

I. Сыртқы сауда мекемелері. Консулдықтар:
   1) Еуропа мен Америкадағы ресейлік консулдар (1860-1912-б.);
   2) Парсыдағы ресейлік миссиялар мен консулдықтар (1913-1978-б.).
II. Сауданы жеңілдетуге арналған ішкі мекемелер:
   1) жәрмеңкелер (2515-2589-б.);
   2) теңіз және мұхит саудасы (2456-2505-б.);
   3) монета:
      а) монета басқармасы. Монета жарғысы (Устав монетный) VII т. (1-3, 4-б.);
      ә) монеталық жүйе (35-54-б.);

б) мемлекет ішіндегі монета айналымы, ресейлік монетаны сыртқа әкету (154-171-б.);

в) Ресейде шетелдік монетаның айналымы (172-178-б.);

4) несие мекемелері:

а) мемлекеттік несие мекемелері кеңестері. Мемлеттік несие мекемелерінің жарғысы (Устав государственных крединтых установлений) XI т. (1-7-б.);

ә) мемлекеттік Жер банкі (172-584-б.);

б) мемлекеттік несие билеттерінің экспедициясы;

5) биржалар мен биржалық мекемелер (1991-2201-б.);

6) көпестердің маклер кітаптары (2202-2455-б.).

VI-бөлімше. Қатынас жолдары, құрылыстар және өрт

I. Қатынас жолдары:

1) жолдар мен қатынасты және көпшілік ғимараттарды басқару. Министрліктер жарғысы (Учреждения министерств) (1420-1494-б.). 1-жалғасы. Қатынас жолдары жарғысы (Устав путей сообщений) XII т. (3-67-б.);

2) қатынас:

а) сумен қатынау:

1) рыноктар мен бұғаздар бойынша кемемен жүзу. Қатынас жолдары жарғысы (Устав путей сообщений) (301-390-б.);

2) арқаншылар (391-422-б.);

3) теңізде кемемен жүзу кезінде соттау (423-457-б.);

б) құрлықпен қатынау:

1) жолдардың бөлінуі (10-16-б.);

2) жолға кететін жер көлемін анықтау (575-612-б.);

3) жол салу және қалыпта ұстап тұру (613-745-б.);

4) құрлықпен қатынау жөніндегі ақша алымдары (746-805-б.).

II. Құрылыстар:

1) құрылыс басқармасы. Құрылыс жарғысы (Устав строительный) XII т. (1-53-б.);

2) қала салу (256-321-б.);

3) елді мекен салу (322-416-б.);

4) қалаларда қазыналық, шіркеу, жеке меншік ғимараттарды салу (54-б.).

III. Өрт:

1) өрт сөндіру бөлімшесін құру. Өрт сөндіру жарғысы (Устав пожарный) XII т. (1-27-б.);
2) өрттен алдын ала сақтану шаралары (28-69-б.);
3) өрт сөндіру (70-86-б.);
4) өрттің себебін анықтау (87-90-б.);
5) өрттен болған шығынды өтеу. Қоғамды өрттен сақтандыру (91-115-б.).

# II-БӨЛІК. Халық ағарту туралы заңдар

Кіріспе:

Халық ағарту туралы жалпы ереже

## I-бөлім. Халық ағарту министрлігіне бағынысты жарғы

### *I-тарау. Халық ағарту ісін таратуға арналған заңдар*

I. Үкіметтен қаржыландырылатын халық ағарту ісін таратуға арналған заңдар:

1) Императорлық ғылым академиясы. 1803 жылдың 25 шілдесі, 1827 жылдың 2 наурызы, 1834 жылдың 24 қыркүйегі, 1835 жылдың 7 наурызы, 1836 жылдың 3 қаңтары, 1838 жылдың 19 шілдесі (11, 352), 1841 жылдың 19 қазаны (14, 940);
2) Императорлық көпшілік кітапхана. 1810 жылдың 14 қазаны (24, 377); 1812 жылдың 31 наурызы (25, 669).

II. Халық ағарту ісін таратуға арналған жеке жарғылар:

1) әдеби ғылыми қоғамдар:
   а) Орыс географиялық қоғамы. 1845 жылдың тамызы (19, 259). Бұл қоғам Ішкі істер министрлігінің ведомство-сында;
   ә) Минералогиялық қоғам. 1817 жылдың 12 маусымы (26, 920);
   в) Фармацевтикалық қоғам.
2) Мәскеуде:
   а) Императордың Табиғат зерттеушілер қоғамы. 1818 жыл-дың 9 ақпаны (27, 263);

ә) Ресей тарихы мен көне ескерткіштерін зерттеу қоғамы. 1811 жылдың қаңтары (24, 492);

б) Ресейдің көркемсөз сүюшілер қоғамы. 1811 жылдың маусымы (24, 698).

3) Харьковта:

Ғылымдар қоғамы. 1812 жыл (25, 282).

4) Қазанда:

Орыстың көркемсөзін сүюшілер қоғамы.

5) Ригада:

а) Көркемсөз және тәжірибе қоғамы;

ә) Латын әдебиеті қоғамы. 1827 жылдың 17 мамыры (1, 098);

б) Остзея губернияларының тарихы мен көне ескерткіштері қоғамы. 1834 жылдың 1 қыркүйегі (7, 381).

6) Митавада:

а) Курляндияның көркемсөз бен өнер сүюшілер қоғамы. 1816 жылдың 8 желтоқсаны (26, 544);

ә) Мұражай мен Атекей.

7) Орынборда:

Эст әдеби қоғамы. 1817 жылдың наурызы (26, 763).

III. Губерниялық көпшілік кітапханалар. 1834 жылдың 29 мамыры (7125); 1840 жылдың 4 маусымы (13, 523).

*II-тарау. Білім беру және тәрбие мекемелері*

I. Жоғары оқу орындары:

1) университеттер: Санкт-Петербург, Мәскеу, Харьков және Қазан. 1835 жылдың 26 шілдесі (9337).

а) университет мекемелері:

1) жалпы университеттердің құрамдары;
2) факультеттердің құрамдары мен пәндері;
3) кеңес құрамдары мен пәндері;
4) басқарма құрамы пен нысандары.

ә) университетке жататын адамдарды орналастыру және босату тәртібі;

б) курстардың, дәрістердің, есептер мен сынақтар жүргізу тәртібі;

в) университеттің құқықтары мен артықшылықтары;

г) университеттің ерекше жарғылары;

ғ) ілім және қосымша әдістемелік құралдар мен мекемелер;

д) әулие Владимир университеті. 1824 жылдың 9 шілдесі (15, 730);

е) дерпт университеті.

2) бас педагогика институты. 1828 жылдың 30 қыркүйегі (2314).

3) лицейлер:

а) Рипелыв лицейі. 1837 жылдың 29 мамыры (10, 285); 1834 жылдың 11 қарашасы (15, 010);

ә) Демидов лицейі. 1833 жылдың 2 тамызы (6370);

б) князь Безбородко лицейі. 1832 жылдың 8 қазаны (5656).

II. Орта және төменгі оқу орындары. 1828 жылдың 8 желтоқсаны (2562):

1) гимназиялар және гимназия жанындағы пансиондар;
2) уездік училищелер;
3) приход училищелері;
4) оқу орындарының жалпы құқықтары мен артықшылықтары;
5) жеке меншік оқу орындары.

III. Оқу орындарының құрылымы.

IV. Кавказ училищелері басқармалары. 1835 жылдың 12 мамыры (8123).

V. Сібір гимназиялары мен училищелері басқармалары. 1828 жылдың 8 желтоқсаны (2502), 8-тармақ.

VI. Үй тәрбиешілері мен ұстаздары, 1834 жылдың 1 шілдесі (7240); 1834 жылдың 13 қыркүйегі (7395), 27 қарашасы (7585), 11 желтоқсаны (7646), (7647).

*III-тарау. Цензура мекемелері. 1828 жылдың 22 сәуірі (1979).*

I. Ішкі цензура.

II. Шетелдік цензура.

III. Рухани цензура.

**II-бөлім. Басқа министрліктер мен басқармаларға бағынысты ерекше жарғылар:**

*I-тарау. Әскери оқу орындары:*

*Әскери оқу орындарының жіктелуі. Әскери қаулылар жинағы (Св. воен. постанов.), 1-бөлім, 3-кітап (1-3-б.).*

I. Жоғары әскери оқу орындары:

1) императордың әскери академиясы (5-160-б.);
2) атқыштар училищесі (161-208-б.);
3) бас инженерлік училище (209-243-б.).

II.Ерекше бас бастыққа сеніп тапсырылған әскери оқу орындары. 1843 жылдың 25 наурызы (16, 651).

III. Әр түрлі адамдарға басқарма сеніп тапсырған әскери оқу орындары. Әскери қаулылар жинағы (Свод военных постановлений), 1-бөлім, 3-кітап (1427-1762-б.).

*II-тарау. Діни ведомствоның оқу орындары. 1834 жылдың 30 тамызы (25.673-25.677).*

I. Діни академия.
II. Семинариялар.
III. Уездік училищелер.
IV. Приход училищелері.

*III-тарау. Басқа да әр түрлі ведомстволардың оқу және тәрбие орындары.*

I. Император Александр лицейі. 1810 жылдың 12 тамызы (24325); 1843 жылдың 6 қарашасы (17.294).
II. Императорлық құқықтану училищесі. 1828 жылдың 28 маусымы (11.363).
III. Тау-кен жөніндегі оқу орындары. Тау-кен жарғысы (Устав горный) VII т. (49-189-б.).
IV. Теңіз және басқа да ведомстволардың оқу орындары.
V. Қыздарға арналған оқу орындары.

# ЕКІНШІ КІТАП

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ИГІЛІК ЖАСАУ ЗАҢДАРЫ

## I-бөлім. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету

*I-тарау. Жалпы ережелер.*

I-бөлімше. Тіршілік ету үшін қажетті азық-түліктің қымбат болуының зиянды салдары

II-бөлімше. Тіршілік ету үшін қажетті азық-түліктің қымбат болу себептері

I. Шынайы қымбатшылық:
1) табиғи;
2) қолдан жасалған.
II. Жалған қымбатшылық.

III-бөлімше. Тіршілік ету үшін қажетті азық-түліктің қымбатшылығын болдырмау шаралары

I. Себептерін жою.
II. Олардың салдарының алдын алу.

IV-бөлімше. Қымбатшылық кезіндегі қосымша шаралар

*II-тарау. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы заңнаманың тарихы.*

*III-тарау. Қазіргі кездегі қолданыстағы заңдар.*

I-бөлімше. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету жағынан қамқорлық ету міндеті жүктелген орындар мен адамдар. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы жарғы (Устав об обеспечении народного продовольствия) XII т. (1-34-б.)

II-бөлімше. Ауылдық жерлердегі халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету

I. Мемлекеттік мүлік министрлігінің ведомствосы бойынша (35-112-б.).
II. Үлестік ведомствоға қарайтын елді мекендерде (113-124-б.).
III. Жеке меншіктегі мүлікте (129-253-б.).

III-бөлімше. Қалаларда халықты азық-түлікпен
қамтамасыз ету

I. Ақша капиталдарын құру (512-515-б.).
II. Тіршілік ету үшін қажетті азық-түліктің қалаларға емін-еркін жеткізілуін қорғау және оны сатудың тәртібін белгілеу (633-656-б.).
III. Астананы азық-түлікпен қамтамасыз етудің ерекше шаралары (652-680-б.).

**II-бөлім. Кедейлерге қоғамдық қамқорлық жасау**

*I-тарау. Жалпы ережелер.*

I-бөлімше. Кедейліктің себептері

I. Кедейліктің адамдардың өздерінен болатын себептері.
II. Кедейліктің жағдайға байланысты себептері.

II-бөлімше. Кедейліктің себептерін жою шаралары

I. Кедейліктің адамдардың өздерінен болатын себептерін жою.
II. Жағдайға байланысты:
1) жұмыстың жеткіліксіз болуынан;
2) жұмысқа қабілетсіз болудан;
3) қайғылы оқиғалар сияқты себептерден болатын кедейлікке қарсы шаралар.

III-бөлімше. Кедейлерге жәрдемақы төлеу

I. Үйлерде тұратын кедейлерге жәрдемақы төлеу.
II. Кедейлерге қамқорлық жасау.

IV-бөлімше. Қайыршылықты түп-тамырымен жою

*II-тарау. Қоғамдық қамқорлық жасау туралы заңнаманың тарихы.*

*III-тарау. Қазіргі кездегі қолданыстағы заңдар.*

I-бөлімше. Қоғамдық қамқорлық жасау және оның ведомстволық приказға қарайтын мекемелері туралы жарғылар

I. Қоғамдық қамқорлық жөніндегі приказдар мекемелері. Қоғ. қамқорлық жарғ. (Уст. общ. призр.) XII т. (323-674-б.).
II. Приказ орындары:

1) жетімдер үйлері (683-912-б.);
2) тәрбие үйлері (852-857-б.);
3) ауруханалар (913-995-б.);
4) мінажатханалар (996-1012-б.);
5) жұмыс үйлері (1013-1022-б.);
6) приказдардан жәрдемақы алатын мекемелер мен тәрбие орындары (1023-1053-б.).

II-бөлімше. Приказдардың ведомствосынан тыс құрылған қоғамдық қамқорлық мекемелері

I. Санкт-Петербург, Мәскеуде және Мәскеу губерниясының уездік қалаларындағы қоғамдық қамқорлық мекемелері басқармасы (1266-1602-б.).
II.Приказдардың ведомствосына кірмесе де, Ішкі істер министрлігіне бағынатын қоғамдық қамқорлық орындары (1663-1768-б.).
III. Императордың Адамсүйгіштер қоғамы (1769-1797-б.).
IV. Әр түрлі ведомстволардың кедейлерге қамқорлық жасауы.

**III-бөлім. Халықтың денсаулығын сақтау**

*I-тарау. Медициналық жәрдем ұғымы*

*II-тарау. Ресейдегі медициналық жәрдем туралы заңнаманың тарихы*

*III-тарау. Қазіргі кездегі қолданыстағы заңдар*

I-бөлімше. Халықтың денсаулығын сақтау шаралары

1. Ауаның тазалығын қорғау. Дәрігерлердің жарғ. (Уст. врач.) XII т. (476-484-б.).
2. Тіршілік ету үшін қажетті азық-түліктің қауіпсіз болуын қорғау (485-513-б.).

3. Улы және қатты әсер ететін заттарды сатудағы сақтық (514-523-б.).
4. Өлгендерді жерлеудің полицейлік ережелері (528-551-б.).

## II-бөлімше. Жаппай ауру тараған кезде халықтың денсаулығын сақтау жөнінде қолданылатын ерекше шаралар

1. Жаппай тарайтын ауруларға қарсы жалпы шаралар (552-573-б.).
2. Шешек егу (574-670-б.).
3. Карантиндер (671-1105-б.).
4. Балтық теңізі мен Ақ теңіз жағалауы мен порттарын оба індетін әкелуден қорғаудың ерекше ережелері (1221-1285-б.).

## III-бөлімше. Дәрігерлік мекемелер

I. Империядағы дәрігерлік бөлімнің бас басқармасы.
II. Губерниялық дәрігерлік басқарма (4-51-б.).
III. Дәріхана бөлімінің инспекторлығы (52-76-б.).
IV. Дәрігерлер (77-205-б.).
V. Дәріханалар (206-387-б.).

*2-қосымша*

# ШТАТТАҒЫ ПРОФЕССОР В.Н. ЛЕШКОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰҚЫҚ ПӘНІ БОЙЫНША ДӘРІС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мәскеу, 1864/1865 ж.

## А. Тарих

### I. Жалпы кіріспе

1. Қоғамдық құқықтың жалпы құқық жүйесіндегі мәні. Құқық, бостандық пен теңдік деген негізгі ұғымдардың арасындағы күрес іс жүзінде құқық саласында, қоғамдық құқық арқылы шешімін тауып отырады. Кейіннен әдебиетте қоғамдық құқықтың пайда болуы; тіршілік ету үшін оған деген үнемі мұқтаждықтың болуы. Ежелгі заман, ортағасырлық, жаңа тарих мемлекеттерінің мысалы.

2. Қоғамдық құқық ұғымы. Жазушылардың көзқарасы. "Полиция" атауы. Р. Мольдің берген анықтамасы. Талдау. Өзіндік қорытынды — қоғамды байқап отырудың нәтижесі негізінде. Сонымен бірге қоғамның ерекше заңдарға жатқызылатын, жеке адамды және оның құқықтарын дамыту үшін әр түрлі мекемелерді құруға алып келетін құқықтары бар. Қоғамдық құқықты құру.

3. Қоғамдық құқықтың басқа құқықтарға қатыстылығы және қоғамдық құқық ғылымының салалас ғылымдарға қатыстылығы. Жеке құқықтың бастауы, қоғамда және қоғамның тарапынан оның аясы қоғамдық болып кеңейеді, ал алдын алу туралы ілімде қылмыстық құқықпен жолығады. Ол қоғам мен земство мемлекеттен ерекшеленетіндей, оның да мемлекеттік құқықтан айырмашылығы бар. Қоғамдық құқық ғылымының саяси экономиядан өзгешелігі оның пәні мен заңдық негізінен байқалады. Қоғамдық құқық ғылымының оң заңдарға, Сводқа (Жинаққа) қатыстылығы.

## II. Жалпы тарих

4. Қоғамдық құқық тарихының мәні. Мысалы — қоғамның мүлдем болмауы себебінен бүкіл Шығыстың сипатын қамтитын ежелгі Египет. Құлдық пен деспотизм. Жеке адамның бостандығы мен халықты басқарудың орынды нысандарының болуының арқасында ерекше тұратын Иудея. Қоғамдық құқықтың әр түрлі мекемелері.

5.Грекия және Рим. Халықтың саяси мәні. Мемлекеттік қоғам. Қоғамдық құқықты құру. Басқару. Жеке адамның бостындығы және мүліктік құқықтар. Қатынас жолдары. Кәсіпшілік. Халық ағарту. Күзет ұйымдары. Жалпы қорытынды.

6. Орта ғасырлар. Мемлекеттің ұлттық мәні. Сословиелер. Шарт негізіндегі және жергілікті (земстволық) қауымдар. Қоғамдық құқық мекемелері. Жеке адамның бостындығы және мүліктік құқықтар. Қатынас жолдары. Пошта. Кәсіпшілік. Халық ағарту. Күзет ұйымдары. Жалпы қорытынды.

7. Жаңа тарих мемлекеттері. Мемлекеттіктің деспотизм дәрежесіне дейін дамуы. Мысалы — Франция.

## III. Орыстың қоғамдық құқығының тарихы

### Бірінші кезең — "Русская Правда" (Орыстың Шындығы)

8. Земстволық (жергілікті) қауым — орыстың халық тұрмысының сипаты. Жылнаманың қасиеттері, заң актілерінің рухы, қазіргі заманғы құбылыстар. Біздің қоғамымыздың орыс халқының жерге орналасу актісінен пайда болғандығы. Орыстың Тура жолының бір тармағы — қоғамның заңда көрінуі. Адам өлтіру және тартыс болған жағдайларда қауымның, "Русская Правданың" мәні. Бұдан шығатын қорытынды, біздің қауым толық шешіліп бітпеген қауым болған, ол айтарлықтай кең, әр түрлі мөлшерде болып келетін, тең учаскелерге бөлінген және өзінің басқармасы бар жерден тұратын. Орталықтардың, облыстардың құрылуы, олардың арасындағы күрес, варяг князьдарының шақырылуы.

9. "Русская Правдадағы" қоғамдық құқық. Жеке адам бостандығы, құлдықты шектеу — шаруалардан (смердтерден) бастап, барлық таптардың бостандығын кеңейту. Мүліктік қатынастар,

жер иеліктерінің ортақтығы, жылжымалы мүліктің басымдығы. Жердің шарт нысанында қоғамдық пайдаланылуы.

10. “Русская Правда” қауымдастықтың кодексі ретінде, оның игілікті дамытуға қатыстылығы. Өлшеуіш, таразы, ақша, кәсіпшілік пен өнеркәсіп; халық ағарту. Күзет шаралары.

## Екінші кезең — XVIII ғасырға дейін

11. Халық өмірінің облыстық нысаны. Облыстар дегеніміз не, олардың ішкі құрамы, аумақтық ерекшелігі, халықтың орын ауыстырып отыру еркіндігі, автономиясы бойынша — удел (үлес жер) дегенмен бірдей. Новгород мысал ретінде.

12. Жеке қауымдардың өзін-өзі басқаруы. Двор земстволық қоғамдастықтың элементі ретінде. Дворлардың қосылуы және қауымдардың құрылуы. Қауымдардың бірігуі және земстволық қауымдар мен земщинаның құрылуы. Таққа сайлау жағдайлары, әскери істер, бейбіт қатынастар, заң шығарушылық, сот, әкімшілік, қаржы.

13. Ресейдегі қоғамдық құқық дегеніміз, не әкімшілік не полиция емес, ол — құқық. Болмысқа деген құқық немесе халық жайында. Отбасы және қауым мәселесі. Халықтың санын көбейту заңы. Оның құралдары. Халықтың санын анықтаудың халықтық тәсілі. Халық санағының алғаш пайда болуы. Шетелдіктерді шақырып алу.

14. Ежелгі Ресейдегі жеке құқық. Шіркеу, қоғам және заңдардың тарапынан құлдыққа қарсы іс-әрекеттер. 1592/93 жылдарға дейінгі шаруалар. Юрийшілдер. Шаруаларды жерге бекітудің пайда болуы және оның мәні.

15. Ежелгі Ресейдегі жер құқығы. Жеке меншік жер құқығының пайда болуы. Поместиелер мен вотчиналар. Ұлы Петрге дейін жерді қауым болып иеленудің және жеке меншік жердің қатар болуы.

16. Ежелгі Ресейдегі қатынас жолдары құқығы. Жәмшік (пошта атымен тасымалдайтын) жолдар — ауыл арасындағы ұзақ жол. Жәмшіктердің ахуалы, ауыл арасындағы жолдар туралы заңдар. Көпірлер, төсеме жол, тасымал, үйренудің негізі — уақыт, немесе бұрынғы әдіспен.

17. Жәмшік айдау құқығы. Пайда болуы. XVI ғасырға дейінгі жағдайы. Жеке меншіктен натурал салық төлеу міндеті;

жәмшіктерді сайлау және олардың тұрмысы. Пайдаланылуы. XVII ғасырдағы пошта.

18. Ежелгі Ресейдегі кәсіпшілік және өнеркәсіп құқығы. Заңдардың міндеті. Өлшеуіш, таразы, ақша. Өнеркәсіптің кәсіпшіліктен пайда болуы және кәсіпшіліктің жеке адам бостандығынан шығуы. Сыртқы сауда әр түрлі халықтардың кәсіпшілік қызметінің алғашқы нысаны ретінде.

19. Ежелгі Ресейдегі жер иеленушілердің кәсіпшілік құқығы. Ол барлық еркін адамдар мен ниеті барлар үшін ашық, бірақ тек еркін адамдар үшін. Негізі — еркін шарт — қатар бойынша жазу. Қауымдардың қатысуы. Селолық кәсіпшілік түрлері. Оны дамыту құралдары.

20. Ежелгі Ресейдегі қолөнер кәсіпшілігі құқығы. Оның ертерек дамуының себептері. Шіркеу мен қауымдардың әсері. Қолөнер бостандығы. Жергілікті жазба. Дружина түрінде немесе артель болып құрылуы. Шетелдіктер. Қорытынды.

21. Ежелгі Ресейдегі сауда құқығы. Саудагерлер. Қазына, шетелдіктер, орыстар. Сауда таптары. Сауданың түрлері мен нысандары. Шетелдік немесе сыртқы сауда. Оның нысаны. Ішкі жеке сауда және оны дамытудың қоғамдық құралдары. Ежелгі Ресейдегі жалпы халықтың байлығы және оның жіктелуі туралы.

22. Ежелгі Ресейдегі халық ағарту ісі. Мектептер. Халықтың қатысуы. Ұстаздар. Шәкірттер. Оқыту нысандары. Дін иелерінің қоятын талаптары. Новгород Епископы Геннадий. Стоглав. Митрополиттер мен партиархтар. Бауырластық. Грек-латын-славян академиясы. Эстетикалық білім берудің сипаты.

23. Ежелгі Ресейдегі халықтық моральдық білім. Шіркеудің, отбасының, қауымның, мемлекеттің іс-қимылдары. Өмірде, қоғамда жоқ нәрселер заңдарға енгізілмейді.

24. Ежелгі Ресейдегі күзет заңдары. Нысанның бөлінуі. Азық-түлік жөніндегі шаралар. XVII ғасырға дейін болған оқиғаларды қарастыру. Борис патша мен Василий патшаның бұған сәтсіз араласуы. Алексей патшаның тұсында болған оқиғалар. Шіркеу мен зиялы қауым, халық тарапынан болған шаралар.

25. Ежелгі Ресейде халықтың денсаулығы үшін қолға алынған шаралар. Рихтер мен Ханыковтың пікірі. Індет. Шіркеу, зиялы қауым, халық тарапынан оған қарсы қолданылған

шаралар. Батыс дәрігерлерінің келуі. Олардың қызметі, нәтижесі.

26. Ежелгі Ресейде мүлікті өрттен және судан сақтау шаралары. Қауымның қызметі. Шіркеу құралдары. Айналып өту — күзет. Су тасқыны туралы.

27. Ежелгі Ресейдегі қылмыстың алдын алу шаралары. Маңызы. Негізі. Земстволық приказдағы нысан, белгі, қолма-қол жасалатын жазба, жазба. Жеке адамдардың жол жүру бостандығы, сөз бостандығы, жазу, мөр бостандығы.

28. Қайырымдылық немесе жалпы қайыршылыққа қарсы шаралар туралы. Антика әлемінде — бұл үкіметтің ісі, бұған тек Иудея жатпайды. Грек және Рим үкіметінің қызметі.

29. Христиандық заманынан келе жатқан қайырымдылық. Шіркеуде. Рим империясында. Орта ғасырлардағы Батыста.

30. Англия мен Францияның қайырымдылық туралы заңдары. Оларды ажырата білудің негіздері. Құралдары. Нәтиже.

31. Ежелгі Ресейдің қайырымдылық туралы заңдары. Қауымдастық пен өзара сақтандырудың басталуы. Приходтар. Қоғамдық қамқорлық жасауға көмек ретінде — жеке адамдардың және мемлекеттің тарапынан жасалатын қамқорлық. Біздің көне тарихымыздың сипаты туралы жалпы ұғым.

## Үшінші кезең — Ұлы Екатерина заманына дейін

32. Сол уақыттың сипаты. Оны бөлімдерге жіктеу. Ұлы Петр заманы. Реформалар әлде революция ма? Жаңа және көне Ресейдегі басқару нысандары. Мемлекеттік және облыстық немесе губерниялық басқару.

33. Халық мәселесі — Ұлы Петр заманынан бастап үкіметтің қарайтын мәселесі. Ревизия. Крепостнойлық құқық жаңа жеке меншік және жер құқығының сипаты ретінде.

34. Жол мен пошта — Ұлы Петр заманынан бастап үкіметтік мекемелер. Арна салу ісі. Жаңа дәстүрдегі соттар. Алым жиналмайтын земствоаралық жолдар. Жәмшік айдаудың орнына келген пошта.

35. Ұлы Петрдің жарлықтары бойынша егіншілік, қолөнер және сауда. Ауыл шаруашылық өнеркәсібі тармақтарының

алуан түрлілігі. Қолөнер мен зауыттардың алатын орны, фабрикалар, артықшылық беру. Сауданың қазына үшін мәні.

36. Ұлы Петр заманынан басталатын халық ағарту ісі, шляхта-лыққа артықшылық берілуі. Дін иелері туралы жарлықтар. Арнайы мектептерді дамытуға мәжбүрлеу шаралары. Ғылым академиясы және сауаттылықтың құлдырауы.

37. Ұлы Петр заманынан бастап күзет шаралары алдын алу полициясының үкіметтік сипатына ие болады. Құрылысшылар жарғысы, өртке қарсы шаралар, қазыналық дүкендер, таксалар, тамақтың қымбатшылығын болдырмау үшін айырбас жасау және т.с., дәрігерлер мен дәріханашылардың ауруға қарсы монополия құруы, қайыршыларға қарсы жарлықтар қайырымдылық құралдары ретінде. Төлқұжат, цензура және т.с.

38. Заманның сипаты: Ұлы Петр өлгеннен кейін және II Екатеринаға дейін. Басқару. Халықтың саны туралы мәселе. Жеке және мүліктік құқықтар.

39. Қоғамдық құқық әдебиетінің тарихы оның өкілдерінің еңбектерінде. Деламар, Берг, Роберт Моль. Олардың ұсынған жүйелерін баяндау және талдау. Қоғамдық құқық тақырыбына жазған орыстың бұрынғы жазушылары туралы мәлімет. Сильвестр, Посошков, Волынский.

## Б. Қоғамдық құқық догмасы

### Жалпы бөлім

40. Адам, тұлға және қоғам. Өзіндік ерекшелігі бар адам — түр мен санат туралы ұғым құру үшін факт, өзіндік ерекшелігі бар адам — жинақтаушы тірі нәрсе, мысалы, қоғамның құрамдас элементі. Тұлға дегеніміз, қоғам белгілеген өзіндік ерекшелігі бар адам. Қоғамдардың алуан түрлілігі. Құрылуы, ұйымдастырылуы.

41. Жалпы алғанда құқықтың негіздері, әсіресе орыс құқығының негіздері. Құқықтың қырларына, тұлғаларға, нысандар мен қатынастарға берілетін анықтама қоғамда жатыр. Батыста күштің үстемдігіне, жеке адамның басым түсуіне себеп болатын ерекше мән-жайлар. Ресейде двор, қауым, земство сияқты земстволық мекемелер арқылы ортақ негіздің үстемдігіне себеп болатын мән-жайлар.

42. Орыс жерінде тұратын халықтың ұлты немесе халықтың құрамы жайлы. Жер тура мағынасында алғанда жеке меншік зат бола алмайды. Жер мекеме болуға — отбасылық, қоғамдық, халықтық мекемеге айналуға ұмтылып, тек қана иелік және меншік нысаны бола бермейді.

43. Орыс халқының земствосы туралы. Отбасы түріндегі қоғам, қауым, земстволық қоғам, олардың негіздері. Шарт жасасудың жоққа шығарылуы. Бұған моральдың әсері. Қоғамның халық идеясына дейін және мемлекет құруға дейін бірте-бірте жоғарылауы.

44. Орыстың жеке құқығының немесе азаматтық, отбасылық, қоғамдық және мемлекеттік құқығының земстволық сипаты жөнінде.

45. Қоғамдық құқық субъектілері, оның объектілері және қоғамдық құқықтардың қасиеті. Құру құқығы және пайдалану құқығы. Ғылымды баяндау тәртібі. Нұсқаулық.

# Ерекше бөлім

## I. Негізгі заңдар

46. Халықтың саны, құқық тұрғысынан алып қарағанда. Саяси-экономикалық көзқарастарды баяндау. Неке, отбасы, қауым құқығының негізінде бөлінбейтіндер құқығы. Халық санын көбейту — оның заңы. Оның санын анықтау және оған отбасы және қауым құқығының тигізетін әсері.

47. Жеке бас бостындығы туралы. Теорияларды талдау. Тәуел-сіздік ұғымының теріс және сонымен қатар оң жағы да бар, бұл — қоғамда ғана жасалатын және сол қоғамның өзі ғана жасайтын бостандық.

48. Мүліктік құқықтар туралы, әсіресе жерге меншік құқығы жөнінде. Бұл жөніндегі көзқарастарды талдау. Жерге меншік құқығы жеке және ортақ, сонымен бірге қауымдық және қоғамдық болуға тиіс; қоғамдастық дәрежесі неғұрлым жоғары болса, жеке меншік соғұрлым көп болуы мүмкін.

49. Қатынас жолдары туралы. Пікірлерді талдау. Жер иесінің өзінің жерін ерекше пайдалану құқығындағы істің негізі. Қатынас жолдарының түр, нысан және санат бойынша жіктелуі.

Жол жүру құқығы және жолды пайдалану немесе кемемен жүзу құқығы.

50. Пошта туралы. Көзқарастарды баяндау. Жолдарды пайдаланудың негізі. Пошта құқығы, мекеме құқығы және пайдалану құқығы ретінде. Телеграф.

51. Материалдық еңбек ретіндегі жалпы өнеркәсіп туралы. Еңбек — байлық өндіру ісіндегі басты фактор. Өнімді еңбектің элементтері: жұмыс және еңбектің өзі, кәсіпшілік пен өнеркәсіп. Нәтижесі: мүлік және байлық. Өнеркәсіптің бостандығы — күрделі, құрмалас ұғым. Өнеркәсіп құқығының қажеттігі.

52. Ауыл шаруашылық, қолөнер, сауда кәсіпшілігінің құқығы. Кәсіпшілік бостандығы, бостандықтың шегі. Кәсіпшілік құқығы, кәсіпшілік нысандары бар адамдар. Кәсіпшілік жасау уақыты мен орны.

53. Өнеркәсіп құқығы. Оны құру құқығы, ауылдық және қалалық өнеркәсіпті дамыту құралдары.

54. Байлықты үлестіру. Теориясы, тәжірибесі. Заңдық негізі. Өнеркәсіп немесе сауда құқығы.

55. Халық ағартуды рухани еңбек ретінде қарастыру. Ағартудың құрамдас ұғымдары: тәрбиелеу, оқыту, үйрету, білім беру және ағартудың өзі. Ресейде Мәскеу университетін құрудан бастау алған білім беру мекемелері.

56. Орыстың білім беру мекемелерінің қызметі. Білім берудің жіктері мен түрлері. Үй ішіндегі білім беру, жеке меншік, қоғамдық, жалпы және арнаулы білім, ер балалар мен қыздарға арналған білім, діни-моральдық білім беру.

57. Қоғамдық құқықтың күзетуші заңдары. Жалпы ұғым. Ілім-нің бөлінуі. Мүлікті табиғаттың дүлей күшінен қорғау. Алдын алу, жолын кесу және сақтандыру шаралары.

58. Адамның өмірін (табиғаттың дүлей күшінен) сақтау. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету. Мұның құралдары туралы пікірлер. Қор дүкендері мен капиталдар туралы заңдар.

59. Халықтың денсаулығын аурудан сақтау. Жалпы заңдар. Алдын алу, жолын кесу. Індет туралы ерекше заңдар.

60. Адамдардың мүдделерін адамдардың өктемдігінен қорғау. Міндетке деген көзқарас. Колегун, Фрож, Роберт Моль. Заңдар жинағының бұл іске көзқарасы.

61. Қылмыстың алдын алу және оның жолын кесу туралы заңдар жинағының ережесі. Талдау. Міндетті белгілеп алу. Төлқұжат туралы, жеке қоғамдарға, баспасөзге қадағалау жасау туралы ілім.

62. Қайыршылық пен кедейлік туралы. Ұғымдарды белгілеп алу. Ілімді бөлу және оның мағынасы. Қайырымдылық туралы біздің заңдар.

63. Кедейлер мен пролетариат туралы. Батыстың теориясы мен заңнамасы. Ресейдегі “Земстволық мекемелер туралы ережеге” жалпы көзқарас.

*3-қосымша*

# ШТАТТАҒЫ ПРОФЕССОР И.Е. АНДРЕЕВСКИЙДІҢ ПОЛИЦЕЙЛІК ҚҰҚЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аталмыш еңбекті басып жариялауға Санкт-Петербург университет мені Заң факультетінің рұқсатымен жол беріліп отыр. 1874 жылдың 14 наурызы.

Факультет деканы С. Пахман.

## КІРІСПЕ

### I. Полицейлік құқық ұғымы

1) Мемлекеттің *полицейлік* деп аталатын қызметі және оның мемлекеттік қызметтің басқа түрлеріне қатыстылығы.

2) *Полиция ғылымы* мемлекеттің полицейлік қызметіне талдау жасайтын философиялық ғылым ретінде. Полиция ғылымының құқық философиясының басқа бөліктеріне және саяси экономияға қатысы.

3) Жалпы және ерекше *полицейлік құқық*. Полицейлік құқықтың полиция ғылымына және заң-саяси ғылымдармен байланыстылығы.

### II. Полиция ғылымы жасап шығарған түп заңдар. Бұл заңдардың оңтайлы полицейлік құқық үшін маңызы

### III. Жалпы полицейлік құқықтың және әсіресе орыстың полицейлік құқығының қайнар көздері

1) Тарихи.

2) Догмалық.

а) Қауіпсіздік полициясы үшін: Ресей Империясының Заңдар жинағы (Свод законов Российской Империи), 1857 ж. басылғ., XIV т. (Төлқұжат жарғысы, Қылмыстың алдын алу және жолын кесу жарғысы, Цензуралық жарғы — Устав паспортный, Устав предупреждения и пресечения преступлений, Устав цензурный); XII т. (Дәрігерлік жарғы, Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің жарғысы, Қоғамдық қамқорлық жарғысы — Устав

врачебный, Устав обеспечения народного продовольствия, Устав общественного призрения); XII т. (Құрылыс жарғысы, I б., Өрт жарғысы — Ч. I. Устав строительный, Устав пожарный). Заңдардың толық жинағы.

ә) Игілік жасау полициясы үшін: Ресей Империясының Заңдар жинағы (Свод законов Российской Империи), 1857 ж. басылғ., XII т. (II б., Ауыл шаруашылығы жарғысы, Қатынас жолдары жарғысы, почта, телеграф жарғылары — Устав о сельском хозяйстве, Устав путей сообщений, почтовый, телеграфный); XI т. II б. (Сауда жарғысы, Фабрика, зауыт және қолөнер өнеркәсібі туралы жарғы; Шетелдік діндердің діни басқармасының жарғысы I б. — Устав торговый, Устав о промышленности фабричной, заводской и ремесленной; Ч.I Устав управления духовных дел иностранных исповеданий). Заңдардың толық жинағы.

## IV. Полиция және полиция ғылымының тарихы

А. Қоғамдық өмірдің полицейлік дамуының бірінші сатысы.

1. Ежелгі шығыс дүниесі.
2. Грек, рим дүниесі және XIII ғасырға дейінгі ортағасырлық дүние.
3. Ежелгі орыс дүниесі XVIII ғасырға дейін.

Ә. Мемлекеттердің полицейлік дамуының екінші сатысы.

1. XIII ғасырдан бастап Батыс Еуропада полицейлік мемлекет-тік қызметтің қалыптасуы және XIX ғасырға дейін полицейлік заңнамалардың дамуы.

Корпорациялардың және қалалардың оқшау болуының мәні. Вассалдық қатынастар. Шіркеудің полицейлік қызметі. Сот органдары. Жергілікті өзін-өзі басқару: оның түрлері және полицейлік заңнамалардың әзірленуіне тигізетін әсері.

Франция, Германия және Англияда полицейлік қызметтің дамуы.

Франциядағы алғашқы полицейлік жарғы (Etienne Boyleau). Premier livre des metiers. XIV Людовиктің 1666 жылғы жарғысы. Германиядағы Reichspolizeiordnungen және олардың маңызы.

Мемлекеттердің полицейлік (саяси) қызметіне талдау жасай бастаған ойшылдар. Макиавели. Кампанелла. Томас Мор.

Бодин. Бэкон. Локк. Гуго Гроций. Деламар. Томазий. Вольф. Юсти. Зонненфельс. Берг.

2. Ресейде I Петр заманынан бастап министрліктер тағайындалғанға дейінгі кезеңдегі полицейлік қызмет.

Император I Петрдің жалпы мемлекеттік полицейлік қызметті және әсіресе атқарушы полиция органдарын ұйымдастыру жөніндегі еңбегі. Оның ізін қуушылардың XIX ғасырға дейін қолданған шаралары.

1721 жылдың 16 қаңтарында Бас Магистратқа арналған регламент, X тарау. Санкт-Петербургтің генерал-полицмейстеріне және Мәскеудің Полицмейстерлік кеңсесіне нұсқаулық. 1755 жылдың 7 қарашасында губерниялардың құрылуы. 1782 жылдың 8 сәуіріндегі Игілік жасау жарғысы. Император I Павл 1798 жылдың 12 қыркүйегінде және 1799 жылдың 17 қаңтарында қол қойған Петербург пен Мәскеу Жарғылары.

Полиция мәселелерін қараумен айналысқан ойшылдар. Шетелдік шығармалардың орыс тіліне аударылуы.

Б. Мемлекеттік полицейлік қызметтің үшінші сатысы.

1. Француз революциясы заманынан бастап батысеуропалық мемлекеттерде Англияда әзірленген конституциялық бастаулардың жүзеге асырылуы және олардың халыққа қауіпсіздік пен игілік әкелу тұрғысынан алғандағы мемлекеттік саясаттың шынайы талаптарын ұғынуға тигізген әсері. Мемлекеттің қоғамға деген көзқарасын талдау және соның нәтижесі: үкіметтік және қоғамдық полицейлік органдардың ұйымдастырылуы және атқарушы полицияның үкіметтік органдарының жаңадан құрылуы.

Англия, Франция мен Германиядағы жалпы полицейлік органдар және атқарушы полиция органдары.

Англия, Франция мен Германияда әр түрлі ұғынылатын және әр түрлі болып жүзеге асырылатын полицейлік қызметтің мәнісі.

Полиция және полицейлік құқық ғылымын әзірлеуге ықпалдасқан XIX ғасыр ойшылдары. Бентам. Кант. Гегель. Гербарт. Краузе. Социалистер мен коммунистер. Полиция туралы ғылымның қазіргі заманғы өкілдері. Роберт фон Моль шығармаларының маңызы. Циммерман. Берг. Пецль. Аве-Лаллеман. Штейн.

2. Ресейде министрліктер құрылған заманнан бері полицейлік қызметтің жаңа негіздерде дамуы. Полицейлік мемлекеттік қызмет сеніп тапсырылған министрліктер және оларға берілген құралдар. Мемлекеттік полицейлік қызметке қатысу жөнінде қоғамға берілген мүмкіндік: сословиелер мен земство.

Атқарушы полицияның орталық және жергілікті органдары. 1862 жылғы жергілікті полицейлік басқарудың реформасы.

Ресейдегі полиция ғылымының оқу түрінде әзірленуі және әдебиеті. *Н. Рождественский.* Мемлекеттік абаттандырудың Ресей заңдарына қатысты алғандағы негіздері (Основания государственного благосустройства с применением к Российским законам). СПб., 1840 ж.; *И. Платонов,* Мемлекеттік абаттандыру және игілік жасау туралы ілімге кіріспе ұғымдар (Вступительные понятия в учение о благоустройстве и благочинии государственном). Харьков., 1856 ж.; *В. Лешков,* Орыс халқы және мемлекет (Русский народ и государство). Мәскеу, 1858 ж.; *Н. Бунге,* Полицейлік құқық (Полицейское право). Киев, 1869-1872 ж.

# БІРІНШІ БӨЛІК
# ҚАУІПСІЗДІК ПОЛИЦИЯСЫ

## І-бөлім. Адамның зұлымдығынан болуы мүмкін қауіптің алдын алу

Мемлекеттің осындай қауіптің алдын алу кезінде өзінің полицейлік қызметін байқату құқығына қарсы айтылатын уәждерге баға беру, және полиция ғылымының бұл бөлігінің (Praventiv-Justiz немесе Praventiv-Polizei) қазіргі заманға дейін дұрыс жетілдірілмеуінің себептерін түсіндіру.

### І. Жеке азаматқа, сол сияқты үкіметке төнуі мүмкін қауіптің алдын алу

1. Қоғамдар мен қауымдастықтарға бақылау жасау.

Қоғамдар мен қауымдастықтар өзінің нысаны, мақсаты, құралдары бойынша мемлекеттің негіздеріне қайшы келуі мүмкін және сол себептен қудалануға тиіс жағдайлар. Қоғамдар

мен қауымдастықтарға бақылау жасау үшін полицияда бар құралдар. Франция, Англия, Австрия мен Пруссияда қоғамдар мен қауымдастықтарға қатысты қолданылатын заңдар. Орыстың заңнамасы (XIV т., Устав предупреждения и пресечения преступлений, 164-169-б.).

2. Халықтың жиналуына бақылау жасау.

Полицейлік бақылаудың әр түрлі шараларын қолдануға әкелетін халықтың басты екі тобы. Осы мәселе бойынша оңды полицейлік заңнамалардың ерекшеліктері, бұл мемлекеттік құрылымның ерекшелігіне байланысты болады.

Орыстың заңнамасы (XVI т., 157-163-б.).

3. Саяхатшыларға бақылау жасау.

Бұл төлқұжат жүйесіне және үй иелері мен қонақ үйлер ұстаушылардың келіп-кетушілер тізімдерін міндетті түрде жүргізу және атқарушы полицияның талабы бойынша бұлар жөнінде хабарлаудың міндеттілігі жүйесіне негізделген. Өз елі азаматтарының және шетелдіктердің жасайтын саяхатына бақылау жасау шараларының ерекшеліктері. Ағылшындық, пруссиялық және француз жүйелері.

Ресейдегі заңнама. Ресейдегі төлқұжат жүйесінің күрделілігі, Ұлы Петр заманынан бастап оның тарихи дамуы. Төлқұжат жүйесінің қылмыстық заңдар арқылы және кезбе, қашқындар мен әскерден қашып жүргендерге қатысты қолданылатын полицейлік шараларда қамтамасыз етілуі (XVI т., Устав паспортный и о беглых).

4. Ауызша айтылған сөзден, жазбаша және баспасөзден туындауы мүмкін қауіптің алдын алу.

Сөз қылмысының өзіне тән сипаты — оның көпшілік болуы, бұның өзі осындай қылмысқа қарсы полицейлік шара қолданатындай жағдайды қамтиды.

Алдын ала ұйымдастырылатын цензура баспасөз арқылы жасалатын қылмыстың алдын алу құралы ретінде. Батыс Еуропа елдеріндегі алдын алу цензурасының тарихы және оның жарамсыздығын мойындау барысы: Англия, Франция, Германияда. Жазалаушы деп аталатын цензураның мәнісі: полицейлік шаралар мен сот-қудалау шаралары. Батыс Еуропа елдерінде қолданылатын полицейлік шаралардың бағасын беру

және кітаптарға, брошюралар мен мерзімді басылымдарға қатысты алғанда олардың ерекшеленуінің себептерін түсіндіру.

Ресейдегі осындай шараларды тарихи тұрғыда қарастыру. І Петр тұсында діни мазмұндағы кітаптардың басылып шығуына бақылаудың қойылуы. ІІ Екатерина тұсында баспаханаларға бақылаудың орнатылуы және алдын алу цензурасының енгізілуі. 1802 жылы алдын алу цензурасын жою және оның орнына жазалау цензурасын енгізу амалының жасалуы; бұл амалдың сәтсіз аяқталу себептері. Алдын алу цензурасының Халық ағарту министрлігінің құзырына берілуі. 1804 жылғы алғашқы Цензура жарғысы, кейіннен оның 1862 жылға дейін өзгертілуі. Ішкі істер министрлігінде Баспасөз істері жөніндегі бас басқарманың құрылуы және 1865 жылдың 6 сәуіріндегі ереже (XVII т., Устав цензурный).

## ІІ. Үкіметке төнуі мүмкін қауіптің алдын алу

1. Халықтың көтерілісі мен наразылығын алдын алу.

Бұл қауіптің алдын алу үшін орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті үкімет орындары қолданатын жалпы мемлекеттік шаралар (XIV т., Устав предупреждения и пресечения преступлений, 170-185-б.).

2. Опасыздықтың алдын алу.

3. Мемлекеттік мүлікті талан-таражға салудың алдын алу. Мемлекеттік бақылау жасау және есеп беру мен есеп жүргізуді ұйымдастыру тәсілдері.

## ІІІ. Азаматтарға төнуі мүмкін қауіптің алдын алу

1. Алаяқтарға қатысты қолданылатын шаралар.

Алаяқтық жасаудың алдын алу және оны қиындататын шаралар. Алаяқтарды қолға түсіру үшін қолданылатын әдеттегі және төтенше шаралар.

2. Жеке адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қауіптің алдын алу шаралары:

а) жеке адамды тобырдың қудалауынан қорғау;

ә) жекпе-жектің алдын алу;

Жекпе-жекке қылмыс ретінде тыйым салынатын мемлекеттерде және жекпе-жекке жол берілетін мемлекеттерде

оның алдын алу шараларының арасындағы айырмашылық. Ресейде жекпе-жектің алдын алу жөніндегі заңнама. І Петрдің Әскери жарғысы. XIX-тарау. II Екатеринаның Жекпе-жек туралы манифесті. 1781 жылдың 21 сәуірі (Свод законов, XIV т. Устав предупреждения и пресечения преступлений, 353-367-б.).

б) әсіресе халық жиналғанда төбелес пен ұрыстың алдын алу (Ib. 368-377-б.);

в) біреуді піштірудің алдын алу.

3. Жеке адамның бостандығына қатер төндіруі мүмкін қауіптің алдын алу шаралары:

а) әскери қызметке күштеп жалдаудың алдын алу;

ә) дені сау адамдарды ақыл-есі кем адамдар үйіне жатқызудың алдын алу;

б) ата-аналардың өз балаларына және мырзалардың өз малайларына қатысты билікті қиянат етіп пайдалануының алдын алу.

4. Меншік құқығын алудың немесе оны заңсыз шектеудің алдын алу шаралары.

## II-бөлім. Адамның еркіне тікелей байланысты болмайтын қауіптің алдын алу және оны жою

### І-тарау. Халық санының дұрыс болмауынан (тым көп не тым аз) туындауы мүмкін қауіптің алдын алу және оны жою

І. Халық санының жеке адамның және мемлекеттің әл-ауқаты мәселесіне қатыстылығы. Полиция ғылымында бұл мәселенің нақты шешімі бар ма және мемлекеттік саясат қандай негіздерге сүйенуі мүмкін. Мальтус пен оның ізін қуушылардың ілімі және оның қарсыластарының пікірі. Керидің ілімі.

ІІ. Халықтың санын және оның сол кездегі және сол жердегі әл-ауқатқа қатынасын анықтау тәсілдері.

ІІІ. Халықтың санын көбейтуге немесе азайтуға бағытталған полицейлік шаралар.

### ІІ-тарау. Адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі мүмкін қауіптің алдын алу және оны жою

*1-бөлімше. Аурудың алдын алу және оны емдеу шаралары (Медицина полициясы).*

I. Ресейдегі медицина полициясы органдары өзінің тарихи дамуы тұрғысында. Ішкі істер министрлігінің Медицина кеңесі мен Медицина департаменті. Губерниялық басқармалардың дәрігерлік бөлімшелері. Губерниялық дәрігерлік инспектор және оған бағынысты дәрігерлер (Свод законов, I т., Устав министерств, 1221-1228, 1322-1342-б.; II т., Учреждение губ. пр.; XIII т. Устав врачебный, 8-66-б.). Земстволық және қалалық органдар.

II. Аурудың алдын алу шаралары.

1. Тұқым қуалайтын аурудың алдын алу (Свод законов, X т., I б., 3, 4, 5, 23-б.; XI т., I б., 251-бет).

2. Туу кезінде аурудың алдын алу (XIII т., Устав врачебный, 177, 180, 184-б.).

3. Дұрыс тамақтандырмау және дұрыс тәрбие бермеу салдары-нан туындайтын аурудың алдын алу.

Бала емізетін әйелдер мен емшектегі балаларға арналған баспана ашуға ықпалдасу.

Оқу орындарын ұстап отыратын адамдарды қадағалау.

Фабриканттарға және қолөнер мекемелерін ұстаушыларға қадағалау жасау.

4. Ауаның тазалығын сақтау (Свод законов, XII т., Устав строительный, 280 және одан кейінгі баптар; XIII т., Устав мед. пол. 844-853, 909-933-б.).

5. Тіршілікке қажетті қорды зиянданудан қорғау (XIII т., Устав мед. пол., 854-878-б.).

6. Улы және қатты әсер ететін заттарды сатуға және пайдалануға қадағалау жасау (XIII т., Устав врачебный, 879-бапқа қосымша).

7. Індеттің алдын алу шаралары:

а) әр түрлі індеттің алдын алудың жалпы шаралары (XIII т., Устав врачебный, 945-965-б.);

ә) шешекке қарсы ерекше шаралар (XIII т., Устав врачебный, 966-1007-б.);

б) обаға, сары безгекке қарсы ерекше шаралар.

Жалпы карантиннің және әсіресе Орыстың карантин мекемелерінің тарихы. 1866 жылдың 1 наурызындағы Карантин жарғысы (Карантинный устав).

III. Ауруларды емдеу шаралары.

1. Емдеудің жеке құралдары — дәрігерлер мен кіндік шешелерді жеткізу шаралары:

а) тиісті білімінің бар екендігі туралы куәлігін көрсетпеген адамдарға емдеу ісімен айналысуға тыйым салу (XIII т., Устав врачебный, 125-132-б.);

ә) Ішкі істер министрлігінің немесе земстволық мекемелердің тарапынан дәрігерлерді жер-жерлерге тиісті түрде бөлу қамының жасалуы (XIII т., Устав врачебный, 68-б. және т.б.);

б) үкіметтен қаржыландырылатын дәрігерлердің және өз бетінше дәрігерлік іспен айналысатын дәрігерлердің қызметін қадағалау (XIII т., Устав врачебный, 68-б. қосымша, 112-б. және т.б.).

2. Емдеу үшін қажетті материалдық құралдарды жеткізу шаралары:

а) жеке меншік дәріхана ашуға жол беру және оны ұстап отыруды қадағалау (XIII т., Устав врачебный, 238-310-б.);

ә) ауруханалардың тиісті санының болуын және олардың дұрыс ұйымдастырылуының қамы (Ib., 554-559-б.).

*2-бөлімше. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын әр түрлі қайғылы оқиғалардан қорғау шаралары.*

1. Ғимараттарды салу кезінде сақтық шараларының қолданылуына бақылау жасау.

Мемлекеттегі құрылыс полициясының мәнісі мен маңызы. Ресейдегі құрылыс полициясы органдары: Ішкі істер министрлігінің Техника-құрылыс комитеті мен губерния басқармаларының құрылыс бөлімшелері.

Қазыналық және қоғамдық ғимараттардың (Свод законов., XII т., I б., Устав строительный, 112-279-б.); қалалар мен селолардағы жеке меншік ғимараттардың құрылысын бақылау (Ib., 415-532-б.).

II. Қараңғыдан туындауы мүмкін қауіптің алдын алу.

III. Жеке адамдардың тарапынан абайсыздық болуының алдын алу.

1. Халықтың жиылуына полицейлік қадағалау жасау, әсіресе қоғамдық өнер көрсету мен серуен кезінде (Свод законов., т. XIV, Уст. пред., 184, 201-б.).

2. Қауіпті ойындарға тыйым салу (Ib., 197 және 198 б.).

3. Атпен тез жүруге және атты қараусыз қалдыруға тыйым салу.

4. Оқ атуға және қару-жарақ алып жүруге тыйым салу (Ib., 341, 346-348-б.).

IV. Хайуанаттан төнуі мүмкін қауіптің алдын алу.

Хайуанханаларды ұстау ахуалына бақылау жасау. Қалаларда ит асырайтын адамдарға бақылау жасау (Ib., 345-б.).

## III-тарау. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету шаралары

Қымбатшылықтың себептері. Қымбатшылық түрлері. Нан сатудың еркіндігі қымбатшылық пен аштықтың алдын алудың басты құралы ретінде. Нан қоры сақталатын дүкендер мен азық-түлік капиталдары. Ресейде земстволық мекемелер мен Ішкі істер министрлігіне жүктелетін халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің қамы (Свод законов., XIII т., Устав народного продовольствия).

## IV-тарау. Кедейлерге қамқорлық жасау шаралары

Қайыршылық, кедейлік, пролетариат және пауперизм ұғымдары. Жеке адамдар жасайтын қайырымдылықтың мемлекет пен қоғам тарапынан кедейлерге жасалатын қамқорлыққа қатысы. Көне және жаңа заңнамалар бойынша бұл мәселеге деген көзқарастардың айырмашылығы. 1834 жылға дейін Англияда күшінде болған Кедейлерге қамқорлық жасау ережесі. 1834 жылғы Комиссия мәлімдемесі. 1834 жылдан бастап Англияда болған кедейлерге қамқорлық жасау органдары. 1837 жылы Ирландияда және 1845 жылы Шотландиядағы кедейлерге қамқорлық жасау реформасы. Францияда (1850 жылдың 15 шілдесіндегі заң және 1852 жылдың 26 наурызындағы декрет) және Пруссияда (Armengesetz vom 31 dec. 1842 және Erganzungsgesetz vom 21 mai 1855) кедейлерге қамқорлықтың жасалуы. Германиядағы жаңа

империя заңдары: 1870 жылдың 6 маусымындағы uber den Unterstuzungswohnsitz және басқалар. Ресейде кедейлерге қамқорлық жасаудың тарихы. Земстволық мекемелерге, қалаларға және Ішкі істер министрлігіне кедейлерге қамқорлық жасау жөнінде жүктелген міндеттер (III т, Устав общественного призрения).

I. Кедейліктің алдын алу.

1) Адамның өзінен болатын кедейліктің мына себептерін жою:

а) ырду-дырдулық. Мәжбүрлеп жұмыс істету үйлерін ұйымдастыру;

ә) ысырапшылдық (XIV т., Устав предупреждения и пресечения преступлений, 238-б.);

б) ерте үйлену;

в) абайсыз алып-сатарлық.

2) Кедейліктің адамның еркінен тыс болатын мынадай кездейсоқ себептерін жою:

а) жұмыстың жеткіліксіздігі. С.Симонистердің, Фурье мен Л.Бланның теорияларына баға беру. Қоғамдық жұмыс. Өнеркәсіп дүкендері. Жұмысшылар қауымдастықтары. Ерікті жұмыс үйлері. Кәсіпшілер колониялары;

ә) жұмысқа қабілетсіздік. Сақтандыру қоғамдары. Жинақ кассалары. Өзіне-өзі жәрдем беру;

б) несие жеткіліксіздігі. Қарыз беру кассалары. Қоғамдық банктер. Жұмысшылар қауымдастықтары.

II. Кедейлерге жәрдемақы төлеу.

1) Кедейлерге қамқорлық жасау. Кедейлердің үйлеріне жәрдемақы алып келу, бұл үшін арнайы ашылған орындар — құдайыханаларда оларға қамқорлық жасау.

2) Кедейлердің балаларына қамқорлық жасау. Тәрбие үйлерін және жетімдер үйлері мен жетімхана ашу. Оқу орындарында тегін тәрбие мен білім беру.

## V-тарау. Мүліктің жойылу қаупін жою шаралары

I. Өрттен болатын қауіпті жою.

Өрттің алдын алу, оны сөндіру және одан келген шығынның орнын өтеу үшін қолданылатын шаралардың арасындағы өзара байланыс. Өрттен сақтандыру қоғамдары. Өзара сақтандыру (XII т., I б., Устав пожарный).

II. Су тасқынынан төнетін қауіпті жою.
III. Бұршақ жауғаннан төнетін қауіпті жою.

# ЕКІНШІ БӨЛІК
# ТҰРМЫС ПОЛИЦИЯСЫ

## I-бөлім. Ізгіліктің дамуы үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ететін шаралар

### I-тарау. Жеке меншік және қоғамдық орындардағы тәрбиені бақылау шаралары

1. Жеке меншік және қоғамдық орындарда тәрбие беруге бақылау жасау.

2. Мінез-құлық тазалығына зиян келтіретін азғындықты жою:

а) жеңіл жүрісті әйелдерге бақылау жасау (XIV т., Устав предупреждения и пресечения преступлений, 245-б. және т.б.);

ә) қоғамдық бал, трактир және бұларға ұқсас орындарға бақылау жасау;

б) театр қойылымдарына алдын ала цензура қою (XIV т., Устав цензурный);

в) маскүнемдіктің етек жаюына тосқауыл қоятын шара қолдану (XIV т., Устав предупреждения и пресечения преступлений, 241-244-б.).

г) ойынхана, құмар ойын мен лотереяға тыйым салу (XIV т., Устав предупреждения и пресечения преступлений, 444-449-б.);

ғ) үй қызметшілеріне өрескел қарауды қудалау;

д) хайуанаттарға өрескелдік танытуды қудалау;

Хайуанаттарға қамқорлық жасау қоғамдары.

3. Теріс жолға түскен жасөспірімдерді түзеу.

Түзеу жетімханалары (Положение, 5 желтоқсан 1866 жыл).

### II-тарау. Халықтың діни сауатын ашуға ықпал ету шаралары

1. Құдайға құлшылық етудің және дінді таратудың емін-еркін жасалуына ықпалдасу.

2. Храмдарды салуға және шіркеу иерархиясын материалдық жағынан қамтамасыз етуге ықпалдасу.

3. Шіркеу қызметшілерін дайындауды мақсат тұтатын оқу орындарының дұрыс ұйымдастырылуының қамын жасау.

## III-тарау. Халықтың эстетикалық білім алуына ықпал ету шаралары

1. Көркем өнер оқу орындарын көптеп ашу, суретшілер ұйымдарын құру, тұрақты және мерзімді көркем өнер көрмелерін ашу арқылы халықтың көркем өнер саласындағы білімін кеңейтуге ықпалдасу.

2. Консерваториялар мен музыка қоғамдарын құру жолымен халықтың музыкадан хабардар болуына ықпалдасу.

3. Театр өнерінің дамуына ықпалдасу. Ресейде Император театрларын құру және жеке театрлардың ашуылуына жол берілетін негіздерді белгілеу.

## IV-тарау. Халықтың білімін арттыруға ықпал ететін шаралар

I. Ғылыми жарғылардың дамуына ықпалдасу.

1) Ғылым академиялары.

XV ғасырдан бері Батыс Еуропада құрыла бастаған академиялардың тарихи очеркі.

Ресейдегі Императордың ғылым академиясы.

2) Ғылыми қоғамдар.

Олардың қазіргі заманда ерекше дамуының мәні мен себептері.

3) Ғалымдар съездері.

4) Көпшілік кітапханалар мен мұражайлар.

Батыс Еуропадағы көпшілік кітапханалардың тарихи очеркі.

С-Петербургтегі Императордың көпшілік кітапханасы.

Мәскеудегі көпшілік мұражай мен Румянцев мұражайы.

Губерниялық көпшілік кітапханалар.

Халыққа арналған оқу үйлері.

II. Оқу орындарының дамуына ықпалдасу.

Ерлер мен әйелдерге арналған жеке-жеке оқу орындарының қажеттігі.

А. Ер адамдарға білім беретін оқу орындары.

а) Оқу жөніндегі жалпы жарғылар.

1) Университеттер.

Университеттің мәнісі және оның арнайы мектептен айырмашылығы. Елдегі оқу орны және сонымен бірге жоғары оқу орны ретіндегі университет ұғымы.

Батыс Еуропадағы университеттердің тарихы.

Орыс университеттерінің тарихы мен қазіргі жағдайы.

2) Гимназиялар және университетке дайындайтын басқа да оқу орындары.

Олардың Франция мен Германиядағы ахуалының әр түрлі болуының себептері.

Орыс гимназияларының тарихы мен қазіргі жағдайы.

3) Халыққа арналған мектептер.

Олардың гимназиялармен тығыз байланысы және олардың даму жағдайы.

Англия, Пруссия мен Франциядағы халыққа арналған мектептердің ахуалы.

Ресейдегі халыққа арналған мектептер.

4) Арнайы оқу орындары.

Ә. Қыздарға білім беретін оқу орындары.

Оларды ұйымдастырудың екі жүйесі: жабық және ашық үлгідегі оқу орындары.

Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі қыздарға арналған оқу орындарының жалпы очеркі.

Ресейдегі осындай оқу орындарының тарихы. Институттар. Қыздар гимназиялары.

Б. Жеке меншік оқу орындары.

## II-бөлім. Материалдық әл-ауқат шарттарын қамтамасыз ететін шаралар

### I-тарау. Егіншілік өнеркәсібінің жағдайын қамтамасыз ететін шаралар

I. Егіншілік өнеркәсібінің жалпы шарттарын қамтамасыз ететін шаралар:

1) Ауыл шаруашылығымен айналысудың заңдық және экономикалық кедергілерін жою.

2) Мыналарға:

а) ауыл шаруашылық қоғамдарына;

ә) селолық меншік иелерінің съездеріне;

б) ауыл шаруашылық училищелері мен

в) ауыл шаруашылық өнімдерінің көрмелеріне

рұқсат беру және оларды дамыту арқылы халықтың ауыл шаруашылығынан хабардар болуына ықпалдасу.

3) Егіншілікке несие берудің дамуына ықпалдасу.

Егіншілікке несие алудың мүмкін болуын қамтамасыз ететін жағдайлар. Ипотека кітаптары. Акционерлік банктер. Ауыл шаруашылық несие қауымдастықтары. Ресейдегі земстволық губерниялық банктер. Жерге өзара несие беру қоғамы.

4) Ауыл шаруашылық иелеріне жердің құнарлылығын жақсарту жағынан ықпалдасу.

5) Ауыл шаруашылығы саласындағы өнертапқыштық пен жаңалық ашуға артықшылық беру (Устав о сельском хозяйстве, XII т., 2-бөлім).

II. Ауыл шаруашылығының жеке салаларының дамуына ықпалдасатын ерекше шаралар:

1) Бау-бақшалық пен шарап жасау (Устав о сельском хозяйстве, XII т., 2-бөлім, 132-172-б.).

2) Жібек жасау (Ib., 173-181-б.).

3) Омарта (Ib., 182-б.).

4) Орман шаруашылығы (Устав лесной, VIII т., 1-бөлім).

5) Аңшылық, хайуанат және балық кәсіпшілігі (Устав о сельском хозяйстве, XII т., 2-бөлім, 535-774-б.).

6) Мал шаруашылығы (Ib., 184-259-б.).

## II-тарау. Мануфактура өнеркәсібінің жағдайын қамтамасыз ететін шаралар

I. Фабрика және зауыт өнеркәсібінің дамуын қамтамасыз ететін шаралар:

1) Жеке адамдардың фабрика өнеркәсібімен айналысу құқығына қатысты заңдық және экономикалық кедергіні жою. Осы өнеркәсіпке қазынаның қатысу дәрежесі.

Бұрынғы заманда үкіметтердің фабрика өнеркәсібімен айналысуды өздеріне пайдалы деп есептеуінің себептері және қазіргі жағдайда үкіметтің осындай қатысуына айтарлықтай шектеу қоюдың негіздері. Ресейдегі бұл мәселенің тарихы және қазыналық фабрика ісінің қазіргі ахуалы (Устав заводской и фабричной промышленности, XI т., 8-36-б.; Обзор различных отраслей мануфактурной промышленности в России, изд. М. Ф., 1862). Оңды заңның мануфактура өндірісінің өзіне араласуы және қазіргі заманға полицейлік кодекстердің оны жоюға ұмтылуының себептері. Осы орайда Император І Петрдің тұсында Мануфактур-коллегияға жүктелген міндеттер. Бұл ретте Мануфактуралар мен сауда департаментіне жүктелген міндеттердің айырмашылығы (Устав фабричный, XI т., 464-б.).

Қазіргі заманғы заңнамада мануфактура кәсіпшілігінің сауда нысанына жатқызылуының себептері (Положение о пошлинах за право торговли, V т., 464-б.).

Полицейлік заң мануфактура өнеркәсібіне араласатын және оны шектеу қоюға душар ететін жағдайлар:

а) экономикалық себептерге байланысты (Устав фабричный, XI т., 2-бөлім, 38 және 39-б.);

ә) өрт қаупінің алдын алу себептеріне байланысты (Устав строительный, 411, 412-б.);

б) медициналық-полицейлік себептерге байланысты (Ib., 40-б. және т.б.);

в) қылмыстың алдын алу жөніндегі себеп бойынша;

г) сатып алушылар өнімнің сапасын біле алмайтындай болған жағдайдағы себептерге байланысты;

ғ) фабрикант пен жұмысшылардың арасындағы кейбір жағдайларды анықтаудың қажет болуы себебімен.

2) Өнеркәсіп қоғамдарын дамыту, техникалық училищелер мен мануфактура өнімдерінің көрмелерін ұйымдаыстыру арқылы мануфактура өнеркәсібі саласында техникалық мәліметтерді таратуға ықпал ету.

3) Фабриканттарға әр түрлі жеңілдіктер мен артықшылықтар беру.

Мануфактура өнеркәсібіне қатысты полицейлік заңнаманың тиісті түрде дамуына орай бұл шараның әлсіреп кетуі.

4) Өнертапқыштық пен жаңалық ашуға ықпал ету.

Артықшылық беру теориясы және Еуропа мемлекеттері мен Америка Құрама Штаттарында осындай артықшылықтардың сақталып отыруының негіздерін тарихи тұрғыда қарастыру.

Француз, ағылшын және пруссадардың артықшылық беру туралы заңнамасының басты негіздерінің орыстың құқығынан айырмашылығы (Устав фабричный, XI т., 127-168-б.).

Артықшылық беру негізінің әдеби және көркем өнер меншігі мәселесіне қатысты қолданылуы. Ең маңызды еуропалық мемлекеттер мен Ресейдің әдеби және көркем өнер меншігі туралы заңдары (Устав цензурный, XIV т., 282-356-б.).

II. Қолөнердің дамуын қамтамасыз ететін шаралар

Қолөнердің дамуы үшін қажетті жағдайлар: кәсіппен айналысу бостандығы, несие алудың мүмкіндігі, қартайған кезде немесе қандай да бір қайғылы оқиға болған жағдайда қамқорлық алу. Қолөнер цехтары осы шарттарды қанағаттандырды ма? Батыс Еуропадағы цехтардың тарихы және XIX ғасырда олардың құлдырау себебі. Ежелгі Ресейдегі қолөнердің толыққанды еркіндігі. Император I Петр құрған цехтар және олардың дәрменсіз болуының себептері. II Екатеринаның қала ережесінің нәтижесінде цехтардың қайта ұйымдастырылуы. 1852 жылы қабылданған заңмен енгізілген қолөнердің оңайлатылған құрылымы. 1863 жылы фабрика және қолөнер жарғыларын қайта қарау үшін құрылған комиссияның қазіргі кездегі цех құрылымының нақтыланбай қалған тұстары жөнінде келтірген уәждері.

Жұмысшылар қауымдастықтары қолөнерді дамыту шарттарын қанағаттандыра ма? Олардың XIX ғасырда Англия, Франция мен Германияда құрылуының қысқаша очеркі. Қолөнершілер қауымдастықтарының мәнісі және алуан түрлері. Полицейлік заңнамада бұларға деген көзқарас.

Ресейдегі қолөнершілер қауымдастықтары мен жұмысшы артельдері.

## III-тарау. Сауда өнеркәсібінің дамуын қамтамасыз ететін шаралар

1. Адамдардың саудамен айналысу құқығына қатысты заңдық кедергілерді жою.

Англия, Пруссия (Einfuhrungsgesetz vom 24 juni 1861), Франция (Code de commerce, art.1) сияқты батысеуропалық мемлекеттердің қазіргі замандағы кодекстерінде осындай кедергінің жоқтығы.

Ресей тарихының өте көне кезеңінде саудамен айналысудың толық еркін болуы. Бұл еркіндіктің Мәскеу кезеңінде шектелуі. Император I Петрдің саудамен айналысатын адамдар туралы заңнамасы. Бас Магистрат пен Коммерц-коллегияға берілген регламенттер. II Екатеринаның соңғы өзгертулер енгізілген заңы бойынша көпес гильдиялары. 1865 жылғы сауда және басқа кәсіпшілікпен айналысу құқығы үшін баж төлеу ережесінде сауда құқығына жаңа ұғымның берілуі.

2. Сауда қоғамдары мен қауымдастықтарын құрудың мүмкін болуы.

3. Сауданың дамуына ықпал ететін мекемелер: коммерциялық қоғамдарды, мектептер мен т.б. құруға жол беру.

4. Сауда саласына несие берілуін қамтамасыз ету.

5. Өзге мемлекеттермен сауда қатынастарының жасалуын қамтамасыз ету:

а) халықаралық сауда шарттары;

ә) консулдар (Устав торговый, XI т., 2-бөлім, 2025-2145-б.);

б) монета, өлшеуіш пен таразының біркелкілігі.

6. Биржаларға және бұған байланысты мекемелер құруға жол беру (2156-2420-б.).

7. Жәрмеңке өткізуге жол беру.

Жәрмеңке өткізуге жол берілетін жағдайлар және бұған полицияның көзқарасы (Ib., 2808-2883-б.).

## III-бөлім. Рухани, сол сияқты материалдық тұрмыс жағдайын қамтамасыз ететін шаралар

### I-тарау. Қатынас жолдарының ыңғайлы болуын қамтамасыз ететін шаралар

А. Құрлықтағы жол.

Англия, Франция мен Ресейде жол ісінің басқарылуы.

I. Темір жол.

II. Тас жол және қолдан жасалған басқа да үлкен жолдар.

III. Ауыл арасындағы жол.

IV. Қала көшелері.

Б. Су қатынасы жолы.

Кеме жүзуін қамтамасыз ететін жалпы шаралар (Устав путей сообщения, XII т., I-бөлім).

Ерекше шаралар: лоцман артельдерінің, жеке меншік верфьтер мен теңізде жүзу санаттарының дамуына ықпал ету. Кеме жүзуінің қауіпсіздігі үшін қолданылатын сақтық шаралары.

## II-тарау. Пошта қатынасының дамуына ықпал ететін шаралар

Англия, Франция, Германия мен Ресейде почта кәсіпшілігінің басқарылуы.

Пошта ісінде үздік полицейлік жағдайға қол жеткізу үшін пошта әкімшілігінің алдында тұрған міндеттер (Устав почтовый, XII т., I-бөлім).

## III-тарау. Телеграф қатынасының дамуына ықпал ететін шаралар

(Устав телеграфный, XII т., I-бөлім, 1871 ж.)

*4-қосымша*

# ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ПРОФЕССОР С.В. ВЕДРОВ ОРМАН ИНСТИТУТЫНЫҢ 3 ЖӘНЕ 4 КУРСТАРЫНДА ОҚИТЫН ПОЛИЦЕЙЛІК ҚҰҚЫҚ ПЕН ОРМАН ЖӘНЕ МЕЖЕЛЕУ ЗАҢДАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

## ПОЛИЦЕЙЛІК ҚҰҚЫҚ

### І.Кіріспе

А. Полицейлік құқықтың анықтамасы

1) Мемлекеттің полиция қызметі.

2) Полиция ғылыми.

3) Полицейлік құқық.

Ә. Полиция ғылымының негізгі заңы және оның дамуы. Тәжірибе жүзіндегі полицейлік қызметке арналған қорытынды.

Б. Орыстың полицейлік құқығының қайнар көздері.

1) Заң ережелері.

2) Үкіметтік және қоғамдық мекемелердің тәжірибесі.

В. Орыстың полицейлік құқығы тарихының қысқаша мазмұны.

1) Императорлар кезеңінде:

а) І Петрден бастап ІІ Екатерина заманына дейін;

ә) ІІ Екатеринадан бастап І Александр заманына дейін;

б) І Александр заманынан бастап қазіргі уақытқа дейін.

### ІІ. Қауіпсіздік полициясы

А. Адамның арам пиғылына байланысты туындайтын қауіптің алдын алу.

1) Үкіметке, сол сияқты жеке азаматтарға төнетін қауіптің алдын алу:

а) қоғамды бақылап отыру;

ә) халықтың жиналуына бақылау жасау;

б) саяхат жасаушыларға бақылау жасау;

в) баспасөзді қадағалап отыру және ауызша айтылған сөз бен жазба сөз қаупінің алдын алу.

2) Үкіметке төнуі мүмкін қауіптің алдын алу:

а) халықтың көтерілісі мен наразылығының алдын алу;

ә) опасыздық жасаудың алдын алу;

б) мемлекеттік меншікті талан-таражға салудың алдын алу.

3) Жеке адамдардың өміріне, денсаулығына, бостандығына немесе меншігіне төнетін қауіптің алдын алу.

Б. Адамның арам пиғылына қатыссыз қауіптің алдын алу.

1) Халық санының тиісті дәрежеде болмауынан.

2) Санитария жағдайының болмауынан.

3) Қайғылы кездейсоқтықтан.

4) Азық-түліктің жеткіліксіздігінен. Мемлекеттің Ресей халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі қызметі.

5) Тіршілік ету үшін қажетті материалдық қаражаттың жеткіліксіздігінен:

а) кедейліктің алдын алу;

ә) кедейлерге жәрдемақы төлеу;

б) мүліктің кездейсоқ жойылуының алдын алу;

а) өрттен;

ә) су тасқынынан және табиғаттың басқа да апатты жағдайларынан.

## III. Тұрмыстық полиция

А. Материалдық әл-ауқат жағдайын қамтамасыз ету.

1) Егіншілік өнеркәсібінің тиісті жағдайын қамтамасыз етудің қамы:

а) жалпы жағдайы: егіншілік өнеркәсібімен айналысу бостандығы, бұл жөнінде дұрыс мәлімет тарату, егіншілікке несие беруді дамыту, топырақтың құнарлылығын жақсартуға ықпалдасу;

ә) дамытудың ерекше шарттары:

– бау өсіру және шарап жасау;

– орман шаруашылығы;

Орманның маңызы: экономикалық, оның топыраққа, ауа райы жағдайына, суғару жағдайына, жердің санитария жағдайына тигізетін әсері.

Орманның жойылу қаупі.

Орман алқаптарының неғұрлым тиімді үлестірілуіне мемлекеттің тигізетін әсері. Орманды сақтау жөніндегі заңнаманың салыстырмалы-тарихи дамуы: Франция, Германия (әсіресе, Пруссия, Виртемберг пен Австрияда) мен Ресейде. Қазыналық Орман басқармасының қызметі. Франция, Германия мен Ресейде орман басқармасының ұйымдастырылуының салыстырмалы-тарихи очеркі. Орман басқармасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, олардың қызмет тәртібіндегі жауапкершілігі, ақша түсімдері, орманның материалдық ахуалы бойынша есеп беруі. Орман басқармасының шенеуніктерінің жеке меншіктегі орман алқабына қатынасы. Жеке меншік орман алқабын басқаруға мүше адамдардың құқықтары. Орман статистикасының маңыздылығы. Қоғамның орман шаруашылығына тигізетін әсері: бұл іске қоғамды тартып қатыстырудың заңда көзделуі (Франция, Германия, Ресейде); қоғамдық қызметтің тәжірибе жүзіндегі нәтижесі. Жеке меншік орман алқабы құқығын шектеу.

Жеке меншік орман шаруашылығы жағдайлары. Қазыналық орманды пайдалану. Қазыналық және жеке меншік орман алқабының салыстырмалы маңызы; осы мәселеге арналған әдебиет және оның іс жүзінде шешілуі. Орманға деген меншік құқығын қорғау.

Орман алқабының жердің жалпы аумағына тиімді ара қатынасын қалпына келтіру, орман ағаштары кесілген аумақтарға орман өсіру; бұған үкіметтің көмегі, қоғамның және жеке адамдардың қызметі.

– аңшылық, хайуанат және балық кәсіпшілігі;

– омарта;

– мал өсіру.

2) Мануфактура өнеркәсібі үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету.

а) Фабрика және зауыт өнеркәсібінің қамы:

– кәсіпшілік еркіндігі және өндіріске Еуропа мемлекеттері мен Солтүстік Американың қазіргі кездегі фабрика заңнамаларында жол берілетін шектеулер;

– техникалық мәліметтерді тарату;

– кәсіпкерлерге жеңілдіктер мен артықшылықтар беру (өнертапқыштық пен жаңалықтарға артықшылық беру туралы ілім);

– қолөнердің дамуын қамтамасыз ету. Ресейде қолөнердің тарихи дамуы.

3) Сауданың дамуын қамтамасыз ету. Ресейдің сауда заңнама-сының тарихы:

а) сауда қоғамдары;

ә) техника саласындағы білімді тарату;

б) сауда несиесі;

в) халықаралық сауда қатынастары;

г) биржалар мен жәрмеңкелер.

Ә. Халықтың рухани әл-ауқаты жағдайын қамтамасыз ету.

1) Қоғамдық ізгіліктің қамы.

2) Халықтың діни сауатын ашуға ықпал ету.

3) Халыққа эстетикалық білім беруді дамыту.

4) Халыққа ақыл-ой білімін беруді дамыту:

а) жалпы;

ә) арнайы, техникалық.

Б. Халықтың материалдық, сол сияқты рухани болмысына ықпал ететін шаралар.

1) Қатынас жолдары:

а) құрлықтағы қатынас жолдары, олардың түрі және орман саудасына тигізетін өзіндік әсері;

ә) су қатынас жолдары, олардың орман саудасының жағдайына тигізетін әсері; қазыналық орман шаруашылығының мүддесін қамтамасыз ету үшін сумен ағаш ағызуға бақылау шараларының Ресейдегі орман саудасына тигізетін әсері.

2) Пошта және телеграф байланысы.

*5-қосымша*

# В.М. ГЕССЕННІҢ ПОЛИЦЕЙЛІК ҚҰҚЫҚ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

## 1901-1902 ОҚУ ЖЫЛДАРЫ

## Кіріспе

### *Бірінші тарау. Басқару жөнінде*

#### §1. Полицейлік мемлекеттегі басқару жүйесі туралы

А) Үкімет қызметінің мазмұны. Эвдемонизм философиясы; оның үкімет қызметінің сипатына әсері. Регламенттеу және қамқоршылық. Мемлекеттің экономикалық өмір мәселелеріне көзқарасы; меркантилизмнің үкіметтің қызметіне тигізетін әсері.

Ә) Үкімет қызметінің нысаны. Абсолютизм. Мемлекеттік билік функцияларының ара-жігінің ашылмағандығы. Үкімет билігінің бәрінен жоғары және бәрінен тыс сипаты.

#### §2. Қазіргі кездегі мәдени-құқықтық мемлекеттегі үкіметтің қызметі

А) Үкімет қызметінің мазмұны. Құқықтық мемлекеттің жеке тұлғаға сүйенетін (индивидуализм) тұжырымдамасы. Табиғи құқықтың философиялық доктринасы. Ад.Смиттің экономикалық доктринасы. Франциядағы саяси либерализм (Б. Констан, Лабулэ және т.б.). Гумбольдт пен Милльдің индивидуализмді психологиялық жағынан негіздеуі. Индивидуализм доктриналарының XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропа мемлекеттерінің үкімет қызметінде көрініс табуы. Индивидуализмге айтылған сын. Аренс пен Мольдің ықпал ету теориясы. Қазіргі заманғы мемлекетте үкімет қызметінің мазмұны.

Ә) Үкімет қызметінің нысаны. “Құқықтық мемлекет” термині-нің мәні. Конституциялық мемлекеттерде биліктің

бөлінуі. Ресейде жоғарғы басқарудың өзіне бағынысты органнан оқшаулануы. Үкімет қызметінің заңға тәуелділігі. Әкімшілік юстиция құқықтық мемлекеттің қажетті институты ретінде.

## *Екінші тарау. Полицейлік (әкімшілік) құқық ғылымы туралы*

§1. Полицейлік мемлекеттегі басқару ғылымы. Камерализм және полицейлік құқы. Дела-Марр, Юсти, Зоненфельс және Берг полицейлік құқық ғылымының негізін қалаушылар ретінде.

§2. Либерализм және полицейлік құқық (XVIII ғасырдың соңғы онжылдықтары мен XIX ғасырдың алғашқы отыз жылы).

§3. Р.ф.Моль полицейлік құқық ғылымының, бұл сөздің қазіргі заманғы мағынасында алғанда, негізін қалаушы ретінде. Ықпалдасу теориясы. Аренс пен Моль. Полицейлік құқықтың заңдық табиғаты; Мольдің ілімі бойынша құқықтық мемлекет.

§4. Л.ф.Штейн. "Ықпалдасу теориясының" одан әрі тереңдетілуі. Л.ф.Штейннің қоғам туралы ілімі. Үкімет қызметінің әлеуметтік міндеттері. Үкімет қызметінің Штейн бойынша заңдық сипаты. Полицейлік құқық және басқару құқығы немесе әкімшілік құқық (Vergaltugsrecht). "Полиция" терминінің тарихы. Полицейлік билік мәжбүрлеуші биліктің синонимі ретінде (Пюттер, Блунчли және т.б.). Л.ф.Штейннің терминологиясы.

§5. Ресейдегі полицейлік құқықтың теориясы. Крижанич пен Посошков еңбектерінде және ІІ Екатеринаның "Наказындағы" ("Өсиетіндегі") полицейлік құқық мәселелері. Аударма әдебиет. Руляев, Рождественский, Андреевский және Р.ф.Моль. Үкімет органдарының ғана емес, сол сияқты өзін-өзі басқару органдары қызметінің мазмұнын зерттеу. Осындай зерттеудің әсіресе, орыстың полицейлік құқық ғылымы үшін маңыздылығы. Экономистердің (А.Бунге, Антоновичтің) және заңгерлердің (Тарасовтың, Дерюжинскийдің) соңғы еңбектерінде полицейлік құқықтың зерттелуі.

## *Үшінші тарау. Полицейлік құқық (ішкі басқару құқығы) ғылымы ұғымының анықтамасын беру*

Мемлекеттік және полицейлік (әкімшілік) құқық. Кең мағынадағы әкімшілік құқық. Мемлекеттік қызметтің бес саласы. Ішкі басқару құқығы. Оның көлемі мен мазмұнын анықтайтын оң және жағымсыз белгілер. Полицейлік құқықты ішкі басқару құқығы ретінде анықтау.

### *Төртінші тарау. Полицейлік құқық ғылымының жүйесі*

§ 1. Оның үш бөлігі бар:

I. Ішкі басқару саласындағы үкімет қызметі органдары туралы ілім.

II. Бұл қызметті реттейтін нормалар туралы ілім.

III. Ішкі басқару саласында құқық тәртібін қорғауды ұйымдастыратын нормалар туралы ілім (әкімшілік юстиция туралы). Германидағы Droit constitutional және Франциядағы Droit administratif. Германиядағы Staatsrecht пен Vervaltugrecht. Ресейдегі мемлекеттік полицейлік құқық.

§2. Мемлекеттің үкімет қызметін ретейтін нормаларды жүйелеу.

## I-Бөлім. Саяси бостандықты регламенттеу

### *Бірінші тарау. Саяси бостандық ұғымы*

Жалпы субъективті көпшілік құқықтар жөнінде. Саяси бостандық құқығы туралы (Status negativus Йеллинека). Саяси бостандықтың әр түрлі байқалуы.

### *Екінші тарау. Жеке адамға қол сұқпаушылық құқығы және полицейлік мәжбүрлеу*

А) Теориялық очерк

§1. Полицейлік мәжбүрлеудің қажеттігі. Полицейлік мәжбүрлеудің екі нысаны: жазалау қатерімен мәжбүрлеу (әкімшілік жаза қолдану құқығы) және адамға тікелей ықпал жасау жолымен мәжбүрлеу.

§2. Әкімшіліктің жазалау билігі. Полицейлік билік органдары сот органдары рөлінде. Сот және полиция функцияларын қатар

атқаруға айтылған сын. Батыс Еуропа елдерінің заңнамалары мәселесіне деген көзқарас. Әр түрлі жүйелер: француз, прусс және саксон заңнамасы.

§3. Тікелей мәжбүрлеу шаралары туралы. Бұл шаралардың қажеттігі.

§4. А. Әкімшіліктің қалыпты өкілеттігі. Полицейлік қамау. Әкімшіліктің жер аударуы және айдап жіберуі. Қарулы күштің қолданылуы.

§5 (жалғасы). В. Арнайы мәжбүрлеу шаралары.

§6 (жалғасы). С. Әкімшіліктің төтенше өкілеттігі. Төтенше өкілеттікті заң жүзінде регламенттеудің қажеттігі. Француз жүйесі. Франциядағы қоршауға алу жағдайы және әскери жағдай. 1851 жылғы Пруссия заңы. Ағылшындық жүйе. Habeas Coorpus-act'а-ның уақытша тоқтатылуы. Екі жүйенің салыстырмалы бағасын беру.

Ә) Орыстың Заңнамасы

§1. Әкімшілік жаза қолдану құқығы. Француз жүйесі ортақ ереже іспетті. Уст. налож. наказ. мир. судьями, 298-бап. Ережеден тыс жағдайлар.

§2. Тікелей ықпал жасау шаралары. Әкімшіліктің қалыпты өкілеттігі. Бұл өкілеттіктің жалпы сипаттамасы, олардың көне сипаты. Орыс құқығы бойынша полицияның қамауға алуы. Полиция қадағалауы; оның көп қырлы нысандары; оның ықтимал салдары. Жер аудару және айдап жіберу әкімшілік құқығы. Ресми терминологияның дәл болмауы. Жер аудару әкімшілік шарасының алуан түрлері. Полиция және жандарм шендерінің қару қолдануы. Әскер шақыру.

§3. Арнайы ықпал ету шаралары.

§4. Әкімшіліктің төтенше өкілеттігі. Әскери жағдай. Күшейтілген және төтенше күзет туралы ереже.

## *Үшінші тарау. Жүріп-тұру еркіндігін регламенттеу*

А) Теориялық очерк

§1. Қазіргі заманғы мемлекеттерде жүріп-тұру еркіндігінің қажеттігі. Бұл еркіндікті регламенттеу қажеттігі.

§2. Жүріп-тұру түрлері.

§3. Халықтың жүріп-тұруын қадағалау. Қадағалау нысандары. Төлқұжат жүйесі; Батыста төлқұжат жүйесінің пайда болу тарихы. Оның сипаттамасы. Сын. Батыс Еуропа мемлекеттерінде төлқұжат жүйесін бірте-бірте жоюдың тарихы. Заңдастыру жүйесі. Бұл жүйесінің мәнісі. Заңдастыру жүйесіндегі төлқұжат.

§ 4. Халықтың жүріп-тұруына тікелей ықпал ету шаралары.

I. Мемлекет шегінде жүріп-тұру. Төлқұжат жүйесінің халықтың жүріп-тұруын тарылтып жіберуі. Жүріп-тұру еркіндігін полицейлік шектеу. Externirungen. Confinirungen. Италияның 1892 жылғы заңы. Отырықшылдықты өзгерту құқығын шектеу. Ағылшынның кедейлер туралы заңнамасы. Германияның қамқорлық көрсететін орын туралы заңнамасы

§5 (жалғасы). II. Мемлекеттер арасында жүріп-тұру.

1) Шетелге шығу. Бұған бұрынғы режим мемлекеттерінің көзқарасы. Бұл мәселенің қазіргі заманғы заңнамаларда қойылуы. Эмиграция бостандығы; бұл бостандықтың салдары — азаматтықтан шығу құқығы. Эмиграцияны регламенттеу; Германияның 1897 жылғы заңы. Өзге мемлекеттердің заңнамасы.

§6 (жалғасы).

2) Шетелдіктердің келуі. Бұған бұрынғы режим мемлекеттерінің көзқарасы. Қазіргі кезде шетелдіктердің келуінен туындайтын қолайсыз жағдайлар. Шетелдіктерді елден шығарып жіберу құқығы. Иммиграцияны регламенттеу. Жас және халық аз қоныстанған мемлекеттердегі иммиграция (Батыс Америка республикалары). Америка Құрама Штаттары мен Францияның иммиграцияға деген көзқарасы.

### Ә) Орыстың заңнамасы бойынша жүріп-тұру құқығы

§7. Ресейдегі халықтың қозғалысын қадағалау. Ресейдегі төлқұжат жүйесінің тарихы. Оны жою амалдары (1869 және 1885 жылдардағы комиссиялар). 1894 жылғы төлқұжат реформасы.

§ 8. Ресей шегінде жүріп-тұру. Жүріп-тұру құқығын шектеу.

I. Белгілі бір жерде тұру құқығынан айыру (Externirungen):

1) Еврейлер

а) отырықшылық бар жерден тыс;

ә) отырықшылық аумағында.

2) Әкімшілік тәртібімен белгілі бір жерден шығарылған адамдар.

II. Адамдардың кейбір санаттарының міндетті түрде белгілі бір жерде тұруы (Confinirungen):

1) соттың үкімімен айдауға жіберілгендер;

2) әкімшілік тәртібімен белгілі бір жерге шығарылғандар;

3) шаруалар одақтарының үкімімен айдауға жіберілгендер;

4) полицияның қадағалауындағы адамдар;

5) қайыршылық үшін айдалғандар;

6) еркектігінен айрылғандар.

§ 9. Шетелге шығу.

I. Уақытша кету. Төлқұжат қиындығы. Шетелде жүру мерзімінің болуы.

II. Эмиграция. Орыс заңнамасындағы эмиграцияға деген көзқарас. Орыс азаматтығын қалдыру тәртібі. Азаматтық туралы жаңа заңның жобасы.

§10. Шетелдіктердің келуі. Шетелдіктердің кейбір санаттарының келуін шектеу. Ресейдегі иммиграция, тарихы және қолданыстағы заңнама бойынша. Иммиграция және натуралдау; орыстың бодандығына кіру тәртібі.

## *Төртінші тарау. Одақ құру және жиналыс жасау құқығы туралы*

### А) Теориялық очерк

§1. Жалпы ережелер. Одақтар мен жиналыстар құру құқығы әр түрлі нормалармен реттеледі және осылай реттелуге тиіс.

§2. Одақтар жөнінде. Одақтық құрылымның қажеттігі. Одақтардың түрлері. Одақтық құрылым және мемлекет. Одақтық құрылымды регламенттеу қажеттігі. Әсіресе, саяси одақтар жайында. Қазіргі заманғы мемлекеттерде одақтық құрылымға қойылатын талаптар.

§3. Жиналыстар туралы. Саяси және саяси емес жиналыстар. Қазіргі заманғы мемлекеттердің бұл екеуіне көзқарасы.

§4. Ағылшын, француз және неміс заңнамасы одақтық құрылым жайында.

Ә) Орыстың заңнамасы одақтар мен жиналыстар жайында

## *Бесінші тарау. Баспасөзді регламенттеу*

### А) Теориялық очерк

§1. Баспасөз бостандығы туралы.

§2. Баспасөзге алдын ала ықпал ету шаралары туралы:

1) цензура; оның тарихының кейбір сәттері; цензура режиміне айтылған сын; Батыс Еуропа елдеріндегі цензураның тағдыры.

§3 (жалғасы).

2) Жойқын жүйе.

§4 (жалғасы).

3) Кепіл беру жүйесі; бұл жүйеге айтылған сын.

§5 (жалғасы).

4) Баспасөзге тікелей ықпал етудің өзге шаралары; басылымды алдын ала тоқтату; белгілі бір оқиғалар мен фактілерді жария етуге тыйым салу және талап ету.

§6. Баспасөзге әкімшілік тарапынан жазалау сипатында ықпал ету шаралары туралы (әкімшілік жаза қолдану жүйесі); бұл жүйеге айтылған сын; 2-ші империя тұсындағы француз заңнамасы.

### Ә) Орыс заңнамасы баспасөз жайында

§7. Тарихи очерк. 1804, 1826 және 1828 жылдардағы цензура жарғылары. 60-шы жылдар реформалары. Кейінгі реформалар.

§8. Қолданыстағы заңнама.

1) Цензура — жалпы, арнайы. Цензура жүйесіне айтылған сын. Барлық басылымдардың екі санат болып бөлінуі.

§9 (жалғасы).

2) Концессиялар жүйесі.

§10 (жалғасы).

3) Кепіл жүйесі.

§11 (жалғасы).

4) Баспасөзге алдын ала ықпал етудің басқа шаралары.

§12 (жалғасы).

5) Баспасөзге қолданылатын әкімшілік жаза туралы. “Зиянды бағыт” ұғымы; ескерту жасау жүйесі; басылымды жабу; белгілі бір мерзімге жабу; хабарландыру басуға тыйым салу; бөлшек саудада сатуға тыйым салу.

## ІІ-бөлім. Халықтың денсаулығын регламенттеу

### *Бірінші тарау. Санитариялық және медициналық полиция туралы*

А) Теориялық очерк

§1. Санитариялық және медициналық полиция анықтамасы. Екеуінің міндеттері. Санитариялық және медициналық полицияның ерте замандағы және орта ғасырлардағы нышаны. Қазіргі кездегі заңнамаларда бұған деген көзқарас.

§2. Санитария басқармасының ұйымдастырылуы туралы. Ұйымдастырудың екі тұрпаты. Оларға сыни тұрғыда баға беру.

§3. Санитариялық жәрдем туралы. Санитария полициясының алдында тұрған міндеттер.

§4. Медицина басқармасы туралы. Медицина басқармасының алдында тұрған міндеттер.

Ә) Орыстың құқығы бойынша медицина және санитария полициясы

§5. Санитария басқармасы туралы. Санитария полициясының алдында тұрған міндеттер. Бұл саладағы заң шығару және үкімет тарапынан жасалатын шаралардың тым бірікпегендігі және кездейсоқтығы. Қалалар мен земстволардың қызметі. — Өзін-өзі басқару органдарының міндетті қаулылары “санитария құқығының” аса маңызды көзі ретінде. Санитария шараларының мазмұны.

§6. Медицина басқармасы туралы. Ресейдегі халықтық және ғылыми медицина. Емдеумен айналысу құқығы. Ресейдегі дәріхана режимі. Дәріхана монополиясы туралы.

## *Екінші тарау. Жыныстық жолмен жұғатын аурулардың тарауына қарсы күрес*

### А) Теориялық очерк

§ 1. Жыныстық жолмен жұғатын аурулардың әлеуметтік мәні. Мерез аса қауіпті әлеуметтік дерт ретінде. Жезөкшелік жыныстық жолмен жұғатын аурулардың басты көзі ретінде. Жезөкшелікті регламенттеу — қоғам ізгілігінің емес, халық денсаулығының мәселесі.

§ 2. Регламенттеудің негізгі қағидалары:

1) жезөкшеліктің әлеуметтік зияны;

2) жезөкшелікті үкімет шараларымен жоюдың мүмкін еместігі; қылмыстық қудалаудың дәрменсіздігі;

3) регламенттеудің қажеттігі. Аболиционизм туралы.

Аболиционизмнің тарихы, доктриналары. Аболиционизмнің Англияда қол жеткен табыстары. Оның дәйектеріне айтылған сын.

§3. Жезөкшелікті қадағалауды ұйымдастыру. Қадағалау орган-дары туралы.

Тіркеу жүйесінің жеке қырлары; жезөкшелерді куәландыру; міндетті түрде емделу; жезөкшелерді бір жерге шоғырландыру (арнайы үйлер). Қадағалаудан босату.

### Ә) Ресейде жезөкшеліктің регламенттелуі

§4. Ресейде жезөкшелікті регламенттеудің тарихи очеркі.

§5. Ресейде жезөкшелікті қадағалаудың ұйымдастырылуы. Қала тұрпатты мекендердің екі тобы. Дәрігерлік-полиция комитеттері бар қалалар; ондай құрылымы жоқ қалалар. Дәрігерлік-полиция комитеттерінің құрылымы.

§6. Регламенттеу элементтері.Жезөкшелерді тіркеуге алу, куәл-андыру және емдеу. Арнайы үйлер. Қадағалаудан босату.

## *Үшінші тарау. Маскүнемдікке қарсы күрес*

### А) Теориялық очерк

§1. Маскүнемдіктің әлеуметтік мәні. Франция Сенатының 1887 жылғы комиссияның еңбектері.

§2. Маскүнемдікке қарсы күрестің негізгі қағидалары:

1) маскүнемдік — әлеуметтік қауіпті;

2) оны әкімшілік ықпал ету шараларымен жою мүмкін емес; қылмыстық қудалау да дәрменсіз;

3) регламенттеудің қажеттігі;

4) маскүнемдікке қарсы күрес табысты болуы үшін ішімдік жасап сату ісі фискалдық сипатынан айырылуы тиіс.

§3. Үкімет тарапынан қолданылатын шаралардың үш бағыты: ұсынысты регламенттеу; ұсынысты қысқарту; концессия жүйесі. Алкогольдің сапасы; оның халықтың денсаулығы тұрғысынан алғандағы мәні. Бөлшек сауданы реттеу. Ішімдік ісіне монополия орнату. Батыстағы ішімдік ісінің монополиясы идеясы. Альглав. Бұл идеяның Франция, Германия, Швейцарияда және басқа елдерде насихатталуы; насихаттың нәтижесі. Готтенбург жүйесі.

§4. Сұранысты регламенттеу. Қудалау шараларының мәні. Естілік қоғамдарының қызметі. Халық өмірінің ақыл-ой, ізгілік және материалдық деңгейін жоғарылатуға бағытталған жалпы шаралар.

§5. Маскүнемдіктің салдарына қарсы күрес. Маскүнемдік психикалық ауру ретінде. Оны емдеу. Маскүнемдерге арналған баспаналар мен ауруханалар. Маскүнемдерді мәжбүрлеп емдеу; 1872 жылғы Швейцарияда қабылданған заң.

### Ә) Ресейдегі маскүнемдікке қарсы күрес

§6. Мәскеу мемлекетіндегі Патша кабагы. Мемлекеттің фискалды саясатының маскүнемдіктің етек жаюына әсері. Сатып алу жүйесі; акциз жүйесі; бұл жүйелердің маскүнемдіктің дамуына әсері. Акциз жүйесіне түзету енгізу. 1864, 1866, 1868 және 1885 жылдары қабылданған заңдар.

§7. Шарап монополиясы; шарап монополиясына полицияның көзқарасы тұрғысынан баға беру.

§8. Халықтың саулығы жөнінде қамқорлық жасау ұйымдары. Оларды құру. Олардың қызметінің сипаты мен мәні.

## III-бөлім. Халықтың рухани мүддесі саласында мемлекеттің атқаратын қызметі (халыққа білім беру)

### *I-тарау. Бастауыш (жалпы) білім беру*

А) Теориялық очерк

§1. Кіріспе. Көзі ашық абсолютизм мен қазіргі заманғы мәдени мемлекетте халыққа бастауыш білім беруге деген көзқарас.

§2. Негізгі қағидалары.

§3. А. Бастауыш білім алудың міндеттілігі.

1) Факультатив, жанама түрде мәжбүрлеу және тікелей міндет-теу жүйесі. Бұл жүйелерге сыни тұрғыдан баға бару. Білім алудың міндетті болуының қажеттігі.

2) Батыс Еуропа мемлекеттері — Германия, Англия; Францияда және Америка Құрама Штаттарында және т.б. елдерде білім алудың міндетті болуы мәселесінің ахуалы.

3) Schulzwang'тың заңдық табиғаты.

§4 (жалғасы). Ә. Бастауыш білім алудың барлық адам үшін қол жетерлігі. Schulzwang және Shculpflicht қалыпты мектеп жүйесі ұғымы.

§5 (жалғасы). Б. Бастауыш білімнің тегін болуы. Бастапқы білім алу міндетті болған ретте оқу үшін ақы алудың заңдық табиғаты. Petersilie пікірі; оның айтқан сыны. Мектептегі оқудың төлемақысын алудың пайдасына айтылған ойлар; олардың табиғаты.

Ә) Ресейдегі бастауыш білім беру

§6. Бастауыш білім берудің тарихы. Оған Ұлы Петрдің, II Ека-теринаның, I Александрдың, I Николайдың көзқарасы. Земство және қала реформасының маңызы.

§7. Ресейдегі халықтық-мектеп ұйымының басты негіздері. 60 және 80-ші жылдары оқудың міндеттілігі туралы мәселеге

орай Халық ағарту министрлігінің көзқарасы. Министрлік, земство және шіркеу мектептерінің арасындағы қатынастардың мектеп желісінің дамуына кедергі жасайтын құбылыс ретінде дұрыс еместігі. Халыққа арналған мектеп ісінің ауқымының артуы.

§8. Ресейде халыққа арналған мектеп ісінің ұйымдастырылуы. Бастауыш мектепке қадағалау жасау органдары. 1874 жылғы Ереже бойынша халыққа арналған мектеп. 1828 жылғы Ереже бойынша уездік училищелер. 1872 жылғы Жарғы бойынша қалалық училищелер. Шіркеу-приход мектептері және сауаттылық мектептері. 1884, 1885, 1888, 1891, 1896 жылдары қабылданған заңдар.

## *II-тарау. Орта (жалпы) білім беру*

### А) Теориялық очерк

§1. Классикалық жүйе туралы. Іс жүзіндегі және классикалық орта мектеп. Германияның жүйесі. Іс жүзіндегі және классикалық орта білім берудің жоғары, университеттегі білім беруге қатынасы. Германия жүйесінің тарихи тұрғыда пайда болуы. Бұл жүйенің әлеуметтік табиғаты. Орта білім беруді ұйымдастырудың саяси себептері.

§2. Классикалық үлгіге айтылған сын. Классикалық және іс жүзіндегі мектептердің тең құқықтығы; классицизм мен реализмнің жалпы білім беретін сипаты. Орта мектептің бір үлгісін жасауға бола ма? Бифуркация туралы.

### Ә) Ресейдегі орта мектеп

§3. Ресейдегі орта мектептің тарихи очеркі. 1804 жылғы Жарғы. 1828 жылғы Ереже. 1848 жылғы Уваров реформасы.

§4. Орта мектептің қазіргі заманғы ұйымдастырылуы және болуы ықтимал реформа. 1864 және 1871 жылдардағы реформа; гр. Д.А.Толстой тұсындағы орта мектеп. 1890 жылы басталған өтпелі кезең. Реформалардың жобалары. Мектеп ісіндегі радикалды жою қаупі. Заңтану және отантану жалпы білім беретін пәндер ретінде.

### *III-тарау. Жоғары білім*

А) Теориялық очерк

§1. Университет құрылымының қағидалары:

1) Оқыту еркіндігі; университет автономиясы ұғымы. Оқу және шаруашылық бөліміне өкім ету. Оқытушылар құрамын жасақтау тәсілі. Университет әкімшілігін ұйымдастыру. Университет автономиясының қажетті шектері.

§2 (жалғасы).

2) Оқудың еркіндігі. Университет, факультет, оқытушыларды таңдау еркіндігі. Дәріске қатысудың міндетті болуы. Оқу еркіндігінің шектері: инскрипциялар; емтихандар. Университеттегі және мемлекеттік емтихан туралы.

§3 (жалғасы).

3) Университетте білім берудің теориялық және тәжірибелік элементтерінің арасындағы байланыс. Университетте сабақ берудің теориялық сипатта болуы. Факультеттер арасында байланыс орнату; факультетаралық курстар. Дәріс оқу жүйесі және тәжірибе жүзіндегі сабақ жүйесі.

Ә) Ресейдегі университеттер құрылымы

§ 4. Тарихи очерк. Орыс университеттерінің пайда болуы. 1804 жылғы жарғы. Рунич пен Магницкий. 1835 және 1863 жылдардағы жарғылар. 1884 жылғы жарғы. Реформа жобалары.

§5. Қазіргі заманғы университеттер құрылымының сипаттама-сы.

## IV-бөлім. Фабрика өндірісі мен қоғамдық қамқорлықты регламенттеу

### *I-тарау. Фабрика туралы заңнама*

А) Теориялық очерк

§1. Фабриканың шығу тегі. Фабриканың анықтамасы; фабрикалардың пайда болуы.

§2. Фабрикалық құрылымның сипаттамасы. Фабрикалық құрылым ірі өндіріс құрылымы ретінде. Фабрикалық құрылым дамуының экономикалық салдары. Әлеуметтік салдары. Капитал мен еңбектің күресі: біріншісінің соңғысын жеңуінің салдары.

§3. Фабрикадағы жұмысшы таптың жағдайы. Фабрикадағы ең-бектің жұмысшылардың денсаулығына, олардың рухани және ізгілік дамуына әсері. Англиядағы жұмысшы таптардың жағдайын тексеру жөніндегі парламенттік комиссиялар.

§4. Мемлекеттің фабрикалық құрылымына деген көзқарас. Фа-брика заңнамасының полицейлік және әлеуметтік сипаты.

§5. Фабрика заңнамасының жеке мәселелері. I. Фабрика заңнамасының қолданылу аясы. Англияның 1802 жылғы заңы; 1833 жылғы заң. 1. Англияда фабрика заңнамасының қолданылу аясының бірте-бірте кеңею тарихы; 1895 жылғы заң. Фабрика заңнамасының басқа мемлекеттердегі дамуының осыған ұқсас сипатта болуы. Германияның (1891 жылғы заң), Францияның (1892 және 1893 жылғы заңдар), Швейцарияның (1890 жылғы заң), Америка Құрама Штаттарының және т.б. елдердің қолданыстағы заңнамасы.

§6 (жалғасы). II. Фабрикадағы ортаны регламенттеу. Фабрика тұрақ-жайларын ұйымдастыру. 1891 жылғы Берлин заңы; 1895 жылғы ағылшын заңы. Жұмысшылардың денсаулығына аса қауіпті өндіріс жайында.

§7 (жалғасы). III. Фабрикадағы ереже. Фабрика ережесінің мәні. Фабрика ережесін жасап шығару тәртібі; Германияның 1891 жылғы заңы. Фабрика жұмысшыларын міндетті түрде ұстап тұру.

§8 (жалғасы). IV. Фабрикадағы еңбекті регламенттеу:

а) жұмысшыларға фабрикада еңбек етуге рұқсат етудің шарттары; жұмысшының шекті жасы; бастапқы білім алуы; өндірістің сипаты; жұмысшының жынысы;

ә) жұмыс күні. Ересек ер адамдар үшін жұмыс күнінің ұзақтығы. Қорғалатын адамдар: балалар, жасөспірімдер мен әйелдер;

б) жексенбілік демалыс және мереке күндері. Мәселенің қиындығы. Жұмыстың үздіксіз немесе оның ұзақтығының белгісіз болуын қажет ететін өндіріс; мерзімді өндіріс.

Германияның 1891 жылғы заңы. Австрия мен Швейцарияның заңнамасы; басқа елдердің заңнамасы;

в) жұмысшылармен есеп айырысу. Жұмысшыларды күнделікті қажетті заттармен қамтамасыз ету. Жұмысшыларға ақы төленетін жер, уақыт және оның тәсілі. Жалақыдан есептеп ұстап қалу; айыппұл. Германияның 1891 жылғы заңы. Осы мәселе бойынша ағылшын заңнамасының қанағаттанарлықсыз болуы. Басқа да заңнамалар;

г) жұмыс туралы шартты тоқтату. Германияның 1891 жылғы заңы. Басқа елдердің заңнамасы бойынша жұмысшылар мен жұмыс берушілердің азаматтық жауапкершілігі.

§9 (жалғасы). V. Қадағалау органдары. Жалпы және фабриканың арнайы полициясы. Фабрика инспекциясы әлеуметтік басқарудың атқарушы органы ретінде. Фабрика инспекциясының пайда болуы; бұл институттың дамуы, инспекцияның мамандануы (Швейцарияда). Фабрика инспекторлары мен инспектор әйелдер.

### Ә) Ресейдегі фабрика заңнамасы

§10. Тарихи очерк. 1882 жылғы заң қабылданбас бұрын қолда-нылған шаралар. 1882 жылғы заң. 1885 жылғы заң; бұл заңның шығу тарихы. 1886 жылғы заң; бұл заңның шығу себебі. 1890 жылғы заң. 1897 жылғы заң; Петербург фабриканттарының бастамасы; оның себебі. Орыстың фабрика заңнамасының жалпы сипаттамасы.

§11. Фабрика заңнамасының қолданылу аясы. Өнеркәсіп жарғысының (Устав о промышленности) 47-бабы. 1896 жылдың 12 ақпанында Мемлекеттік Кеңестің білдірген пікірі. Қаржы министрінің циркулярлары мен Үкімет етуші Сенаттың жарлықтарымен фабрика заңнамасының қолданылу аясының кеңеюі; 1894 жылдың 24 мамырында шыққан жарлық.

§12. Фабрикадағы ортаны регламенттеу. Орыс заңнамасында қарастырылып отырған бұл мәселеге бейжай көзқарастың болуы. Мұндай көзқарастың себептері. Жұмысшылардың үй-жайлары.

§13. Жұмыс күні. Балалардың еңбегі. Жасөспірімдер мен әйелдердің еңбегі. Ересек ер адамдардың еңбегі.

§14. Жексенбі күнгі және мереке күндеріндегі демалыс. 1897 жылғы заң.

§15. Жұмысшылармен есеп айырысу. Есеп айыру тәртібі. Жалақыдан ұстап қалу; айыппұл.

§16. Еңбек шартын жасасу және оны бұзу. Есеп айырысу кітапшалары. Еңбек шартының жағдайларын өзгерту. Мерзімі көрсетілген және мерзімсіз шарттар. Екеуін де тоқтату. Жалға алу туралы шартты бұзу. Фабриканттардың азаматтық жауапкершілігі және жұмысшылардың қылмыстық жауаптылығы.

§17. Фабрика инспекциясы. Инспекцияны ұйымдастыру; оның функциялары. Фабрика инспекциясына сыни тұрғыда баға беру.

## *II-тарау. Кедейлерге мемлекет тарапынан қамқорлық жасау туралы*

### А) Теориялық очерк

§1. Ұғымның анықтамасы.

§2. Мемлекет пен қоғамның қоғамдық қамқорлық жасау ісінде атқаратын рөлі. Қоғам мен шіркеудің қамқорлығы. Мемлекет тарапынан қамқорлық жасаудың қажеттігі. Мемлекет қамқорлығына қарсы пікір және бұл пікірге айтылған сын.

§3. Мемлекет қамқорлығының түрлері. Мемлекеттің қамқорлығы мәселесіне деген екі түрлі көзқарас — оны жүзеге асырудың заңдық табиғаты және техникалық нысаны жағынан алғанда:

1) Факультатив және міндетті қамқорлық. Англия мен Францияның заңнамалары.

§ 4 (жалғасы).

2) Ашықтан-ашық және жарияланбайтын қамқорлық. Жарияланбайтын қамқорлықтың біріншісіне қарағандағы артықшылығы. Мұқтаж адамдарға олардың санатына қарай қамқорлық жасау шаралары.

§5. Қамқорлық жасауды ұйымдастыру.

А. Орталық басқару органдарының қоғамдық қамқорлық жасау ісіндегі рөлі.

§6 (жалғасы).

Ә. Мемлекеттік қамқорлық жасау ісінде өзін-өзі басқарудың атқаратын рөлі.

§7 (жалғасы).

Б. Мемлекеттік қамқорлықты ұйымдастырудың негіздері:

1) жергілікті ұйымның тұтастығы;

2) сайланбалы сипатта болатын ақысыз (құрметті) лауазымдар жүйесінің болғанының артықшылығы;

3) бұған әйелдерді қатыстырудың артықшылығы;

4) қамқорлықты жеке адамдарға көрсету;

5) көмектің тікелей берілуі.

§8 (жалғасы).

В. Эльдберфельд жүйесі.

## Ә) Ресейдегі мемлекеттің қамқорлығы

§9. Тарихи очерк.

§10. Ресейдегі мемлекеттің қамқорлығы функциялары. Оның Қоғамдық қамқорлық, жарияланбайтын қамқорлық туралы жарғымен (Устав общест. призр., закр. призрения) регламенттелуі. Жетімдер үйлері және тәрбие үйлері. Ауруханалар. Құдайыханалар. Жұмыс үйлері.

§11. Ресейде мемлекеттік қамқорлықтың ұйымдастырылуы.

1) Сословиелік қамқорлық.

§12 (жалғасы).

2) Бүкілсословиелік жергілікті қамқорлық.

§13 (жалғасы).

3) Қамқорлық жасау жөніндегі арнайы ведомстволар мен меке-мелер.

*Басуға рұқсат берген Александр атындағы Әскери-Заң академиясының бастығы, генерал-лейтенант Платонов.*

*6-қосымша*

# ПОЛИЦЕЙЛІК ҚҰҚЫҚ. АЛЕКСАНДР АТЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ-ЗАҢ АКАДЕМИЯСЫНДА В.К. СЛУЧЕВСКИЙ ОҚЫҒАН КУРСТЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Кіріспе. Басқару және оның саласы ұғымы. Полицейлік құқықтың пайда болуы. “Полиция” және “полицейлік” мемлекет ұғымы. Деламар, Юсти, Зонненфельс. Полицейлік құқықтың дамуындағы дағдарыс. Құқықтық мемлекет. Л. фон Штейн және оның басқару туралы ілімі. Полицейлік құқықтың мазмұны.

2. Қауіпсіздік полициясы және жүріп-тұру құқығы. Жеке адам-ның бостандығы. Жүріп-тұру құқығы және оны шектеу. *Англиядағы* жүріп-тұру құқығы. Отырықшылдық туралы акт. Шетелдіктерге деген көзқарас. Шетелдіктердің иммиграциясы туралы 1905 жылғы акт. Революцияға дейінгі *Францияда* жүріп-тұру құқығының шектелуі. Революция заманындағы төлқұжат жүйесі. Қазіргі заманғы заңнама. Шетелдіктерге қатысты шаралар. *Германиядағы* жүріп-тұру құқығы. Заңдастыру жүйесі.

3. *Ресейдегі* жүріп-тұру құқығы. Жүріп өту грамоталары (Проезжие грамоты) және 1649 жылғы Заңдар жинағы (Уложения). Ұлы Петр тұсында төлқұжат жүйесінің дамуы. Төлқұжат алымдары. Мәселенің дамуы және төлқұжат заңнамасының реформасы. 1869 жылғы комиссия.

4. Бір жерде тұруға рұқсат қағаз туралы ереже (1894). Оның маңызды ережелері. Төлқұжат түрлері. Төлқұжат алымдарының жойылуы (1897 ж.). 1906 жылдың 5 қазанында төлқұжат ісіне қатысты жарлықтың шығуы. Шетелдік төлқұжат. Ресейге шетелдіктердің келуі.

5. Одақтар мен жиналыстар жөніндегі полиция. Одақтар және олардың маңызы. Мемлекеттің одақтар мен жиналыстарға деген көзқарасы.

*Англиядағы* көпшілік митингілері мен одақтар. Митингтердің мемлекеттің өміріндегі рөлі. XIX ғасырда митингілер мен одақтардың дамуы. Одақтар мен митингілерге қатысты шектеу.

6. *Францияның* одақтар мен жиналыстар туралы заңнамасы да-муының очеркі. 1810 жылғы Қылмыстық кодекс және 1834 жылғы заң. Екінші республика және екінші империя (1852 жылғы декрет пен 1868 жылғы заң). 1881 жылы қабылданған көпшілік жиналыстары туралы заң. 1901 жылдың 1 шілдесінде қабылданған қауымдастықтар мен діни конгрегациялар туралы заң.

7. *Германияда* одақтар мен жиналыстар туралы заңнаманың да-муы.

*Ресей.* Көпшілік жиналыстары және қоғамдар мен одақтар туралы ереже (1906 жылғы 4 наурыз).

8. Баспасөз полициясы. Баспасөз және мемлекет. Алдын алу шаралары жүйесі және қудалау жүйесі.

Алдын алу цензурасының пайда болуы. Кітап басу ісі және дін иелері. Цензураның алғашқы тәжірибесі. 1501 және 1515 жылғы Булла. Цензура және зайырлы билік.

9. *Англиядағы* баспасөз полициясы тарихының очеркі. VIII Генрих. Елизавета. Жұлдыз палатасы және оның шығарған декреттері (1585 және 1637 жж.). Цензура және баспасөз полициясының қатаң шаралары. Алдын ала цензураның жойылуы (1695 ж.). Оның мәні.

10. Лайбел туралы заңдар және баспасөз істері бойынша сот өндірісі. Присяжныйлардың функциялары. Фокс актісі (1792 ж.) және баспасөз бостандығының нығаюы. Штемпель алымдары, кепіл, хабарландыруға салынатын салық және қағаз салығы. Олардың жойылуы.

11. *Франциядағы* баспасөз полициясы тарихының очеркі. 1852 жылғы декрет. Баспасөз полициясының әкімшілік жүйесі. 1868 жылғы заң. Үшінші республика және 1881 жылғы баспасөз бостандығы туралы заң. Германияның баспасөз туралы заңнамасы. Алдын ала цензура заманы. 1874 жылғы баспасөз туралы заң.

12. *Ресейдегі* баспасөз туралы заңнаманың тарихи очеркі. Ұлы Петр тұсында баспасөз полициясының алғашқы нышандарының пайда болуы. Еркін баспаханалардың ашыла бастауы (1771 және 1783 жж.). Н.И. Новиковтың қызметі. А.Н. Радищев соты. 1796 жылы цензураның ұйымдастырылуы. I Павл тұсындағы баспасөз полициясы.

13. I Александр заманы. 1804 жылғы цензура туралы алғашқы жарғы. 1826 жылғы жарғы; оның ерекшеліктері; оның

ережелерінің қатаң болуы. 1828 жылғы жарғы. Арнайы цензура. "Цензура террорының" заманы.

14. II Александрдың реформалары. Жариялылық ауқымының кеңеюі. А.В.Головин және баспасөз туралы заңның қайта қаралуы. 1862 жылдың 13 мамырындағы уақытша ереже.

15. 1865 жылдың 6 сәуірінде қабылданған заң. Кейін қабылданған заңнама және 1882 жылғы уақытша шаралар. Әкімшілік шаралар және олардың қолданылуы. Цензураны басшылыққа алудың ережелері. Баспаханалар және т.с. Рухани цензура.

16. Баспасөз туралы ең жаңа заңнама: 1905 жылдың 23 мамыр-ындағы заң, 1905 жылдың 17 қазанындағы манифест, 1905 жылдың 24 қарашасы, 18 наурызы мен 1906 жылдың 28 сәуірінде қабылданған заңдар.

17. Қауіпсіздік полициясының төтенше шаралары. Төтенше шара қолданудың себептері. Бұл шаралардың айтарлықтай ерекшеліктерінің болуы. Төтенше шаралардың негізгі түрлері. Англия мен Францияның тәртіпсіздік туралы заңнамалары. Riot Act. Келген залал үшін жауаптылық. Францияның 1831 және 1848 жылғы заңдары.

18. *Франция мен Германиядағы* қоршауда қалу жағдайының бо-луы. Қоршауда қалу жағдайын жариялаудың себептері. Оны жариялау тәртібі. Оның салдары. Қоршауда қалу жағдайының жойылуы.

19. *Англиядағы* төтенше шаралар. Habeas Corpus процедурасы және оның маңызы. Habeas Corpus актісін тоқтата тұрудың мәнісі. Оның салдарын талдау. Ақтау туралы акт және бұл институттың маңызы. Ақтаудың шектері. Habeas Corpus актісін тоқтата тұрудың және қоршауда қалу жағдайының арасындағы айырмашылықтың негізгі сипаты. Тоқтата тұрудың қолданылуы және басқа да төтенше шаралар.

20. *Ресейдегі* төтенше шаралар. Тәртіп сақтау жөніндегі әкімшіліктің қалыпты өкілеттігі. Әскер шақыру, оның тәртібі. Мемлекеттегі тәртіп пен қоғамдық тыныштықты сақтау шаралары туралы ереже. Күшейтілген күзет. Төтенше күзет. Жер аудару әкімшілік шарасы. Полиция қадағалауы.

21. Санитария және медицина полициясы. Санитария шараларының мемлекеттік маңызы. Санитарияның дамуы. Англиядағы санитария шаралары және олардың нәтижесі. Германия мен Франциядағы санитария ісі. Ресейде санитария-

медицина полициясының дамуы. Көне заман. Мәскеу Русі. Шетелдік дәрігерлердің тартылуы. Алғашқы дәріханалар. Дәріхана бұйрығы. Орыстың алғашқы дәрігерлері. Ұлы Петр заманындағы медицина бөлімі.

22. Ресейдегі санитария-медицина полициясының қазіргі заманғы ұйымдастырылуы. Дәрігерлер бөлімшелері. Земстволық мекемелер. Қалалардағы қоғамдық басқармалар. Земство медицинасының жетістіктері. Санитария жағдайының қанағаттанарлықсыз болуы. Оны жақсартудың қажеттігі.

23. Мінез-құлық полициясы. Қоғамдағы ізгілік және мемлекет. Мемлекет тарапынан ықпал жасаудың сипаты мен шегі. Мінез-құлық полициясы органдары және оның басты объектілері.

*Маскүнемдік және оған қарсы күрес жүргізу.* Маскүнемдік қоғамдық дерт ретінде. Маскүнемдіктің әсері. Маскүнемдікке қарсы күрес. Америка мен Англиядағы салауаттылық қоғамдары.

24. Готенбург жүйесі. Оның пайда болуы, негізгі сипаты мен маңызы. Саулықтың халықаралық қоғамдары. Спирт ішімдіктері саудасына шектеу қойылуы. Солтүстік Американың кейбір штаттарындағы тыйым салу жүйесі. Спирт ішімдіктерінің қалай тазартылатынын қадағалау. Маскүнемдікті емдеу.

25. *Ресейде* маскүнемдікке қарсы қолданылған шаралар. Ежелгі Русьтегі маскүнемдік. Маскүнемдік және фискалды мүдде. Сатып алу (откуп). Акциз жүйесі. Маскүнемдікті шектеу шаралары. 1885 жылғы заң. Қазына шарабының сатылуы. Реформаның алдында тұрған міндеттер және оның негізі. Халықтың саулығы жөніндегі қорғаншылық ұйымдар және олардың алдында тұрған міндеттер. Қорғаншылықтың ұйымдастырылуындағы кемшіліктер. Олардың қызметі.

26. *Жезөкшелікке қатысты шаралар.* Жезөкшеліктің дамуы ту-ралы тарихи деректер. Қасиетті IX Людовик пен Мария Терезаның шаралары. Мемлекет тарапынан шыдамдылықтың болуы. Жезөкшелікке қатысты шаралар. Оның санитариялық қаупі.

27. Оның *Ресейде* регламенттелуі. С.-Петербургтегі дәрігер-по-лиция қадағалауы. Сифилидологтардың 1897 жылы өткен съезі және оның қорытындысы. Аболиционизм, оның дамуы мен мәнісі.

